



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

# Гигабиттік ұрпақ

2022 | БІРКІТІЛГЕН  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ





# Мазмұны

Алғы сөз .....	02	<b>4. Тұрақты даму туралы есеп: тұрақты дамуды басқару .....</b>	<b>52</b>	<b>8. Корпоративтік басқару туралы есеп .....</b>	<b>105</b>
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі .....	03	Басқару тәсілі .....	53	Акционерлердің жалпы жиналысы .....	107
Басқарма төрағасының үндеуі .....	04	Тұрақты дамуды басқару құрылымы .....	54	Акционерлік капиталдың құрылымы .....	107
Компанияның сандық көрсеткіштері — 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер .....	06	ESG саласындағы стратегиялық мақсаттар .....	56	Дивидендтік саясат .....	108
2022 жылғы негізгі оқиғалар .....	08	Тұрақты даму саласындағы тәуекелге бағытталған тәсіл .....	57	Директорлар кеңесі .....	109
«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының өсу тарихы .....	10	Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі .....	58	Басқарма .....	116
<b>1. Компания туралы .....</b>	<b>12</b>	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл .....	61	Ақпараттық ашықтық .....	119
Қысқаша бейіні .....	13	Маңыздылықты талдау .....	63	Корпоративтік этика .....	119
«Қазақтелеком» АҚ-ның ұйымдық құрылымы .....	14	Қауымдастықтарға мүшелік .....	64	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау .....	120
«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының құрылымы .....	14	<b>5. Тұрақты даму туралы есеп: E аспектісі .....</b>	<b>65</b>	Ішкі аудит .....	123
Бизнес-портфель .....	18	Қоршаған ортаны қорғау .....	66	<b>9. Қосымшалар .....</b>	<b>124</b>
<b>2. Стратегиялық есеп .....</b>	<b>19</b>	Климаттың өзгеруі .....	71	Есеп туралы .....	124
Стратегия .....	20	<b>6. Тұрақты даму туралы есеп: S аспектісі .....</b>	<b>75</b>	Байланыс ақпараты .....	124
SERPIN трансформациялау бағдарламасы .....	25	Қызметкерлермен қарым-қатынас .....	76	GRI индексі .....	125
Құндылықтар .....	28	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер .....	87	Глоссарий .....	127
Реттеу саласына шолу .....	29	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік .....	89	Мүдделі мәмілелер туралы ақпарат .....	129
2022 жылғы телекоммуникация нарығына шолу .....	31	Жергілікті қоғамдастықтар .....	95	«Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің 2022 жылғы қағидалары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп .....	130
<b>3. Бизнес пен қаржыға шолу .....</b>	<b>35</b>	<b>7. Тұрақты даму туралы есеп: G аспектісі .....</b>	<b>97</b>	Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп .....	133
Бөлшек сауда бизнесі .....	36	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл .....	98	Шоғырландырылған қаржылық есептілік .....	134
Корпоративтік бизнес .....	40	Компанияның экономикалық тиімділігі .....	100		
Ақпараттық технологиялар .....	45	Жанама экономикалық әсерлер .....	100		
Желі мен инфрақұрылымды дамыту .....	47	Сатып алу тәжірибелері .....	101		
Big Data-ны дамыту .....	49	Нарық және бәсекелестік .....	102		
2022 жылғы қаржы қызметі .....	49	Инновация және жаңа технологиялар .....	102		
		Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау .....	104		



# Алғы сөз

**Сіздердің назарларыңызға «Қазақтелеком» АҚ-ның нақты жай-күйін көрсететін, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне неғұрлым жан-жақты шолу жасалған, өткен 2022 жылғы кезекті біріктірілген есебі ұсынылады.**

Бұл құжат күрделі шығындар көлемінің көптігіне қарамастан, еліміздің ірі телеком-операторы өткен жылдың қорытындысы бойынша өтімділіктің қолайлы деңгейін сақтап қалғанын, ал оның табысы жеткілікті жағымды деңгейге жетті. 2022 жылдың бірінші тоқсанында қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде еліміздің ірі телекоммуникациялық операторы абоненттерді қолдау бойынша бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдаған болатынын естеріңізге сала кетейік. Сонымен қатар, «Қазақтелеком» АҚ 2022 жылдың қыркүйек айының басынынан былтырғы жылдың соңына дейін Қостанай облысы Әуликөл ауданының ауқымды орман өрттерінен зардап шеккен тұрғындары мен кәсіпкерлерін абоненттік төлемнен босатты. Бұдан басқа, осы аймақтың жеке тұлғалары мен бизнес құрылымдарынан оларға есептелген қарыздар мен өсімпұлдар есептен шығарылды, бұл да Топтың жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтауына кедергі болған жоқ.

«Қазақтелеком» АҚ телекоммуникацияның ішкі нарығының барлық сегменттерінде қызметтер мен сервистердің ауқымды ассортиментін ұсынатын Қазақстанның телекоммуникациялық нарығының тіркелген телефония, интернетке кең жолақты қолжетімділік, ұялы байланыс, ақылы теледидар және ІТ-өнімдер саласында сөзсіз көшбасшысы мәртебесін бұрынғыдай сақтап қалды. Бұл ретте Компанияның сөзсіз және бәсекелестік артықшылығы бүкіл республика бойынша 85 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық желіні, 14 мыңнан астам базалық станцияны, 27 деректерді өңдеу орталығын және 40 мың қалалық бейнебақылау камерасын қамтитын дамыған және қуатты инфрақұрылым болып қала береді. Бұл инфрақұрылым Компаниялар тобына кең жолақты қолжетімділік секторында 1,9 млн астам абонентке, ұялы

байланыс сегментінде 14,5 млн астам абонентке сапалы қызмет көрсетуге және 930,7 мың ақылы теледидарға қосылу нүктесіне қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

2022 жылдың соңында бұл факторлар S&P Global Ratings және Fitch Ratings беделді халықаралық агенттіктері тарапынан Компанияның «Тұрақты» деңгейіндегі рейтингін бағалау үшін негіз болды. Олар өз есебінде қолда бар инфрақұрылым мен берік нарықтық позициялар есебінен Топ кірісінің одан әрі органикалық өсуін болжады. «Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақтылығы мен бүкіл Топтың табысты эволюциялық даму мүмкіндігінің тағы бір дәлелі Компанияның өзі үшін ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл ел үшін стратегиялық маңызды жобалар портфелі болды.

Бірінші кезекте, бұл республикада бесінші буын байланыс стандартының желісін күшейту: таяудағы бес жылда «Қазақтелеком» АҚ-ның компаниялар тобы бүкіл Қазақстан бойынша 7 мыңнан астам 5G базалық станциясын орнатылып, оның бір бөлігі ағымдағы жылдың өзінде-ақ үш мегаполисте пайдалануға берілетін болады. 2022 жылдың тағы бір жетістігі «Әзірбайжан-Қазақстан» бағыты бойынша Каспий теңізінің түбінде талшықты-оптикалық желі құрылысының мкүрделі халықаралық жобасын бірлесіп іске асыру жөніндегі әзірбайжандық әріптеспен келісімге қол қою болды. Бұл жобаны іске асыру елге халықаралық деректер трафигіне қосымша жол ашады және Азия елдерінен Қазақстан аумағы бойынша Еуропаға жаһандық трафиктің транзитін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа арна жасайды.

Компанияның ірі және маңызды жобаларына сонымен қатар желіні дедупликациялау, қалада да, ауылда да «соңғы миль»

желілерін жаңарту және салу, FWA — тіркелген сымсыз байланыс технологиясын дамыту, сондай-ақ Akamai, Facebook, Google, Cloudflare, Netflix және Meta әлемдік контент-провайдерлерінің қосымша кәштеу серверлерін орнату кіреді. Сонымен қатар, еліміздің ең ірі телеком-операторы Instagram (оның ішінде IGTV/Reels), WhatsApp, Facebook, сервистерінің жұмысын жақсарту бойынша шаралар қабылдады: «Қазақтелеком» АҚ-ның дербес кәштелген серверлеріндегі трафикті оқшаулау есебінен жауаптың кешігуін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік туды.

Бүгін Топ елімізді цифрландыруға тікелей қатысады: digital-сервистерді белсенді дамытады және өнеркәсіптік және коммерциялық кәсіпорындарға, жергілікті және орталық атқарушы органдарға цифрландыруға көмектеседі. «Қазақтелеком» АҚ бірнеше жыл бұрын өз жұмысында үлкен деректерді кеңінен қолдануға кірісіп, осы уақыт ішінде осы сегментте өзінің серіктестері бүкіл Қазақстан бойынша қолданып жүрген бірқатар дербес құралдарын жасады. Компания қызметінің басты нәтижесі бүгінгі таңда республика халқының 99%-ға жуығы барлық заманауи цифрлық технологиялар мен сервистерді пайдалануға мүмкіндік беруі болып табылады.

Мұндай нәтижеге нарықтың барлық сегменттерінде көшбасшылық позицияларды сақтауға және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Кселл» АҚ мобильді операторларын қоса алғанда, Топ шеңберінде синергия мүмкіндіктерін барынша пайдалануға бағытталған стратегияны іске асыру есебінен қол жеткізілді. Осы жылы «Қазақтелеком» АҚ бір жыл бұрын негізі қаланған қаржылық және техникалық негіздерді пайдалана отырып, осы бағыттар бойынша өз жұмысын жалғастыруға ниетті.

## 1,9

млн абонент  
кең жолақты секторда

## 14,5

млн абонент  
ұялы байланыс сегментінде

## 930,7

мың нүкте  
ақылы теледидарға қосылу





# Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Құрметті акционерлер, әріптестер, клиенттер және серіктестер!

**2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯМЫЗ БАЙЛАНЫС ПЕН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРЫН ДАМУДА МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРІК ЖӘНЕ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ БОЛУДАҒЫ ӨЗ БАҒЫТЫ МЕН МИССИЯСЫНА АДАЛ БОЛДЫ. ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ДӘУІРІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ СЕКТОРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ҚОҒАМЫНЫҢ ҮДЕМЕЛІ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТҰРҒЫСЫНАН ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ.**

Өткен жылы біз республиканың барлық өңірлерінде қалалық және ауылдық жерлерде өз инфрақұрылымымызды белсенді түрде ұлғайттық және Компаниямыздың болашағына ғана емес, бүкіл елдің болашағына да инвестиция сала отырып, бұрыннан бар өндірістік қуаттарды жаңғыртып отырмыз. Бұл жұмысты биыл да жалғастыруға ниеттіміз. Көп клиент үшін жаңа технологияларды масштабтауға, сондай-ақ Компания ұсынатын қызметтердің сапасын арттыруға ерекше назар аударылатын болады. Сапаны жақсарту біздің табысты дамуымыздың маңызды негізгі факторларының бірі, сондықтан бұл мәселені шешу үшін бар күш-жігерімізді салу қажет.

Барлық қойылған мақсатты іске асыру қамтамасыз етілетініне сенімдімін, өйткені «Қазақтелекомның» ұжымы ұйымшыл және мүдделес жоғары кәсіби білікті мамандар. Компанияның соңғы жылдардағы барлық жетістіктері барлық өндірістік деңгейлердегі көп адамның қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады. Біз іске асырған бастамалар мен жобаларды кез келген күрделі міндеттерді шешуге дайын ұжымсыз жүзеге асыру мүмкін болмас еді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Компанияның барлық қызметкерлеріне жемісті жұмысы, іске кәсіби көзқарасы және өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылысы үшін алғыс айтқым келеді. Бұл Компанияның қызметкерлері, ал олардың саны еншілес ұйымдарды ескергенде 24 мыңнан аса маман «Қазақтелекомның» басты және ең құнды активі болып табылатынын атап өткен жөн.

Биылғы жылы біз көптеген өршіл жоспарлар мен міндеттерді белгіледік және Компанияда жұмыс істейтін кәсіпқойлардың қолдауымен және күш-жігерімен біз «Қазақтелекомның» технологиялық прогрестің алдыңғы орнында болуы және өзінің инновациялық өнімдері мен қызметтерін дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынымызға сенімдімін.

Біздің жаһандық мақсатымыз — саланың көшбасшысы болып қалу және тұтынушыларымыз, акционерлеріміз және жалпы қоғамымыз үшін құндылық жасауды жалғастыру. Біз бұған бірге жұмыс істеу арқылы қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.



**Н. Байдәулетов**

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ







# Басқарма төрағасының үндеуі

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, инвесторлар, клиенттер және серіктестер!

**ӨТКЕН 2022 ЖЫЛ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» ҮШІН КҮРДЕЛІ, БІРАҚ СОҢЫНДА НӘТИЖЕЛІ ЖЫЛ БОЛДЫ. КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ БІРҚАТАР ЖАҒЫМСЫЗ ОҚИҒАЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН ОБЪЕКТИВТІ ҚИЫНДЫҚТАРҒА ҚАРАМАСТАН, БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР БОЙЫНША ӨСУДІ КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ҚОЙЫЛҒАН БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕРГЕ ҚАЙТАДАН ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.**

Өздеріңіз білетіндей, бірінші тоқсанда, қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде біз абоненттерді қолдау бойынша бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдадық. Осындай қадамдарды қабылдап, біз қыркүйек айының басында ауқымды орман өрттерінен зардап шеккен Қостанай облысы Әуликөл ауданының тұрғындары мен кәсіпкерлерін қызметтер үшін абоненттік төлемнен босаттық. Сонымен қатар, 2022 жылды біз қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жылы деп жариялап, Компания өз қызметкерлерінің әл-ауқатын көтеруге және қолдауға айтарлықтай қаржы ресурстарын бағыттады. Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі мен тұрақты дамуы құндылығы мен стратегиялық басымдығы біз үшін маңызды және солай болып қала береді. Біз 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да жауапты тәжірибелерді одан әрі дамытуға ықпал ететін Тұрақты даму стратегиясын бекітуді жоспарлап отырмыз.

Мұның бәрі жылдың басында және ортасында қаржылық көрсеткіштерімізге әсер етті, дегенмен оның қорытындысы бойынша біз барлық теріс ауытқуларды толығымен жойып, S&P Global Ratings және Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттіктері атап өткендей, таза пайда бойынша көрсеткішті айтарлықтай жақсартта алдық. Бұл әлемдік нарықтың беделді ойыншылары 2022 жылы біздің рейтингімізді «Тұрақты» деп бағалап, түсімнің одан әрі органикалық өсуін болжап, өз бағалары мен болжамдарының кепілі ретінде Компанияның қаржылық тұрақтылығының жоғары екендігін мойындады.

Нәтижесінде «Қазақтелеком» бүгінгі күні тіркелген телефония, интернетке кең жолақты қолжетімділік, ұялы байланыс, ақылы теледидар және IT-өнімдер саласындағы барлық сегменттерде қызметтер мен сервистердің кең спектрін ұсына отырып, Қазақстанның телекоммуникациялық нарығының сөзсіз көшбасшысы болып қала береді.

2022 жылы қабылданған барлық стратегиялық шешімдер сіздердің назарларыңызға қуана ұсынып отырған Жылдық есепте жазылған. Онда Компанияның қаржылық және техникалық қызметі бағаланатын негізгі индикаторлар көрсетілген. Ондан нарықтың әртүрлі сегменттеріндегі біздің қызметіміздің талдауын, сондай-ақ жобалар мен міндеттердің іске асырылу барысы туралы есепті таба аласыз. Менің ойымша, олардың ішіндегі ең мәнді және маңыздыларына қысқаша тоқталамын.

Өздеріңіз білетіндей, 2022 жылдың желтоқсанында «МТС» ЖШС және «Кселл» АҚ операторларының консорциумы бесінші буын байланыс стандартын күшейтуге арналған жиілік аукционында жеңіске жетті. Бұл компаниялар енді байқау шарттары бойынша 2027 жылға дейін бүкіл ел бойынша 7 мыңнан астам 5G базалық станциясын ор, оның ішінде Астана, Алматы және Шымкенттегі 486 базалық станция 2023 жылы пайдалануға беріледі.



**Қ. Есекеев**

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ







# Басқарма төрағасының үндеуі



**Біздің Компаниямыздың сөзсіз және бәсекелік артықшылығы республика бойынша 85 мың км астам талшықты-оптикалық желіні, 14 мыңнан астам базалық станцияны, 27 деректерді өңдеу орталығын және 40 мың қалалық бейнебақылау камерасын қамтитын дамыған инфрақұрылым болып табылады.**

Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ өткен жылы Azer Telecom компаниясымен «Әзірбайжан-Қазақстан» бағыты бойынша Каспий теңізінің түбімен өтетін талшықты-оптикалық желі құрылысы бойынша ең күрделі халықаралық жобамен жұмыс істеу туралы келісімге қол қойды. Бүгінгі таңда болашақ су асты желісінің HLD (high-level design) жоғары деңгейлі дизайны әзірленіп, жобаны іске асырудың нақты жол картасы бекітілді, ал зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін Каспий түбінде «оптиканың» тікелей құрылысы жүргізіледі. Негізгі бағыт Ақтаудан Әзірбайжанның Сизанына дейін өтеді және 340 км-ден асады, ұзындығы 330 км-ге жуық резервтік арна қазақстандық Құрық портынан Баку маңындағы Бузовна пунктіне дейін салынады.

Транскаспий жобасы Қазақстан үшін стратегиялық тұрғыдан өте маңызды деп санаймын, өйткені оны іске асыра отырып, біз қосымша халықаралық трафикке шығамыз және Азия елдерінен Қазақстан аумағы бойынша және суасты кабелі арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Грузия, Қара теңіз және Болгария арқылы Еуропаға шығатын жаһандық трафиктің транзитін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа арнаға қол жеткіземіз. Сонымен қатар, жоба жаңа цифрлық телекоммуникациялық дәлізді құруды жеделдетуге драйвер болады және деректерді берудің жоғары жылдамдықты және қорғалған инфрақұрылымын дамыудың жоғары деңгейіне шығуға көмектесіп, Компанияның да, тұтастай алғанда елдің де сауда және басқа да байланыстарын нығайтуға қызмет етеді.

Біз 2022 жылы Akamai, Facebook, Google, Cloudflare, Netflix, Meta әлемдік контент-провайдерлерінің қосымша кәштеу серверлерін орнаттық және абоненттерді ескірген ADSL деректер беру технологиясынан «оптикаға» ауыстырумен белсенді айналыстық: желілері толығымен жаңғыртылған алғашқы елді мекен Курчатов моноқаласы болды. Бұл жоба 2023 жылы республиканың 9 қаласында 25 мыңнан астам пайдаланушыға әсер етеді. Сондай-ақ, өткен жылы біз көпқабатты үйлердің тұрғындарын GPON технологиясы бойынша жоғары жылдамдықты интернетпен, ал қалалар мен оларға жақын елді мекендердің жеке секторының тұрғындарын FWA, бекітілген сымсыз байланыс технологиясы бойынша қамтамасыз ете отырып, желілік инфрақұрылымды ұлғайттық. Біздің алдағы екі жылға арналған жоспарымызда республика бойынша 160 мыңға жуық жеке үй FWA бойынша заманауи телекоммуникациялық қызметтер мен сервистерге қосылу үшін 300-ден астам базалық станция салу бар.

Жалпы, биыл біз барлық күш-жігерімізді барлық сегменттердегі абоненттеріміз үшін ең жақсы провайдер болып қалуға бағыттаймыз және ол үшін бізде қажеттінің бәрі бар. Біздің Компанияның сөзсіз және бәсекелік артықшылығы республика бойынша 85 мың км астам талшықты-оптикалық желіні, 14 мыңнан астам базалық станцияны, 27 деректерді өңдеу орталығын және 40 мың қалалық бейнебақылау камерасын қамтитын дамыған инфрақұрылым болып табылады. Мұның бәрі бізге кең жолақты мүмкіндік секторында 1,9 миллионнан астам абонентке, ұялы байланыс сегментінде 14,5 миллионнан астам абонентке сапалы қызмет көрсетуге және 930,7 мың ақылы теледидарға қосылу нүктесіне қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшесі мен Компанияның барлық қызметкеріне олардың кәсібилігі, жемісті және командалық жұмысы, адалдығы мен жанкештілігі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

## Қ. Есекеев

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ







# Компанияның сандық көрсеткіштері

## 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер<sup>1</sup>


Қызметтерді сатудан түскен табыс, млн теңге



Таза пайда, млн теңге




ЕБИТДА, млн теңге




ЕБИТДА margin, %




Қызметкерлер саны<sup>3</sup>, адам



1 қызметкерге шаққандағы табыс, мың теңге



Активтер, барлығы, млн теңге



<sup>1</sup> «Қазақтелеком» АҚ-ның Аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес.

<sup>2</sup> ЕБИТДА және ЕБИТДА margin 2019 жылы қайта есептелді.

<sup>3</sup> Еншілес ұйымдар есепке алынған деректер.






# Компанияның сандық көрсеткіштері

## 2022 жылғы негізгі көрсеткіштер<sup>1</sup>


Ұзақ мерзімді кредиттер, млн теңге

– 21,1%




Бас ұйымның иелеріне тиесілі меншікті капитал, млн теңге

+ 12,5%




Бекітілген желілер саны

– 4,4%




КЖКҚ-ға бекітілген абоненттер саны

+ 0,1%



Ақылы теледидар абоненттері саны

+ 1,3%




Ұялы байланыс абоненттері саны

+ 0,03%



ARPU (АҚ бойынша), теңге

+ 3,5%



<sup>1</sup> «Қазақтелеком» АҚ-ның Аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес.





# 2022 жылғы негізгі оқиғалар

17.01

Қаңтар

«Қазақтелеком» АҚ жеке және корпоративтік сегменттердегі өз клиенттері үшін ТЖ режимі кезеңінде қолдау шараларын жариялады. Абонент жеке тұлғаларға өз қызметтеріне 2022 жылғы қаңтардағы ай сайынғы абоненттік төлемге **50%** мөлшерінде жеңілдік беру негізгі шара болды. «Қазақтелеком» АҚ шағын және орта бизнесті қолдау аясында өзінің корпоративтік клиенттеріне ҚДО (Қазыналық деректер операторы) және интернет қызметтеріне **50%** мөлшерінде жеңілдік ұсынды.

04.04

Сәуір

«Қазақтелеком» АҚ-ның TV+ мультиплатформалық сервисі өзінің алғашқы мерейтойын **300 мың пайдаланушымен** қарсы алды. Сервис сапалы функционал мен контентті таңдау арқылы осындай танымалдылыққа ие болды.

12.07

Шілде

«Қазақтелеком» АҚ **Astana IT University** базасында цифрлық таланттарды дамыту үшін өз университетін ашты. Еліміздің жетекші ЖОО-ларының бірімен ынтымақтасу ұлттық мүдделі маңызды стратегиялық жобаларды іске асыру үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерінің құзыреттерін жүйелі түрде дамыту қажеттілігіне негізделген.

08.02

Ақпан

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлердің пайдасына ұжымдық шартты өзектендірді. Жаңартылған құжат компанияның барлық әлеуметтік жеңілдіктер пакетін сақтай отырып, қызметкерлердің лауазымдық жалақыларының ең төменгі деңгейлерін арттыруды көздейді.

04.05

Мамыр

«Қазақтелеком» АҚ **«Ауылдағы цифрлық серіктес»** атты жаңа жобаны іске қосты. Жоба ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты және сапалы интернетпен қамтамасыз етуге, ал кәсіпкерлерге өз бизнесін дамытуға мүмкіндік береді.

10.08

Тамыз

«Қазақтелеком» АҚ республикадағы ең заманауи GPON технологиясы бойынша көппәтерлі үйлерді жоғары жылдамдықты интернетке қосуды жалғастыруда. Бүгінгі таңда мұндай желілер **24 мыңнан астам көппәтерлі** тұрғын үйлерге салынған.

16.03

Наурыз

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының таза табысы 2021 жылдың қорытындысы бойынша **97 млрд теңгеден** асты. Еліміздің ірі телекоммуникациялық операторының компаниялар тобы өз қызметінің барлық негізгі қаржылық көрсеткіштерінің өсуіне қайтадан қол жеткізді. Атап айтқанда, 2021 жылы Топтың кірісі 13%-ға артып, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 527 млрд теңгеге қарағанда 594 млрд теңгені құрады, ал таза пайда 97 млрд теңгеден асып, бір жыл ішінде 49%-ға ұлғайды.

30.06

Маусым

«Қазақтелеком» АҚ ел экономикасын цифрлық трансформациялауды жүзеге асыруға және таяу болашақта Қазақстанда жаңа цифрлық қызметтерді құруға мүмкіндік беретін **5G** технологиясын енгізу тұжырымдамасын таныстырды.

17.08

«Қазақтелеком» АҚ шалғайдағы ауылдарды интернетке қосуды жалғастыруда және олардың тұрғындарын «радиомост» технологиясы бойынша барлық заманауи телекоммуникация қызметтерімен қамтамасыз етеді.





05.09

Қыркүйек

«Қазақтелеком» АҚ Қостанай облысында орман өрттерінен зардап шеккендерге қолдау көрсету шаралар кешенін жариялады. Әуликөл ауданының тұрғындары мен кәсіпкерлеріне телекоммуникациялық қызметтерді толық көлемде ұсына отырып, оларды 2022 жылдың соңына дейін абоненттік төлемнен босатты. Сондай-ақ ең көп зардап шеккен үш ауылдан келген жеке тұлғалардың қарыздары мен өсімпұлдары есептен шығарылды.

12.09

«Қазақтелеком» АҚ-ның **eQoldau** жобасы IDC Future Enterprise Awards 2022-де үздік деп танылды. «Цифрлық технологиялар әлеміне көшуді жеделдету» атты жыл сайынғы IDC CIO Summit 2022 саммиті барысында елдің жетекші телеком-операторы IDC Future Enterprise Awards 2022 сыйлығының екінші орын ала отырып, ТМД елдері арасында CIO/CDO рейтингінде үздіктердің біріне айналды. Бұдан басқа, ауыл тұрғындарына арналған цифрлық көмекшілер – «Қазақтелекомнан» eQoldau қоғамдық қолжетімділік пункттері «Жылдың цифрлық жобасы» номинациясы бойынша үздік деп танылды.

15.09

«Қазақтелеком» АҚ Шымкенттегі **FWA** желілерімен қамту аймағын кеңейтуде. Халық саны бойынша еліміздің үшінші мегаполисінде жеке сектор тұрғындарын сымсыз интернетпен қамтамасыз ету жобасы табысты іске асырылуда. Ол үшін FWA технологиясын қолдайтын 12 базалық станция орнатылып, 1200-ге жуық тұрғын жоғары жылдамдықты интернетке қосылған.

27.10

Қазан

Қостанай облысында орман өрттерінен зардап шеккендерге жоғары жылдамдықты интернет ұсынылды.

28.09

28.09

«Қазақтелеком» АҚ Астанадағы «Digital Bridge 2022» көрмесінде **Open RAN** технологиясын таныстырды. Оны іске қосу ұялы байланыс желілері үшін дәстүрлі радио жабдықтарын өндірушілердің жабық технологиялық шешімдерінен ұлттық технологиялық компанияларды қоса алғанда, жаңа өндірушілердің ашық бөлшектелген шешімдеріне көшуге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» АҚ және Azertelecom Int. ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат Қазақстан мен Әзірбайжан арқылы Еуропа мен Азия арасында жаңа цифрлық телекоммуникациялық дәліз құруды көздейтін «**Цифрлық Жібек жолы**» (Digital Silk Way) ауқымды жобасының бөлігі болып табылатын «Қазақстан-Әзірбайжан» бағыты бойынша Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) жобасы шеңберінде екі оператордың стратегиялық серіктесуін көздейді.

08.12

Желтоқсан

Fitch Ratings S & P Global Ratings артынан «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін растады. Халықаралық рейтингтік агенттік «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін BBB- деңгейінде («Тұрақты» болжам) растады. Рейтингтің негізгі драйверлерінің ішінде сарапшылар компаниялар тобының тұрақты нарықтық позицияларын, қиындықтарға қарамастан күшті нәтижелерді, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықтың айтарлықтай қорын атайды.

12.12

«Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешімімен алдағы 10 жылға арналған **JRun** жаңа стратегиясы қабылданды. JRun Компанияның сыртқы және ішкі клиенттерге, бизнесті, технологияларды және инфрақұрылымды дамытуға деген ұмтылысын көрсететін Jaqyn, BiRlik, AlaU және Oken атты төрт стратегиялық даму бағытынан тұрады.

23.12

«Мобайл Телеком Сервис» ЖШС және «Кселл» АҚ ұялы байланыс операторларының консорциумы 5G технологиясы үшін 3600-3700 және 3700-3800 МГц (100 МГц) радиожилік диапазондарына сауда-саттықты жеңіп алды. «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының мобильдік операторлары 2027 жылдың соңына дейін еліміздің республикалық маңызы бар қалалары мен облыс орталықтарында **5G** енгізетін болады және **7 мыңнан астам базалық** станция салуды жоспарлап отыр.

26.12

Курчатов Қазақстанда оптикалық желілерге толығымен көшкен алғашқы моноқала болды. «Қазақтелеком» АҚ Курчатов тұрғындарының «оптикаға» **100%** көшіру жұмыстарын аяқтады. Телеком-оператор моноқала желісін жаңғырту жөніндегі ауқымды жоба шеңберінде шамамен **29 шақырым магистральдық** желі салып, өзінің инфрақұрылымын ұлғайтты.

04.11

Қараша

«Қазақтелеком» АҚ **39 млрд теңгеден** астам сомаға дивиденд төледі. Дивидендтер 2021 жылғы бөлінбеген пайдадан төленді және бір қарапайым акцияға шаққанда **3 590,39 теңгені** құрады.

22.11

S & P Global Ratings «Қазақтелеком» АҚ-ның түсімінің одан әрі өсуін және кредит қабілеттілігінің жақсаруын болжайды. Халықаралық рейтингтік агенттік кезекті рет «Қазақтелеком» АҚ-ның «BB+» деңгейіндегі кредиттік рейтингі туралы жыл сайынғы есебін жариялады («Тұрақты» болжамы расталды), онда 2022-2023 жылдар кезеңінде Қазақстанның ірі телеком-операторы түсімінің одан әрі органикалық өсуін болжады.





# «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының өсу тарихы

**1994**

«Қазақтелеком» АҚ компаниясының негізі қаланған.



**1998**

Шалғайдағы елді мекендерде телефон қызметтерін ұсыну үшін спутниктік байланыс жүйесін іске қосу.

**2002**

- Ұлттық зияткерлік желіні іске қосу.
- «Ресей-Қазақстан» талшықты-оптикалық желілік өткелін пайдалануға қабылдау.

**2006**

АКТ-ны жеке бағытқа бөлу (Ақпараттық жүйелер дирекциясы).

**2010**

- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының ашылуы.
- «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациялық желілерінің Next Generation Network (NGN) технологияларына көшуі жобасын аяқтау.

**1996**

Алматыда TLX.25 Turbo телек станциясын іске қосу.

**2000**

DialUp – «Интернет аймағы» технологиясы бойынша Интернет желісіне қол жеткізу қызметін енгізу.

**2004**

Компанияны ашық акционерлік қоғамнан (ААҚ) акционерлік қоғамға (АҚ) қайта тіркеу.

**2008**

Сапа менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі жобаны іске асыру және Теңдестірілген көрсеткіштердің ақпараттық жүйесін пайдалануға қабылдау.

**2012**

- «Кселл» АҚ-ның TeliaSonera компаниясына 49% акциясын сату.
- Hewlett-Packard компаниясымен бірлесіп әзірленген ТМД-дағы ең ірі Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) презентациясы.

**1997**

Компанияның Қазақстан қор биржасындағы листингі.

**2001**

Орталық Азия аумағында 10 мың пайдаланушыға арналған алғашқы Internet Data Center (IDC) ашылуы.

**2005**

ADSL технологиясы негізінде Megaline Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік қызметтерін іске қосу.

**2009**

ID TV брендімен IPTV қызметтерін іске қосу.

**2013**

Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның бес еншілес ұйымында жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикалау нәтижелері бойынша Қордың еншілес компаниялары арасында корпоративтік басқару рейтингінің деңгейі бойынша көшбасшы болып танылды.

**1995**

Алматы қаласынан 52 км қашықтықта халықаралық ТранАзия – Еуропалық талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТАЕ ТОБЖ) Ұлттық секторын салу.

**1999**

- Kazakhstan Online сауда белгісімен деректерді берудің бірыңғай ұлттық желісін құру.
- Алматы қаласындағы алғашқы Халықаралық коммутация орталығын (ХКО) пайдалануға беру.

**2003**

- «Қазақтелеком» АҚ басқарудың сапасы мен тиімділігі үшін International Gold Medal Award-тың халықаралық құрмет марапатының иегері атанды;
- Қазақстан астанасын цифрландырды аяқтау.

**2007**

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан аумағында тіркелген байланыс қызметтерін 100% таратуды қамтамасыз етті.

**2011**

FTTH әмбебап талшықты-оптикалық қолжетімділік желісін салу бойынша стратегиялық жобаны бастау.





# «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының өсу тарихы

## 2014

- LTE желісін (ALTEL еншілес компаниясы негізінде) іске қосу.
- Жаңа буын DWDM магистральдық желісін іске қосу.

## 2016

- Ұялы байланыс нарығында ALTEL/Tele2 бірлескен кәсіпорнын құру.
- China Mobile-мен бірлесіп Еуропа – Оңтүстік – Шығыс Азия транзиттік бағытын ұйымдастыру бойынша Dream жобасын іске асыру.

## 2020

- АЕМ-дегі ТОВЖ құрылысы аяқталды. Жобаны іске асыру барысында 2 жыл ішінде бүкіл ел бойынша 14 380 шақырым «оптика» салынды.
- Халық саны 250 адамнан асатын ауылдық елді мекендерді кең жолақты мобильді интернетпен қамтамасыз ету бойынша «250+» жобасы іске асырылды.
- «Қазақтелеком» АҚ темекі бұйымдарын міндетті таңбалау жүйесінің техникалық құрамдас бөлігіне, деректерді сақтауға және нарыққа қатысушылардың ақпараттық жүйелерін синхрондауға жауапты бірыңғай операторы болып айқындалды.
- 2020 жылы негізгі бизнесті цифрландыруды, жаңа цифрлық бизнесті дамытуды және желіні цифрлық трансформациялауды көздейтін жаңа SERPIN трансформациялау стратегиясы мен бағдарламасын іске асыру басталды.
- «Қазақтелеком» АҚ LoRa технологиясы бойынша тағы 104 базалық станцияның құрылысын аяқтады. M2M (machine to machine) және IoT-құрылғылар Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Түркістан мен Алматыда қалалық коммуналдық жүйелерге қосылуы мүмкін. Жалпы желі еліміздің 14 қаласында орналастырылған.
- Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін BB+ деңгейінен («Оң» болжам) BBB- («Тұрақты» болжам) деңгейіне дейін көтерді.

## 2022

- «Қазақтелеком» АҚ «Ауылдағы цифрлық серіктес» атты жаңа жобаны іске қосты. Жоба ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты және сапалы интернетпен қамтамасыз етуге, ал кәсіпкерлерге өз бизнесін дамытуға мүмкіндік береді.
- «Қазақтелеком» АҚ ел экономикасын цифрлық трансформациялауды жүзеге асыруға және таяу болашақта Қазақстанда жаңа цифрлық қызметтерді құруға мүмкіндік беретін Қазақстанда 5G технологиясын енгізу тұжырымдамасын таныстырды.
- «Қазақтелеком» АҚ және Azertelecom Int. ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат Қазақстан мен Әзірбайжан арқылы Еуропа мен Азия арасында жаңа цифрлық телекоммуникациялық дәліз құруды көздейтін «Цифрлық Жібек жолы» (Digital Silk Way) ауқымды жобасының бөлігі болып табылатын «Қазақстан-Әзірбайжан» бағыты бойынша Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОВЖ) жобасы шеңберінде екі оператордың стратегиялық серіктесуін көздейді.

## 2018

- «Кселл» АҚ акцияларының 75%-ын сатып алу.
- АЕМ ТОВЖ құрылысы.

## 2017

Желілерді Бірыңғай басқару орталығын құру.

## 2015

«Қазақтелеком» АҚ-ның арқасында тіркелген дауыстық байланыс желілерін 100%-ға цифрландыру жүргізілді.

## 2019

- Smart Aqkol жобасын іске асыру.
- Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 5G-ны тестілеу.
- Бірлескен кәсіпорындағы Tele2 AB үлесінің 49%-ын сатып алу.
- «Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы «TMT M&A Awards 2019» халықаралық сыйлығында «Жыл мәмілесі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

## 2021

- Қазақстанда Kcell желілері базасында бизнеске немесе оның филиалына елдің кез келген нүктесінде жұмыс істеуге және қол жеткізу параметрлерін өзгертпестен өзінің ақпараттық желісіне қол жеткізуге, ал қызметкерлерге мобильді болуға мүмкіндік беретін «Мобильдік офис» сервисі іске қосылды.
- «Қазақтелеком» АҚ жаңа буынның eSIM қызметін іске қосты. Енді абоненттерге пластикалық SIM картасының сандық баламасы қол жетімді болды.
- Қазақстан 2021 жылғы сәуірде ЕАЭО және Орталық Азия елдері арасында Ookla Speedtest Global Index компаниясының нұсқасы бойынша мобильді интернет жылдам-

- дығының жаһандық рейтингінде ілгерілеу қарқыны бойынша көшбасшы болды.
- «Қазақтелеком» АҚ отандық киберспортты TV+ платформасына шығарды. Осы жылы «Қазақтелеком» АҚ іске қосқан TV+ платформасында мамыр айының соңында киберспорт бойынша отандық турнирлердің алғашқы онлайн-көрсетілімдері өтті.
- «Қазақтелеком» АҚ Smart Turkistan жобасын іске асырудың белсенді кезеңіне өтіп, қаланың коммуналдық және муниципалдық объектілерін ірі телеком-оператор салған IoT желісіне қосылған суды тұтыну туралы деректерді қашықтықтан беретін құрылғылармен жарақтандыруды бастады.

- «Қазақтелеком» АҚ республиканың ауылдық елді мекендерінде eQoldau ашық қол жеткізу пункттерінің желісін құрады, соның арқасында тұрғындарда цифрлық қызметтер мен электрондық сервистер әлеміне қол жеткізудің тағы бір құралы пайда болады.
- «Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтанда FWA желісін іске қосты.





1



# Компания туралы

GRI 2-1

Гигабиттік ұрпақ





# Қысқаша бейіні

## Компания туралы деректер

**«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ — ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ.**

1

2000 жылдардың ортасынан бастап «Қазақтелеком» АҚ жылдық айналымы ондаған миллиард теңгеге жететін еліміздің ең табысты кәсіпорындарының рейтингінде жоғары орынға тұрақты ие болды.

2

«Қазақтелеком» ҰАК Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысы негізінде құрылды.

3

«Қазақтелеком» АҚ Цифрлық ағындармен Қазақстанның ірі қалаларын деректерді берудің жоғары жылдамдығымен байланыстыратын тасымалдау оптикалық-талшықты сақина болып табылатын Ұлттық ақпараттық супермагистральға ие.

4

Негізгі кеңселер Астана және Алматы қалаларында, өңірлік өкілдіктер Қазақстанның барлық жерінде орналасқан.


**248**

**орталық**

бүкіл ел бойынша қызмет көрсету орталықтары

**17**

**деректер орталықтары**



5

## Қызмет бағыттары

GRI 2-6

**«Қазақтелеком» Акционерлік қоғамы байланыс қызметтерін ұсынуда, оның ішінде ауылдық жерлерде көшбасшы ретінде танылған Қазақстандағы тіркелген телефония бойынша ірі оператор, сондай-ақ Деректерді беретін ұлттық желінің ірі операторларының бірі болып табылады.**

«Қазақтелеком» АҚ — Республика аумағында байланыс қызметтерінің кең ауқымын ұсынатын, ұлттық ауқымдағы құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және телекоммуникациялық ұйымдардың мүлкін беру арқылы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес құрылған ұлттық компания.

Компания «Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (Қазақстан Республикасының Әділет органдары алғашқы мемлекеттік тіркеуді 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізді).

«Қазақтелеком» АҚ негізгі мақсаты акционерлердің мүддесі үшін табыс табу болып табылатын, өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.

Акционерлік қоғамның қызметі оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайтын бекітілген Жарғы шеңберінде жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:

- коммерциялық қызметтен пайда табу және оны акционерлердің пайдасына пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағында заманауи телекоммуникациялық желілерді құру және оларды әлемдік телекоммуникация желісіне интеграциялау;
- Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде пайдаланушыларға телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісін және телекоммуникациялардың жеке жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі операторының, оның ішінде Халықаралық одақ регламенті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен есеп айырысу жүргізу құқығымен қалааралық және халықаралық байланыс операторының функцияларын орындайды.


Компания бүкіл шекара маңындағы учаскелерді байланыстыратын және Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орта Азия республикаларымен байланысты қамтамасыз ететін магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілерінің желісіне ие болғандықтан, транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға зор көңіл бөледі.

«Қазақтелеком» АҚ-ның бүкіл ел бойынша 248 пункттен тұратын сервистік орталықтар желісі, 17 ақпарат орталықтарының жеке желісі бар.



# «Қазақтелеком» АҚ-ның ұйымдық құрылымы

GRI 2-9



## Еншілес және өзге үлестес компаниялар



<sup>4</sup> «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 31.05.2022 және 20.09.2022 шешімдерімен филиалдар жабылды, қазіргі уақытта тарату іс-шаралары жүргізілуде.





# «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының құрылымы

GRI 2-6

## Еншілес компаниялар «Қазақтелеком» АҚ-ның инфокоммуникация нарығында интеграцияланған сервис-провайдер ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады:

- телекоммуникация нарығының мобильді сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ Тобының ұстанымын күшейту және дәстүрлі телекоммуникация қызметтерін дамытуға үлес қосу;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қызмет түрлерін толықтыратын жаңа өнімдерді іске қосу;
- электрондық коммерция сияқты жаңа бағыттарды дамыту («Қазақтелеком дүкені»);
- цифрландыруды және үлкен деректермен жұмыс істеуді қамтамасыз ету.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді операторының 100% қатысу үлесін иеленген Khan Tengri Holding B. V. Жалғыз акционер «Қазақтелеком» АҚ шешіміне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен 28.12.2022 ж. таратылды. Khan Tengri Holding B. V. таратылуына байланысты «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің 100% қатысу үлесі «Қазақтелеком» АҚ-ға берілді, тиісінше «Қазақтелеком» АҚ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы болып табылады.

## Мобильді бизнес

- Өз қызметін Kcell, Activ, Tele2 және Altel брендтерімен жүзеге асыратын «Кселл» АҚ және Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС жетекші мобильді операторлары.
- 2022 жылғы желтоқсанда «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Консорциумы Қазақстан Республикасында 5G/IMT бесінші буының ұялы байланысын енгізу мен дамытуға жиілік жолақтарын бөлу бойынша аукционда жеңімпаз деп танылды. Консорциум конкурстық құжаттама шарттарына сәйкес бірінші жыл ішінде Астана, Алматы және Шымкентте 5G базалық станциясын, ал келесі төрт жылда облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда жылына 784 базалық станцияны орнатуға міндетті. 2027 жылға қарай республикалық маңызы бар қалалардың 75%-ы және облыс орталықтарының 60%-ы 5G технологиясымен қамтамасыз етілетін болады.
- Бесінші буын желісін өрістетуге және Қазақстанда 5G индустриясының экожүйесін дамыту экономикаға сөзсіз және елеулі әсер етеді. Бұл цифрлық трансформацияны жүзеге асыру есебінен болады, мұнда 5G платформалары экономиканы трансформациялаудың негізгі факторларына айналады.
- 5G шағын бизнеске, мемлекеттік қызметтерге және тіпті жеке үй шаруашылықтарына смарт өнімдер мен қызметтердің артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беру арқылы цифрландыруды қолжетімді етеді.
- 5G жылдамдығы, сенімділігі және ауқымы қазірдің өзінде цифрлық трансформация платформасы бола отырып, үлкен әлеуметтік және экономикалық пайда әкеледі.

## «Цифрлық Қазақстан»

- «Кселл» АҚ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «КаР-Тел» ЖШС-мен бірлесіп «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының бөлігі болып табылатын «250+» жобасына қатысудың арқасында бүкіл ел бойынша мобильді байланыспен қамтуды кеңейтуде айтарлықтай прогреске қол жеткізді. «250+» жобасының мақсаты — 250 және одан да көп адам тұратын ауылдық елді мекендерде (АЕМ) кең жолақты мобильді интернетке қол жеткізуді ұсыну есебінен Қазақстанның барлық халқын цифрландырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу. «250+» жобасы шеңберінде «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС 2021-2022 жылдары міндеттемелерін орындады және 240 АЕМ-де МКЖҚ қамтамасыз етілді: тиісінше 139 АЕМ-де «Кселл» АҚ және 101 АЕМ-де «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС. Бұдан басқа, мобильді операторлар АЕМ желілерін LTE технологиясына дейін жаңғыртуды жүзеге асырды: «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС 276 АЕМ және «Кселл» АҚ 108 АЕМ.

## Бизнеске арналған жаңа мүмкіндіктер

- «Қазақтелеком дүкені» тауарлар алаңы арқылы электрондық коммерцияны дамыту;
- «Қазақтелеком» АҚ-мен жаңа бағытты бірлесіп өткізу — Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау және қадағалау;
- Қордың портфельдік компаниялары үшін бірыңғай ақпараттық қауіпсіздік орталығын қалыптастыру.

## Позицияларды күшейту

- Ауылдық жерлерде бекітілген байланыс;
- Ресей Федерациясымен байланыс торабы;
- Аутсорсингтік байланыс орталығының қызметтері;
- Астана қаласындағы Деректерді өңдеудің жаңа орталығы (ДӨО).







## Ұялы байланыс

### «Кселл» АҚ (51%)

# Kcell

«Кселл» соңғы 20 жылда Қазақстандағы ең заманауи, технологиялық дамыған және ауқымды ұялы байланыс желілерінің бірін салуға қол жеткізді. Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ-мен интеграция жүргізілуде, бұл B2B және B2C сегменттеріндегі қызметтер желісін едәуір кеңейтуге, сонымен бірге шығындарды төмендетуге және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Кселл» компаниясы мобильді дауыстық байланыс, қысқа хабарламаларды жіберу қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қол жеткізу сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ деректерді беру қызметтерін, оның ішінде Интернет желісіне қол жеткізуді ұсынады.

Kcell және Activ брендтері B2B және B2C сегменттерінің жоғары бәсекеге қабілетті телекоммуникациялық нарықтарында жақсы жұмыс істеді және қызмет көрсету сапасы мен құндылығымен танымал. «Кселл» 2G, 3G және 4G/LTE желілерінде шексіз жұмыс істеуге лицензиясы бар.

#### 2022 жылғы негізгі нәтижелер

# +40%

жабдықты жаңартқаннан кейін деректерді беру жылдамдығын арттыру

# >1 000

## базалық станция

2020 жылдан бастап ауылдарда желілерді дамытудың міндетті және меншікті бағдарламалары бойынша іске қосылды

«Кселл» АҚ негізгі цифрлық қазақстандық ойыншы ретінде нарықтағы өз орнын нығайтуды жалғастыруда. Nexign Converged BSS цифрлық платформасында оператордың бірыңғай биллингін енгізу жөніндегі жобаның аяқталуы 2022 жылғы маңызды оқиға болды. Енгізу барысында екі брендтің: Kcell және Activ 8 млн астам абоненттік базасының барлық сегменттерінің жаңа ортаға көшуі жүргізілді. Қысқа мерзімде іске асырылған бұл жоба компанияға жаңа өнімдер мен қызметтерді, соның ішінде 5G технологиясы негізінде нарыққа шығаруға мүмкіндік береді.

«Кселл» АҚ технологиялық көшбасшылыққа қол жеткізу мақсатында желіні салу және жаңарту, сондай-ақ оны интеграциялау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде. Осылайша, 2022 жылы барлығы 5G-ready 1272 базалық станцияда жабдық орнатылып, жаңғыртылды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде инсталляциялық жұмыстар жүргізілген орындарда деректерді беру жылдамдығының 40%-ға дейін ұлғайғаны тіркелді. Сонымен қатар, Түркістан және Жаңаөзен қалаларында, сондай-ақ Қызылорда облысының Әйтеке би кентінде жиіліктер рефармингі өткізілді. Осы жұмыстардың арқасында 4G-ның жылдамдығы артты.

«Кселл» АҚ қоғам алдындағы барлық жауапкершілікті сезіне отырып, ауылдық жерлерде байланысты дамытуды жалғастыруда. 2020 жылдан бастап ауылдарда іске қосылған базалық станциялардың саны міндетті бағдарламалар бойынша 468-ді және ауылдық жерлерде желілерді дамытудың меншікті бағдарламалары бойынша шамамен 550-ді құрайды. Сондай-ақ, Компания 2023-2024 жылдарға арналған дербес бағдарламасы бойынша ауылдық жерлерде МКЖЖ желісін дамытуды жоспарлап отыр. 06.03.2023 ж. жағдай бойынша базалық станциялар 7 АЕМ-де іске қосылып, қазіргі уақытта 10 АЕМ-ден астам жерде жұмыс жүргізілуде.

### «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (100%)

# ALTEL

# TELE2

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС — 2G/3G/4G (LTE/LTE Advanced) ұялы байланыс қызметтерінің толық спектрін ұсынатын және Tele2 және Altel брендтерімен қызметтер көрсететін Қазақстандағы мобильді оператор.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді дауыстық байланыс, қысқа хабарламаларды беру қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қол жеткізу сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ деректерді беру, оның ішінде Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін ұсынады.

#### 2022 жылғы негізгі нәтижелер

# +10%

2021 жылмен салыстырғанда кірістің өсуі және EBITDA өсімі

# 54%

2022 жылғы тиімділік

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (МТ — С) қызметін табысты жүзеге асырады: 2022 жылдың қорытындысы бойынша негізгі жоспарлы қаржылық көрсеткіштер асыра орындалды. 2022 жылғы түсім 2021 жылмен салыстырғанда 10%-ға өсті, EBITDA 2021 жылға қарай 10%-ға өсті және тиімділігі 54%-ды құрады.

МТ-С республиканың телекоммуникация саласындағы технологиялық көшбасшылықты сақтайды және соңғы пайдаланушылар үшін озық технологияларды енгізуді жалғастыруда. Speedtest беделді халықаралық рейтингінің нұсқасы бойынша үшінші жыл қатарынан МТ-С мобильді интернеті ең жылдам деп танылды.

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында МТ-С жыл бойы түрлі коммерциялық белсенді жұмыстар жүргізді және жаңа тарифтік желілерді іске қосты.


Сондай-ақ, 2022 жылы МТ-С және «Кселл» АҚ технологиялар мен қызметтерді одан әрі жетілдіруге жәрдемдесу үшін озық тәжірибелермен бөлісуді жалғастыра отырып, барлық әлеуетті синергияларды барынша пайдалану үшін өз желілерін интеграциялау бойынша жұмыстарды жалғастырды.





## Ақпараттық-коммуникациялық қызметтер

### «QazCloud» ЖШС (49%)



Компания Қордың компаниялар тобында қызмет көрсету үшін бірыңғай сервистік провайдер ретінде жұмыс істейді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша кіріс 10 млрд теңгені құрады.

Қызметтер спектрі:

- IaaS – Инфрақұрылым сервис ретінде;
- Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының қызметтері;
- IT-аутсорсинг/аутстаффинг;
- Компьютерлік жабдықтар мен кеңсе жабдықтарын жалға алу;
- SAP жүйелерін техникалық қолдау және дамыту;
- Сандық трансформация;
- Басқа IT-қызметтер.

#### 2022 жылғы негізгі нәтижелер

2022 жылы Қосши қ. ДӨО-ның екінші кезегін қабылдау жүзеге асырылды. Қосымша 100 тірек пайдалануға берілді.

ISO 27017 бойынша қауіпсіз бұлтты сервистерді ұсыну бойынша үздік тәжірибелерге сәйкестігіне сертификаттаудан өтті.

ДӨО QC-і PCI DSS бойынша сертифицикатталған. Сертификаттау банк саласындағы компаниялардың жабдықтарын орналастыру үшін қажет.

2022 жылдың қыркүйегінен бастап «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі шешімі бойынша ашық екі кезеңдік тендер арқылы «Қазақтелеком» АҚ-ға тиесілі қатысу үлесін сату бойынша іс-шаралар өткізілді. Барлық рәсімдерді аяқтау 2023 жылы жоспарлануда.

## Техникалық ресурстар

### «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС (100%)



«ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС ауылдық елді мекендерде (АЕМ) телефония және интернет қызметтерін ұсыну үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның жиіліктік-техникалық ресурсы болып табылады.

2022 жылы сала реттеушісі айқындаған 50-ден 250 адамға дейінгі халқы бар АЕМ-де КЖҚ-ны қамтамасыз ету жөніндегі жобаны іске асыру жалғастырылды.

### «КТ АйИкс» ЖШС (100%)

Компания IPLC және IP VPN бойынша клиенттерді қоса және оларға қызмет көрсете отырып, Ресей Федерациясындағы «Қазақтелеком» АҚ-ның техникалық торабы ретінде жұмыс істейді:

- өзінің №9 ХҚТБ-дағы торабына қосады және IPLC және IP VPN арналарын жалға беру бойынша операторлар мен корпоративтік клиенттерге қызмет көрсетеді;
- бұл Google, ВКонтакте, Mail.ru, «Қазақтелеком» АҚ желісіндегі HD, UHD, 4K форматтарындағы анықтығы жоғары телевидения контенті трафигін бағыттап отырып, Интернет желісінің пирингтік алаңы болып табылады;
- Telepresence жоғары сапалы бейнеконференция қызметтерін көрсетеді.

## Жаңа бизнестер

### «НҮРСАТ+» ЖШС (100%)

«Нұрсат+» ЖШС – электрондық коммерция саласындағы бизнестің жаңа бағыттарын дамытатын «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниясы.

Компания 2022 жылы электрондық коммерция қызметтерін дамытуды жалғастырды. «Қазақтелеком дүкені» (shop.telecom.kz) іске қосылды. Жоба бойынша негізгі оқиғалар:

- «Wi-Fi роутерлер мен аксессуарлар», «Ақылды үйге арналған тауарлар» және «4G базасындағы Интернет» сияқты «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметтеріне арналған санаттарды қоса алғанда, тауарлар санаттарын дамыту.
- Телекоммуникациялық тауарлары бар негізгі маркетингтерде сатушы ретінде қатысуды дамыту.
- Процестерді роботтандыру және операциялық жұмыс арқылы бизнестің тиімділігін арттыру үшін RPA негізінде автоматтандыруды дамыту.
- Front және back сату воронкасын дамыту үшін сайт пен CRM жүйесінің бірқатар функцияларын әзірлеу және іске қосу.

### «КТ-Телеком» ЖШС (100%)

«Қазақтелеком» АҚ 2021 жылдың қазан айында Жылжымайтын мүлік қорын құру жобасы шеңберінде компанияны одан әрі «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ға айналдыру мақсатында «Кселл» АҚ-дан «КТ-Телеком» ЖШС-нің 100%-ын сатып алды. 2022 жылы ұйымдастырушылық шаралар өткізілді.

### «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС (100%)

2022 жылы «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау мен қадағалауды дамыту бойынша іс-шараларды жүзеге асырды.

2022 жылы темекі өнімдері мен аяқ киімдерді міндетті таңбалау жұмыстары жалғастырылды. 2022 жылдың екінші жартысында фармацевтикалық тауарлардың бір бөлігін міндетті таңбалау іске қосылды, сондай-ақ «Тері бұйымдары», «Киім» және «Зергерлік бұйымдар» тауар топтары бойынша пилоттар өткізілді.

Бизнестің жаңа бағыттарын дамыту мақсатында «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС 2022 жылы B2B сегментінде жаңа АКТ-сервистерін әзірлеуді және енгізуді бастады: Корпоративтік сегментте коммерциялық таңбалау, Ұлттық тауарлар каталогы.





# Бизнес-портфель

GRI 2-6

**«Қазақтелеком» АҚ Бизнес-портфелі телекоммуникациялық қызметтердің толық спектрін қамтиды және республиканың барлық өңірлерінде және одан тыс жерлерде ұсынылған.**

Компанияның қызметтері бөлшек және көтерме байланыс қызметтері нарығында ұсынылған.

Компани көтерме сауда нарығында қолданыстағы заңнаманың нормаларын және өзара тиімді серіктестік қағидаттарын қатаң сақтай отырып, операторлық сегментте қызмет көрсетеді.

Компания операторлар мен олардың абоненттеріне сапалы және сенімді сервисті қамтамасыз ететін өткізу қабілеті жоғары жаңа цифрлық жабдықта құрылған операторлар желілерін қосу және трафиктің барлық түрлерін өткізу үшін қажетті желілік ресурстардың, телекоммуникациялардың тармақталған желісінің болу бәсекелестік артықшылық факторларын сақтауға және дамытуға ұмтылады.

«Қазақтелеком» АҚ байланыс қызметтерінің бөлшек сауда нарығында соңғы тұтынушылар — жеке (B2C) және заңды тұлғалар (B2B, B2G) үшін телекоммуникациялық қызметтер көрсетеді.



## Көтерме нарықтағы қызметтердің негізгі санаттары



### Операторлық қызметтер

- Телекоммуникация желілерін қосу және желіаралық, жергілікті, қалааралық және халықаралық трафикті өткізу;
- Интернет желісіне қол жеткізу;
- магистральдық байланыс арналарын жалға беру;
- кабельдік кәріз желілерін төсеу үшін қосымша қызметтер;



### Серіктестік бағдарламалар

- Жергілікті телефон байланысы желілері операторларының абоненттерінің Megaline брендімен Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік қызметтерін алу мүмкіндігі;
- бастапқы қазақстандық Интернет-қызмет провайдерлерінің Интернет-трафикпен алмасу орталығының жабдықтарына қосылу.



## Жеке тұлғалар (үй шаруашылықтары) үшін көрсетілетін қызметтер



### Дүкен

- «Қазақтелеком дүкені» интернет-гипермаркеті.



### Телеграф байланысы қызметтері

- Телеграф арқылы мәтіндік хабарламалар жіберу.



### Дәстүрлі телефония

- Жергілікті, ҚА/ХА байланыс қызметтері;
- «Тарлан» телефон карталары;
- виртуалды нөмір;
- шақырылатын абонент есебінен қоңырау шалу;
- сайттан қоңырау шалу (ClickToCall);
- виртуалды Call-Center.



### Интернет желісіне қол жеткізу

- ADSL, FTTH, WiMAX, WLL, WI-FI технологиялары бойынша кең жолақты қолжетімділік;
- коммутицияланатын қол жетімділік;
- LTE технологиясы бойынша сымсыз жоғары жылдамдықты қол жетімділік;
- Smart Internet — Cisco VPN IPSec арқылы клиентке тиесілі IP-мекенжайлар бойынша Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет;
- ата-ана бақылауы — үй желісіне қосылған кез келген құрылғыларда контентті пайдалануға рұқсатты шектеу.



### Кешенді ұсыныстар

- iD Net. Интернет желісіне жоғары жылдамдықты мүмкіндік;
- iD Phone. SIP-телефония негізіндегі қызмет;
- iD-TV. Интерактивті теледидар қызметі (IPTV);
- iD Host. «Қазақтелеком» АҚ-ның серверлеріндегі хостинг қызметтері;
- Ultra, Black, Silver — телефония, ұялы байланыс, теледидар, Интернет сияқты қызметтердің барлық түрлерін қамтитын пакеттік ұсыныстар.



### Қосымша қызметтер

- 169 анықтамалық-ақпараттық қызметі;
- зиякерлік желі қызметтері (8-800-xxx нөмірлері бойынша ақпараттық-ойын-сауық сервистері);
- кіреберістегі бейнебақылау;
- бейнебақылау порталы;
- ақылды үй;
- БҚ-ға жазылу;
- НҰР музыкасына жазылу.



## Заңды тұлғалар үшін көрсетілетін қызметтер (B2B және B2C)



### Деректерді беру

- Бизнеске арналған Интернет — барлық қол жетімді технологиялармен ДБ ортасын құру;
- Wi-Fi Target — сымсыз технологиясы бар желілерге қол жеткізу;
- мобильді кеңсе — қорғалған хаттамалар бойынша кез келген жерден корпоративтік желілерге қол жеткізу;
- IP VPN — қорғалған арналарға рұқсат;
- бақылау-кассалық машиналар — қазыналық деректер сервисі.



### Бұлтты сервистер

- Бұлтты бейнеконференция — арнайы жабдықты пайдаланбай қатысушылар саны шектеусіз бейнеконференцияларды ұйымдастыру;
- бейнебақылау — бейнебақылау сервисінің қызметі;
- виртуалды АТС;

- сандық медициналық карта — дәрігерлер мен ұйымдарды іздеу қызметі;
- сандық платформа — ISMET.KZ кәсіпкерлерге арналған ашық цифрлық платформа;
- блокчейн — блокчейн өнімдеріне арналған инфрақұрылым.



### Қосымша қызметтер

- Ақылды қала — LoRa технологиясы бойынша қызметтер;
- Ақылды ТҮКШ — су, электр, газ есептегіштерінің деректерін жинау және қызметтерді жеткізушілерге деректерді жіберу қызметтері;
- ақылды жарықтандыру — қаланың жарықтандыру жүйелерін бақылау;
- ақылды люк — ашық люктерді басқару жүйесі;
- DDoS шабуылдарынан қорғау;
- виртуалды Firewall.





2



# Стратегиялық есеп







# Стратегия

## Стратегия бренді

Стратегия JRun деп аталады, ол «жастар алда» (Jastar Run) дегенді білдіреді, жаңартылған жылдам қозғалыстың мағынасын білдіреді және сонымен бірге компанияның жаңаруын білдіреді.

JRun тіркесі аббревиатура болып табылады және дамудың төрт стратегиялық бағыты атауларының әріптерінен алынған.

JRun стратегиясының жаңа атауы «Қазақтелеком» АҚ-ның даму векторын бейнелейтін серпіліспен, қарқынды өсумен және жылдамдықпен байланысты.

Дамудың стратегиялық бағыттары Компанияның клиенттері, қызметкерлері мен стейкхолдерлері арасында жылулық пен сенім туғызатын қазақ тіліндегі қарапайым және түсінікті сөздер деп аталады.








# Миссия және пайым

## Миссиясы

Компанияның миссиясы: «Өзгере, таң қалдыра және күткеннен асып түсіп, әркімнің өмірінің таптырмас және таныс бөлігіне айналу».



## Пайымы

**Компанияның пайымы: «Ақпараттық-коммуникациялар нарығындағы жетекші қазақстандық интеграцияланған сервис-провайдер».**

Стратегиялық бастамалар мен даму бағыттарын іске асыру арқылы Қазақстан Республикасының ақпараттық коммуникациялар нарығының негізгі сегменттерінде жетекші позицияларды сақтау, нығайту және қалыптастыру мақсатында топтың барлық қатысушыларының үйлестірілген іс-қимылдары.







## Стратегияның мақсаттары

Жаңа стратегияның негізгі мақсаты негізгі бизнестегі клиенттік тәжірибені жақсарту, шығындар базасын органикалық оңтайландыру, сондай-ақ Компанияны икемді және тұрақты ұйымға айналдыру арқылы «Қазақтелеком» АҚ-ның құнын жасау болып табылады. Икемділік клиенттің құмарлығын және іздеу мен өсу бастамалары арасындағы тепе-теңдікті білдіреді.

Жаңа стратегия шеңберінде төменде сипатталған «Қазақтелеком» АҚ-ның келесі бес жылға арналған стратегиялық мақсаттары айқындалды.

### Бес жыл көкжиегіндегі «Қазақтелеком» компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары

#### JAQYN

Клиенттердің тәжірибесін жақсарту арқылы телекоммуникация нарығында көшбасшы болу

B2C нарығында соңғы миль сапасы бойынша көшбасшылық

**200 Мбит/с** бастап қалада

**20 Мбит/с** бастап АЕМ-де

B2C сегментінде клиенттік тәжірибе бойынша №1 Оператор болу

Тіркелген операторлар арасында үздік NPS

B2C нарығында КЖҚ және теледидар жетекші позициясын қорғау

**КЖҚ 72-74%** TV 45-50%

B2X нарығында түсім бойынша жетекші позицияларды нығайту

**B2X нарығында 50-52%**

B2B сегментінде клиенттік тәжірибе бойынша №1 Оператор болу

Тіркелген операторлар арасында үздік NPS

АКТ сегментінде және бизнестің таңдалған жаңа бағыттарында сенімді өсу

**Кіріс +14% түсім**

#### BIRLIK

Қызметкердің тәжірибесін жақсарту арқылы табысқа жету

Қолайлы аймақтағы әлеуметтік тұрақтылық индексі

**SRS (Happy Index) 75%**

Қызметкерлердің қанағаттану индексі

**eNPS 70%** (қазіргі жағдай 60%)

**Адалдығы 65%**

**қатысу 85%** (факті 2021 ж. — 84%)

Әр өмірлік цикл кезеңінде қызметкерлердің қанағаттанушылығы

Өлшем қажет **EJM**

**IR**

өндірістік қатынас саласындағы жоғары стандарттар

Цифрлық жетілудің интегралды көрсеткіші:

(1) қызметкер (2) команда (3) EX — бизнес процестер

#### ALAU

Экономикалық өсу және бәсекеге қабілетті инновациялар қозғалтқышы

Деректерді актив ретінде басқару

- Сату және жылыстауды басқару
- Деректерді сыртқы монетизациялау
- BigData-дан FCF 2027 жылға

**6,5 млрд теңге** (2032 жылға 16 млрд теңге)

Желілік және АТ инфрақұрылымның бұлттық ортаға көшуі

- 10 жылдан аса пайдаланылған құралдардың үлесін 2024 жылы

**15%-ға** дейін төмендету (2022 — 34%)

- Микросервистік архитектураға ауысу

**99%** (2022 — 99,5%)

АТ платформалар мен сандық сату арналарының қолжетімділігі

Бизнесті цифрлық трансформациялау

- Time-to-market-ті 2 есе қысқарту
- Масштабтау құнын төмендету
- IaaS/PaaS цифрлық және бұлттық сервистерді ұсыну
- Жаңа нарыққа шығу

#### ORKEN

Бірінші дәрежелі бизнесті басқару және ең жақсы инфрақұрылым (2032 жылға дейінгі мақсаттар)

Гигабайттық қоғамға көшу үшін жағдай жасау

**100G интерфейстерде 18 облыс орталығына жету**

Қолжетімділік жылдамдығы бойынша клиенттердің үміттеріне сәйкес болу

2023-2027 жж. EBIDTA тиімділігі: **8,3 млрд теңге**

2023-2032 жж.: **-12 млрд теңге**

Сала көшбасшылары деңгейінде операциялық тиімділік

EBIDTA тиімділігі **-8 млрд теңге** 2023-2032 жж.

Мұнара операторын құру

**Тексеру деңгейіндегі көрсеткіштер**

Жеткізу тізбегі мен ОҚКОО процесін цифрландыруды автоматтандыру

Күнделікті операцияларды азайту

ESG корп. Рейтинг мақсаттарына жету

- Нетто-көміртек ізін 2032 ж. дейін 13%-ға дейін төмендету.
- Рейтинг BBB (2024), A (2027).
- Әлеуметтік бастамалар.







## Телекоммуникация саласының өзекті жаһандық үрдістері

Пандемия телекоммуникациялық инфрақұрылымға үлкен қысым жасады. Дүниежүзіндегі кәсіпорындар мен үй шаруашылықтары қашықтан жұмыс істеуге көшті. Бұлай ауысу Интернет желісін пайдалануды бірден 70%-ға арттырды және осы уақытқа дейін тиімді жұмыс істеген қолжетімді желілерге жаңа қиындық туғызды.

Деректер ағынының құрылымы өзгерді, жалпыға қол жетімді және бұлтты инфрақұрылымдарға, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша шекара нүктелері мен кіру нүктелеріне жүктеме артты. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, телекоммуникациялық инфрақұрылымдағы бұл өзгерістер қайтымсыз және Компанияны деректер трафигінің өсіп келе жатқан ағынына сәйкес өз желісін дамытуға мәжбүр етеді.

Әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы деректер трафигіне осы өзгермелі және үдемелі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өте маңызды болатын негізгі үрдістер мен технологиялар:

- Желілік және сервистік интеграция. Байланыс қызметтерінің дәстүрлі сегменттері арасындағы шектерінен жылдан жылға бұлыңғыр болып келеді. Бұл дәстүрлі инфрақұрылымдық қызметтердің сервистер мен шешімдерге, дайын ақпараттық және технологиялық жүйелерге айналуына байланысты. Бизнес сегментінде бұл Интернет заттарына (IoT) бөлігіндегі шешімдер, операторлар негізгі қызметтерге қондырма ретінде сататын бұлтты қызметтер. Өнім парадигмасының өзгеруі инфрақұрылымды қосымша қызметке айналдырады;
- Аралас цифрлық бағыттардағы даму. Байланыс қызметтерін пакеттеуден басқа, ұялы байланыс операторлары, ең алдымен, аралас банк секторына кіру есебінен артраптандырылып, FinTech бағытын дамытуды белсенді ұстанады;
- Телекоммуникация және медиа конвергенциясы. Қолданыстағы деректер активтерін пайдалану және жарнама арқылы қолдау көрсетілетін медиа модельдерді құру үшін жарнама платформаларын сатып алу;
- 5G буыны мобильді желілерін орналастыру;
- Интернет заттарының өсуі (IoT) және ауқымды цифрлық экожүйенің эволюциясы.

## Дамудың негізгі басымдықтары мен стратегиялық бағыттары

1-СБ



**Басымдық:**

Бизнесі трансформациялаудың негізі — клиенттің таңдаулы тәжірибесі.

**Мақсаты:**

Тұтынушы тәжірибесін жақсарту арқылы телекоммуникация нарығында көшбасшылық:

- B2C нарығындағы соңғы миль сапасы бойынша көшбасшылық;
- B2C және B2X сегменттерінде клиенттік тәжірибе бойынша жетекші Оператор мәртебесіне дейін өсу;
- КЖҚ және теледидар нарығындағы жетекші позицияларды қорғау;

- B2X нарығындағы жетекші позицияларды нығайту;
- АКТ сегментінде және бизнестің таңдаулы жаңа бағытында сенімді өсу.

Бірінші кезекте Jaqyn CB («біз жақынбыз») «Қазақтелеком» АҚ-ның басты құндылығы клиенттермен сенімді қарым-қатынасты ашады. Компания 1994 жылдан

бастап еліміздің ең шалғай өңірлеріне байланыс және телекоммуникация құралдарын жеткізіп, мыңдаған шақырым арқылы туыстар мен жақын адамдардың жүрегін байланыстырады. Клиенттер компанияның басымдығы болып табылады. СБ-ның мақсаты — клиенттердің тәжірибесін жақсарту арқылы телекоммуникация нарығында көшбасшы болу.

2-СБ



**Басымдық:**

Компанияның табысының негізі ішкі клиентке назар аудару және олардың тәжірибесін жақсарту болып табылады.

**Мақсаты:**

Қызметкердің тәжірибесін жақсарту арқылы жетістікке жету:

- жұмыс берушінің жетекші бренді;
- қызметкерлер мен командалардың цифрлық жетілу деңгейін арттыру.

Өзгермелі жағдайлар мен мақсаттарды түсінудегі ынтымақтастық Birlik стратегиялық бағытының басымдықтарын анықтады. Ішкі клиентке бағдарлану, оның тәжірибесі мен қанағаттануын жақсарту Компанияның табыстылығының негізі болып, Birlik СБ дамуының маңыздылығын дәлелдейді. Бұл бағыттың мақсаты — қызметкердің тәжірибесін жақсарту арқылы табысқа жету.

Бес негізгі алғышарт, нәтиже мен сын-қатер анықталды:

- «қызметкерге назар аудару» ұстанымы арқылы HR процесінде жаңа тәсілдердің қажеттілігі Employee Experience призмасы, яғни қызметкерге жақсы тәжірибе алуға жағдай жасау арқылы HR жұмысын қайта бағдарлаудағы қиындықты анықтайды;
- жаһандық талаптар HR функциясы цифрлық функцияға айналуы жалғастыратынын көрсетеді. Қызметтер автоматтандырылған, ашық, айқын және түсінікті болуы керек. Әрбір қызметкер ЕХ сандық қызметтеріне қол жеткізе алуы керек;
- әрбір ішкі клиент өз жұмысын атқара отырып, сыртқы клиентке қамқорлық жасайтын клиентке бағытталған құрылымды құру;

- әрбір қызметкер деректермен, data өнімдерімен жұмыс істеуге қабілетті болуы керек. Мұндай сын-қатерге DDDM дағдыларына қойылатын үдемелі талаптардың міндетті түрде алғышарты бар, яғни бұл деректер негізінде қабылданған шешімдер;
- сонымен қатар, жаңа құзыреттерге деген үдемелі қажеттіліктер ЕХ сын-қатерін үздік мамандарды тарту, қызықтыру және қолдау, олардың үздіксіз дамуы ретінде айқындады.

HR алдындағы қиындықтарға жауап ретінде JRun стратегиясы келесі мақсаттарды қояды:

- жұмыс берушілер арасында жетекші брендке айналу;
- қызметкерлердің және бүкіл команданың цифрлық жетілу деңгейін арттыру.





## Дамудың негізгі басымдықтары мен стратегиялық бағыттары

3-СБ

ALA U

### Басымдық:

Деректердің барлық әлеуетін пайдалану, IT-инфрақұрылымды жаңғырту, ақпараттық қауіпсіздік, микросервистік IT-архитектураға көшу және бизнес мақсаттарын іске асыру және бәсекелестік артықшылықтар қол жеткізу үшін Multicloud ортасын құру.

### Мақсаты:

Экономикалық өсу мен бәсекеге қабілетті инновациялардың қозғалтқышы:

- актив ретінде деректерді басқару;
- желілік және IT инфрақұрылымын бұлтты ортаға көшіру;
- бизнесті цифрлық трансформациялау.

«Қазақтелеком» АҚ әрқашан бірінші, әрқашан бір қадам алдыда. Компания бизнесті және технологияларды басқаруда өзгере, түрлене және заманауи тәсілді қолдана отырып, болашаққа сенімді қадам жасайды.

Бұл стратегиялық бағыт негізгі бизнес пен желіні цифрлық трансформациялаудан, сондай-ақ жаңа цифрлық бизнес-модельдер мен серіктестіктерді қолдана отырып, бірегей нарықтық жағдайды монетизациялаудан тұрады.

СБ-ға кіретін негізгі іс-шаралар:

- актив ретінде деректерді басқару;
- желілік және АТ инфрақұрылымының бұлтты ортаға көшуі;
- бизнесті цифрлық трансформациялау.

Осы бағытты іске асыру нәтижесінде қол жеткізуге болжатын негізгі көрсеткіштер:

- деректерді монетизациялау;
- 99,9% — IT платформалары мен сандық сату арналарының қол жетімділігі;
- ISO/IEC 20000 стандартына сәйкестік сертификаты;
- ISO/IEC 27001 стандартына сәйкестік сертификаты;
- IT жүйелерінің бұзылуға тұрақтылығы;

- сандық қызметтердің икемді масштабталуы;
- Vendor lock-in-тен кету;
- инфрақұрылымды біріздендіру;
- time-to-market сандық қызметтерін қысқарту;
- масштабтау құнын төмендету;
- IaaS/PaaS сандық және бұлттық қызметтерді ұсыну мүмкіндігі;
- жаңа нарыққа шығу.

4-СБ

ORKE N

### Басымдық:

Желіні жаңарту және операциялық тиімділікті арттыру.

### Мақсаты:

Ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі құралдар есебінен бизнесті бірінші дәрежелі басқару, инфрақұрылымды техникалық жаңғырту және «Қазақтелеком» АҚ-ның Стратегиясының басым бағыты ретінде төмен көміртекті дамуға көшу:

- гигабиттік Қоғамға көшу үшін жағдай жасау (бизнес-дивизиондармен синергия);
- қол жеткізу жылдамдығы бойынша клиенттердің үміттеріне сәйкес келу (ресурстарды дұрыс бөлу);

- сала көшбасшылары деңгейіндегі операциялық тиімділік (тиімділікті оңтайлы басқару);
- Мұнара операторын құру (бірегей дағдыларды қолдану);
- жеткізу тізбегін автоматтандыру және ОҚКО процестерін цифрландыру (қолдау функцияларының тиімділігін арттыру);
- ESG мақсаттарына жету;

- онлайн-форматта ТШ алу және нақты 24/7 уақыт режимінде жеке кабинетте өтінімнің мәртебесін қадағалау мүмкіндігі. ТШ беру мерзімі (10-нан 15 күнге дейін). Кабельдік кәріз инфрақұрылымын пайдалану мәселелері бойынша сот дауларын екі есе қысқарту;
- гендерлік теңдік: 2027 жылға қарай басқарушы кадрлар арасындағы әйелдердің үлесін 35% деңгейінде ұстау;
- әр түрлі жастағы кемінде 2 мың баланы жыл сайын IT оқытуда қолдау көрсету.





# SERPIN

## трансформациялау бағдарламасы

**«Қазақтелеком» АҚ-ның цифрлық трансформациясы клиенттік жолдарды жетілдіруге бағытталған және Компанияның белгіленген стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады.**

Клиентті қанағаттандыруға қарай өзгеру процесі Компания қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Клиенттің қажеттіліктерін анықтау үшін ұсынылатын қызметке оның көзімен қарау керек — бұл клиент жолдарын дамыту мен оңтайландыруды түсіну үшін өте маңызды. Өткен жылы біз көрсетілетін қызметтерді жетілдіру аясында көп нәрсе жасай алдық.

Біріншіден, біз бүкіл Компанияның цифрлық трансформациясының жалпы мақсаттарын анықтадық, клиенттік қызметке, желі сапасына және ішкі дамуға қатысты нақты мәселелерге назар аудардық.

Фокус-карта бекітілді, онда Компанияның бір жылға арналған негізгі міндеттері, әр түрлі бөлімшелердегі әріптестер жоспарлы түрде жұмыс істейтін өлшемді мақсаттардың бірыңғай пулына құрылымдалған. Орындалу мәртебесін қадағалау апта сайын Scrum сессияларында жүргізіледі, Agile-тәсілдер енгізіледі.

Екіншіден, өзгеріс мәдениетін қалыптастыру маңызды. Байланыс тез және қарапайым болды, әр түрлі дивизиондардан кросс-функционалды командалар құрылды. Компания компанияның дамуын бәсеңдететін блокерлер мен сын-қатерлер туралы ашық мәлімдейді, бұрын өзекті деп санамаған мәселелерді көтереді, бөлімшелер арасында командалық жұмысты жолға қояды.

Үшіншіден, «Қазақтелеком» АҚ клиенттік жолдарды дамытуда және қызмет көрсету деңгейін арттыруда нәтижелерге қол жеткізді. Бірқатар процестерді оңтайландыру мен цифрландырудан кейін Компания біздің қызметтерімізді қосуда жеделдеді.

Сын қатерлер саны айтарлықтай болып қала береді. Үлкен деректер технологиясын қолдану бірінші кезекте жұмыс істеу үшін басымдық берілуі тиіс «әлсіз жақтарды» және перспективалық бағыттарды дәлірек анықтауға ықпал етеді, өйткені бұл сандық деректермен расталаған. Есептерді, дашбордтарды қалыптастыру және статистиканы қадағалау үшін Qlik Sense құралы қолданылады.

2022 жылы микро сервистік архитектураға көшу процесі басталды, Үлкен деректер фабрикасы құрылды, Zero Trust жобасы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Құрылған дивизиондық құрылымға көшу бизнес-процестерді басқаруды едәуір жеңілдетеді, шешім қабылдау жылдамдығын арттырады.

Трансформация — бұл Компаниядағы жеке бағыт немесе қызмет емес, әр қызметкердің санасының өзгеруі. «Қазақтелеком» АҚ Компания клиенттерінің адалдығын арттыруға бағытталған міндеттерді шешу бойынша жұмысты жалғастыруды және клиентті қанағаттандыру қағидаттарды ұстануды жоспарлап отыр.







## 2022 жылы SERPIN Жол картасын іске асыру нәтижелері

**SERPIN (бұдан әрі — SERPIN) стратегиялық бизнес-ба-стамаларды іске асыру жол картасы — негізінен клиент-тік жолдарды, маркетингі, ішкі бизнес-процестерді цифрландыруға бағыт-талған «Қазақтелеком» АҚ-ның трансформациясының үшінші кезеңі.**

Трансформация мақсаттары:

- нарықтың талаптары мен үміттерін қанағаттандыру;
- компанияны өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын ету;
- бәсекеге қабілеттілікті жақсарту және арттыру.

Трансформация бағдарламасы үш стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асырылды: Алғашқы таңдау бренді, Цифрлық платформа және Тиімді ұйымдастыру. Әр бағыт 48 жобаны құрайтын бірқатар мәселелерді шешеді.

### Алғашқы таңдау бренді

СБ-ның мақсаты В2С және В2Х (В2В, В2G және В2О нарықтарын қоса алғанда), В2С тіркелген байланысы (КЖК, телефония және ақылы теледидардың өнім сегменттерін қоса алғанда), кірісті ұлғайту және маркетинг пен сату шығындарын оңтайландыру арқылы В2Х тіркелген байланысы үшін ұялы байланыс нарығында ұзақ мерзімді көшбасшылықты сақтау болып табылады.

### Цифрлық платформа

Цифрландыру — трансформация бағдарламасын дамытудың негізгі векторы.

«Қазақтелеком» АҚ СБ-ның шеңберінде цифрлық платформа алдына негізгі бизнес пен желіні цифрлық трансформациялау, сондай-ақ жаңа цифрлық бизнес-модельдер мен әріптестіктерді пайдалана отырып, бірегей нарықтық жағдайды монетизациялау бойынша мақсаттар қойды.

Стратегия шеңберінде Цифрлық трансформация үш бағыт (негізгі бизнестің цифрлық трансформациясы, бизнестің жаңа цифрлық бағыттарын дамыту, желінің цифрлық трансформациясы) және әртүрлі міндеттері бар екі уақыт көкжиегі тұрғысынан қарастырылады:

- Бірінші көкжиек: тұтынушы жолдарын оңтайландыру және цифрландыру және цифрлық маркетинг құралдарын енгізу арқылы цифрлық жетілуге қол жеткізу;
- Екінші көкжиек: қызметтің барлық салаларында процестерді оңтайландыру үшін аналитиканы ауқымды енгізу, бэк-офисті және қосалқы функцияларды роботтандыру, желіні ауқымды виртуалдандыру және 5G-ді іске қосу, бизнестің жаңа цифрлық бағыттарын дамыту.

### Тиімді ұйымдастыру

З-СБ-ның негізгі міндеттері тиімділікті арттырудың ауқымды бағдарламасын іске қосу және Топтың оңтайлы ұйымдық құрылымына көшу болып табылады, оның ішінде:

- желілік инфрақұрылымдағы қайталануды жою, ауылдық жерлерде сымсыз технологияларға көшу және қызмет көрсету көлемін ұлғайту;
- күнделікті тапсырмаларды орындауды автоматтандыру және қызметкерлердің тиімділігін жетілдірілген басқару;
- әкімшілік функцияларды оңтайландыру, соның ішінде ОҚКО-ны одан әрі оңтайландыру және белгілі бір функцияларды аутсорсингке шығару;
- Холдинг пен негізгі бизнес-бірліктерді бөле отырып, Топтың ұйымдық құрылымын оңтайландыру.

Бұдан басқа, ұйымдастыру тиімділігін арттыру бойынша жұмыс бюджеттеуді және инвестициялық қызметтің пост-мониторингін автоматтандыруды көздейді, бұл Компанияның операциялық және инвестициялық портфельдерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Мұнда SERPIN трансформациялау бағдарламасы шеңберінде барлық бастамаларды табысты іске асыру үшін корпоративтік мәдениетті өзгерту, Компанияда қолайлы микроклимат құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## SERPIN-нің 2022 жылғы нәтижелері



Өткен жылы SERPIN трансформациялау бағдарламасы Компания үшін шамамен 9,6 млрд теңге көлемінде бос ақша қаражатын қамтамасыз етті. Бұл көрсеткіш мәлімделген жоспарлы шамадан он есе артық. SERPIN жол картасы — Компанияның 2029 жылға дейін белгіленген корпоративтік стратегиясының жобалық орындалуын қамтамасыз ететін стратегиялық және бизнес бастамаларының жиынтығы.

Өткен жылдың нәтижелері бойынша барлық жоспарланған кезеңдердің желтоқсан айының соңына дейін орындалуы 95%-дық шаманы көрсетті, бұл жоспардың айтарлықтай асыра орындалуын қамтамасыз етті.

**9,6**  
млрд теңге

Компания үшін 2022 жылы SERPIN бағдарламасымен қамтамасыз етілген бос ақша қаражаттары

**95%**

2022 жылдың нәтижелері бойынша барлық жоспарланған кезеңдерді орындау







## 2022 жылғы цифрлық трансформацияның негізгі нәтижелері

### Коммерциялық дивизиондарда

**14%**

ҚЖН-ге қоңыраулар санының азаюы, цифрлық арналар сұранысқа ие болуда

**58%**

цифрлық арналарда клиенттердің өздігінен шешкен мәселелер көлемінің өсу пайызы

(2021 ж. – 1,2 млн, 2022 ж. – 1,9 млн)

**36%**

цифрлық арналарда қызмет көрсететін B2B тұтынушыларының үлесі

**100%**

ЖК-дің онлайн операциялары

**45,2%**

цифрлық арналардағы БББ-де self-service пайызы

**62%**

толық цифрлық жүйеге енгізілген жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсетуге сұраныс түрлерінің пайызы

**24,6%**

B2C сегментіндегі онлайн сату үлесі

**401**

**мың клиент** telecom.kz цифрлық арнасында

**>40**

**микросервис**

микросервистік архитектураға көшті

**18**

**серіктес**

ismet.kz арқылы «АЕМ-дегі серіктес» бағдарламасына қосылды

**6**

**ауыл**

**65**

**ауылда**

жұмыс істелуде

### Қолдау дивизиондарында

корпоративтік процестерді цифрландыру жүзеге асырылуда;

арнайы сервисті әзірлеу арқылы іссапарлар мен оқыту процесі жеңілдетілді;

ҚТЖ/АТЖ-дің бірлі-жарым зақымдануын жоюдың орташа уақыты сәйкесінше 12 және 10 сағатты құрады. Жыл нәтижелері бойынша жекелеген зақымдарды жоюдың орташа уақыты 12 сағаттан асатын қалалар саны 5 есеге, ауылдар саны (24 сағаттан астам) 3 есеге қысқарды;

корпоративтік және жеке клиенттердің геометриялық үдемелі қажеттіліктерін болжайтын қызметтердің сапасын арттыру үшін Компанияның желілік архитектурасын жоспарлы дамыту басталды;

клиенттерге қызмет көрсету тәсілін жақсарту шеңберінде «Клиенттермен жұмыс істеу цехы» (КЖЦ) бөлімшесі құрылды, оның құрамына тек қызмет тұтынушыларымен жұмыс істейтін бесаспап мамандар кіреді;

Абай облысындағы Курчатов қаласы мыс желісінен оптикалық желіге 100% көшіру бойынша жоба іске асырылды. Жоба аясында 13 км ТОВЖ және 1,1 км телефон кәрізі салынды, 20 км мыс кабелін бөлшектеу және 3 ғимаратты босату жұмыстары жүзеге асырылды. 862 абонент мыстан оптикаға ауыстырылды.

### Бүкіл компанияда

Корпоративтік Университет құрылды. Digital MBA, Start MBA бағдарламасы іске қосылды, барлық бағыттар бойынша L&D құрылды.

ScrumTrek сүйемелдеу кезінде InDiGiCo, B2C, B2B, АТД командаларында Agile енгізілді. Бір тоқсанға және бір жылға өлшенетін мақсаттар қою. Әрбір спринт іскерлік мақсатқа ие болды. Өзара тәуелділіктер анықталды.

## «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылға арналған даму фокустары

**90%**

оптикалық технологияны пайдалана отырып, 24 күнтізбелік сағат ішінде жүзеге асырылған клиенттердің Интернет қызметіне қосылу пайызы

**95%**

12 күнтізбелік сағат ішінде жыл соңында БЗТ-ның жойылған пайызы

**90%**

барлық арналар мен бөлімдер бойынша компаниядағы FRR деңгейі







# Құндылықтар

## КРЭДО

# К

### КЛИЕНТТІ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ



бұл біздің әріптестеріміз бен клиенттеріміздің сұраныстарын есепке алу, оларды белсенді шешу. Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Нарық трендтерін, клиенттердің ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін терең түсіну есебінен Компанияның өнімдері мен сервистерін тиімді дамыту.
- Сыртқы және ішкі клиенттердің оларға көрсетілетін қызметтердің, сервистердің және шешімдердің сапасына қанағаттану деңгейін арттыру есебінен клиенттік базаны дамыту.
- Клиенттерімізбен де, біздің компания ішінде де ынтымақтастықтың өзара тиімді талаптарын табу және іске асыру есебінен кірісті арттыру.
- Клиенттермен және контрагенттермен серіктестік және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды қалыптастыру.

# Р

### РЕТТЕУ НӘТИЖЕЛІЛІГІ



бұл мақсатқа табанды және жауапты қол жеткізу. Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Басқарудың барлық деңгейлерінде нақты және өршіл мақсаттар қою және каскадтау арқылы компанияның қаржылық нәтижелерін арттыру.
- Өзекті бизнес-міндеттерді шешуге белсенді қатысатын қызметкерлердің қатысу деңгейін және үлесін арттыру.
- Мақсаттарға жету үшін қажетті шешімдерді қабылдау және іске асыру жылдамдығын арттыру.

# Ә

### ЭКСПЕРИМЕНТТЕУ



бұл сіздің міндетіңізді шешудің және ағымдағы процестердегі кемшіліктерді жоюдың ең жақсы жолдарын табу. Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Жаңа перспективалық идеяларды іздеу және енгізу арқылы компанияның өнімдері мен қызметтерінің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Қолданыстағы тәжірибелерді, процестерді және олардың нәтижелерінің параметрлерін үздіксіз жетілдіру барысында бизнес-процестердің тиімділігін арттыру.
- Жасалған эксперименттік тәжірибелер, сабақ алу және нәтижелерді жақсарту нәтижесінде инновацияларды әзірлеу уақытын қысқарту.
- Процестер мен жұмыс тәжірибелерін өзгертуге тартылған барлық қызметкерлерді белсенді тарту арқылы өзгерістерді енгізу жылдамдығын арттыру.

# Д

### ДИДЖИТАЛДЫҚ



бұл аналитика призмасы арқылы тапсырманы қарау және табысқа жетудің цифрлық жолдарын табу мүмкіндігі. Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Интерфейстерді, модельдерді және деректерді талдау алгоритмдерін қолдану нәтижесінде қабылданатын шешімдердің сапасын түбегейлі арттыру.
- Сандық интерфейстерді, қызметтер мен құрылғыларды қолдану арқылы жұмыс процестерінің жылдамдығын және бизнес-мәселелерді шешуді бірнеше есе арттыру.
- BI жүйелерінің аналитикасы мен есептеріне қол жеткізу арқылы бизнес-процестердің ашықтығын және ауытқуларға жауап беру жылдамдығын арттыру.
- Күнделікті жұмыс міндеттерін шешу үшін цифрлық құралдар мен платформаларды енгізу нәтижесінде процестердің өзіндік құнын төмендету.

# О

### ОҒАН АШЫҚТЫҚ



бұл әркімнің әлеуетін ескере отырып, әріптестерді құрметтеу және ортақ жұмысқа тарту. Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Қызметкерлердің қатысуын, олардың өзара әрекет ету кезінде сындарлы және мейірімді атмосфераны қалыптастыру нәтижесінде өз талантарын көрсетуге деген ұмтылысын арттыру.
- Кедергісіз даму ортасын қалыптастыру есебінен жұмыс беруші брендінің тартымдылығын және еңбек нарығынан үздік мамандарды тарту мүмкіндігін арттыру.
- Әр түрлі бөлімшелердегі кәсіпқойлардың үйлесімді жұмысы есебінен Компанияның транзакциялық шығындарын төмендету.
- Күрделі мәселелерді ашық талқылау және кері байланыс алу нәтижесінде мінез-құлықты түзету арқылы компанияның тиімділігін арттыру.

**2021 ЖЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫН ОЛАРДЫҢ САНЫ МЕН CREDO-НЫҢ НЕГІЗГІ АТАУЫН САҚТАЙ ОТЫРЫП НАҚТЫЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ. ОЛАР КОМПАНИЯНЫҢ ТОП-МЕНЕДЖМЕНТІН ТАРТА ОТЫРЫП ӨЗЕКТЕНДІРІЛДІ, АЛ ӨТКІЗІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯ НӘТИЖЕСІНДЕ БЕС ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ ЖАҒАРТЫЛДЫ.**

Жұмысты жалғастыру және «МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ» корпоративтік мәдениетін трансформациялаудың келесі кезеңіне өту үшін 2022 жылы келесі тақырыптар бойынша мастер-класс өткізілді:

- қызметкерлердің жұмыс тәртібіне құндылықтардың «ену тереңдігіне» зерттеу жүргізу;
- басқарушылық тәжірибені жаңартылған құндылықтарға сәйкес өзгерту;
- жаңартылған құндылықтарға сәйкес қызметкерлердің мінез-құлқын өзгерту.

Осы мастер-класс іске асырылғаннан кейін Компанияда «Құндылықтарды, оларды енгізу әдістері мен жоспарларын мазмұнды толтыруды пысықтау» тақырыбында бес күндігі мастер-класс өткізілді.

Мастер-класстарда келесі міндеттер қарастырылды:

- «Қазақтелеком» АҚ жаңартылған корпоративтік құндылықтарына сәйкес әртүрлі санаттағы қызметкерлердің мінез-құлқының мақсатты моделін сипаттау.
- Қызметкерлердің нақты мінез құлқының мақсатты мінез құлық моделіне сәйкестігін талдау және оны енгізудегі негізгі кедергілерді талқылау.
- Кедергілерді еңсеру және әртүрлі санаттағы қызметкерлердің мақсатты мінез-құлқын қалыптастыру үшін қажетті бастамалар мен жұмыс принциптерін әзірлеу.

Өткізілген мастер-класстардың қорытындысы бойынша «Құндылықтарды, оларды енгізу әдістері мен жоспарларын мазмұнды толтыруды пысықтау» тақырыбы бойынша кездесу өткізілді және кодекс түріндегі жаңартылған құндылықтар бойынша мінез-құлық индикаторлары бекітілді.





# Реттеу саласына шолу

## «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қызмет бағыттарының (қызметтерінің) сипаттамасы:

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Компания жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісін және телекоммуникациялардың жеке жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, жалпыға ортақ пайдаланылатын телеком-

муникациялар желісі операторының және басқалармен қатар Халықаралық Электр байланысы одағының Регламентіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің Байланыс әкімшіліктерімен, компаниялар, пайдаланушылар, халықаралық ұйымдармен есеп жүргізу құқығымен қалаларалық және халықаралық операторының қызметін орындайды.

## Қазақстан Республикасы заңнамасының 2022 жылғы мемлекеттік реттеуші нормалары:

«Қазақтелеком» АҚ-ның қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде мемлекеттік реттеуге және кәсіпкерлікті қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Кәсіпкерлік Кодекске 2022 жыл ішінде әртүрлі сипаттағы өзгерістер енгізілді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 03.01.2022 жылғы Заңына сәйкес 01.07.2022 жылдан бастап «Мемлекеттік монополия және арнайы құқық» КК-нің 193-бабының жаңа редакциясы қолданысқа енгізілді.

Бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге және (немесе) сатып алуға нарық субъектісінің заңда бекітілетін айрықша немесе артықшылықты құқығы арнайы құқық болып табылады Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалған мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік арнайы құқық субъектісі бола алады. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайыздан азы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны арнайы құқық субъектісі деп айқындауға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны арнайы құқық субъектісі деп айқындау мүмкін болмаған кезде ғана жол беріледі. Сондай-ақ мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілері үшін шектеулер белгіленеді.

Монополияға қарсы орган арнайы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың бағасына сараптама жүргізеді. Арнайы құқық субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға баға белгілеу қағидаларын монополияға қарсы орган бекітеді.







Осы Заңмен 07.03.2022 жылдан бастап қолданысқа енгізілген КК-нің 176-1-бабының ережесі аса маңызды болып табылады. Бұл норма негізгі қуатқа қол жеткізу тетігін енгізуді көздейді. Мәселен, КК-ның 176-1-бабының 1-тармағында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің тауары, инфрақұрылым объектісі (бұдан әрі — негізгі қуатты иеленуші) негізгі қуат болып табылады, оларға қол жеткізбей басқа да нарық субъектілері тиісті немесе сабақтас тауар нарығында тауарды өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыра алмайтыны белгіленеді. Осы норма шеңберінде Компания монополияға қарсы орган айқындаған талаптармен негізгі қуат деп танылатын өзінің телекоммуникациялар желісін, РЖС және басқа да инфрақұрылымды пайдалану үшін нарықтың басқа субъектілеріне беруге мәжбүр.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының 03.01.2022 жылғы Заңымен 07.03.2022 жылдан бастап «Сенім білдірілген адам» КК 210-1-бабы қолданысқа енгізілді. Осы баптың ережелеріне сәйкес монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы шешімінде көзделген талаптар мен міндеттемелердің орындалуына сараптамалық бағалау жүргізу үшін нарық субъектісі осы баптың талаптарына сәйкес айқындалатын сенім білдірілген адамды тартуға құқылы. Экономикалық шоғырланудың нысанасы болып табылатын мәселелер бойынша арнайы ғылыми немесе практикалық білімі бар адам сенім білдірілген адам болып табылады. Сенім білдірілген адам мен нарық субъектісі арасында монополияға қарсы орган бекітетін үлгілік нысан бойынша шарт жасалады. Сенім білдірілген адам монополияға қарсы органды шарт жасалғаны туралы ол күшіне енген күннен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді. Сенім білдірілген адам экономикалық шоғырлануға қатысушыларға қатысты тәуелсіз болуға тиіс.

Монополияға қарсы орган сенім білдірілген адамдардың тізілімін монополияға қарсы орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді. Сенім білдірілген адамдардың тізіліміне кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері ұсынатын кандидаттар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» (бұдан әрі — Байланыс туралы заң) Қазақстан Республикасының аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың аталған қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 14.07.2022 ж. № 141-VII Заңына сәйкес:

**1) Байланыс туралы Заңнан «басым байланыс операторы» ұғымы және онымен байланысты барлық ұғым алынып тасталды;**

**2) 14.09.2022 бастап байланыс операторлары үшін Байланыс туралы Заңның 3-тармағына өзгеріс және 25-бабына 3-1-тармаққа толықтыру енгізу арқылы жаңа міндеттер енгізілді:**

- «3. Халықаралық трафикті өткізу Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібінің сақталуы ескеріле отырып, халықаралық байланыс операторларының желілері арқылы ғана жүзеге асырылады»;
- «3-1. Қазақстан Республикасының аумағында байланыс операторларының интернет-трафикті өткізуі Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібінің сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады».

**3) Байланыс туралы Заңның 29-бабының 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші толықтырылды:**

«Талшықты-оптикалық байланыс жолдары (ТОБЖ) электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен, электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес электр берудің әуе жолдары арқылы жүргізілуі мүмкін». Бұл болашақта оларды төсеу шығындарын азайта отырып, ел аумағында ТОБЖ ұлғайту процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын Қазақстан Республикасының көрсетілетін қызметтер нарығында туындайтын қатынастарға қолданылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару, мемлекеттік шекара, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 30.06.2022 ж. № 130-VII Заңына сәйкес «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабының 3-тармағы өзгертіліп, мынадай редакцияда жазылған:

- «3. Тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша — жылына екі реттен жиілетпей, ал табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен жиілетпей жүзеге асырылады».

Бұдан басқа, 2022 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Салық кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы сияқты «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жалпы сипаттағы әртүрлі өзгерістер енгізілді.





# 2022 жылғы телекоммуникация нарығына шолу

Шолу Статистика комитетінің деректеріне, Интернет көздеріндегі байланыс нарығы бойынша маркетингтік деректерге, сондай-ақ сараптамалық бағалауларға сәйкес берілген.

## 2022 жылғы телекоммуникация нарығының негізгі тенденциялары

Телекоммуникация секторы қазіргі қоғамдағы маңызды рөлін сақтап қалды, бұл халыққа әлі де қарым-қатынас жасауға және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік берді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметтері нарығының жалпы көлемі 1 106,038 млрд теңгені құрап, өткен жылдың көрсеткішінен 4%-ға асып түсті.

Қызмет түрлері бойынша ұялы байланыс басым. Ұялы байланыс қызметтерінен түскен табыс нарықтың жалпы көлемінің жартысынан көбін құрайды – 55,7%.

Тіркелген телефониядан түскен табыс 47,9 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Соңғы жылдары тіркелген желілердегі деректерді беру және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері сегментінің үлесі абсолютті түрде кірістің өсуіне қарамастан төмендеу үрдісін көрсетті. 2022 жылы нарық үлесі шамамен 15,5%-ды құрады.

Ақылы теледидар қызметтерінің сегменті 2022 жылы байланыс қызметтерінен түскен жиынтық табыстың 4%-ын құрады.


Байланыс операторларына көрсетілетін қызметтерден түсетін кіріс құрылымдық өзгерістердің әсерінен өседі, бөлшек сауда нарығының өсуімен байланыс операторларының көрсетілетін қызметтерінің көлемі де ұлғаяды, бұл телекоммуникациялардан түсетін жиынтық түсім сегменті үлесінің өсуінен көрінеді.

## 2022 жылғы қазақстандық телекоммуникация нарығының сыйымдылығы мен құрылымын бағалау

Өткен жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметтері нарығының жалпы көлемі 1 106,038 млрд теңгені құрады, орташа жылдық өсу қарқыны (CAGR) 4%-ды құрады.

### 2018-2022 жылдары Қазақстан Республикасының байланыс қызметтерінен түскен кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері



● Кіріс ● Өсу қарқыны

**1106**  
млрд теңге

2022 жылы байланыс қызметтері нарығының жалпы көлемі

---

**4%**

байланыс қызметтері нарығының орташа жылдық өсу қарқыны (CAGR)





Кіріс құрылымында негізгі кіріс сегменттері әлі де ұялы байланыс қызметтері және деректерді беру және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері болып табылады. Олардың нарықтың жалпы көлеміндегі үлесі 2022 жылы тиісінше 55,7%-ды және 15,5%-ды құрады.


Ұялы байланыс нарығының өсуінің негізгі факторы мобильді деректер мен олардың базасындағы сервистердің өсуі болып табылады.

B2O қызметтерінен түсетін табыстың тұрақты үлесінің 9,5%-ы азаматтар арасындағы цифрлық алшақтықты қысқарту мақсатында шалғай аудандардағы байланыс операторларының инфрақұрылымды белсенді дамытуымен байланысты.

IT және қосымша қызметтерден түсетін кірістің өсіп келе жатқан 8,7% үлесі айрықша болып табылады, бұл операторлардың өз сервистік құзыреттерін де арттырғанын, сондай-ақ сервистік провайдерлермен әріптестікті дамытқанын көрсетеді.

### Қазақстан Республикасының Байланыс саласының қызмет түрлері бойынша кірісінің құрылымы, 2018-2022, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



- Ұялы байланыс
- Бекітілген телефония
- Ақылы ТД
- АТ қызметтері
- Байланыс операторлары қызметтері
- Интернет желісіне қол жеткізу және тіркелген желілерде деректерді беру
- Тіркелген мобильді қызметтер

### Тіркелген телефония

Тіркелген телефония нарығы табиғи тұралау сатысында тұр. Мобильді алмастыру және мобильді месенджерлерді хабар алмасудың ғана емес, сонымен қатар қоңырау шалудың басым құралы ретінде жаппай пайдалану тіркелген телефония қызметтерінің табыстылық көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуіне әкеледі. Осылайша, тіркелген телефония нарығының көлемі 2022 жылы 47,5 млрд теңгені құрады.

**47,5**  
млрд теңге


2022 жылы тіркелген телефония нарығының көлемі

### «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының нарықтағы ұстанымдары

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының нарықтағы үлесі 2022 жылы 65,1%-ды құрады. 2019 жылы Топ үлесінің 28,9%-дан 63%-ға дейін өсуі және 2020 жылы 2019 жылғы фактіге қатысты 4,1 тармақшаға өсімі өткізілген сатып алулармен байланысты: 2019 жылғы маусымда мәміле аяқталды, оның нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ Khan Tengri Holding B. V жалғыз акционері болды.

### «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының 2022 жылғы нарық сегменттері бойынша үлесі, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



### Ұялы байланыс

Ұялы байланыс телекоммуникация нарығының кірістер бойынша басым сегменті болып қала береді және жылдан жылға сенімді өсуді жалғастыруда. 2021 жылы 592,98 млрд теңгенің шегін еңсере отырып, нарық 2022 жылы 616,063 млрд теңгенің көлемін көрсете отырып, сенімді динамикасын сақтап қалды.

### 2018-2022 жылдары ұялы байланыс қызметтерінен түскен кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы







## Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қол жеткізу

### КЖҚ қызметтерінен түскен кіріс

Тіркелген КЖҚ нарығын дамыту «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде экстенсивті сипатқа ие. Абоненттік базаның өсуі кәсіпорындар мен үй шаруашылықтары санының табиғи өсуі есебінен де, ауылдық жерлерде қызметті белсенді ілгерілету есебінен де қамтамасыз етіледі. Ауылдық абоненттердің қалалық үй шаруашылықтарының табыстылығымен салыстырғанда табыстылығы төмен екенін ескеру қажет.

Бағалау бойынша 2022 жылы тіркелген КЖҚ нарығының көлемі 127 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,2%-ға жоғары.

### 2018-2022 жылдары тіркелген желілердегі КЖҚ қызметтерінен түскен кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



Кіріс    Өсу қарқыны


### Деректерді беру арналарын жалға беру

Интернет желісіне кең жолақты қол жеткізу қызметтерінен түсетін табыстың өсуімен қатар, деректерді беру қызметтерінің сегменті айтарлықтай өсуінен көрсетті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік VPN-желілерді ұйымдастырудан түскен кіріс 36,2 млрд теңгеге дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,5%-ға өскеніне сәйкес келеді.

Арналарды жалға беру және корпоративтік желілерді ұйымдастыру қызметтері тек заңды тұлғалардың сегментіне жатады. Осы қызметтердің белсенді тұтынушылары мемлекеттік ұйымдар болып табылады.

### 2018-2022 жылдары арналарды жалға беру қызметтерінен түскен кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



Кіріс    Өсу қарқыны

# 127

млрд теңге

2022 жылы тіркелген КЖҚ нарығының көлемі

**+ 5,2%**

# 36,2

млрд теңге

2022 жылы корпоративтік VPN-желілерін ұйымдастырудан түсетін кірістер

**+ 3,5%**





## Ақылы теледидар

Қазіргі уақытта ақылы теледидар нарығы екі технологиялық тәсілдің симбиозын білдіреді. Біріншісі — төленген контентке бір (немесе келісімшарт талаптарына байланысты бірнеше) нүктеде қол жеткізуге мүмкіндік беретін стационарлық байланыс. Бұл коаксиалды кабель арқылы немесе спутниктік антенна арқылы жеткізілетін классикалық кабельдік теледидар, сондай-ақ IP теледидары (IPTV), ол үшін тарату ортасы Интернет арнасы болып табылады, бірақ жеткізу нүктесінің нақты географиялық мекен-жайы болады.

Екінші тәсіл — OTT-TV — аумақтық қамту тұрғысынан да, деректерді беру жылдамдығы мен тұрақтылығы жағынан да деректер желілерін дамыта отырып, пайдаланушылар арасында жылдам таралу мен танымалдылыққа ие болды. Интернет қосымшасы арқылы контентке қол жетімділіктің арқасында OTT қызметтері географиялық бейтараптылыққа, яғни оларды интернет желісіне қосылған әлемнің кез келген жерінде (егер қызмет иесінің өзі тиісті шектеулерді орнатпаса) пайдалану мүмкіндігіне ие болды.




### Ақылы теледидар қызметтерінен түсетін кіріс динамикасы

Ақылы ТД қызметтері нарығының көлемі 2022 жылы 44,7 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға өскен.

Бұрынғыдай, ақылы теледидар қызметтерінен негізгі кірісті үй шаруашылықтарынан, жалпы көлемнің 93%-дан астамы немесе ақшалай түрде 41,7 млрд теңге түседі. Соңғы жылдары ақылы теледидар операторлары корпоративті сегментке көбірек көңіл бөле бастады, оны қосымша қосылулар үшін ресурс ретінде пайдалануға тырысты.

### 2018-2022 жылдары ақылы теледидар қызметтерінен түскен кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



## Байланыс операторлары көрсететін қызметтер

B2O сегментінде операторлар көрсеткен қызметтер көлемі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 105,1 млрд теңгені құрады.

### 2018 — 2022 жылдары байланыс операторлары көрсететін қызметтерден түсетін кіріс, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы




Негізгі табыс құраушы сервистер арналарды жалға беру және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері болып табылады, олар тиісінше B2O қызметтерінен түсетін барлық кірістің 42% және 18%-ын құрайды. Арнаны жалға беру қызметтерінің негізгі тұтынушылары желілік қамтуды жақсарту және қосымша базалық станцияларды орнату үшін үнемі жұмыс істейтін ұялы байланыс операторлары болып табылады. Қазіргі уақытта қамтуды кеңейту негізінен ауылдық елді мекендерде жүреді. Операторлық сегменттегі интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің көлемі жылдан жылға артып келеді, бұл операторлар желілеріндегі соңғы пайдаланушылардың деректерді беру қызметтерін тұтынуының өсуімен тікелей байланысты. B2O қызметтерінен түсетін кіріс құрылымындағы маңыздылығы бойынша үшінші болып қазақстандық байланыс операторларының желілері арқылы шетелдік операторлардың дата-трафигі транзитінің сегменті табылады. 2022 жылы IP транзитінен түскен кіріс магистральдық нарықтағы қызметтердің жалпы кірісінің 18%-ын құрады.

## IT қызметтер

2022 жылы IT байланыс операторларының нарық көлемі 96,2 млрд теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 11,5%-ға ұлғайды.

### 2018-2022 жылдары IT қызметтерінен түскен кіріс динамикасы, млрд теңге

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы



Операторлардың коммерциялық клиенттерге ашық нарықта көрсететін IT қызметтерінің негізгі көлемі (мемлекеттік тапсырыстан немесе бас компанияларға қызмет көрсетуден бөлек) ДӨО-ның базасында қызмет көрсетумен байланысты. Қосымша бағыттар ретінде операторлар бұлтты бейнебақылау қызметтерін дамытады, IoT базасында шешімдер енгізеді, сондай-ақ қазыналық деректер операторларының (ҚДО) функцияларын орындайды.





3

# Бизнес пен қаржыға шолу





# Бөлшек сауда бизнесі

## Негізгі нәтижелер

**Компанияның бөлшек сегменттегі кірісі 2022 жылы бүкіл ел аумағында төтенше жағдай енгізу уақытына есептелген барлық кіріске 50% мөлшерінде жеңілдік беруді ескере отырып, 127,1 млрд теңгені құрады (5 млрд теңге). Түсім бойынша жоспар 5,9 млрд теңгеге немесе 4,9%-ға асыра орындалды. Абоненттің орташа табыстылығы (ARPU) 6,5%-ға өсті.**

Есепті кезеңде Интернет желісіне кең жолақты қол жетімділіктің абоненттік базасының өсуі 0,3%-ды ақылы теледидардың 1,4%-ды және конвергенттелген қызметтердің өсуі 5,6%-ды құрады.

2022 жылдың соңында мерзімі өткен және күмәнді дебиторлық берешектің жиынтық деңгейі 2,4 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылғы объективті факторларды, дебиторлық берешек деңгейін ескере отырып, жоспарланғаннан төмен болды. Мерзімі өткен және күмәнді дебиторлық берешектің шегі байқалған 2018 жылдың қыркүйегіне қатысты көрсеткіш 4 млрд теңгеге немесе 63%-ға төмендеді.

## Өнімдерді дамыту

IPTV/OTT жаңа заманауи гибриді кешенінің негізінде әзірленген және 2021 жылы коммерциялық іске қосылған жаңа TV + платформасы 2022 жылы функционалдылық пен контентті айтарлықтай жақсартты. Осылайша, UX/UI бөлігінде келесі функциялар іске асырылды: негізгі мәзір түймелері экранның төменгі жағында орналасқан; мұрағат жазбалары «ТД-дағы ең жақсысы» қосымша бетінде жинақталған, санаттар мен жанрлар бойынша сұрыпталған, сондай-ақ контент мұқабаларымен безендірілген; кинотеатрлар бір қосымша бетке жинақталған, онда пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін ұсынымдық таңдаулар ұсынылған. Қосымша, мобильді қосымшаның кезекті жаңартуында сатылы режим ұсынылған.

Қызмет үшін тағы бір маңызды жаңарту 2022 жылы ECOM-ды іске қосу болып табылады. 2022 жылғы ақпаннан бастап «Қазақтелеком» АҚ қызметтерінің болуына қарамастан, әрбір адам TV+ пайдаланушысы бола алады. Жазылым нұсқасын таңдап, қызметке ақы төлеу үшін картаны байланыстыру жеткілікті. Сервистің тартымдылығын арттыру үшін жыл бойы ынталандырушы маркетингтік акциялар өткізілді.



# 127,1

**млрд теңге**

Компанияның бөлшек сауда сегментіндегі 2022 жылғы табысы



# +6,5%

абоненттің орташа табыстылықтың өсуі (ARPU)

# +0,3%

Интернетке кең жолақты қол жеткізудің абоненттік базасының өсуі

# +1,4%

ақылы теледидар абоненттері базасының өсуі

# +5,6%

конвергентті қызметтердің абоненттік базасының өсуі







## Қазақстандық ТД-контентті дамыту

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында телеарналар пакетін толтыруды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Осылайша, қазақ тіліндегі балалар телеарналары бойынша ұсыныс кеңейтіліп, Tiji телеарнасына қазақша трек қосылып, қазақ тіліндегі Nickelodeon HD телеарнасы енгізілді. Сондай-ақ Nickelodeon, Nickelodeon HD, Nickelodeon Junior телеарналарына және ASTANA TV арнасына OTT-құқықтары қосылды. Енді әрбір абонент бұл арналарды «Қазақтелеком» АҚ-дан Интернетке қосусыз көре алады.

Сонымен қатар, сыртқы әсерлерге қарамастан (Ресей Федерациясына қатысты санкциялар) теле және бейне контентті жеткізу мен сатып алудың балама жолдары жүзеге асырылды. Сыртқы саяси жағдайға қарамастан қызметтер топтамасының мазмұнының сапалы нашарлауына жол берілмеді.

Бейнеконтент бөлігінде де оң өзгерістер болды. Megogo кинотеатрының каталогына екі шетелдік киностудиясы Universal және Paramount киностудияларының контенті


қосылды. START кинотеатры контенттің үлесін едәуір арттырды, енді кинотеатрдың жеке жобаларынан басқа, пайдаланушылар шетелдік контенттің үлкен каталогына қол жеткізді. Балалар контентінің ауқымы едәуір кеңейтілді. Amediateka кинотеатры маусым айынан бастап әлемдік премьералар мен жаңа сериалдарды шығаруды жалғастыруда. «KZ-де жасалған» кинотеатрына «Хабар» телеарнасының «Келінжан», «Рауза» сериялары сияқты хиттері қосылды. Каталог сонымен қатар отандық кино-жобалардың эксклюзивті интернет-премьерлері есебінен кеңейтілді. Олардың арасында «паралимпиадашы» спорттық драмасы, сондай-ақ «ОТ» және «Зере» халықаралық фестивальдеріне қатысушылардың кинокартиналары бар.

Сонымен қатар, есеп беру жылы Компания TV + жазылушыларына Қазақстандағы алғашқы Qazaqsha қазақ тіліндегі онлайн-кинотеатрын ұсынды. Оның каталогында кәсіби актерлердің қатысуымен шығарылған, қазақ тіліне сапалы дубляжы бар әлемдік киностудиялардан 500-ден астам фильм, сериал мен мультфильм бар.

## Тарифтік жоспарлардың жаңа желілері

2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап «Қазақтелеком» АҚ Bereket, Keremet TV және Keremet Mobile тарифтік жоспарларының жаңа желісін іске қосты. Компания ұзақ мерзімді келісім-шарттар тұжырымдамасын сақтап қалды, оның ішінде шектеусіз үй интернеті, жүздеген телеарна, ұялы байланыс, онда абоненттер келісімшарттың бүкіл мерзімі ішінде 1, 2 немесе 3 жыл бойы бағаның өзгермейтіндігіне кепілдік бере отырып, абоненттік төлемге жеңілдік ала алады.

Маңызды жаңалықтардың бірі пакетке кіретін мобильді нөмірлерден Kazakhtelecom TV+ бейне сервисіндегі барлық контентке шексіз қол жеткізу болып табылады. Енді ұлттық телеком-оператордың абоненттері жаңа тарифтік жоспарларды қоса отырып, Интернет-трафикті жұмсамай, 150-ден астам телеарналарды және Qazaqsha, Amediateka, Megogo және «KZ-де жасалған» кинотеатрларынан 6 000-нан астам фильм мен сериалды «Қазақтелеком» АҚ-ның мобильді нөмірлерінен көре алады.



## Клиенттік тәжірибе

Компанияда 2022 жыл сапа жылы болып жарияланды. Қызметкерлерді ынталандыру және сервис сапасын арттыру мақсатында бөлшек сауда сегментінде алғаш рет сапалы клиенттік сервис ұсынуда қызметкерлерді ынталандыруға бағытталған The Best Customer Service мотивациялық конкурсы өткізілді. Қызметкерлер сервис сапасының индексі, білім деңгейі, Agent Performance (AP) клиенттік бағалау және First Request Resolution көрсеткіші (FRR — абонент мәселесін бірінші қарым-қатынастан шешу) сияқты көрсеткіштер бойынша бағаланады. Қызметкерлер тоқсан сайын «сапа бойынша үздік маман», «сапа бойынша команданың үздік капитаны», «сапа бойынша үздік басшы» номинациялары бойынша марапатталады.

Фронт-кеңсе операторларына қызмет көрсету сапасын бағалау үшін AP (Agent Performance) жүйесі енгізіліп, әрбір қызмет көрсетуден кейін қызметтерді қосу, ауыстыру немесе ажырату кезінде абоненттерге сауалнама жіберіледі, оның көмегімен оператор қызмет көрсету сапасының 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалай алады. Ай сайын фронт-кеңсе операторларының 90%-дан астамы абоненттер бағалайды, бұл B2C сегментінде сервисі жақсарту бойынша жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. 2022 жылы AP көрсеткіші 7%-ға өсіп, 90%-ды (2021 жылы 84%-ды) құрады.

90%

2022 жылғы AP көрсеткіші

+ 7%

55%

2022 жылғы tNPS көрсеткіші

+ 17%

Компания үшін басты бағыт — клиенттің адалдық деңгейін зерттеу — transactional Net Promoter Score (tNPS). Қызмет көрсету арналарында абонентке әрбір қызмет көрсеткеннен кейін оның адалдық деңгейін бағалау үшін верификацияланған абонент нөміріне сауалнама жіберіледі, көрсеткіш транзакциялық NPS (transactional Net Promoter Score) деп аталады. Сауалнаманың мақсаты — абоненттің компанияны достарына, әріптестеріне, туыстарына ұсынуға қаншалықты дайын екенін анықтау. Көрсеткіш 10 балдық шкала бойынша бағаланады: төмен бағалау кезінде абонент қанағаттанбау себептерін көрсетеді және сервисі жақсарту бойынша өз ұсыныстарын қалдырады. 2022 жылы tNPS көрсеткіші 38%-дан 55%-ға дейін өсті.





Сонымен қатар, сервистік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында клиенттерге «Бір рет жүгінгеннен олардың мәселелері шешілді ме?» (First Request Resolution) деген сұрақты нақтылау арқылы сауалнама жүргізілді. Осындай кері байланыс орнату және операторлардың тұрақты мониторингілеуі нәтижесінде бірінші рет қызмет көрсетілген абоненттер үлесінің жыл соңына 73%-дан 85%-ға дейін өсуі қамтамасыз етілді.

2022 жылы цифрлық операциялардың деңгейі қаңтардағы 32%-дан қарашада 38%-ға дейін өсті.

Өткен жылмен салыстырғанда онлайн-арналардағы қызмет көрсету үлесі 8%-ға өсіп, 66%-ды құрады. 934 мыңға жуық абонентке онлайн-режимде қызмет көрсетілді, сервис желісінің пункттеріне баруды 514 мың абонент таңдады.

Компания дәстүрлі және цифрлық арналарда қызмет көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізу арқылы қызметті жақсарту және әр клиенттің сұранысын шешу үшін үнемі жұмыс істейді. Компанияда клиенттерді сақтау үшін толтыру және құны бойынша қажеттіліктерді ескере отырып, тарифтік жоспарлардың кең желісі, қызмет сапасын арттыру мен телекоммуникация қызметтерін көрсетуге байланысты басқа да мәселелерді жедел шешу үшін тиімді құралдар әзірленді. 2022 жылы қызметтердің сапасы мен тарифтеріне қанағаттанбаған 75 мыңнан астам абоненттің өтініштері шешілді.

Клиенттердің цифрлық арналарға ағынын және қызмет көрсетудің онлайн режиміне өтуін ескере отырып, мобильді қосымша арқылы қызмет көрсету мүмкіндіктері мен функционалдығы кеңейтілді:

- абоненттің жеке кабинеті арқылы қызмет көрсету мүмкіндіктері кеңейтілді. Келесі self-сервистер іске асырылды: қызметтерге ақы төлеу, шоттар бойынша нақты ақпарат, қосылған қызметтер бойынша ақпарат, қызметтер бойынша трафикті жан-жақты көрсету, VAS (оның ішінде TV+) қосу, өтініш беру, жиі қойылатын сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі, онбординг, e-SIM-ге ауыстыру, booster қосу, монтердің шығуы туралы ақпарат беру;
- абонентті верификациялау — клиенттерге қызмет көрсету уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік беретін куәландырушы құжаттарды тану және тұлғаны тану жүйесі жүзеге асырылды. Функционал EGOV mobile мобильді қосымшасы арқылы e-gov «Цифрлық құжаттар» сервисіне қол жеткізе алатын клиенттер үшін қолжетімді.



Сондай-ақ, 2022 жыл жаңа цифрлық қызмет көрсету тетіктерінің енгізілуі және қашықтағы арналар арқылы қызмет көрсетудің өсуі атап өтілді. Оның ішінде, WhatsApp және Telegram онлайн арналарының жұмысы жақсарды:



**24/7/365**

арналар тәулік бойы қызмет көрсету режиміне ауыстырылды

**30** МИН.

маманның жауабын күту уақыты жыл басындағы 1,5 сағаттан жыл соңындағы 30 минутқа дейін жақсарды

**98%** + 26%

қызмет көрсетілген клиенттердің пайызы

**3,5** САҒАТ

клиентпен диалогтың ұзақтығы 10 сағаттан 3,5 сағатқа дейін қысқарды

Өтініштердің бір бөлігі өзіне-өзі қызмет көрсету деңгейіне ауыстырылды. Жеке шоттың ағымдағы балансы, төлем әдістері, SIM карталарын тіркеу тәртібі, роуминг және TV+ қызметтерін берешек бойынша қосу бойынша кеңестер, Wi-Fi роутерлері бойынша ұсыныстар, shop.telecom.kz қызметтерін онлайн чат-бот өңдейді.

**66%**

+ 8%

2022 жылы онлайн-арналардағы қызмет көрсету үлесі

**934**

**мың абонент**

2022 жылы онлайн режимінде қызмет көрсетілді



Қызмет көрсету арналары бойынша 2021 жылмен салыстырғанда қызмет көрсету сапасы индексінің көрсеткіші төмендегідей:

онлайн-арналарда

**80%**

2022 жылы

**61%**

2021 жылы

кіріс өтініштерді өңдеу секторында

**86%**

2022 жылы

**82%**

2021 жылы

сервис желісінің пункттерінде

**86%**

2022 жылы

**74%**

2021 жылы

байланыс орталықтарында

**87%**

2022 жылы

**83%**

2021 жылы





## Клиентті қанаттандыру мен тиімділікті арттырудың кепілі ретінде ұйымдық құрылымдағы өзгерістер

Ұйымдық өзгерістер компанияның дамуы мен өсуінің ажырамас бөлігі болып табылады. 2022 жылы осындай өзгерістердің жарқын мысалдарының бірі абонент жағындағы инсталляциялық жұмыстарға жауапты техникалық қызметкерлерді коммерциялық бағыттың басқаруына беру болды. Мұндай өзгеріс Компания клиентінің қанағаттанушылығын нығайтуға ықпал етеді. Осы өзгеріс арқылы Компания өз клиенттерінің қажеттіліктерін тиімдірек қанағаттандыра алады, оларға сапалы қызмет көрсетеді және туындаған мәселелерді тезірек және тиімдірек шеше алады.


Мәселен, Басқарманың 26.09.2022 ж. №48-198 шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ филиалының бөлшек сауда бизнесі бойынша дивизионының ұйымдық құрылымында төрт құрылымдық бөлімшеге біріктірілген 332 штаттық бірліктен тұратын желілерді дамыту мен қолдаудың жаңа бағыты пайда болды: бұл Инсталляциялық жұмыстар департаменті, Техникалық шешімдерді әзірлеу департаменті, Жоспарлау және операциялық тиімділік қызметі, Қызмет көрсету процестері қызметі.

Жаңа бөлімшенің қызметі:

- байланыс желілерін дамытуды және телекоммуникация қызметтерінің инновациялық технологияларын ілгерілетуді жоспарлау;
- Компанияның телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлерін қосу санын ұлғайту мақсатында техникалық шешімдерді әзірлеу, анықтау және іздестіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- абонент жағында инсталляциялық жұмыстар жүргізу;
- компанияның қызметін жақсарту үшін қойылған міндеттердің орындалу жағдайын бақылау және талдау.

2022 жылы ішкі бағдарламалық кешендерде орнатуға тапсырыстардың өту маршруттарын оңтайландыру және қызметтерді қосу бойынша процестерді жақсарту (қызметтерді уақтылы және сапалы ұсынуға назар аудара отырып, инсталляторлар үшін мотивациялық конкурсты енгізу) есебінен қол жеткізілген орташа қосылу уақытының оң динамикасы көрсетілді. Бұл абоненттердің қанағаттану деңгейі мен адалдығын арттыруға әсер етті.

ИҚТҮҚ-та GPON технологиясы бойынша қызметтерді орнатуға 24 сағат ішінде орындалған тапсырыстардың үлесі



## 2023 жылы желілерді дамыту жоспарлары

2023 жылға телекоммуникацияның оптикалық желілерін салу жоспарланған:

- Алматы, Астана және Шымкент қалаларында 42 мың үй шаруашылығы қосылған;
- Түркістан қаласында көпқабатты үйлер мен коттеждерде 5 мың үй шаруашылығы қосылған;
- Семей, Павлодар, Қостанай, Петропавл, Тараз, Көкшетау, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Орал, Қарағанды, Теміртау, Қызылорда қалаларында 74 мың үй шаруашылығы қосылған;

- Алматы, Астана және Шымкент қалаларында қолданыстағы ADSL абоненттерін ауыстыра отырып, компанияның мыс желілерінің қолданылу аймағында;
- Астана, Алматы, Шымкент, Көкшетау, Атырау, Ақтау, Орал қалаларында серіктестік желі арқылы 73 көппәтерлі тұрғын үй кешені қосылған.

Бұдан басқа, телекоммуникация қызметтерін қосу уақытын одан әрі қысқарту, тапсырыстардың күнделікті кезегін қанағаттандыру үшін дилерлік желіні кеңейту жоспарлануда.

## Әлеуметтік жауапкершілік

2022 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде халыққа қойылған көптеген шектеулердің бірі телекоммуникация қызметтеріне қолжетімділікті шектеу болды.

Ел үшін осы қиын кезеңдегі өзінің әлеуметтік жауапкершілігін және байланыс қызметтеріне қол жетімділігі шектеулі абоненттердің құқықтарын есепке алу қажеттілігін түсіне отырып, Компания 2022 жылғы 1-31 қаңтар аралығында жеке тұлғаларға:

50%

«Қазақтелеком» АҚ-ның көрсеткен қызметтері үшін барлық есептеуге

100%

қалааралық (аймақшілік) телефон байланысы қызметтері үшін тарифтерге және секундтық негізде ұсынылатын ұялы байланыс операторларының желісіне қосылуға мөлшерінде жеңілдіктер беру туралы шешім қабылдады

Телекоммуникация қызметтеріне уақтылы төлемегені үшін айыппұлдар да алынып тасталды.

Қабылданған шаралар Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін және оның өз клиенттеріне қамқорлық пен көмек көрсетуге дайын екендігін көрсетеді.





# Корпоративтік бизнес

**2022 жылғы қызмет нәтижелері бойынша корпоративтік сегментте компанияның B2B, B2G, B2O сегменттері бөлінісіндегі кірісі ҚҚС-сыз 150,999 млрд теңгені құрады.**

2022 жылы корпоративтік сегментте өнім желісін дамыту, неғұрлым тиімді цифрлық арналарды анықтау және оларды дамыту, қызмет көрсетуді дербестендіру және цифрландыру, ҚДО-ның жобасын дамыту сияқты бағыттарға басты назар аударылды.


«Қазақтелеком» АҚ — цифрлық экономиканың бизнес-серіктесі стратегиялық міндетін іске асыру шеңберінде корпоративтік сегментте 2022 жылы жаңа бизнестерден түскен түсімнің өсімі өткен жылға қарағанда 3,884 млрд теңгені құрады. Негізгі өсім бейнебақылау қызметтерін ілгерілету есебінен қалыптасты.

Пандемиядан кейінгі кезеңде іс-шараларды өткізу 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда корпоративтік сегменттегі қызметтердің жылыстауын 21,6 мың құрылғыға (26%) қысқартуға мүмкіндік берді.


Компанияның корпоративтік сегменттегі кірісі, млрд теңге



2020 (дерек) 2021 (дерек) 2022 (дерек) 2023 (жоспар)



2020 (дерек) 2021 (дерек) 2022 (дерек) 2023 (жоспар)



2020 (дерек) 2021 (дерек) 2022 (дерек) 2023 (жоспар)



# 3,884

млрд теңге


2022 жылы жаңа бизнестен түсетін кірістің өсуі









## Корпоративтік сегменттегі компанияның кіріс құрылымы, %



- Халықаралық операторлық нарық
- Ішкі операторлық нарық
- Корп.ақпараттық-коммуникациялық қызметтер
- Теледидар
- Жаңа бизнестер
- ҚДО-ның қызметтері
- Өзге қызметтер
- Телефония
- Деректерді беру



Корпоративтік сегменттегі кірістер құрылымында 35,1% мөлшеріндегі ең үлкен үлесті деректерді беру желісінің қызметтерін ұсынудан түскен кіріс құрайды. Қазақстан Республикасының операторларымен өзара іс-қимылдан түскен кірістің үлесі 29,0%-ды құрайды, ал халықаралық операторлармен келісім бойынша кірістің үлесі 9,7%-ды құрайды.

## B2B және B2G сегменттеріндегі көлемдік көрсеткіштердің динамикасы, мың құрылғы



Тіркелген желілер сатылымының төмендеуі мессенджер-субституттар мен әлеуметтік желілердің дамуына байланысты қалыптасқан әлемдік үрдіс болып табылады. Клиенттердің пандемиядан кейінгі кезеңде шығындарды қысқарту жөніндегі іс-шараларды өткізу шеңберінде корпоративтік желілер оңтайландырылды, бұл КЖК, ТД және IP VPN нүктелерінің таратылуына әкелді.

## Интернет желісіне және IP VPN қол жеткізуді қамтамасыз ету қызметтері бөлінісінде 2021 жылға қарағанда ARLB 2022 жылғы өсімі, %



2022 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылмен салыстырғанда ARLB коммерциялық көрсеткіші Интернет желісіне КЖК беру бойынша әр нүкте үшін ай сайын 1 800 теңгеге өсті, бұл 9,3%-ды құрайды, IP VPN беру бойынша әрбір қосылған нүкте үшін өсім ай сайын 900 теңгені (1,1%) құрады.

2022 жылдың соңында B2X сегментіндегі клиенттік база 63 342 клиентті құрайды, оның ішінде B2O сегментінде 160 байланыс операторымен, B2G сегментінде-15 835 мемлекеттік ұйыммен, B2B сегментінде 47 347 бизнес компаниялармен шарттарды сүйемелдеу жүргізіледі. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы клиенттік база 1 803 клиентке өсті, бұл +2,9%.

## Өнім желісін кеңейту және саралау

Компанияның корпоративтік сегменттегі тарифтік саясаты компанияның клиентті қанағаттандырушы сату моделіне көшу бойынша алға қойылған стратегиялық мақсаттарын орындауға бағытталған өнім ұсыныстарын қалыптастыруды көздейді.

Осыған байланысты сегментке бағытталған модель шеңберінде SOHO сегменті үшін бірқатар пакеттік өнім ұсыныстар қатары әзірленіп іске асырылды.

2022 жылғы шілдеде осы сегмент үшін сегіз пакеттен тұратын және клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарланған жаңа Kasirkeg желісі іске қосылды. Бастапқы пакет құнының диапазоны ҚҚС-ті есептегенде 8 500 теңгеден басталады. Бұл ретте пакетке телефония, КЖК, ұялы телефония қызметтері және жақсартылған техникалық сипаттамалары бар IMOU камераларын жалдау кіреді.

Сонымен қатар, 2022 жылдың қазан айынан бастап SOHO сегменті үшін Nomad пакеттері әзірленіп, ҚҚС-пен 8500 теңгеден бастап сатылымға енгізілді. Бұл пакеттерде әртүрлі толтырылатын 3 пакеттен тұратын «Ұялы телефония», «LTE технологиясы бойынша тіркелген Интернет» + «IMOU бейнекамераларын жалдау» Plug&Play қызметтерін қосу көзделген.





Сонымен қатар, 2022 жылы:

- Alan тарифтерінің жаңа желісі. Желі ойын клубтары үшін FTTx технологиясы негізінде Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейді;
- NoReCa пайдаланушы санаттары үшін КЖҚ және iD TV қызметтерін ұсыну бойынша пакеттік ұсыныс;
- келісімшарттар жасасу/қайта жасасу, конкурс/тендер қорытындыларын шығару кезеңіне арналған B2G сегменті үшін «Уақытша бұғаттау» өнімі ұсынысы әзірленді.

2022 жылы сегіз қызмет іске қосылды, оның екеуі ірі корпоративтік және мемлекеттік ұйымдар үшін («Бейне-аналитика» және «Дабыл түймесі») және күрделі шығындарсыз кез келген күрделіліктегі бизнес-міндеттерді шешу үшін ismet.kz порталында алты жаңа бұлттық қызмет іске қосылды. Коронавирустық пандемиядан кейінгі қазіргі жағдай коммерциялық және мемлекеттік ұйымдардың жұмысшыларды қашықтан жұмыс режиміне ауыстыруына әкелді, іс-шаралар мен пайдаланушылардың кейбір әрекеттері онлайн режиміне ауыстырылды, маркетингтік бюджеттер digital арналарына қайта бағытталды. Осы және басқа процестер жедел шешімдер мен айтарлықтай ресурстық қуаттарды қажет етеді. Тапшылық бұлтты қызмет сегментінің өсу драйверлерінің бірі болды, ал бизнестің шығындарды азайту қажеттілігі бұлтқа ыңғайлы шешімдерді табуға әкелді, мысалы:

<b>Виртуалды серверлер</b>	кез-келген күрделі бизнес мәселелерін шешу үшін бэкаптарды (панельге қосылады) баптау мүмкіндігі бар жоғары деңгейлі серверлер негізінде ұйымдастырылған: жоғары жүктемелі веб-қосымшалар, мәліметтер базасы, RDP арқылы қашықтағы жұмыс үстелдері және басқа да көптеген тапсырмалар хостингі.
<b>Виртуалды ДӨО</b>	Vmware виртуализациясы негізінде жасалған ыңғайлы web-панель арқылы бұлттық инфрақұрылымды икемді конфигурациялау мүмкіндігі бар арнайы ресурстар пулы.
<b>Open Source негізіндегі VPS</b>	ISMET.KZ -тен Linux басқару жүйесі серверлердің жоғары жылдамдығына және орнатудың қарапайымдылығына кепілдік беретін Open Source шешімдеріне негізделген.
<b>Бұлтты сақтау</b>	Swift, S3 бойынша қол жетімді түрлі деректерді сақтау үшін сенімді және қауіпсіз S3 бұлтты нысан қоймасын жасауға мүмкіндік береді.
<b>DNS-хостинг және мониторинг</b>	доменнің DNS жазбаларын оңай басқаруға және сайтқа қол жетімділікті арттыруға мүмкіндік береді, өйткені біз тәуелсіз NS серверлерін қолданамыз.
<b>SSL-сертификаттар</b>	интернетте деректерді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етеді, доменге меншік құқығын растайды және іздеу жүйелерінде алға жылжуға көмектеседі.

2022 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік сегменттегі killer-өнім «DDoS-шабуылдардан қорғау сервисі» болды, жыл басынан бері табыс өсімі 980%-ды құрады. Сервистің клиенттері Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі ірі банктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының байланыс операторлары болып табылады.

Алдын ала болжам бойынша 2023 жылы killer өнімдері «Бейнеаналитика» және «Дабыл түймесі» болады деп күтілуде.

## Цифрландыру

### 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ жедел қарқынмен клиенттерге онлайн-қызмет көрсету тәжірибесін енгізуді жалғастырды. Жұмыс өсуге және жаңа клиенттерді тартуға, оларды онлайн-қызметке ауыстыруға, сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсетуді жақсартуға және адалдықты арттыруға бағытталған.

ISMET.KZ бизнес-платформасында қызметтер мен сервистерді қашықтан алуға мүмкіндік туды:

- оптикалық технологиялар бойынша Интернетті қосу кезінде техникалық мүмкіндікті лезде тексере отырып қызметтерді онлайн қосуға өтінім беру;
- өтінім беру/жүгіну және олардың жеке кабинетте өңделу мәртебесін қадағалау;
- проблеманың өзін-өзі диагностикалауын жүзеге асыру және зақымдануды жоюға онлайн өтініш беру;
- дербес шот бойынша операцияларды жүзеге асыру: нақты ақпарат алу, теңгерімді толықтыру;
- құжаттарды электронды түрде (шарттар, АЖА, салыстыру актісі және т. б.) ЭЦҚ не QR алу және қол қою;
- өз өніміңіз немесе қызметіңіз туралы ақпаратты орналастыру;
- серіктестерді, клиенттерді, мердігерлерді және т. б. іздеу.

Сонымен қатар, клиенттерден сұралған құжаттар саны азайды. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция клиенттің келісімімен құжаттарды электронды түрде алуға мүмкіндік береді. ISMET.KZ платформасының тіркелген пайдаланушыларының саны 2022 жылы 27%-ға артып, 80 мыңнан астам пайдаланушыны құрады.

Цифрлық трансформация аясында «Қазақтелеком» АҚ бүкіл ел бойынша «Ауылдағы цифрлық серіктес» жобасын іске қосты. Жобаның идеясы ауыл тұрғындарын интернетпен қамтамасыз етуге жеке кәсіпкерлерді тарту болып табылады, бұл ретте серіктес оператормен бірге ақша табуға мүмкіндігі бар. Жоба серіктесімен барлық өзара іс-қимыл цифрлық арна арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық шарттарды онлайн алу бойынша жоба іске қосылды, бұл орта және ірі бизнестің клиенттерін қосу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша «NPS B2B адалдық деңгейі» өткен жылғы көрсеткішті сақтап, 15%-ды құрады. Клиенттердің наразылығының негізгі себебі мыс технологиясы бойынша КЖҚ қызметтерінің сапасына байланысты.

B2X сегментіндегі кіріс және шығыс трафик өсуді жалғастыруда. Сервистердің қолжетімділігіне, проблемаларға жауап беру жылдамдығына, оптикалық технологиялардың қолжетімділігіне сұраныстың артуына байланысты 2023 жылы корпоративтік сегменттің алдында бизнесті жақсартылған техникалық сипаттамаларға көшіру, оптикалық технологиялар бойынша КЖҚ қосылу жылдамдығын арттыру бойынша жаһандық міндеттер тұрады. Мұндай жақсарту клиенттерді цифрлық ортаға көшіру бойынша жұмысты жалғастыруды және қызмет көрсету уақытын қысқарту, жасыл экономика қағидаттарын енгізу және өзіне-өзі қызмет көрсету форматында көрсетілетін қызметтер санын ұлғайту арқылы цифрлық қызметтерді пайдалануға ынталандыруды қамтиды.

# >80

## мың пайдаланушы

ISMET.KZ платформасында тіркелген пайдаланушылар саны



## Қазыналық деректер операторы

«Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 205 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 363 бұйрығына сәйкес қазыналық деректер операторлары анықталды: «Қазақтелеком» АҚ, «Транстелеком» АҚ, «Кар-Тел» ЖШС және «Jusan Mobile» АҚ.

«Қазыналық деректер операторы» (ҚДО) жобасы сауда операциялары және/немесе қызметтер көрсету кезінде жасалатын БКМ пайдалана отырып, ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді мемлекеттік кіріс органдарына жедел режимде беруді қамтамасыз етеді.


«Қазақтелеком» АҚ 2015 жылдан бастап сымды және сымсыз VPN-арналар («Алтел» АҚ, «Кселл» АҚ, «Кар-Тел» ЖШС SIM-карталары) арқылы салық органдарына қазыналық деректерді тұрақты түрде қабылдау, өңдеу, сақтау және беру қызметтерін ұсынады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша БКМ белсенді қосылу саны 302 273 бірлікті құрады, өткен жылмен салыстырғанда белсенді клиенттік база 30 мыңға төмендеді. Төмендеудің себебі ҚДО нарығының өзгеруі және жедел баға бәсекелестігі болды.

«Транстелеком» АҚ, «Jusan Mobile» АҚ және «Кар-Тел» ЖШС сияқты қазыналық деректер операторларының нарығында жаңа ойыншылардың пайда болуына қарамастан, Компания бизнес-процестерді оңтайландыру және цифрландыру және түпкі пайдаланушыларға қызмет көрсету есебінен Қазақстанның ҚДО нарығында көшбасшылық позициясын сақтайды.

2022 жылы ҚДО жобасын дамыту шеңберінде жаңа өнім БКМ тегін бағдарламасы «Е-касса» іске қосылды. Бәсекеге қабілетті тарифтермен 1, 3, 6, 12 айға жазылу жүйесі іске қосылды. Компания бәсекелестік нарық жағдайында клиенттік базаны ұстауға және сақтауға бағытталған.

ҚДО кірісі (мың теңге) және БКМ саны (дана)



ҚДО жобасы шеңберінде 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ:

- пейдтен кейінгі, жылдық келісімшарттық тарифтерді әзірлеу;
- тарифке 100%-ға дейін жеңілдікпен промокодтарды әзірлеу;
- дәстүрлі КТ қызметтері бар пакеттік шешімдер үшін CRM 2.0 интеграциясы;
- бизнес үшін тауарларды есепке алу жүйесі үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу жоспарлануда.

## B2O

### Халықаралық оператор сегменті

Халықаралық операторлық сегментте 2022 жылы мынадай жобалар іске асырылды:

Франкфурт қаласында «РоР-тораптарды ұйымдастыру» жобасы;

«Каспий теңізі арқылы ТОБЖ төсеу» жобасы, алдын ала сараптама сатысында бизнес-жоспар;

Қытай — Еуропа транзиттік арналарын ұсыну үшін желіні жаңғырту жобасы. «Транзит 20x100g» жобасын іске асыру барысында Қытай — Еуропа бағытында сыйымдылығы 1x100Gб/с транзиттік арна ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай шекарасында China Mobile, China Unicom, China Telecom халықаралық байланыс операторларымен түйісулерді кеңейтуге меморандумдарға қол қойылды.

«Дауыстық трафикті ХКО-дан NGN желісіне аудару» жобасы бойынша 2022 жылы NGN желісіне көшіру — 7 оператор, 52 арна;

B2O сегменті үшін interconnect жаңа биллингтік жүйесін енгізу бойынша КБД/АТД жұмыс тобы құрылды, техникалық тапсырма әзірлеу сатысында;

## 2023 жылға арналған жоспарлар мен міндеттер

Корпоративтік бизнес бойынша 2023 жылға арналған жоспарларға Интернет-трафикті тұтынудың өсу үрдісін сақтау кіреді. Өткен кезеңге ұқсас, кірістің негізгі өсімін:

- «Гонконг қаласында РоР-торапты ұйымдастыру» жобасын іске асыру;
- Қытай — Еуропа бағытында жаңа 2x100g транзиттік арналарды сату (геосаяси жағдайға байланысты тоқтатылған тендерлер қайта басталған жағдайда);
- Орталық Азия, оның ішінде Ауғанстан бағытында жаңа транзиттік арналарды сату;

- «Каспий теңізі арқылы ТОБЖ төсеу» жобасы бойынша бизнес-жоспарды бекіту;
- дауыстық трафикті ХКО-дан NGN желісіне аудару (5 оператор, 5 арна);
- B2O сегменті үшін interconnect биллингтік жүйесі үшін бизнес-талаптарды әзірлеу және ағымдағы жүйені одан әрі жаңарту немесе АТД-мен бірлесіп жаңасын енгізу есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.





## Байланыс операторларымен келісім

Байланыс операторларымен келісімдер департаменті (БОКД) Компанияның ҚР-ның байланыс операторларымен және байланыс арналарын жалға алушылармен өзара іс-қимылы жөніндегі қызметті жүзеге асырады:

- БО желілері мен жалға алушыларды қоғамның телекоммуникация желісіне, деректерді беру желісіне және Интернет желісіне қосу бойынша қызметтерді ұсынады;
- байланыс арналарын (халықаралық, қалааралық және аймақшаралық), БО және жалға алушылар үшін IP VPN қызметтерін жалға береді;
- Департаменттің орталықтандырылған шарттары бойынша БО, байланыс арналарын жалға алушылармен және ведомстволық желілердің иелерімен өзара есеп айырысуды жүргізеді.

2022 жылы БОКД кірісі 43 млрд 203 млн. теңгені құрады, жоспар бойынша 41 млрд 245 млн. теңге және 104,7% орындалып, өсім 2021 жылмен салыстырғанда 1 млрд 999 млн. теңгені немесе 105%-ды құрады. 2022 жылы жоспардың орындалуына Ресейдегі саяси жағдайға байланысты ұялы байланыс операторларының дауыстық трафиі көлемінің өсуі және операторлардың Интернет желісіне қол жеткізу қызметіне қосылуы әсер етті.

БОКД шығындары 6,36 млрд теңгені құрады, жоспар бойынша 6,17 млрд теңге, 103,1% орындалды. Артық шығындарға Ресейдегі саяси жағдайға және пиринг шарттарына байланысты транзиттік трафиінің өсуі әсер етті. БОКД бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек жыл соңында 4,4 млн теңгені құрады.

### 2023 жылға арналған жоспарлар мен міндеттер:

- Бөлімшеге жүктелген міндеттерді/функцияларды уақтылы орындау.
- 5G стандартының желісімен қамту аймақтарын енгізу бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және ұялы байланыс операторларымен өзара іс-қимыл жасау.
- 2022 жылмен салыстырғанда «Тасымалдау желісі және Интернет арналарын жалдау» қызметі бойынша байланыс операторлары бойынша көлемдердің өсуі.
- ҰБО кіріс шарттары бойынша төлем бөлігінде шарттық міндеттемелерді уақтылы орындау.
- FMS шарты бойынша «МТ-С» ЖШС-мен өзара іс-қимыл нұсқаулығын әзірлеу.
- KazSat қызметтерін жалға алудың табыстылығына қатысты мәселелерді пысықтау.
- АЕМ-дегі ТОВЖ жобасы бойынша қызметтерге ҰБО қосу.

# 43 203

млн теңге

байланыс операторларымен келісімдер департаментінің 2022 жылғы кірістері



## B2G

Бюджеттік ұйымдарға сату департаментінің (БҰСД) негізгі мақсаты мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне телекоммуникация қызметтерін ұйымдастыру және ұсыну болып табылады.

Негізгі көрсеткіштердің орындалуы:

- Жоспар бойынша ЕКЖ – 23 922 525 млн теңге, факт – 23 593 646 млн теңге (98,6%), 2021 жылға қарай 2022 жылғы ЕК асыра орындау сомасы +1 412 891 теңге.
- Жоспар бойынша жылыстау – 2 303, факт – 969 (42%).

2022 жылы «ҚР ИИМ бейнебақылауға арналған тасымалдау» жобасы іске асырылды, аталған жоба бойынша кіріс 3,4 млрд теңгені құрады.

### 2023 жылға арналған жоспарлар мен міндеттер:

- «ҚР ИИМ бейнебақылауға арналған тасымалдау» жобасы бойынша 3,4 млрд теңге көлемінде кірісті сақтау.
- Жаңа порттардың ТД қосылу/арналардың өткізу қабілеттілігін арттыру бойынша тоқтауды азайту.
- «Қазақтелеком» АҚ қызметтеріне ауысу перспективасымен әлеуетті клиенттер базасын (МО/БҰ) пысықтау және портфель бойынша ағымдағы (оның ішінде «АЕМ-дегі ТОВЖ» МЖӘ жобасы бойынша) кірісті сақтау.
- «АЕМ-дегі ТОВЖ» МЖӘ жобасы шеңберінде сәйкестік туралы актілерге қол қою процесін автоматтандыру жүйесін енгізу.

### 2023 жылға арналған жобалар:

- АЕМ-дегі ТОВЖ жобасы (МЖӘ 2.0).
- Мектептерге арналған ТОВЖ жобасы.
- «Каспий теңізінің түбіне ТОВЖ төсеу» жобасы.





# Ақпараттық технологиялар

**«Қазақтелеком» АҚ үшін Ақпараттық технологиялар дивизионы (АТД) ішкі және сыртқы процестерді автоматтандыруда, цифрландыруда ғана емес, тікелей және жанама табыс табуда да шешуші рөл атқарады. АТД клиенттерге Цифрлық бизнес үшін қажетті ақпараттық-коммуникациялық сервистерді клиенттік жабдықты ДӨО-да және виртуалды инфрақұрылымда физикалық орналастырудан бастап, ақпараттық қауіпсіздік бойынша SaaS-сервистерге, сайттар, конференциялар құру және тағы басқа қызметтерді ұсынады.**

Бұдан басқа, ДӨО инфрақұрылымы базасында мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар жобалар ұсынылады, ал «Қазақтелеком» АҚ-ның ақпарат орталықтарында Facebook, «Яндекс», Netflix, Akamai, Google кәштеу серверлерін орналастыру компанияға халықаралық трафикті айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өткен жылғы P & L есебіне сәйкес ІТ-бизнестің кірістілігі шамамен 50% құрады, бұл компанияның барлық қызметтері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Сондай-ақ, ІТ-бағыттың дұрыстығын активтердің айналымы, операциялық пайда және басқалар сияқты көрсеткіштер көрсетеді. Мысалы, ІТ-бағыттағы активтердің айналым коэффициенті Компаниялар тобы бойынша ұқсас көрсеткіштен 15%-дан асады, бұл Дивизионды жетілген және тиімді бағыт ретінде сипаттайды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша АКТ бағыты бойынша түсім 12,9 млрд теңгені құрады, бұл ретте «Қазақтелеком» АҚ-ның «Бұлтты бейнебақылау», ІoT, Зияткерлік платформа қызметтері, «Тауарларды таңбалау және қадағалау» сияқты жобаларды қоса алғанда, ДӨО инфрақұрылымын пайдалана отырып, жобалар сомасынан тапқан табыс 29 млрд теңгені құрады.

Қызметтер бөлінісінде жыл қорытындысы бойынша негізгі кірісті ДӨО-ның базалық қызметтері әкеліп, ІaaS (инфрақұрылым сервис ретінде), тіректерді жалға алу, виртуалды ақпарат орталығы, сондай-ақ серверлік жабдықты орналастыру қызметтері табыс драйверлері болды.



**29**  
млрд теңге

ДӨО инфрақұрылымын пайдалана отырып, «Қазақтелеком» АҚ жобаларының сомасынан алынған кірістер

**12,9**  
млрд теңге

2022 жылы АКТ бағыты бойынша түсім







## Ақпарат орталықтары желісін дамыту

Өткен жыл компанияға ақпаратты сақтау нарығында жетекші ойыншы ретіндегі позициясын бекітуге мүмкіндік берді. «Қазақтелеком» АҚ-ның нарықтық үлесі 54%-ды құрайтын коммерциялық ақпарат орталықтары нарығында жетекші АКТ-провайдері болып қала береді. Бүгінгі таңда Компания республиканың ірі қалалары мен облыс орталықтарындағы 27 ақпарат орталығының желісін қолдайды. Бұл 1600-ден астам тіректі құрайды. ДӨО-ның ресурстарын жалпы жою орта есеппен 95-98%-ға жетеді, ақпарат орталықтарының қызметтері телекоммуникация операторының клиенттері арасында жоғары сұранысқа ие. Бүгінгі таңда бұл өте қауіпті пайыз, сондықтан алдағы үш жылда Ақпараттық технологиялар дивизионы компанияның ақпарат орталықтарының желісін 428 тірекке ұлғайтуға ниетті. Мәселен, 2023 жылы Алматыда 84 тірекке арналған екі ДӨО модулі енгізіледі, 2024 жылы Ақкөл қаласында ДӨО-ны 42 тірекке кеңейту жоспарлануда, ал 2025 жылы елордада сыйымдылығы 300 тірек TIER III қолжетімділік деңгейімен жаңа ДӨО салу жоспарлануда. Бұдан басқа, келесі жылы АТД жоғары тиімді «жасыл» шешімдерді қолдана отырып, ДӨО-ның ағымдағы инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жұмыстарды бастайды. Алматыдағы модульдік ДӨО-ны ESG бағдарламасы шеңберінде жаңартылатын энергия көздеріне қосу және «жасыл» паспорт алу басым орында.

# 27

республиканың ірі қалалары мен облыс орталықтарындағы

**дата-орталықтар**

# >1600

деректер орталықтарындағы

**тіректер**



# 30%

соңғы бес жылдағы кірістің орташа өсу қарқыны, бұл Қазақстан шегінде де, жалпы әлемде де нарықтық қарқынға сәйкес келеді



**Бүгінгі таңда компанияның ақпарат орталықтары базасында іске асырылған өнімдер мен жобалардан түсетін кіріс оларды салуға және дамытуға салынған инвестицияларды үш есе дерлік өтегенін атап өткен жөн. ДӨО-ның базасындағы АКТ қызметтері мен жобалардан түсетін кірістің үлесі «Қазақтелеком» АҚ табысының 10%-дан астамды құрайды және бұл шама үнемі өсіп отырады. Соңғы 12 жылда ДӨО базасында көрсетілетін қызметтер бойынша түскен кіріс 152 млрд теңгені құрады. Оның ішінде тікелей кіріс — 120 млрд теңге және жанама кіріс — 32 млрд теңге.**

Дәстүрлі түрде ДӨО-ның негізгі қызметтері Co-location, Dedicated, Rent a Rack, инфрақұрылымды жалдау және қосымша қызметтер сияқты физикалық хостинг қызметтері болып табылады. Дегенмен, Компанияның виртуалды ресурстарына сұраныс үш жылда бір рет орта есеппен төрт есе артып, соңғы бес жылда есептеу өнімділігі 10 есе өскенін атап өткен жөн. Мысалы, өткен жылы IaaS «Виртуалды ақпарат орталығы» қызметі бойынша кірістің өсімі 23%-ды құрады.

Қазақстан нарығында виртуалды есептеу ресурстарына сұраныстың артуына байланысты жақын арада компанияның IT-бағыты цифрлық сервистер желісін кеңейтуді және бұлтты қызметтер көрсету үшін ақпарат орталықтарының қуатын арттыруды жоспарлап отыр. Айтпақшы, болашақ ДӨО-ның ресурстарының 50%-ы бұлттарды дамытуға қатысады.

Қазір Компания нарықтың барлық сегменттері үшін шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі корпоративтік клиенттерге бұлтты шешімдер ұсынады және өзін сапа мен қауіпсіздіктің барлық стандарттарына жауап беретін сенімді жеткізуші ретінде көрсетеді.

Серіктестік сервистерді дамыту шеңберінде қазақстандық және халықаралық IT-компаниялармен және бұлтты провайдерлермен бірлесіп, өткен жылдың шілде айында Ақпараттық технологиялар дивизионы Ресейдегі цифрлық, медиа және телекоммуникациялық сервистердің жетекші жеткізушілерінің бірі «ИТ Град 1 Клауд» ЖШҚ-мен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Нарыққа жаңа өнімдерді енгізу және шығару үшін дивизион «Қазақтелеком» АҚ-ның техникалық ресурстарын ресейлік сервис-провайдердің инновациялық технологияларымен біріктіруді, сондай-ақ өзінің байланыс арналарын, деректерді өңдеу орталықтарының қуаттарын, IT-инфрақұрылымды, бұлтты өнімдер мен қызметтерді әзірлеу мен іске қосудағы сараптаманы, cloud-шешімдерді сату арналарын және ұлттық IT-маркетплейстер бойынша құзыреттерді пайдалануды жоспарлап отыр.

Сонымен, өткен жылы екі оператордың үлкен өзара іс-қимылының бірінші кезеңі аясында ISMET.KZ жаңа «бұлтты шешімдер» парағы іске қосылды. Қазіргі уақытта ынтымақтастықтың басқа да тереңірек кезеңдері пысықталуда.

Сондай-ақ, 2022 жылы компанияның IT-бағыты АКТ өнімдерін өзіне-өзі қызмет көрсетудің full digital форматына көшіру бойынша белсенді жұмысты бастады. Енді АТ дивизионының қызметтерінің негізгі бөлігін өтінім қалдырып, ISMET.KZ-тен сатып алуға болады, жеке өнімдерді менеджерге қоңырау шалмай және қандай да бір құжаттарды жібермей-ақ өз бетінше қосуға болады. 2023 жылы цифрлық өнімдерді дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс жалғасады, ал келесі жылы АТД өз клиенттеріне сапалы қызмет көрсетудің келесі кезеңіне өтуді жоспарлап отыр.





## Инфрақұрылымды және IT-архитектураны дамыту

Пандемия цифрлық трендтердің дамуына, олардың өсуі мен бизнестің қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Соңғы екі жылда компанияда клиенттермен өзара іс-қимыл форматтары түбегейлі өзгерді, «Қазақтелеком» АҚ-ның IT-бөлімшесінен кез келген цифрлық қайта құру үшін іргетас болып табылатын икемді және масштабталатын IT-инфрақұрылымды көбірек талап ететін жаңа цифрлық шешімдер енгізілді.

Осыған байланысты компанияның IT-бағыты корпоративтік инфрақұрылымды сапалы жаһандық жаңғырту бойынша үш жылдық жобаға бастамашылық етіп, оны іске асырудың бірінші кезеңі өткен жылы сәтті аяқталды.

Жаңғырту жобасы үш негізгі бағытты қозғады: Компанияның корпоративтік ақпараттық жүйелері, республикалық корпоративтік деректерді беру желісі және есептеу виртуалды платформалары орналасқан деректерді өңдеу орталықтарының инженерлік инфрақұрылымы.

Жобаның бірінші кезеңін іске асыру шеңберінде Астана қаласының ақпарат орталығында кондиционерлеу және үздіксіз қуат беру жүйелері толығымен жаңартылды. Еліміздің барлық өңірлерінде корпоративтік желінің негізгі тораптары ауыстырылды, Алматы мен Павлодардағы виртуалды есептеу алаңдарында ескірген серверлік жабдық толығымен жаңғыртылды. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында компанияның IT-бағыты ең маңызды IT-жүйелерді жаңа алаңдарға көшіруді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, клиентпен өзара әрекеттесу процестеріне қатысатын жоғары сыни ақпараттық жүйелерді георезервациялау бойынша компания үшін алғашқы жоба іске асырылды. Георезерв Metrocluster технологиясын қолдана отырып Астана мен Ақкөл қалаларындағы екі деректерді өңдеу орталығының базасында салынған.

2024 жылға қарай компанияның IT бағыты жаһандық модернизацияны толығымен аяқтауды жоспарлап отыр және IT инфрақұрылымы бизнес талаптарының өзгеруіне төзімділік, сенімділік, өнімділік

және жауап беру жылдамдығы тұрғысынан бизнес болжамдарына толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар, келесі жылы ақпараттық технологиялар дивизионы ISO/IEC 20000 стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша халықаралық сертификаттаудан өтуді жоспарлап отыр. Бұл IT қызметтерінің сапасын басқарудың алғашқы халықаралық стандарты. Бүгінгі таңда компанияда нормативтік құжаттама әзірленіп, бекітілді, стандартпен белгіленген барлық процестер енгізілді, АТД қызметкерлері қажетті оқытудан өтіп, аудиторлық топ дайындалды.

Өткен жылдың маңызды нәтижелерінің бірі микросервистік it-архитектураға көшу және әзірлеу процестеріне Development және Operation (DevOps) тәжірибесін енгізу болды. Микросервистік архитектураға көшудің басты артықшылығы IT компоненттерін бизнес ережелерінің өзгеруіне бейімдеу мүмкіндігі болып табылады. Микросервистік архитектураның арқасында Компания оңай масштабталатын, икемді және кросс-платформалық қосымшаларды алады, оларды кез-келген пайдаланушы тапсырмаларына сай тез өзгертуге болады, ал басқа микросервистермен байланыс ашық API арқылы жүзеге асырылады. Бір сөзбен айтқанда, компанияның IT-бағыты телеком-операторға жаңа сервистер мен қызметтерді жылдам іске қосуға ғана емес, сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп қызметтер көрсету үшін компания серіктестеріне оған қосылуға мүмкіндік беретін сыртқы орта үшін барынша ашықтыққа бағдарланған жаңа архитектураны жасауда. Компанияға жүргізіліп жатқан жұмыстар жаңа өнімдер мен сервистерді цифрлық форматта тезірек шығаруға, олардың сапасын арттыруға, сондай-ақ Time-to-Market-ке қойылатын жаңа талаптарға сәйкес клиенттердің қажеттіліктеріне белсенді жауап беруге мүмкіндік береді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Siebel CRM, Oracle ASAP, BMC remedy және Amdocs секілді монолитті жүйелердің негізгі бөлігі, қызметкерлерді басқару жүйесі, telecom.kz және ismet.kz корпоративтік порталдары қазірдің өзінде микросервистерге ауыстырылды.

# Желі мен инфрақұрылымды дамыту

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның телекоммуникация желілерін техникалық дамыту мен қолдаудың инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде желілерді дамытудың мынадай негізгі бағыттары бойынша жұмыстар жалғастырылды:

- магистральдық және аймақтық тасымалдау желісі;
- магистральдық деректерді беру желісі;
- кең жолақты қолжетімділік желілері;
- коммутациялық желілер.

Нәтижесінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді.



### Деректерді беру желісі:

МДБЖ желісі

**288**  
порт 100G

**136**  
порт 40G

**48**  
порт 10G

**60**  
порт 1G

**3 734**  
Гбит/с

дейін 2 854 Гбит/с-тан Google, Meta, Akamai, Netflix, Cloudflare үшін Cache-серверлерді қосудың порттық өткізу қабілеті ұлғайтылды

**880**  
Гбит/с

Алматы қаласында МДӨО кэш-серверлері үшін инфрақұрылым салынды

100GB/c арналарына көшу арқылы Көкшетау, Өскемен, Атырау, Ақтөбе қалаларында BNGMX (2-кезең) магистральдық деректерді беру желісі кеңейтілді

ұялы операторлардың БС қосу үшін MBN желісін жаңғырту (1-кезең), Алматы, Астана қалаларында 8 CSG және 2 AGG орнатылды

Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларында РТХ10008 құрылғыларының базасында құрылған IP/MPLS ядросының бірінші жазықтығына желінің жұмысын ағымдағы деңгейде одан әрі қамтамасыз ету үшін көшу (сыни іркілістерсіз және тұрақты штаттық режимде)

сервистік шекаралық жабдықты және агрегаттық жабдықты орната отырып, облыс орталықтары деңгейінде желіні ұйымдастыра отырып, ескірген жабдықты кешенді жаңартуды көздейтін Түркістан қаласының желісін жаңғырту

Алматы және Астана қалаларында сервистердің жаңа SDN желісіне көшуі жүргізілді

Алматы қаласында ASBR жабдықтары жаңғыртылды

Франкфурт қаласында сыйымдылығы 300G жаңа PoP-торап ұйымдастырылды



**Тасымалдау желісі:****3x100****Гбит/с**

Франкфурттегі жаңа POP-торапқа дейін арна ұйымдастырылды

**800****Гбит/с**

«Ростелеком» КАҚ-мен DWDM Орал-Озинкидің жаңа шекаралық торабы ұйымдастырылды

**48\*100****Гбит/с**

DWDM магистральдық желісі Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Өскемен қалаларында ДӨО дейін КЖҚ қызметтерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жиынтық арнаға кеңейтілді

**DWDM HWT**

МДБЖ арналарын DWDM ALU құралынан жаңа DWDM HWT транзиттік желісіне ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізілді

**Қолжетімділік желісі:**

FTTH желілері келесі қамтумен салынған:

**115****көппәтерлі үйді**

(оның ішінде Алматы – 54, Түркістан – 59, Шымкент – 2)

**833****коттеджді**

(оның ішінде Алматы – 253, Шымкент – 580)

**+160****порт**

GPON желісін кеңейту жүргізілді

Мыс желілерінен оптикаға ауыстырылды:

**85 000****абонент**

дедупликация жобасы аясында

**1 000****абонент**

КСБ бойынша құрылыс және күрделі жөндеу шеңберінде

**862****абонент**

Курчатов қаласы толығымен оптикаға ауыстырылды

**1,84****млрд теңге**

жалпы шығын

**Коммутациялық желілер:**

Алматы және Орал қалаларында АҚТС-ты тарату бойынша жұмыстар аяқталды;

екі SSW-ді бір орталықтан-дырылған SSW-ге біріктіру арқылы SSW SoftX-3000 оңтайландыру аяқталды;

Қарағанды, Жезқазған, Қызылорда, Көкшетау, Петропавл, Атырау қалаларындағы АҚТС-ты SSW-ге ауыстыру;

C&amp;C08 типті коммутациялық жүйелерді ЖІШЖ функционалымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

мыстан дедупликациялау және FTTH-ке көшіру жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылды;

абоненттердің кетуіне және олардың басқа технологияларға көшуіне қарай монтаждалған сыйымдылықты қысқартуды қоса алғанда, жергілікті АТС оңтайландыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

**IPTV қызметін енгізу және дамыту:**

TV+ платформасының желілік бөлігі және Netris платформасынан қызметтерді көшіру толық жабдықталған.

**2023 жылға арналған жоспарлар мен міндеттер****Тасымалдау желісі:**

- сыйымдылығы 4\*100 Гбит/с Ресей – Өзбекстан (Бейнеу – Күнград 2\*100гбит/с, Абай – Пахта 2\*100гбит/с), Ресей – Қырғызстан 3\*100гбит/с (Мерке – Чалдовар 1\*100гбит/с, Қордай – Бішкек 2\*100гбит/с) бағытындағы транзиттік арналарды ұйымдастыру;
- Павлодар, Тараз, Семей, Қостанай, Петропавл қалаларында МДБЖ кеңейту жөніндегі жобаларға сәйкес магистральдық желіде арналарды ұйымдастыру үшін DWDM құралдарын жалпы алғанда 18\*100гбит/с-қа кеңейту.

**IPTV қызметін енгізу және дамыту:**

- Netris платформасынан сервистерді көшіру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

**Деректерді беру желісі:**

- RTX10008 (желі ядросының екінші жа-зықтығын кеңейту) құрылғылары базасында құрылған МДБЖ желісінің ядросын кеңейту жобасын іске асыру;
- кэш-серверлерді кеңейту жөніндегі жобаны іске асыру;
- МДБЖ операторлық байланыстарын және сервистік шекарасын кеңейту жөніндегі жобаны іске асыру;
- MBH жобасын іске асыру (2-кезең);
- Smart Pavlodar МДБЖ жобасын іске асыру;
- VoIP-шлюздерді дедупликациялау бойынша жобаны іске асыру, клиенттерді мыстан оптикаға ауыстыру;
- BNGMX магистральдық деректерді беру желісін кеңейту бойынша жұмыстарды жүргізу (3-кезең);
- Алматы, Астана, Шымкент қалаларында 5G-ны енгізу жөніндегі жобаны іске асыру.

**Қолжетімділік желісі:**

- 2022 жылы В2С филиалдарында кең жолақты желіні дамыту жобаларына сәйкес 14 қалада оптикалық қолжетімділік желілерін кеңейту;
- «ONT ECI/Ericsson алмастырусыз GPON технологиясы бойынша қолжетімділіктің ескірген оптикалық желілерінің жабдықтарын жаңғырту» БЖ сәйкес құрал-жабдықтарды жеткізуді жүзеге асыру және GPON ECI/Ericsson жабдықтарын (Алматы, Қарағанды ШСТБ 1-кезеңі) ауыстыруды жүргізу;
- мысты дедупликациялау және FTTH-ке көшіру жобасы бойынша абоненттерді ауыстыру жоспарларын іске асыру;
- Ақсай, Жаңаөзен, Түркістан, Астана, Алматы қалаларында «2023 жылы қалалық желілерді GPON технологияларына көшіру» жобасы бойынша FTTH желілерін салу жөніндегі жоспарларды іске асыру;
- «24 АЕМ-де ТОБЖ құрылысы 50 + АҚ лицензиялық міндеттемелерін орындау» жобасын аяқтау.

**Коммутациялық желі:**

- ХКО-1 және ХКО-2 пайдаланудан шығару арқылы қалааралық/халықаралық байланыс желісін NGN желісіне ауыстыруды аяқтау;
- Орал, Қарағанды, Жезқазған, Қызылорда қалаларының АҚТС пайдаланудан шығаруды аяқтау;
- Көкшетау, Петропавл, Атырау, Ақтау қалаларындағы АҚТС-ты SSW-ге ауыстыру;
- абоненттердің кетуіне және олардың басқа технологияларға көшуіне қарай монтаждалған сыйымдылықты қысқартуды қоса алғанда, жергілікті АТС оңтайландыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
- C&C08 типті коммутациялық жүйелерді ЖІШЖ функционалымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды аяқтау;
- мыстан дедупликациялау және FTTH-ке көшіру жобасын іске асыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.





# Big Data-ны дамыту

## 14 млрд теңге

2022 жылы іске асырылатын жобалардың қорытындылары бойынша болжамды экономикалық тиімділік



Өткен жылы Ақпараттық технологиялар дивизионы қызметінің маңызды нәтижелерінің бірі Компаниядағы үлкен деректермен жұмыс істеуді тиісті деңгейге шығару, сондай-ақ Компания үшін қосымша кірісті генерациялау және нарықтағы көшбасшылық позицияларды сақтау құралы ретінде Big Data аналитикасын енгізу деп атауға болады.

Өткен жылы цифрлық трансформация шеңберінде Дивизион базасында «Деректер фабрикасы» жеке құрылымдық бөлімшесі құрылды, сондай-ақ деректерді талдау негізінде әртүрлі шешімдерді немесе идеяларды сынақтан өткізуге бағытталған «Sandbox — құмсалғыш» ауқымды жобасы табысты іске асырылды. Бұл жоба барысында Big Data бөлімшелерінің қызметкерлері «Деректер фабрикасының» мамандарымен бірлесіп әртүрлі гипотезаларды сынайды және олардың негізінде тұтынушыларға арналған өнімдерді немесе ішкі пайдалану шешімдерін жасайды. Өткен жылы ғана «құмсалғышта» 76-ға жуық гипотеза сыналды, оның 17-сі қолданыстағы жобаларға айналды, ал алтауының қазірдің өзінде экономикалық нәтиже беруде. Олардың қатарында абоненттік базаны ұлғайтуға, қызмет көрсетуді жақсартуға, күрделі салымдар бюджетін тиімді пайдалануға, ҚДО және TV+ қызметтерін пайдала-

нушыларды, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ-ның пакеттік ұсыныстарын пайдаланатын жеке клиенттерді ұлғайтуға бағытталған құралдар мен сервистер бар. Қазірдің өзінде үлкен деректерді талдаудың арқасында компания мамандары мақсатты және дербестендірілген ұсыныстарды дамытады, абоненттердің кетуімен жұмыс істейді, IT-жабдықтардың жұмысындағы ықтимал ақауларды болжауға және оның тоқтап қалу уақытын 10%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік беретін проактивті мониторинг жүйесін әзірлейді және енгізеді, осылайша байланыс қызметтерін үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда 2022 жылы іске асырылып жатқан жобалардың қорытындысы бойынша экономикалық тиімділік 14 млрд теңге деңгейінде болжануда, 2023 жылы FCF жаңа жобалардан 30%-ға артық жоспарланған.

# 2022 жылғы қаржы қызметі

GRI 2-6

Компания 2022 жылы ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыруда оң нәтижелерге қол жеткізді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша:

## 1 863 228

порт

КЖҚ абоненттерінің саны (немесе 2021 жылмен салыстырғанда 100,1%-ды құрады)

## 2 651 454

бірлік

«Қазақтелеком» АҚ желісіндегі тіркелген желілердің саны (немесе 2021 жылмен салыстырғанда 95,6%). тіркелген желілер санының азаюы тіркелген телефония қызметін пайдаланушылардың ұялы байланыс пайдасына бас тартуымен түсіндіріледі, бұл әлемдік үрдістерге сәйкес келеді

## 930 682

нүкте

ақылы теледидар абоненттерінің саны (немесе 2021 жылмен салыстырғанда 101,3%)


## 14 548 861

абонент

ұялы байланыс абоненттерінің саны (немесе 2021 жылмен салыстырғанда 100,04%)






ARPU өзгеру динамикасы<sup>5</sup>, теңге<sup>5</sup> АҚ бойынша деректер.

## Қаржы шолуы

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша кіріс құрылымы, %



2022 жылы ең үлкен үлес кіріске тиесілі:

- «Қазақтелеком» АҚ табысының жалпы құрылымындағы үлесі бар деректерді беру желісінің қызметтерінен – 48%;
- кірістің жалпы құрылымындағы үлесімен ұялы байланыстан – 20%;
- жапы кіріс құрылымындағы үлесі бар тауарларды өткізуден түсетін кіріс – 7%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар жергілікті телефон байланысы қызметтерін ұсынадан – 4%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар конвергентті қызмет көрсетуден түскен кіріс (FMS/FMC) – 4%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық қызметтерден – 2%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар ақылы теледидар – 3%;
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған байланыс операторларымен жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар келісімдер бойынша – 3%;
- жалпы кірістер құрылымындағы үлесі бар басқа қызметтерден – 3%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен әңгімелер – 2%;
- жалпы кіріс құрылымындағы үлесі бар халықаралық операторлармен келісімдер бойынша – 2%.

- Жергілікті телефон желісі
- Тасымалдау желісі арналарын жалдау
- Ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, үшінші бөгде операторларының абоненттерімен сөйлесу
- Өзге
- Конвергентті қызмет көрсетуден түсетін кіріс (FMS/FMC)
- Ақылы теледидар
- Тауарларды сатудан түсетін кіріс
- Қазыналық деректер операторының (ҚДО) қызметтері
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған байланыс операторларымен келісімдер бойынша кіріс
- Деректерді беру желісі

# 634 496

млн теңге

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірісі

# 285 288

млн теңге

Салықтар, кредит үшін пайыздар және амортизациялық аударымдар шегерілгенге дейінгі пайда – EBITDA 2022 жылдың қорытындысы бойынша

# 44,96%

Операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығындарды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асырудың арқасында EBITDA маржа деңгейі

# 460 238

млн теңге

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған операциялық шығын (өзіндік құны мен кезең шығыны) есеп беру кезеңінде

# 128 753


млн теңге

шоғырландырылған таза пайда






5 жылдағы ең маңызды кіріс баптарының динамикасы, млн теңге



- Жергілікті байланыс
- ХҚТБ
- Өзге қызметтер
- ДБ қызметтері
- Операторлық сегмент
- Ұялы желі

2021 жылға қатысты 2022 жылғы кіріс құрылымындағы өзгерістер, млн теңге







# 4

## Тұрақты даму туралы есеп: тұрақты дамуды басқару





# Басқару тәсілі

**«Қазақтелеком» АҚ-да тұрақты даму күн тәртібі Қазақстанда және бүкіл әлемде мұқият назар аударуды және компаниялардың бірлескен күш-жігерін талап ететінін түсінеміз және тұрақты болашаққа қол жеткізуге өз үлесімізді дайындықпен және жоғары деңгейде тартыла отырып жұмыс істейміз.**

Компания тұрақты даму саласында тиімді басқару жүйесін құруға ұмтылады. «Қазақтелеком» АҚ-да Компанияның осы саладағы негізгі қағидаттарын қамтитын тұрақты даму саласындағы саясат әзірленді:



## Ашықтық

Біз өзара мүдделерді есепке алу, біздің мүдделеріміз бен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңдікті сақтау негізінде ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құру үшін барлық мүдделі тараптармен диалогқа ашықпыз.



## Есеп беру

Біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін жауапкершілігімізді және ұзақ мерзімді негізде Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуы үшін акционерлер мен инвесторлар алдында есеп беретінімізді түсінеміз.



## Айқындық

Біздің барлық шешімдеріміз бен әрекеттеріміз айқындыққа және мүдделі тараптар үшін ақпараттың уақтылы ашылуына негізделді.



## Этикалық мінез-құлық

Біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміздің негізінде құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух пен сенім, адамгершілік пен әділеттілік сияқты құндылықтарымыз жатыр.




## Құрмет

Біз мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз.




## Заңдылық

Біз шешімдер қабылдаймыз және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып әрекет етеміз.



## Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік

Біз сыбайлас жемқорлыққа барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кезінде оның кез келген көріністерінде төзбеушілік танытамыз. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жұмыстан босатылады және жауапқа тартылады.



## Адам құқықтарын сақтау

Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларация сияқты халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз. Біз балалар еңбегін пайдалануға мүлдем жол бермейміз және тыйым саламыз. Біздің қызметкерлер — біздің басты құндылығымыз және негізгі ресурсымыз, біздің қызметіміздің нәтижелері мен инвесторлар үшін жасалған құн олардың кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне тікелей байланысты.



## Мүдделер қайшылығына жол бермеу

Мүдделер қайшылығына байланысты барлық бұзушылықтар Компанияның беделіне нұқсан келтіруі және акционерлер мен өзге де мүдделі тараптардың оларға деген сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін, сондай-ақ лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер етпеуі тиіс.



## Жеке үлгі

Біздің әрқайсымыз күнделікті өз іс-әрекеттерімізде, мінез-құлқымызда және шешім қабылдауда тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз.

Тұрақты даму жүйесін жетілдіру «Қазақтелеком» АҚ-ның 2024 жылға дейінгі Стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Компанияда «Қазақтелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы миссиясы тұжырымдалған, ол қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандыру, болашақ ұрпақ үшін мүмкіндіктерді сақтау және кеңейту, өз қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң үлес қосу болып табылады.

Тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін реттейтін ішкі саясатты құра және енгізе отырып, сондай-ақ корпоративтік басқару құрылымына тұрақты даму қағидаттарын енгізе отырып, «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік тұрақтылықты басқару практикасын дамытуды жалғастыруда.





**GRI 2-23**

«Қазақтелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы негізгі қағидаттары ESG саласындағы негізгі саясаттар мен құжаттарда көрсетілген:

- Тұрақты даму саясаты (2023 жылғы бірінші жартыжылдықта жаңартылған) (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 5 шешімімен бекітілген);
- Экологиялық саясат (2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жаңартылған) (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 5 шешімімен бекітілген);
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясат (Басқарманың 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 2/7 шешімімен бекітілген);
- Орнықты даму саласындағы нұсқаулық (Басқарманың 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 5 шешімімен бекітілген);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 5 шешімімен толықтыру енгізілді) (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 9 шешімімен бекітілген);
- Болжамды этикалық емес / заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 10 шешіміне толықтырулар мен өзгеріс енгізілді) (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 9 шешімімен бекітілген);
- Employee Experience стратегиясы (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № 8 шешімімен бекітілген);
- Іскерлік этика кодексі (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 14 шешімімен бекітілген);
- Корпоративтік басқару кодексі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 56 шешімімен бекітілген);
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін тұрақты даму бойынша референс моделі;
- «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару стандарты;
- ISO 14001, ISO 26000, ISO 9001, ISO 45001 халықаралық стандарттары.

# Тұрақты дамуды басқару құрылымы

**GRI 2-9, 2-12**

## «Қазақтелеком» АҚ тұрақты дамуды басқаруға өзінің көзқарасын жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс істеуде.

Компанияның Директорлар кеңесі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін қоса алғанда, тұрақты даму мәселелерін басқаруға белсенді қатысады. Директорлар кеңесі қызметтің стратегиясы мен негізгі бағыттарын айқындайды, тұрақты даму саласындағы есептілікті қарайды және бекітеді, Компанияның қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуді бақылайды, сондай-ақ климаттық тәуекелдерді қоса алғанда, тұрақты даму тәуекелдері мәселелерін басқаруды жүзеге асырады.

2022 жылға дейін Директорлар кеңесі комитеттерінің деңгейінде тұрақты дамуды басқару үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті жауап берді. Компанияның ESG тәжірибелерін дамыту және күшейту аясында 2022 жылдың шілдесінде аудит комитеті аудит және тұрақты даму комитеті болып өзгертілді. Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметін бақылау шеңберіндегі Комитеттің функцияларына мыналар жатады:

- Компанияның жылдық есебін ұсынылған қаржылық емес ақпараттың сапасына алдын ала мақұлдау;
- Директорлар кеңесіне тұрақты дамуға қатысты тақырыптар бойынша, сондай-ақ Компанияда ESG және төмен көміртекті даму қағидаттарын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- тұрақты даму, этикалық мінез-құлық және жауапты инвестициялау қағидаттарын ескере отырып, бизнес-процестердің трансформациясын бақылау;
- Директорлар кеңесіне Компанияның тұрақты даму саласындағы жаңа саясаттарын, жоспарларын, бағдарламаларын, сондай-ақ Қоғамның тұрақты даму саласындағы басым жобаларын, негізгі іс-шаралары мен бастамаларын бекітуге және қолданыстағы саясатының тиімділігін бағалауға қатысты ұсыныстар әзірлеу;

- Компанияның төмен көміртекті дамуы мен көміртегі ізін басқару мәселелерін, соның ішінде Компания үшін туындайтын ықтимал тәуекелдер мен жаһандық климаттық күн тәртібіне байланысты шектеулерді қарастыру;
- Директорлар кеңесіне қызметтің, корпоративтік есептіліктің және құжаттардың тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтердің талаптарына сәйкестігіне қатысты ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтердегі позицияларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;
- Қоғамның тұрақты даму саласындағы жария есептілігінің сапасына мониторинг жүргізу.

**GRI 2-13**

Тұрақты дамуды басқару мәселелеріне жауапты бөлімше корпоративтік басқару қызметі болып табылады. Қызмет Компанияның ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарына, саясаттарына, тәжірибелеріне және ішкі бақылауына үнемі түгендеу жүргізеді. Сонымен қатар, тұрақты даму тәуекелдерін анықтау бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде және оларды басқару бойынша шаралар қабылдануда. Корпоративтік басқару қызметі аудит және тұрақты даму комитетінің қарауына әзірленген ішкі құжаттарды бекіту, тұрақты даму саласындағы қызметтің нәтижелері туралы ақпарат беру және т. б. сияқты тұрақты даму саласындағы Компанияның қызметіне байланысты мәселелерді жүйелі түрде (жартыжылдықта кемінде бір рет) шығарады.

Басқарма Төрағасы мен филиалдардың бас директорлары компанияның іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрақты

даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды бақылауды, іске асыруды және енгізуді және дұрыс ақпарат беруді жүзеге асырады. Тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарушы директоры Компанияның мақсаттарға және тиімділікке қол жеткізу жөніндегі қызметінің тәсілдерін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Этикалық стандарттарға қатысты ішкі коммуникациялар рәсімін Комплаенс-бақылаушы/Комплаенс қызметінің басшысы реттейді. Коммуникациялар департаментінің басшысы қоғаммен сыртқы қарым-қатынас үшін жауап береді.

Қызметкерлерді басқаруға, еңбекті және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қорғауға, қоршаған ортаны қорғауға жауапты «Қазақтелеком» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы жекелеген мәселелерге жетекшілік етеді, тұрақты дамуды басқару жүйесін бастамалауға, үйлестіруге және енгізуге және Компанияның ТДМ-ға қол жеткізуіне жауап береді. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің бастамаларын іске асыруға «Қазақтелеком» АҚ-ның Орталық аппараты тікелей жауапты және бақылауды өз мойнына алады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағыттары:

- адамдардың өмірін жақсарту мақсатында инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- тұрақты экономикалық өсу;
- қоршаған ортаға әсерді азайту;
- тартымды жұмыс жағдайларын жасау және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.





## ESG саласындағы басым бағыттар



### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

(Environmental)

- табиғи ресурстарды тұтынуды азайту;
- энергия тиімділігі.



### ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

(Social)


- қызметкерлерді оқыту және дамыту;
- қызметкерлерді тарту деңгейінің өсуі;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік тұрақтылық.



### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ АСПЕКТІСІ

(Governance)

- акционерлердің құқықтары;
- корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері;
- әділ сыйақы.



«Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2023 жылдарға арналған ESG-рейтингін алу жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде мынадай іс-шаралар мен бастамалар іске асырылды:

- климаттың өзгеруі туралы ақпаратты ашу;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу;
- ESG рейтингін алуға дайындық;
- Тұрақты даму саласындағы жол картасын әзірлеу.

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ESG-ПРАКТИКАЛАРЫН ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ КӨП КӨҢІЛ БӨЛЕДІ. ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ КОМПАНИЯДА ESG САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ЕНГІЗУДІҢ ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖОЛ КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ. ҚҰЖАТ КЕЛЕСІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АЛДАҒЫ ҮШ ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:







# ESG саласындағы стратегиялық мақсаттар

GRI 2-23

## Экология

Электр энергиясы «Қазақтелеком» АҚ-ның пайдаланатын энергия жұмсайтын ресурстарының бірі болып табылады. Осыны ескере отырып, Компания электр энергиясын тұтынуды азайту үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, климаттың өзгеруіне қарсы күресте барынша елеулі үлес қосты.

## Қоғам

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының жетекші телекоммуникациялық компаниясы, сондай-ақ бүкіл ел бойынша жұмыс орындарын құратын ірі жұмыс беруші болып табылады. Компания оның белгілі бір аймақта болуы тұрғындар мен жұмысшылардың өмір сүру сапасына қалай әсер ететінін түсінеді және осы әсерді басқару үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдайды.

Компания 2022 жылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қызметті жүзеге асыратын өңір-

лерде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылысын жалғастырды. Сонымен қатар, Компанияның назары қызметкерлердің әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Компанияда жыл сайын үш негізгі көрсеткіш негізінде әлеуметтік тұрақтылықты анықтау мақсатында Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік зерттеуі жүргізіледі:

- Қатысу индексі;
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі;
- Әлеуметтік тыныштық индексі.

## Корпоративтік басқару

Барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алу мақсатында «Қазақтелеком» АҚ жыл сайын барлық заңнамалық талаптарға және үздік әлемдік практикаға сәйкес корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құрады және қолдайды.



ПӘК

«Энергетикалық және табиғи ресурстарды тұтынуды азайту»

2032 жылға дейінгі мақсат


**жылына 2%-ға**

электр энергиясын тұтынуды азайту

2022 жылы:

**13,2%<sup>6</sup>**

электр энергиясын тұтынуды азайту



ПӘК

«Әлеуметтік тұрақтылық индексі»

2032 жылға дейінгі мақсат:

**64-79%**

деңгейінде ұстау

2022 жылы:

**67%**

ПӘК

«Нөлдік жарақат»

2032 жылға дейінгі мақсат:

**2**

жазатайым оқиға

2022 жылы:

**0,06 (LTIFR)**



ПӘК

«Корпоративтік басқару рейтингі»

2032 жылға дейінгі мақсат:

**AA**

деңгейінде ұстау

2022 жылы:

**BBB**

<sup>6</sup> Төмен көміртекті дамуға көшу, мыс желілерін заманауи оптикалық-талшықты технологияларға көшіру және ауыстыру, энергия тұтынатын жабдықты пайдаланудан шығару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың арқасында энергия тұтынуы 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 13,2%-ға төмендеді.





# Тұрақты даму саласындағы тәуекелге бағытталған тәсіл

GRI 2-12

Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктер жыл сайын компанияда бағаланады. Бағалау процесіне ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ESG факторларының әсерін талдау кіреді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы негізгі әсерлері, тәуекелдері мен мүмкіндіктері (SWOT-талдау)

 <b>Күшті жақтары</b>	 <b>Әлсіз жақтары</b>	 <b>Мүмкіндіктер</b>	 <b>Тәуекелдер</b>
<p><b>Экономикалық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• инновация және технологиялық прогресс;</li> <li>• жергілікті экономикалық өсу.</li> </ul>	<p><b>Экономикалық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әлемдік экономиканың өсу қарқынының төмендеуі;</li> <li>• саяси тұрақсыздықтың әлеуеті;</li> <li>• пандемияға байланысты ықтимал экономикалық дағдарыс.</li> </ul>	<p><b>Экономикалық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• нарықтағы қамту пайызының артуы;</li> <li>• бизнес пен мемлекет үшін жаңа технологияларды дамыту;</li> <li>• пандемияға байланысты АКТ қызметтеріне сұраныстың өсуі.</li> </ul>	<p><b>Экономикалық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• басқарудың саяси құрылымындағы өзгеріс;</li> <li>• саяси шиеленістер, кибершабуылдар.</li> </ul>
<p><b>Әлеуметтік аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Компанияның қарқынды дамуы;</li> <li>• қалаланудың өсуі.</li> </ul>	<p><b>Әлеуметтік аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• АКТ қызметтерін ұсынудың техникалық мәселелеріне байланысты адамдардың наразылығының артуы;</li> <li>• бәсекелестіктің өсуін күшейту.</li> </ul>	<p><b>Әлеуметтік аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Ақылды үй» технологиялық шешімдері;</li> <li>• бұлтты сақтауды халық үшін пайдаланудың артықшылықтары;</li> <li>• АКТ технологиялары арқылы білім мен медицина деңгейін арттыру.</li> </ul>	<p><b>Әлеуметтік аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• геосаяси тәуекелдер;</li> <li>• ереуілдерге, митингілерге байланысты әлеуметтік осал мәселелер.</li> </ul>
<p><b>Экологиялық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қоршаған ортаның ластануы және табиғи ресурстардың сарқылуы проблемаларының маңыздылығын арттыру.</li> </ul>	<p><b>Экологиялық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• табиғи ресурстардың сарқылуы;</li> <li>• климаттың өзгеруі;</li> <li>• қоршаған ортаның ластануы;</li> <li>• тұтынудың жаһандық өсуі.</li> </ul>	<p><b>Экологиялық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тұрақты даму қағидаттарын енгізу;</li> <li>• салаларды экологияландыру.</li> </ul>	<p><b>Экологиялық аспект</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жергілікті экологиялық проблемалардың өсуі;</li> <li>• табиғат қорғау заңнамасының талаптарын қатаңдату.</li> </ul>





# Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі

«Қазақтелеком» АҚ тұрақты дамудың барлық он жеті мақсатының маңыздылығын мойындайды және телекоммуникация секторы, Компания қызметінің ерекшелігі және Компания өсуінің стратегиялық бағыттарын орындау үшін ерекше өзекті болып табылатын тоғыз негізгі мақсатты айқындайды.

БҰҰ-ның Тұрақты дамуының басым мақсаттары

## Алғашқы таңдау бренді



### 11-ші ТДМ

Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету



### 15-ші ТДМ

Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру және биоалуантүрлілікті жоғалту процесін тоқтату



### 17-ші ТДМ

Орнықты даму мүддесінде Жаһандық серіктестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

## Цифрлық платформа



### 10-шы ТДМ

Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту



### 12-ші ТДМ

Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету



### 16-шы ТДМ

Орнықты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

## Тиімді ұйымдастыру



### 4-ші ТДМ

Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алуды ынталандыру



### 8-ші ТДМ

Түсімді, жан-жақты және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу



### 9-шы ТДМ

Орнықты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу





## БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі

### БҰҰ-ның ТДМ



Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алуды ынталандыру

### ТДМ-ның өзекті міндеттері

**4.4** 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдыларға ие жас және ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту

**4.7** 2030 жылға қарай барлық оқушылардың орнықты дамуға жәрдемдесу үшін, оның ішінде орнықты даму және орнықты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, бейбітшілік пен зорлық-зомбылықсыз мәдениетті насихат- тау, бейбітшілік азаматтығы және мәдени әртүрліліктің құн- дылығын және мәдениеттің орнықты дамуға қосқан үлесін сезіну мәселелері бойынша оқыту арқылы қажетті білім мен дағдыға ие болуын қамтамасыз ету

### «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындайтын іс-шаралары

- Оқу орындарымен ынтымақтастыққа және студенттердің Компанияда тағылымдамадан өтуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік университетінің ашылуы;
- 23 521-ден астам қызметкер келесі бағыттар бойынша оқытылды: Leadership academy, EX academy, HSE & ESG academy, Сервис және сату академиясы, техникалық академия, IT-академия, Qazaq&English academy, Қаржы академиясы, Jas academy

- ESG стандарттарын енгізу кезінде басқару органының одан әрі сапалы өсуі мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері үшін оқыту іс-шаралары өткізілді



Түсімді, жан-жақты және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу

**8.2** Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары секторларға және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу

**8.8** Еңбек құқықтарын қорғау және көшіп-қонушы еңбек- шілерді, әсіресе көшіп-қонушы әйелдерді және тұрақты жұмыспен қамтылмаған адамдарды қоса алғанда, барлық еңбекшілер үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

- Желілік инфрақұрылымды үнемі жақсарту;
- Инновациялық қызмет пен жаңа бизнесті дамыту: 5G, IoT, Smart City, тауарларды таңбалау және т. б.;
- Желілерді техникалық дамыту және қолдау

- Адам құқықтары саласындағы саясат әзірленді және бекітуге жоспарланған;
- Қызметкерлерге, оның ішінде Ұжымдық шарт шеңберінде әлеуметтік қолдау көрсету



Орнықты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

**9.1** Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқа- тын қолдау мақсатында, барлық адамдар үшін арзан әрі тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударатырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және орнықты инфрақұрылымды дамыту

**9.2** Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділікті едәуір кеңейту және неғұрлым төмен дамыған елдерде Интернетке жалпыға бірдей және арзан қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылу

- «Қазақтелеком» АҚ платформасында Қазақстан Республикасының 17 қаласында 34 мың бейнекамера орнатылған. Бейнекамералар кіреберіс топтарға және көпқабатты үйлердің кіреберістеріне орнатылған



Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту

**10.3** Мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және нәтижелер теңсіздігін, оның ішінде кемсітушілік заңдарды, саясат пен практиканы жою және осы бағытта тиісті заңнаманы, саясат пен шараларды қабылдауға жәрдемдесу арқылы азайту

- Компанияның әйел қызметкерлерінің білімі мен құзыреттілігін арттыруға бағытталған «Өңірлердегі әйелдерді қолдау» бағдарламасы іске қосылды;
- Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы саясат әзірленді және бекітуге жоспарланған





## БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі

### БҰҰ-ның ТДМ

### ТДМ-ның өзекті міндеттері

### «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындайтын іс-шаралары



Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету

**11.3** 2030 жылға қарай елді мекендерді кешенді және орнықты жоспарлау және оларды барлық елдерге кеңінен қатысу негізінде басқару үшін баршаға ашық және эко-логиялық тұрақты урбандалу мен мүмкіндіктер ауқымын кеңейту

- Табиғи сипаттағы ауқымды төтенше жағдайға байланысты (орман өрттері) барлық зардап шеккендерге көрсетілетін қызметтер үшін абоненттік төлем бойынша берешектер мен өсімпұлдарды босату және есептен шығару түрінде көмек көрсетілді



Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету

**12.2** 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды ұтымды игеруге және тиімді пайдалануға қол жеткізу

- Мыс байланыс желілерін дедупликациялау және жарықдиодты шамдарды ауыстыру сияқты энергияны тұтынуды азайту шараларын жүзеге асыру;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы

**12.6** Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға өндірістің тұрақты әдістерін қолдануды және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуді ұсыну

- Тұрақты даму қағидаттары мен құндылықтарын енгізу;
- Тұрақты даму саласындағы бастамалар бағдарламасын іске асыру;
- GRI стандарттарының талаптарына сәйкес жыл сайынғы тұрақты даму есебін шығару;
- 2023 жылы ESG рейтингін алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру



Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдеу - су, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттену-ге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру және биоалуантүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

**15.1** Халықаралық келісімдерден туындайтын міндеттемелерге сәйкес жер үсті және ішкі тұщы су экожүйелері мен олардың қызметтерін, оның ішінде ормандарды, сулы-батпақты алқаптарды, таулар мен қуаң жерлерді сақтауды, қалпына келтіруді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

- Желілер салынғаннан кейін жерді рекультивациялау бойынша іс-шаралар өткізу;
- 2023 жылға жоспарланған биоалуантүрлілікті және жер ресурстарын басқару жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге дайындық жұмыстары



Орнықты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

**16.5** Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту

- Корпоративтік басқарудың негізгі органдарының қызметкерлері мен мүшелерінің 100%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар болды;
- Компанияның қызметіне әсер ету салаларын, келіспеушіліктерді және Компанияның кірісін түгел алмауға және шығынға әкеп соқтыратын өзге де бұзушылықтарды анықтау тұрғысынан талдау жүргізілді.



Орнықты даму мүддесінде Жаһандық серіктестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

**17.16** Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологиялар мен қаржы ресурстарын жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылатын орнықты даму мүддесіндегі жаһандық серіктестікті нығайту;

- Заң шығарушы және атқарушы органдармен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті қауымдастықтармен және бизнес қауымдастықтармен өзара әрекеттесу;
- Халықаралық және ұлттық қауымдастықтарға қатысу;
- Жұмыс топтарына, мемлекеттік құрылымдардың бейіндік комитеттеріне және қауымдастықтарға мүшелік

**17.17** Серіктестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегиясына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді әріпте-стікті ынталандыру және көтермелеу





# Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

GRI 2-29

## Мүдделі тараптарды сапалы тарту — «Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты және табысты дамуының маңызды аспектілерінің бірі.

Компанияның стратегиялық мақсаттарын қоюға және олардың орындалуына мүдделі тараптардың мүдделері мен талаптары айтарлықтай әсер етеді. Мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қалауларын құрметтеу және есепке алу құндылықтары, олармен жедел және жиі байланыста болу, сондай-ақ өздеріне алған міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау ұзақ мерзімді әріптестік қатынастарды дамытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ мүдделі тараптарды екі санатқа бөледі:

- жақын орта (жақын әсер ету аймағы) — Компания қабылдаған таңдауларға тікелей және айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ететін мүдделі тараптарды қамтиды.
- алыс орта (жанама әсер ету аймағы) — Компанияның шешімдеріне жанама әсер ететін мүдделі тараптарды қамтиды.

Есепті кезеңде Компанияның мүдделі тараптарының картасы өзгеріссіз қалды. 2023 жылы оны тұрақты даму саласындағы жетекші әлемдік тәжірибелерге сәйкестендіру үшін өзектендіру жоспарлануда.

Мүдделі тараптардың картасы



- Мүдделі тараптардың жақын ортасы
- Мүдделі тараптардың алыс ортасы

### Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл



#### Акционерлер

##### Мүдделері


- Компанияның құнын арттыру;
- дивидендтер алу;
- тұрақтылық және қызмет ауқымын кеңейту;
- ашықтық;
- тәуекелдерді тиімді басқару;
- Компанияның құнын және дивиденд мөлшерін көбейту.

##### Үлес

- қаржы қаражатын бөлу;
- жарғылық капиталды толықтыру.

##### Өзара әрекеттесу механизмдері

- дивидендтер төлеу;
- жылдық қаржылық және қаржылық емес есептілікті бекіту;
- SERPIN трансформация бағдарламасын жүзеге асыру;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- сұрақ-жауап, сауалнама, тестілеу жүргізу.



#### Қызметкерлер

##### Мүдделері

- Компанияның нәтижелері мен жетістіктері;
- Компанияның даму келешегі;
- кадрлық және әлеуметтік саясат;
- қызметкерлерді тарту және дамыту перспективалары;
- материалдық және материалдық емес ынталандыру жөніндегі іс-шаралар, жастар саясаты;
- Ұжымдық шарт.

##### Үлес

- адами ресурстар;
- адалдық.

##### Өзара әрекеттесу механизмдері

- нөлдік жарақаттануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
- басшылықпен тұрақты кездесулер, келіссөздер жүргізу;
- корпоративішілік коммуникация арналарының жұмыс істеуі, «жедел» желі;
- қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайлары;
- кәсіби өсуді, біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету.





## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл



### Еншілес ұйымдар

#### Мүдделері

- мемлекеттік органдармен жұмыс кезінде жәрдемдесу;
- коммерциялық мүдделер.

#### Үлес

- акционерлердің мүдделерін сақтау.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- ЕҰ-ның қызметінің нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізу;
- ЕҰ-мен бірлесіп мобильді бизнесті дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- Компанияның стратегиялық шешімдерін акционер ретінде қабылдауға ЕҰ-ның қатысуы.



### Кәсіподақ

#### Мүдделері

- қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі және қорғалуы;
- Ұжымдық шарт;
- заңнама нормаларын сақтау.

#### Үлес

- әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- еңбек қатынастарын реттеу және жанжалдарды шешу.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- Ұжымдық шарттың барлық тармақтарын орындау;
- Компания қызметкерлеріне пайызсыз қарыздар беру түрінде материалдық көмек көрсету;
- қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- корпоратившілік коммуникация арналарының жұмыс істеуі, «жедел» желі.



### Серіктестер

#### Мүдделері

- коммерциялық мүдделер.

#### Үлес

- жобаларды бірлесіп іске асыру;
- технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансфері.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- серіктестердің Компанияның акционері ретіндегі стратегиялық шешімдерін қабылдауға қатысуы;
- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат алмасу;
- ағымдағы қызмет туралы есептер.



### Клиенттер

#### Мүдделері

- коммерциялық мүдделер;
- қызметтердің сапалық сипаттамалары;
- қызметтерді алудың үздіксіздігі;
- қызметтерді білікті сервистік қолдау.

#### Үлес

- Компанияның адалдығы;
- тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы қаржылық ресурстар.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- онлайн қызмет көрсету;
- қолдау қызметтерінің арналарын ұлғайту және жетілдіру;
- тұтынушылардың кері байланыс жүйесі;
- тұтынушылардың қанағаттануын талдау;
- шарттар жасасу.



### Мемлекеттік органдар

#### Мүдделері

- заңнамалық және атқарушы функцияларды жүзеге асыру;
- телекоммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, жұмыс орындарын құру.

#### Үлес

- мемлекеттік реттеу.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат алмасу;
- ағымдағы қызмет туралы есептерді ұсыну;
- ҚР заңнамасының сақталуын тексеру.



### БАҚ

#### Мүдделері

- Компанияның қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету.

#### Үлес

- сындарлы ынтымақтастық;
- жықсы ниетті қоғамдық пікір.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- Компания туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау;
- әлеуметтік медиа, «жедел» желі.



### Халықаралық ұйымдар

#### Мүдделері

- ITU, PCC мүше елдердің халықаралық ынтымақтастығын дамыту, тәжірибе алмасу, технологияларды пайдалануда жалпы стандарттарды қабылдау;
- тұрақты даму, экологиялық нормаларды сақтауда және инфокоммуникациялық қызметтерді дамытуда әділ және теңгерімді өсу саласындағы халықаралық стандарттар мен келісімдердің талаптарын қамтамасыз ету.

#### Үлес

- халықаралық гранттар;
- болашақ даму мүмкіндіктері.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- конференциялар, сессиялар, отырыстар, форумдар;
- келісімдерге, шарттар мен меморандумдарға, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою.



### Жергілікті қауымдастықтар

#### Мүдделері

- жұмысқа орналасу мүмкіндігі;
- қызметтердің сапасы;
- Қызмет тарифтерінің тартымдылығы;
- қайырымдылық көмек алу;
- денсаулық қауіпсіздігі.

#### Үлес

- қызметті жүзеге асыру орындарында қолдау.

#### Өзара әрекеттесу механизмдері

- қатысу аймақтарын дамыту;
- әлеуметтік желілер арқылы өзара әрекеттесу, «жедел» желі;
- беделді аудит;
- қайырымдылық қызметі.





# Маңыздылықты талдау

## GRI 3-1

2022 жылғы 30 маусымда GRI Sustainability Reporting Standards (GRI Standards) жаңартылған қаржылық емес есептілік стандартына сәйкес есепті кезеңде ағымдағы жылдық есепті дайындау кезінде Компанияның елеулі әлеуетті және нақты әсерлерін талдауға негізделген маңыздылығын бағалау жүргізілді. Бағалау Компания басшылығы мен мүдделі тараптар өкілдерінің бірлескен жұмысының нәтижесі болды.

Бағалауды жүзеге асыру үшін Компанияның ішкі мүдделі тараптарымен бірқатар сұхбаттар жүргізілді, олардың шеңберінде Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және адам құқықтарына елеулі әсері талқыланды. Сыртқы мүдделі тараптардың пікірлері де ескерілді. Сұхбат және сауалнама нәтижелері бойынша Компания басшылығы анықталған әсерлерді олардың маңыздылығы мен өзектілігі дәрежесі бойынша саралады, сондай-ақ оларды маңызды тақырыптардың тізімін қалыптастыру үшін топтастырды.


## GRI 3-2

2021 жылғы біріктірілген жылдық есепте ашылған тақырыптармен салыстырғанда «Қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі», «Ұйымдарды/ мемлекеттік органдарды қолдау», «Кемсітушілікке жол бермеу», «Қызмет көрсету сапасы», «Экологиялық сәйкестік» тақырыптары 2022 жылы маңыздылығын бағалау нәтижелері бойынша маңызды тақырыптар тізіміне енген жоқ, есеп беру кезеңінде «Жұмыспен қамту», «Жергілікті қауымдастықтар», «Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар», «Жұмыстағы стресс және төзімділік», «Жанама экономикалық әсерлер», «Сатып алу тәжірибесі», «Корпоративтік этика» және «Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау» тақырыптары маңызды болып таңдалды.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1. 2030 жылға дейін төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.
2. Тұрақты даму саласындағы нысаналы көрсеткіштерді Топ-менеджментті ынталандыру жүйесіне енгізу.
3. Халықаралық ESG рейтингін алу.
4. Мүдделі тараптар картасын өзектендіру.



### Әлеуметтік аспектілер

1. Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы;
2. Жұмыспен қамту;
3. Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік;
4. Жергілікті қауымдастықтар;
5. Қызметкерлерді оқыту және дамыту;
6. Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер;
7. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар;
8. Адам құқықтарын сақтау;
9. Жұмыстағы стресс және төзімділік.



### Экологиялық аспектілер

1. Биоалуантүрлілік;
2. Климаттың өзгеруі және көміртегі;
3. Энергия тиімділігі;
4. Ластаушы заттардың шығарындылары;
5. Қалдықтарды басқару;
6. Су ресурстарын басқару.



### Корпоративтік басқару аспектілері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
2. Жанама экономикалық әсерлер;
3. Экономикалық тиімділік;
4. Сатып алу тәжірибесі;
5. Нарық және бәсекелестік;
6. Инновация және жаңа технологиялар;
7. Корпоративтік этика;
8. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау.





# Қауымдастықтарға мүшелік

GRI 2-28

**«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінің тұрақтылығын арттыру үшін ұлттық және халықаралық деңгейлерде түрлі қауымдастықтар ұсынатын міндеттерді орындауға қатысады және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытады.**

Компания корпоративтік және іскерлік этиканың жоғары стандарттарын ұстана отырып және заңнама нормаларын сақтай отырып, ашық және сындарлы диалогқа, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және басқа компаниялармен жауапты өзара іс-қимылға ұмтылады.

Өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарына телекоммуникациялық нарықты дамыту, заңнамалық және нормативтік базаны жақсарту, бірлескен жобаларға бастамашылық жасау және іске асыру, сондай-ақ сала мен өңірлерді тұрақты дамыту жөніндегі негізгі бастамаларды ілгерілету жатады.

Компания әртүрлі жұмыс топтарымен жұмыс істей отырып, төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

1. «Қазақстандағы блокчейн және ақпарат орталықтарының индустриясын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
2. «Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
3. «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ;
4. Халықаралық электр байланысы одағы (The International Telecommunication Union (ITU));
5. «Қазақстанның Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі;
6. Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық;
7. «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы.







# 5

## Тұрақты даму туралы есеп: Е аспектісі





# Қоршаған ортаны қорғау

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

**Өз қызметінің ерекшелігіне байланысты Компания қоршаған ортаға және қатысу аймақтарындағы халықтың өмір сүру сапасына айтарлықтай теріс әсер етпейді. Компания өндірістік процестерді жетілдіру арқылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылады.**

Компанияда корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) жұмыс істейді. «Қазақтелеком» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ЭМЖ-ні үнемі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. Осы іс-шаралар шеңберінде ішкі және сыртқы аудиттер жүзеге асырылады.

2022 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұйымдық құрылым өзгеріссіз қалды. Экологиялық мәселелерді басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік департаменті бұл қызметті Бас кеңсе деңгейінде де, филиал деңгейінде де үйлестіреді. Барлық жоспарлау, үйлестіру, компанияның экологиялық тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ қауіптерді анықтау стратегиялық басқару жөніндегі бас директордың құзыретінде болады.

GRI 2-23

Компанияда қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті реттейтін, Компанияның әрбір қызметкері орындауға міндетті болып табылатын мынадай ішкі нормативтік құжаттар жұмыс істейді:

- Экологиялық саясат (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген) (<https://telecom.kz/ru/pages/13687/172367>);
- «Қазақтелеком» АҚ-ның сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау саласындағы саясаты (Компанияның бұйрығымен бекітілген) (<https://telecom.kz/ru/pages/13687/172367>);
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы (бұдан әрі — ТКДБ) (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген) (<https://telecom.kz/ru/pages/13683/172516>);
- «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (Компанияның бұйрығымен бекітілген);
- «Қазақтелеком» АҚ Ішкі экологиялық тексеру бағдарламасы (Компанияның бұйрығымен бекітілген);
- Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау жөніндегі құжатталған рәсім (Компанияның бұйрығымен бекітілген);
- Еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және басқа да талаптарды сәйкестендіру жөніндегі құжатталған рәсім;
- Кәсіптік денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштердің мониторингі бойынша құжатталған рәсім (Компанияның бұйрығымен бекітілген);
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі құжатталған рәсім (Компанияның бұйрығымен бекітілген);
- Төтенше жағдайларға дайындық және ден қою бойынша құжатталған рәсім (Компанияның бұйрығымен бекітілген).

Компания Экологиялық саясат пен Төмен көміртекті даму бағдарламасына сәйкес табиғат қорғау саласындағы дамудың мынадай басым бағыттарын айқындады:

- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- климаттың өзгеруі мәселесінің өте маңыздылығын түсіну;
- заңнаманы, ұлттық және халықаралық экологиялық стандарттарды сақтау;
- Компания қызметін әзірлеу және жүзеге асыру кезінде тұрақты даму қағидаттарын сақтау;
- Экологиялық менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін Компания басшылығының барлық деңгейдегі жауапкершілігі;
- барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді және ашық экологиялық ақпаратты ашу.

Жыл қорытындысы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласында қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында бірқатар нормативтік құжаттар бекітілді:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары. Жоспар табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, мониторинг жүргізу және Компания қызметкерлері арасында ҚОҚ қорғау жөніндегі экологиялық бастамаларды ілгерілету жөніндегі 30 негізгі іс-шараны көрсетеді;
- 2022-2032 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ-ның ТКДБ-сы. Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес көміртегі ізін азайту жөніндегі стратегиялық міндетті іске асыру шеңберінде әзірленді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде атмосфераға шығарындылар, қалдықтардың пайда болуы және биоалуантүрлілікке қатысты қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар іске асырылды. Халықаралық ESG-рейтингін алуға дайындық шеңберінде Компанияда «Тұрақты даму және басымдықтар, Компанияның бизнес-процестеріне ESG-қағидаттарын интеграциялаудың мерзімдері мен ықтимал нәтижелері» және «Төмен көміртекті даму» тақырыптарында күндізгі форматта бірқатар семинарлар өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінен Компанияның сегіз қызметкеріне оқудан өткені туралы сертификат берілді.





## Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтау

GRI 2-27

**«Қазақтелеком» АҚ жыл сайын қоршаған ортаға теріс әсерді басқару бойынша бірқатар іс-шаралар өткізеді. 2022 жылы табиғатты қорғау заңнамасын бұзу тіркелген жоқ. Есеп беру жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін қаржылық емес санкциялар мен басқа да әкімшілік жазалар қолданылмады. 2022 жылы Компания атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары, ағынды сулардың төгінділері үшін экологиялық төлемдер төледі.**

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Ішкі экологиялық тексеру бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарлама шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтау үшін Қазақстанның 18 қаласында 8 филиал тексерілді:

- «Желі» дивизионы» бірлестіктері;
- Корпоративтік бизнес дирекциялары;
- Бөлшек сауда бизнесі дирекциялары;
- «Телеком жиынтығы» дирекциясы;
- Ақпараттық технологиялар дирекциясы;
- Телекоммуникация және инфрақұрылым объектілерін салу дирекциясы;
- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы;
- Сервистік фабрика.

Компанияның филиалдары тексеру қорытындысы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі, оларды жауапты қызметкерлер жойды.

# 12 526,7

**мың теңге**

ҚО-ға теріс әсер еткені үшін төлемдер 2022 жылы



Табиғатты қорғау іс-шараларына арналған шығын, мың теңге

### Шығын баптары

	2021	2022
ҚОӘБ жобаларын, шығарындылар нормативтерінің жобаларын әзірлеу және өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу, санаттарды растау	38 212	0
ҚО-ға теріс әсер еткені үшін төлемдер, барлығы	7 101	12 526,7
оның ішінде стационарлық көзі бойынша	0	1 686,8
<b>ЖИыны</b>	<b>45 313</b>	<b>12 526,7</b>

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1. ESG рейтингін алуға қатысу;
2. Қаржылық емес есептілікті тәуелсіз растау;
3. Экологиялық оқиғаларды тексеру рәсімін әзірлеу.





## Атмосфераға шығарындылар

GRI 3-3

**Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын жоспарлы түрде азайту «Қазақтелеком» АҚ қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Компания жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметі шеңберінде атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды орындайды.**

Осылайша, Компания филиалдарының барлық объектілерінде өндіруші компанияның ұсынымдарына сәйкес генераторларға, бензоагрегаттарға және автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және пайдалану жүзеге асырылады. Белсенділігі төмен кезеңдерде жабдықтың қозғалтқыштары ажыратылады, электр қуаты өшкен жағдайда стационарлық генераторлар пайдаланылады. Ластаушы заттардың шығарындылары бойынша есеп беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерге сәйкес тоқсан сайын орындалады.

2022 жылы Озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасының әдістемесіне сәйкес Компания Компанияның объектілеріндегі тоңазытқыш қондырғыларында қолданылатын келесі озонды бұзатын заттар бойынша есептеулер жүргізді: R-407C, R-410A тоңазытқыш агенттер, хлордиформетан (R-22), диформетан (R-32). Озонды бұзатын заттар шығарындыларының негізгі өндірушісі 100% үлесі бар R-22 тоңазытқыш агент болып табылады.

Компаниядағы тоңазытқыш агенттерді есепке алу баллондар мен килограммен жүзеге асырылады. ОБЗ есептеу кезінде 0,055-ке тең озонды бұзатын потенциал коэффициенті қолданылды.


# 294

## ТОННА

2022 жылы атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі

Озонды бұзатын заттар (ОБЗ) шығарындыларының көлемі, килограмм CFC-11-экв.<sup>7</sup>

GRI 305-6



Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының құрылымы<sup>8</sup>, тонна

GRI 305-7



<sup>7</sup> Трихлорфторметан (ХФУ-11-экв.).

<sup>8</sup> 2020 жылғы шығарындылар есептеу әдіснамасының өзгеруіне байланысты келтірілмейді, осы әдіснама үшін базалық жыл 2021 жыл болып белгіленді.

2022 жылы атмосфералық ауаға ластаушы заттар (ЛЗ) шығарындыларының жалпы көлемі 294 тоннаны құрады. ЛЗ есептеу қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындаудың бекітілген әдістемесі негізінде жүзеге асырылды. Ауаны ластаушы заттардың негізгі көздері көміртегі тотығы (CO) және азот оксиді (NOx) болып табылады — олар сәйкесінше 37,1% және 24,8%-ды құрайды. Ластаушы заттардың жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өсті. Ластаушы заттар шығарындыларының өсуі Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы отын жағу көлемінің өсуіне алып келген ұзақ жылыту маусымына байланысты.

Автономды жылыту жүйелері мен дизель-генераторлық қондырғылардың жұмысы үшін табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес шекті жол берілетін шығарындылардың жобалары әзірленуде. Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ-ның Жамбыл облысындағы 2-санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияларға бір реттік қолданыстағы рұқсаты бар.

### 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

2023 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі мынадай іс-шараларды орындау жоспарлануда:

1. Ластаушы заттарды мониторингілеу және шығарындыларды белгілеу;
2. Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемін қысқарту бойынша сандық нысаналы көрсеткіштерді енгізу.





## Су ресурстары

GRI 3-3


**«Қазақтелеком» АҚ-да Компания қызметінің су объектілеріне елеусіз ықпалына қарамастан, жыл сайын су ресурстарын ұтымды пайдалануды және ауыз су сапасын үнемді жұмсауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізіледі.**

Компанияның барлық нысандарында су ресурстарын тиімді пайдалану экологиялық саясаттың басым мақсаты болып табылады. Компанияда су ресурстарын басқаруды реттейтін құжаттар қабылданды:

- Компанияның бұйрығымен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020-2030 жылдарға арналған экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі жоспары;
- Компанияның бұйрығымен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары.


Жалпы су жинау көлемі, мың м<sup>3</sup>

GRI 303-3



Көздер бойынша бөлінген шығарындылардың жалпы көлемі, мың м<sup>3</sup>

GRI 303-4, 303-5



- бөгде ұйымдарға пайдалануға берілетін сулар
- Суды тұтынудың жалпы көлемі
- орталық кәріз жүйесі арқылы берілетін сулар

GRI 303-1, 303-2

Сумен жабдықтаудың негізгі көздері сумен жабдықтау ұйымдарының (су арналарының) сулары болып табылады. Компания су тапшылығы бар өңірлерде жер үсті және жерасты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды. 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020-2030 жылдарға арналған экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу жоспары іс-шараларын іске асыру есебінен су тартудың 34,36%-ға төмендегені байқалды. Компания суды тек санитарлық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланады. Компанияның барлық сарқынды сулары компанияның Жамбыл облысындағы объектілеріндегі сарқынды суларды қоспағанда, шартқа сәйкес орталық кәріз желілеріне ағызылады. Осы объектілердегі сарқынды сулар кейіннен шартқа сәйкес пайдаға асыра отырып экрандалған септиктерге ағызылады.

### 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1. Компания қызметінің оларға әсерін сипаттай отырып, жылына бір рет су айдындарына мониторинг жүргізу (кабельдің су объектілеріне, су астындағы жануарлар әлеміне және т.б. әсер ету дәрежесін айқындау мақсатында су объектілерінің магистральдық желілері қиылысатын жерлердегі су айдындары суын мониторингілеу). Мониторинг нәтижелері су объектілеріндегі судың әсерін жою немесе сапасын сақтау жөніндегі іс шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді;
2. Суды үнемдейтін құрылғыларды орнату (су шығынын реттегіштер, сенсорлық араластырғыштар).

**257,2** **-34,4%**

мың м<sup>3</sup>

2022 жылы жалпы су жинау көлемі

**245,9** **-37,3%**

мың м<sup>3</sup>

2022 жылы жалпы шығарындылар

**11,3**

мың м<sup>3</sup>

2022 жылы жалпы су тұтыну көлемі







## Қалдықтарды басқару

GRI 3-3, 306-1, 306-2

«Қазақтелеком» АҚ қалдықтардың түзілуін барынша азайтуға ұмтылады. Компанияда Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы заңнамасына сәйкес өндірілген қалдықтарды жинауды, уақытша сақтауды, кәдеге жаратуды, әкетуді және мониторингілеуді қоса алғанда, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару тәртібін көрсететін Компанияның бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару» құжатталған рәсімі қолданылады. Компанияда қалдықтардың көлемін есепке алу журналдарда, сондай-ақ қалдықтардың қозғалысы туралы актілер (есептен шығару, қабылдау-тапсыру, кәдеге жарату актілері және т. б.) негізінде тіркеледі.

Компания «Сервистік фабрика» филиалының күшімен қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы бизнес-процестерді жетілдіру және оңтайландыру жөніндегі жобаларды енгізуді жүзеге асырады. Жыл сайын сервистік фабрика Компания қалдықтарының мынадай түрлерін кәдеге жарату жөніндегі ұйымдармен шарт жасасады:

- электрондық-электр жабдықтары (климатехника, тұрмыстық электр аспаптары, электр энергиясын есепке алу аспаптары, резервтік қоректендіру көздері (ДГҚ, ДГА, шағын электр станциялары), үздіксіз қоректендіру көздері, ЭҚҚ құралдары, трансформаторлық қосалқы станциялар, электр аспаптары және т. б.);
- химиялық тоқ көздері (әр түрлі типтегі аккумулятор батареялар);
- құрамында сынап бар қалдықтар (нұршам);
- пайдаланылған майлар (ДГА, автокөлік құралдары, трансформаторлық қосалқы станциялар және т. б. пайдаланылған майлар);
- макулатура (қағаз);
- қаптама (қаптама материалының барлық түрлері).

### Қауіптілік сыныптары бойынша бөлінген түзілген қалдықтардың көлемі<sup>9</sup>, тонна GRI 306-3



### Қауіптілік кластары бойынша бөліністе жойылған қалдықтардың көлемі<sup>10</sup>, тонна GRI 306-4



<sup>9</sup> 2020-2021 жылдары қауіптілік кластары бойынша бөлу жүргізілген жоқ.

<sup>10</sup> Қалдықтардың барлық көлемін үшінші тарап кәдеге жаратады.


2022 жылы пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі 41,7 тоннаны құрады (қатты тұрмыстық қалдықтарды есепке алмағанда).

Жыл сайын Компания телекоммуникациялық жабдықты мамандандырылған ұйымдарға түсті және қара металдарды сақтау және кәдеге жарату үшін береді. Тиісті жағдайда телекоммуникациялық жабдық Компанияның бұйрығымен бекітілген «Есептен шығарылған телекоммуникация құралдарын бөлшектеу және кәдеге жарату ережелері» ұйымының стандарты негізінде қосалқы бөлшектер ретінде пайдаланылады.

### 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания қалдықтарды тиімді басқару бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1. Өндіріс және тұтыну қалдықтарына түгендеу жүргізу.
2. Қалдықтар паспорттарын әзірлеу.
3. Қалдықтарды бөлек жинауды кеңейту.
4. Қалдықтардың қауіптілік кластары бойынша есепке алуды енгізу.







## Биоалуантүрлілікке әсері

GRI 3-3, 304-1

Компания биоалуантүрліліктің құндылығы жоғары қорғалатын және басқа аумақтарда жұмыс істемейді. Экологиялық саясатқа сәйкес «Қазақтелеком» АҚ биоалуантүрлілік деңгейін арттыруға жәрдемдесуге және қорғалатын аумақтарда өндірістік қызметті жүргізуге жол бермеуге міндеттенеді.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстары учаскелерінде (оның ішінде кабельдерді төсеу бойынша) механикалық және биологиялық рекультивациялар орындалды, олар топырақ эрозиясының қаупін азайтады және бұзылған жер учаскесінде өсімдік қабатын қалпына келтіруге ықпал етеді.

### 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

2023 жылы Компания биоалуантүрлілікті сақтау бойынша келесі іс шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

1. Биоалуантүрлілікті басқару және сақтау, сондай-ақ жер ресурстарын басқару бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту.
2. Биоалуантүрлілікті, су және жер ресурстарын басқару және сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін Компания қызметінің биоалуантүрлілікке, жер және су ресурстарына әсеріне мониторинг жүргізу.

# Климаттың өзгеруі

## Парниктік газдар шығарындылары

GRI 3-3

### Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа интеграцияланған ел ретінде климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі жаһандық мақсатты бөліседі.

Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа интеграцияланған ел ретінде климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі жаһандық мақсатты бөліседі. Қазақстандағы тіркелген телефонияның ірі операторы, байланыс қызметтерін көрсетуде көшбасшы, сондай-ақ ұлттық деректерді беру желісінің ірі операторларының бірі бола отырып, «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық мақсаттарға қатысуын қолдайды. Компания өзінің бизнес-моделінде тұрақтылық қағидаттарын белсенді қолданады және енгізеді. «Қазақтелеком» АҚ-ның Стратегиясының бағыттарының бірі тұрақты даму саласындағы жетілдіру болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ-ның стратегиялық мақсаты 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатымен 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай ПГ шығарындыларын 13%-ға қысқарту болып табылады. 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ климаттың өзгеруі саласындағы ұлттық және халықаралық мақсаттарды орындауға ықпал ететін белсенді жұмыс жүргізді.

Компанияда парниктік газдар шығарындыларын басқару шеңберінде мынадай ішкі құжаттар жұмыс істейді:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы;
- Парниктік газдар шығарындылары мен энергия ағындары бойынша мониторинг және есеп беруге арналған нұсқаулықтар.

GRI 2-24

2022 жылдың желтоқсанында Компания парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған төмен көміртекті дамытудың 2022-2032 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі және бекітті, оны іске асыруға Компания филиалдарының барлық Бас директорлары қатысады. Осы бағдарламаның іске асырылуын бақылауды стратегиялық басқару жөніндегі Бас директор жүзеге асырады. Бағдарлама энергия тұтынуды жылына 2%-ға төмендету, Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен акционерлік құнын арттыру, сондай-ақ 2032 жылға қарай Компанияның көміртегі ізін 13%-ға азайту жөніндегі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар мен бадамаларды қамтиды. ТҚДБ-ны дайындау кезінде төмен көміртекті дамудың төрт негізгі бағыты анықталды:

- баламалы энергия;
- ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;
- өтемақылдық іс-шаралар;
- парниктік газдар мәселелерін бақылау және басқару.

ТҚДБ-ның шеңберінде Компания парниктік газдар шығарындыларын мониторингілеу, есеп беру және басқару жөніндегі корпоративтік жүйені құруды жоспарлауда. Компания жыл сайын ПГ шығарындыларының көздеріне түгендеу жүргізуге, парниктік газдар шығарындыларын КӨУАТ-ның басшылығының халықаралық есеп беру стандартына сәйкес ашуға, есептеуге және верификациялауға ниетті.

Қазір базалық жыл 2021 жыл Компанияның парниктік газдар шығарындыларын бастапқы түгендеу мен сандық бағалауды жүргізуіне байланысты қабылданды. Төмен көміртекті даму мақсаттарына қол жеткізу үшін Компанияда энергетикалық ағындар мен парниктік газдар шығарындылары бойынша есеп беру талаптарын біріздендіру үшін корпоративтік құжат әзірленуде.







Парниктік газдар шығарындыларының көлемі<sup>11</sup>, тонна CO<sub>2</sub>-экв.

GRI 305-1, 305-2

Көрсеткіш атауы

	2021	2022	Өзгеру, %
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту), оның ішінде:	28 833	28 291	-1,9
- көмірқышқыл газы (CO <sub>2</sub> )	28 750	27 851	-
- азоттың шала тотығы (NO <sub>2</sub> )	62	298	-
- метан (CH <sub>4</sub> )	20	142	-
Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту) (электр және жылу энергиясы)	225 417	204 276	-9,4
Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі	254 249	232 567	-8,5

<sup>11</sup> 2020 жылы парниктік газдар шығарындыларының бағалауы жүргізілген жоқ. Шығарындыларды есептеу үшін базалық жыл – 2021 жыл.


Компанияда биомассаның жануы мен ыдырауынан ПГ шығарындылары жоқ. 1 қамту ПГ шығарындыларын есептеу КӨҰАТ-ның басшылығы негізінде отын тығыздығының жеке көрсеткіштерін қолдана отырып жүзеге асырылды. 2-қамтудың ПГ шығарындыларын есептеу экономиканың реттелетін секторларындағы бенчмарктердің бекітілген тізбесі негізінде жүзеге асырылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ парниктік газдар

шығарындыларының жалпы көлемі 232 567 тонна CO<sub>2</sub>-экв құрады. (1 және 2 қамту), бұл 2021 жылғы деңгейден 8,5%-ға төмен. Энергияның тікелей (1-қамту) және жанама шығарындыларының (2-қамту) көлемі тиісінше 1,9% және 9,4%-ға азайды. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің төмендеуі пайдаланушылардың мыс байланыс желілерінен талшықты-оптикалық желілерге ауысуына байланысты, бұл қол жеткізу желісінің инфрақұрылымына қызмет

көрсету және станциялық жабдықты күтіп ұстау шығындарын оңтайландыруға, АТС, МАД, DSLAM бөлшектеуге, оның ішінде электр энергиясын тұтынатын ғимараттар мен үй-жайларды нұршамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру арқылы босатуға және Компанияның 2032 жылға дейін кезекпен іске асыруды жоспарлап отырған энергия тиімділігі бөлігіндегі іс-шаралар. 2022 жылы көміртегі сыйымдылығы 2021 жылмен салыстырғанда 14%-ға төмендеді.

Көміртексыйымдылық динамикасы, тонна CO<sub>2</sub>-экв./млрд теңге

GRI 305-4



- Еншілес ұйымдарды қоспағандағы таза кіріс, млрд теңге
- 1 және 2-ші қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларының көлемі, CO<sub>2</sub>-экв тонна.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

2023 жылы энергия ресурстарын олардың төмен көміртекті энергия көздерін тұтынуды ұлғайту жөніндегі іс шараларды орындау жоспарлануда:

1. Төмен көміртекті даму саласындағы бастамаларды іске асыруды жалғастыру – Қостанай облысында төмен көміртекті энергия көздерін (газ) пайдалануға көшу;
2. Стационарлық және мобильді көздерде қазба отындарын тұтынуды азайту;
3. «Қазақтелеком» АҚ ТҚДБ-ның 2022-2032 жылдарға арналған іс-шараларын іске асыру (<https://telecom.kz/ru/pages/13683/172516>).

# -8,5%

парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің азаюы

# -1,9%

тікелей шығарындылар (1-қамту) көлемінің азаюы

# -9,4%

жанама шығарындылар (2-қамту) көлемінің азаюы

# -14%

2022 жылы көміртегі сыйымдылығының азаюы





## Энергоменеджмент

GRI 3-3


**«Қазақтелеком» АҚ компанияның өндірістік қызметінің энергия тиімділігін арттыруға, сондай-ақ жоғары тиімді технологияларды қолдануға ұмтылады.**

2022 жылы энергия ресурстарын тұтынатын бастапқы өндірістік объектілердің құрылымдық деректерін қамтитын Энергетикалық тізілім және Парниктік газдар тізілімі әзірленді. Тізілім шеңберінде энергетикалық ағындар бойынша мониторинг және есептілік жүйесін құру үшін мынадай іс шаралар көзделеді:

- Компаниядағы сапаны бақылаудың ішкі рәсімдері (жедел қызметкерлерді тұрақты сертификация және аккредиттеу, операторлық бақылау шеңберінде өлшеу нәтижелерінің дұрыстығын тексеру, бекітілген есеп айырысу әдістемелерінің сақталуын және пайдаланылуын бақылау);
- өндірушінің нұсқауларына және кәсіпорынның қолданыстағы тәжірибесіне сәйкес мониторинг жүргізу үшін өлшеу жабдығына тұрақты техникалық қызмет көрсету, калибрлеу және тексеру;
- бастапқы және қосалқы деректерді тоғыспалы тексеру;
- тұрақты тренингтер және қызметкерлерді қайта даярлау;
- ішкі және сыртқы аудиттер.

Отын ресурстарын жалпы тұтыну<sup>12</sup>, ГДж

GRI 302-1, 2-4



● Дизель отыны 
 ● Көмір 
 ● Бензин 
 ● Табиғи газ 
 ● ОЭР-ды жалпы тұтыну

<sup>12</sup> 2021 жылғы мәндер есептеуді нақтылауға байланысты 2021 жылғы БЖЕ-де ұсынылғандардан ерекшеленеді. ОЭР-ды жалпы тұтынуы 41 892 ГДж-ға өсті.

«Қазақтелеком» АҚ-да ресурс үнемдеуші технологияларға көшу және энергия тиімділігін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Компания өзінің энергия өндіруші объектілерінің жұмысы кезінде импортталатын электр, жылу энергиясын және отын ресурстарын тұтынуды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

2022 жылы отын тұтынудың жалпы көлемі 419 034 ГДж құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 1,8%-ға төмен. Энергияның негізгі көздері – бензин мен дизель отыны. Компанияда 248 жылжымайтын мүлік объектісінде, оның

ішінде дизель отынымен (103 объектіде), газбен жылытумен (103 объектіде), қатты отынмен (39 объектіде, оның ішінде электр қазандықтарында – 28 объекті) жұмыс істейтін автономды жылыту жүйелері пайдаланылады. Компания дизельді пайдаланатын жылыту жүйелерінің санын азайтады (2021 жылы олардың саны 108 нысанды құрады), бұл жалпы атмосфералық шығарындыларды азайтады. Табиғи газды жағу көмір мен дизельді жағуға қарағанда көмірқышқыл газын аз шығарады, сондықтан ол қоршаған ортаға аз әсер етеді.

2022 жылы электр энергиясын тұтыну 622 298 ГДж-ны құрады, өткен жылмен салыстырғанда мыс желілерін заманауи оптикалық-талшықты байланыс желілеріне ауыстыру және дедупликациялау жобасын іске асыру нәтижесінде көрсеткіш 13%-ға төмендеді. Нәтижесінде энергия тұтынатын жабдықтың көп бөлігі пайдаланудан шығарылды және жарықтандыруға электр энергиясын тұтынатын әкімшілік ғимараттардың үй-жайлары босатылды.

**419 034** -1,8%

ГДж

2022 жылы отын тұтынудың жалпы көлемі

**622 298** -13,2%

ГДж

2022 жылы электр энергиясын тұтыну

**-9%**


2022 жылы меншікті энергия тұтынудың төмендеуі







Меншікті технологиялық қажеттіліктерге жылу және электр энергиясын тұтыну, ГДж **GRI 302-1**



Энергия сыйымдылығы **GRI 302-1, 302-3**



**113 442**  
абонент

мыстан талшықты-оптикалық байланысқа ауыстырылды

**11 575**  
шам

нұршамдардан жарық-диодты шамдарға ауыстырылды



Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру есебінен энергия тұтынуды және парниктік газдар шығарындыларын жалпы қысқарту **GRI 302-4, 305-5**

Көрсеткіш атауы

Мыс желілерін дедупликациялау, ГДж

2022

7 761

Нұршамдарды ауыстыру, ГДж

605

Энергияны тұтынудың жалпы төмендеуі, ГДж

8 386

ПГ шығарындыларының жалпы төмендеуі, тонна CO<sub>2</sub>-экв.

1 966

Меншікті энергия тұтыну динамикасы тұрақты төмендеуді көрсетеді. Есеп беру кезеңінде ол 9%-ды құрады.

2022 жылы ТҚДБ-ның іс-шараларын іске асыру есебінен энергия тұтынудың жалпы қысқаруы 8 386 ГДж құрады. Нәтижесінде 113 442 абонент мыстан талшықты-оптикалық байланысқа ауыстырылды және 11 575 нұршам жарық-диодты шамдарға ауыстырылды.

Компания келесі жылдары жылыту жүйелерін газға біртіндеп ауыстыруды жоспарлап отыр, бұл басым міндеттердің бірі болып табылады. Компанияның бөлімшелері жылуды-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды үнемі өткізеді.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

2023 жылы энергия тиімділігін арттыру бойынша мынадай іс-шараларды орындау жоспарлануда:

1. Компания объектілерін жылыту маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде ғимараттар мен құрылыстарды жылыту арқылы жылу шығынын жою.
2. Автономды жылыту жүйелеріне техникалық қызмет көрсету.
3. Жарықдиодты шамдарға ауысу.
4. Жарықтандыру жүйесіне арналған қозғалыс/болу сезбегін орнату.
5. Дербес компьютерлерде екі сағаттан артық жұмыс болмаған кезде олардың ұйқы режимін орнату, сондай-ақ дербес компьютерлерді автоматты түрде өшіру үшін бағдарламалық жасақтаманы орнату.
6. Мыс желілерін заманауи оптикалық-талшықты технологияларға дедупликациялау және ауыстыру жобасын жалғастыру.
7. Міндетті энергия аудитін жүргізу.





6

# Тұрақты даму туралы есеп: S аспектісі





# Қызметкерлермен қарым-қатынас

GRI 3-3

## Басқару тәсілі

Адамдар — «Қазақтелеком» АҚ-ның аса маңызды активі ғана емес, сонымен қатар біздің ең жоғары құндылығымыз. Компания өз қызметкерлеріне қамқорлық жасауға көп көңіл бөледі және тиімді ашық HR жүйесін құрудан бастап қызметкерлердің психикалық және физикалық денсаулығына қамқорлық жасауға бағытталған курстар мен тренингтерді ұйымдастыруға дейін осы саладағы тәжірибелері мен процедураларын үздіксіз жетілдіреді.

### «Қазақтелеком» АҚ-ның кадр саясатының қағидаттары

 <p><b>Әлеуметтік жауапкершілік</b></p> <p>Компания қызметкерлермен өзара қарым-қатынас орнату кезінде әлеуметтік әл-ауқатқа қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек қатынастары саласындағы заңнамасының талаптарын сақтайды;</p>	 <p><b>HR жүйесінің ашықтығы</b></p> <p>Компания стратегиялық мақсаттарды (Employee Experience бағдарламасы) іске асыру үшін жүйелік процестер (тағайындау, мансаптық өсу, оқыту және дамыту, тиімділікті бағалау және т. б.) арқылы HR функциясын басқарудың ашық процедурасын қолданады;</p>	 <p><b>Сабақтастық</b></p> <p>Компания қызметкерлерді оқыту мен дамытуды өз қызметкерлерінің сабақтастығының білікті деңгейіне жетудің құнды құралы ретінде қарастырады;</p>	 <p><b>Клиентке бағдарлану</b></p> <p>HR функциясы бизнес кеңістіктегі оң беделін арттыру үшін клиенттермен тиімді өзара тиімді қарым-қатынас негізінде Компания қызметкерлері арқылы клиентке бағдарланған тәсілді жетілдіруге ұмтылады;</p>
 <p><b>Жеке жауапкершілік</b></p> <p>HR функциясының қызметкерлері жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін Компанияның әрбір қызметкерінің өзін-өзі жоғары тәртіпке және жеке жауапкершілікке баулуға тырысады;</p>	 <p><b>«Қазақтелеком» АҚ мен қызметкерлердің мүдделері мен мақсаттарының теңдігі</b></p> <p>Компания өз қызметкерлерінің мүдделерін құрметтейді және әлеуметтік әл-ауқатқа жәрдемдесу мақсатында олардың мұқтаж-дықтары мен қажеттіліктеріне негізделеді, сондай-ақ өз қызметі барысында оның мақсатына қол жеткізу үшін қызметкерлерден Компания мүдделерінің сақталуын тең дәрежеде күтеді;</p>	 <p><b>Инновациялық ойлау</b></p> <p>Компания инновациялық ойлауды бәсекелестік артықшылықтардың бірі ретінде қарастырады және осыған байланысты HR функциясы қызметкерлерді Компания ұсынатын өнімдер мен технологияларды оңтайландыру мен автоматтандыруға бағытталған инновациялық ойлауды қалыптастыру үшін барлық жағдайлармен қамтамасыз етеді.</p>	

«Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерді басқару жүйесі Қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің қызметімен реттеледі. Департаменттің негізгі міндеттері «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлері арасында тиімділік деңгейін арттыру, қызметкерлерді және корпоративтік мәдениетті дамыту болып табылады.

Компаниядағы қызметкерлермен өзара қарым-қатынас «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерді басқару тәсілдерінің тиімділігін дамытуға және арттыруға, оның ішінде жалақының бәсекелестік деңгейін және қаржылық көтермелеудің өзге де түрлерін, сондай-ақ кәсіби әлеуетті іске асыру және жеке тұлғаны дамыту және өз қызметкерлерін әлеуметтік қолдау деңгейін арттыруға бағытталған кадр саясатының тұжырымдамасы негізінде құрылады.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын және өзінің барлық қызметкерлері үшін лайықты еңбек жағдайларын іріктеу, дамыту, қамтамасыз ету қағидаттарын қатаң сақтайды. Компания жұмыспен қамту саласындағы HR функцияларын ұйымдастырудың тетіктері мен процедураларын жақсартуға тырысады. 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерді іріктеу қағидалары» құжаты өзектендірілді, онда өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары және Компанияның қызметкерлер алдындағы жауапкершілігі қарастырылған.





Қызметкерлерді оқыту және дамыту мәселелерін басқарумен HR-жүйенің құрылымдық бөлімшесі – Қызметкердің тәжірибесін басқару қызметі айналысады. Оның қызметін ұйымдастыру Компанияның келесі ішкі құжаттарына негізделген:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның Білімді басқару ережесі;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Employee Experience стратегиясы;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Кадр пулын қалыптастыру және дайындау қағидалары.

Компанияның жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін оған бағынысты құрылымдық бөлімшелердің (сыйақы және ұйымдастырушылық тиімділік қызметі, қызметкерлердің тәжірибесін басқару қызметі) жауапкершілік салаларын жалпылауға бағытталған қызметкерлер жөніндегі директордың жауапкершілігі 2022 жылы орталықтандырылды. Бұдан басқа, Директордың қызметкерлер жөніндегі функционалдық міндеттері, оның ішінде қызмет ауқымының сандық көрсеткіштері толықтырылды және жаңартылды:



- «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниялармен еңбекақы төлеу қоры;
- Қызметкерлер саны;
- Компанияның еншілес компаниялармен еңбек өнімділігі;
- Еңбек нарығындағы жұмыс берушінің тартымдылығы (жұмыс берушінің бренді);
- Қызметкерлердің қатысуы және адалдығы;
- Қызметкерлердің тұрақтамауы;
- Үміткерлерді критерийлер бойынша бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелерді қолдану;
- Жұмыс істейтін кадр резерві.

## Қызметкерлердің саны мен құрылымы

GRI 2-7

Қызметкерлердің тізімдік санының динамикасы, адам

GRI 2-7



2022 жылғы 31 желтоқсандағы жас топтары бойынша бөлінген қызметкерлердің құрылымы, адам

GRI 405-1

Категория	Барлығы, адам	30 жасқа дейін		30-50 жас		50 жастан асқан	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
Барлық қызметкерлердің саны	19 979	4 568	22,9	10 289	51,5	5 114	25,6
басшы лауазымдарда	1 147	51	4,5	739	64,4	357	31,1
мамандар	13 862	3 514	25,3	7 343	53,0	2 997	21,7
жұмыскерлер	4 970	1 003	20,0	2 207	44,5	1 760	35,5

2022 жылғы 31 желтоқсандағы гендерлік топтар бойынша бөлінген қызметкерлердің құрылымы, адам

GRI 405-1

Категория	Барлығы, адам	Еркектер		Әйелдер	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
Барлық қызметкерлердің саны	19 979	12 590	63	7 389	37
басшы лауазымдарда	1 147	816	71,1	331	28,9
мамандар	13 862	7 112	51,3	6 750	48,7
жұмыскерлер	4 970	4 662	93,8	308	6,2

2022 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерінің тізімдегі саны 19 979 адамды құрады, қызметкерлердің көпшілігі тұрақты еңбек шарты және толық жұмыспен қамту шарттарында еңбек етті.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31 жастан 50 жасқа дейінгі топта ұсынылған – 51,5%. 50 жастан асқан жұмысшылар саны қызметкерлердің жалпы санының 25,6%-ын құрайды. 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі қызметкерлердің жалпы санының 22,9%-ын құрайды. Еркек жұмыскерлердің үлесі 63%-ды, әйелдер 37%-ды құрайды.





2022 жылғы 31 желтоқсандағы жас бойынша бөлінген басқарушы органдардың құрылымы, адам **GRI 405-1**

Категория	Барлығы, адам	30 жасқа дейін		30-50 жас		50 жастан асқан	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
Директорлар кеңесі	7	0	0	5	71,4	2	28,6
Басқарма	4	0	0	4	100	0	0

2022 жылғы 31 желтоқсандағы гендерлік топтар бойынша бөлінген басқарушы органдардың құрылымы, адам **GRI 405-1**

Категория	Барлығы, адам	Еркектер		Әйелдер	
		Адам	Доля, %	Адам	Доля, %
Директорлар кеңесі	7	7	100	0	0
Басқарма	4	3	75	1	25

Өткен жылмен салыстырғанда 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарма құрамына әйел қосылды және әйелдердің үлесі Басқарма мүшелерінің жалпы санының 25%-ын құрады.

Есеп беру кезеңінде Компанияның мерзімсіз еңбек шарттары талаптарында жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны қызметкерлердің жалпы санынан 19 535 адамды құрады. «Қазақтелеком» АҚ қатысатын өңірлер бойынша тұрақты және уақытша жұмыскерлердің саны айтарлықтай өзгеруде.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы тұрақты және уақытша жұмыскерлердің саны, адам **GRI 2-7**

Категория	Барлығы, адам	Гендерлік топтар бойынша	
		Еркектер	Әйелдер
Қызметкерлердің тізімдегі саны, оның ішінде:	19 979	12 590	7 389
– тұрақты	19 535	12 503	7 032
– уақытша	444	87	357

**19 535**

адам

Компанияның мерзімсіз еңбек шарттары талаптарында жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны

**19 710**


адам

«Қазақтелеком» АҚ-ның жұмыспен толық қамтылған қызметкерлерінің саны



2022 жылғы 31 желтоқсандағы өңірлер бойынша жұмыскерлер саны, адам **GRI 2-7**

● Барлығы ● Тұрақты ● Уақытша



**GRI 2-7**

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның жұмыспен толық қамтылған қызметкерлерінің саны қызметкерлердің жалпы санынан 19 710 адамды құрады, бұл ретте еркек қызметкерлердің саны 12 358 адамды, әйел қызметкерлердің саны 7 352 адамды құрады. Компанияда есеп беру кезеңінде жұмыспен толық қамтылмаған 509 адам, оның ішінде 369 еркек және 136 әйел еңбек етті.





## Кадрларды іріктеу

«Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлерді іріктеу рәсімі «Қазақтелеком» АҚ-ның Қызметкерлерді іріктеу ережесі» құжатына сәйкес жүзеге асырылады. Компаниядағы бос лауазымдар мен жұмысшы мамандарды жалдаумен Жалпы HR қызмет көрсету орталығы және Қызметкердің тәжірибесін басқару қызметі құрылымдық бөлімшелері айналысады. Компания өз қызметінде кадрларды іріктеудің келесі принциптерін қолданады:

- бизнестің қажеттіліктерін ескере отырып, кадрларды іріктеуді жоспарлау;
- лауазымға және Құзыреттілік моделіне қойылатын талаптарға негізделген нақты және ашық іріктеу критерийлері;
- ашық конкурстық рәсімдер;
- кандидаттың кәсібилігі, жеке қасиеттері және оның лауазымға қойылатын біліктілік талаптары мен құзыреттеріне сәйкестігі;
- меритократия қағидаты негізінде қабылданатын шешімдердің негізділігі;
- қызметкерлерді жалдау кезінде объективті шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әр лауазымға сәйкес келетін үміткерлерді бағалау әдістерін қолдану;
- кемсітушіліктің болмауы, барлық үміткерлерге кәсіби, ашық және құрметпен қарау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі;
- қызметкерлерді тарту және іріктеу үшін ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы.

Кадрларды іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі. Бос лауазымға орналасу кезінде ішкі кандидаттар, оның ішінде кадр резервіне кіретін кандидаттар қатарынан басым құқыққа ие болады. Білікті мамандарды іздеуге және таңдауға үміткерлер:

- Компания қызметкерлері, оның ішінде «Қазақтелеком» АҚ-ның кадр резервінде тұрған қызметкерлер;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының қызметкерлері;
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобының қызметкерлері;
- бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысатын кандидаттар;
- ЖОО түлектері, жоғары курс студенттері болуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда сыртқы кандидаттарды іріктеу жүргізіледі. Компанияда әлеуетті жаңа қызметкерлерді іздеудің көздері мен құралдары ретінде:

- Компания қалыптастырған түйіндеменің электрондық базасы;
- түйіндеме дерекқорлары бар мамандандырылған сайттар (Qyzmet.kz., Kz.jobble.org және басқа);
- әлеуметтік желілер (Facebook, LinkedIn және басқа);
- іскерлік байланыстар, ұсыныстар;
- Компания/«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның іске асыратын жас мамандарды дамыту/таланттарды басқару бағдарламалары түлектерінің электрондық деректер базасы;
- Samruk Qyzmet бірыңғай онлайн рекрутинг платформасында құрылған кандидаттардың электрондық деректер базасы (<https://qsamruk.kz/>).

Компанияға 2022 жылы 2 174 жаңа жұмысшы қабылданды. Олардың ішінде Компанияның кадрлық резервінен іріктелген кандидаттар 105 адамды құрады. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің көпшілігі кемінде 30 жастағы адамдар.

2022 жылы жаңадан жалданған қызметкерлердің коэффициенті 0,11-ді құрады. 2021 жылмен салыстырғанда жаңадан жалданған жұмыскерлердің үлесі 22,2%-ға өсті.

### Жаңадан жалданған қызметкерлер саны, адам GRI 401-1

Атауы	2020	2021	2022	Өзгеру, %
<b>Компания бойынша барлығы:</b>	<b>2 952</b>	<b>1 978</b>	<b>2 174</b>	<b>9,9</b>
<b>Гендерлік топтар бойынша:</b>				
- Әйелдер	882	722	714	1,1
- Еркектер	2 070	1 256	1 460	16,2
<b>Жас топтары бойынша:</b>				
- 30 жастан кіші	1 866	1 222	1 305	6,8
- 30-50 жас	897	666	748	12,3
- 50 жастан асқан	189	90	121	34,4

### Жаңадан жалданған қызметкерлердің коэффициенті, % GRI 401-1

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеру, %
<b>Жалданған қызметкерлердің коэффициенті, Компания бойынша барлығы:</b>	<b>0,13</b>	<b>0,09</b>	<b>0,11</b>	<b>22,2</b>
<b>Гендерлік топтар бойынша:</b>				
- Әйелдер	0,11	0,09	0,10	11,1
- Еркектер	0,15	0,09	0,12	33,3
<b>Жас топтары бойынша:</b>				
- 30 жастан кіші	0,34	0,23	0,28	21,7
- 30-50 жас	0,08	0,06	0,08	33,3
- 50 жастан асқан	0,03	0,02	0,03	50

### Өңірлер бойынша жаңадан жалданған қызметкерлер, адам GRI 401-1

Өңір	Адам
Астана қаласы	238
Павлодар облысы	110
Алматы облысы	163
Қызылорда облысы	27
Ақтөбе облысы	76
Атырау облысы	78
Маңғыстау облысы	57
Солтүстік Қазақстан облысы	101
Қостанай облысы	109
Жамбыл облысы	64
Түркістан облысы	28
Шымкент қ.	104
Абай облысы	0
Алматы қ.	577
Жетісу облысы	0
Ақмола облысы	105
Қарағанды облысы	160
Ұлытау облысы	0
Батыс Қазақстан облысы	65
Шығыс Қазақстан облысы	112

# 2174

адам

2022 жылы Компанияға қабылданған жаңа қызметкерлердің саны

# 0,11

+ 22,2%

2022 жылы жаңадан жалданған қызметкерлердің коэффициенті







## Жас мамандарды тарту

**«Қазақтелеком» АҚ-да жұмыскерлерді бейімдеу мен дамытуға көмектесетін корпоративтік ақпаратқа, корпоративтік қосымшаларға және басқа да ақпарат көздеріне қол жеткізудің бірыңғай интеграцияланған алаңын ұсынатын Білім орталығы жұмыс істейді.**

Сонымен қатар, Компания 2022 жылы бітіруші курс студенттеріне арналған Компанияға жұмысқа тарту және кейіннен жұмысқа орналастыру мақсатында тағылымдама бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды. Студенттерді тарту бойынша регламенттеуші құжаттардың бірі «PROTelecom бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтуге студенттерді ұйымдастыру және тарту жөніндегі ережелер» болып табылады. 2022 жылы Компания PROTelecom бағдарламасын жалғастырды, оның аясында тағылымдамаға 600-ден астам студент қабылданды. Бағдарлама нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ-да 201 жаңа қызметкер қабылданды. Біз әрқашан жаңа әріптестеріміздің келуіне қуаныштымыз және жас мамандар Компанияның дамуы мен табысына зор үлес қосатынына сенімдіміз.

Бұдан басқа, есеп беру кезеңінде «Қазақтелеком» АҚ-да 3-4 курс және магистратура студенттерін, сондай-ақ «Деректерді талдау» мамандығы бойынша ЖОО-ның жақында бітірген түлектерін теориялық және практикалық даярлауға бағытталған Telecom Data Factory тағылымдама бағдарламасы іске асырылды. Осы бағдарлама аясында студенттер деректерді талдау үшін Python курстарын, Structured Query Language, Business Intelligence құралдарын меңгерді. Бағдарлама нәтижелері бойынша үздік нәтиже көрсеткен студенттер марапатталып, Компанияға жұмысқа орналасуға ұсынылды.

Конкурстар және тағылымдама бағдарламасының басталуы туралы барлық ақпарат корпоративтік сайтта орналастырылады. «Қазақтелеком» АҚ-да тағылымдамадан өту бағдарламаларынан басқа, 2022 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетімен, Назарбаев Университетімен және КИМЭП университетімен ынтымақтастық туралы меморандумдар қолданыста болды. Есеп беру жылы De Montfort University Kazakhstan университетімен ынтымақтастық туралы жаңа меморандумға қол қойылды.

## Кадр резерві

**«Қазақтелеком» АҚ өз қызметкерлерімен мақтанады. Компания қызметкерлердің белсенді кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін айтарлықтай күш салуда.**

Компания 2022 жылы «Таланттарды басқару» жобасын жүзеге асыруды жалғастырды, оның мақсаты кадр резервін қалыптастыру және дайындау болып табылады.

Осы жоба арқылы Компания кәсіби дағдыларды дамыту деңгейі жоғары талантты қызметкерлерді анықтауды және сақтауды қамтамасыз етеді. Жоба аясында «Көшбасшылық мектебі» жұмыс істеп, онда резервтегі қызметшілер басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерді дамыту бойынша кезең-кезеңмен оқытудан өтеді. Көшбасшылық мектебі шеңберінде басқарушылық шеберлік негіздерін оқытудың кешенді бағдарламасы әзірленді, оның ішінде әмбебап басқарушылық құзыреттер мен резервтегі қызметшілердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға арналған оқыту іс-шаралары кешені бар.

Кадр резервін қалыптастыру процесін регламенттейтін негізгі құжаттардың бірі «Қазақтелеком» АҚ-ның Кадр пулын қалыптастыру және дайындау қағидалары болып табылады.

Есепті кезеңде кадр резерві қатарындағы қызметкерлер жапқан бос жұмыс орындарының саны 106 адамды құрады.

Кадр резервін қалыптастыру принциптері:

- Объективті**  
Кадр пулының құрамына кандидаттар бағалаудың объективті критерийлері негізінде айқындалады;
- Ашық**  
Кадр пулын іріктеу және қалыптастыру рәсімдері ашық және жария түрде жүзеге асырылады;
- Еркіндік**  
Кандидатты кадр пулына қосу қызметкердің қалауы бойынша жүзеге асырылуы тиіс;
- Тең мүмкіндіктер**  
Белгіленген талаптарға сай келетін кез келген қызметкер кадр пулына енгізуге үміткерлерді іріктеуге қатыса алады;
- Меритократия**  
Ең қабілетті және талантты қызметкерлердің негізгі басшылық лауазымдарға орналасу процесі.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы негізгі позицияларға резервтегі қызметшілерді тағайындау саны, адам



Резервтегі қызметкерлер толтырған бос жұмыс орындарының саны

106

бос орын

2022 жылы кадр резерві қатарындағы қызметкерлер жапқан бос жұмыс орындарының саны







## Кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1

«Қазақтелеком» АҚ кадрларды олардың тұрақтамауын төмендетуге және Компания қызметкерлерінің дамуын ынталандыруға бағытталған ынталандыру мен ұстап қалу практикасы мен іріктеу рәсімдерін дамытады. 2022 жылы кадрлардың тұрақтамау деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Жыл ішінде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің жалпы саны 2 654 адамды құрады. 2021 жылмен салыстырғанда еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің үлесі 29,8%-ға азайды.

Санаттар бойынша еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің жалпы саны, адам **GRI 401-1**

Атауы	2020	2021	2022	Өзгеру, %
«Қазақтелеком» АҚ	2 686	3 785	2 654	-29,8
Гендерлік топтар бойынша:				
- Әйелдер	791	1 272	920	-27,6
- Еркектер	1 895	2 513	1 734	-31,0
Жас топтары бойынша:				
- 30 жастан кіші	1 179	1 532	1 003	-34,5
- 30-50 жас	967	1 275	1 200	-5,9
- 50 жастан асқан	540	978	451	-53,9

Қызметкерлердің тұрақтамауы, % **GRI 401-1**

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеру, %
Кадрлардың тұрақтамау коэффициенті <sup>13</sup>	0,12	0,17	0,13	-23,3
Гендерлік топтар бойынша:				
- Әйелдер	0,10	0,16	0,12	-22,0
- Еркектер	0,13	0,18	0,13	-23,9
Жас топтары бойынша:				
- 30 жастан кіші	0,20	0,27	0,23	-13,9
- 30-50 жас	0,09	0,12	0,11	-6,3
- 50 жастан асқан	0,10	0,17	0,08	-52,2

Өңірлер бойынша еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің жалпы саны, адам **GRI 401-1**

Өңір	Адам
Астана қаласы	223
Павлодар облысы	149
Алматы облысы	177
Қызылорда облысы	37
Ақтөбе облысы	130
Атырау облысы	101
Маңғыстау облысы	66
Солтүстік Қазақстан облысы	115
Қостанай облысы	130
Жамбыл облысы	52
Түркістан облысы	28
Шымкент қ.	106
Абай облысы	15
Алматы қ.	798
Жетісу облысы	0
Ақмола облысы	107
Қарағанды облысы	169
Ұлытау облысы	14
Батыс Қазақстан облысы	75
Шығыс Қазақстан облысы	162

2022 жылы кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 0,13-ті құрады. 2021 жылмен салыстырғанда ол 23,3%-ға төмендеді. Бұл көрсеткіш есеп беру кезеңінде «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерін іріктеу, ынталандыру және ұстап қалу саласындағы тәжірибелерді дамытып, жетілдіретінін айғақтайды.

GRI 401-2

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шаралары шеңберінде 2022 жылы әлеуметтік жеңілдіктердің мынадай түрлері ұсынылды<sup>14</sup>:

- өмірді сақтандыру;
- медициналық көмек;
- бала күтімі бойынша демалыс;
- зейнетақы бағдарламалары.

GRI 402-1

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты еңбек шарттары бұзылған кезде қызметкерлерді хабардар етудің ең қысқа мерзімі 4 аптаны (30 күнтізбелік күн) құрайды. «Қазақтелеком» АҚ бекіткен Ұжымдық келісім-шартқа сәйкес бұл мерзім заңнаманың ең төменгі талаптарымен салыстырғанда ұлғайтылды және 45 күнтізбелік күнді құрайды.

<sup>13</sup> Кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші тараптардың келісімі бойынша және/немесе теріс себептер бойынша еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер санының Компания қызметкерлерінің бір жылдағы орташа тізімдегі санына қатынасы ретінде айқындалады.

<sup>14</sup> Жеңілдіктердің барлық түрлері бір жылдағы жұмыспен қамту түріне қарамастан, қызметкерлермен жасалған мерзімсіз және уақытша еңбек шарттары шеңберінде берілді.





## Бала күтімі бойынша демалыс бойынша қызметкерлерді бөлу, адам

GRI 401-3

Көрсеткіш	2020	2021	2022
<b>Бала күтімі бойынша демалысқа шығуға құқығы бар қызметкерлердің жалпы саны:</b>	<b>822</b>	<b>900</b>	<b>892</b>
- Әйелдер	803	878	861
- Еркектер	19	22	31
<b>Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде:</b>	<b>822</b>	<b>900</b>	<b>892</b>
- Әйелдер	803	878	861
- Еркектер	19	22	31
<b>Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін есеп беру кезеңінде жұмысқа оралған қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде:</b>	<b>531</b>	<b>482</b>	<b>399</b>
- Әйелдер	510	473	389
- Еркектер	21	9	10
<b>Бала күтімі бойынша демалыстан жұмысқа қайта оралуы керек жұмысшылардың жалпы саны, оның ішінде:</b>	<b>531</b>	<b>482</b>	<b>399</b>
- Әйелдер	510	473	389
- Еркектер	21	9	10
<b>Алдыңғы есеп беру жылында бала күтімі бойынша демалыстан шыққан және жұмысқа шыққаннан кейін 12 айдан кейін Компанияда жұмысын жалғастырған қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде:</b>	<b>433</b>	<b>492</b>	<b>403</b>
- Әйелдер	430	474	397
- Еркектер	3	18	6

Есеп беру кезеңінің соңында бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлер саны — 892 адам, бұл ретте әйелдердің үлесі 96,5%-ды құрады.

Қызметкерлердің жұмысқа оралу көрсеткіші — 2022 жылы бала күтімі бойынша демалыстан кейін оралуы керек жұмысшылар — 100%.

Есеп беру кезеңінде қызметкерлерді ұстап қалу және демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа қайтару көрсеткіштері 100%-ды құрады.

Қызметкерлерді ұстап қалу көрсеткіші — өткен есеп беру кезеңінде бала күтімі бойынша демалыстан кейін оралған және 2022 жылы жұмысын жалғастырған қызметкерлер — 100%.

## Қызметкерлерді оқыту және дамыту

## «Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлердің үздіксіз өсуі мен дамуы Компанияның табысы үшін қажетті талап екенін түсінеміз.

«Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлерді оқыту және дамыту саласындағы жұмысты регламенттейтін негізгі құжат болып табылатын «Қазақтелеком» АҚ-ның Білімді басқару қағидалары әзірленді. 2022 жылы Leadership academy,

EX academy, HSE&ESG academy, Сервис және сату академиясы, Техникалық академия, IT-академиясы, Qazaq&English academy, Қаржы академиясы, Jas academy бағыттары бойынша 23 521-ден астам қызметкер оқудан өтті.

## 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлерді оқыту сағаттарының саны, адам

GRI 404-1

Көрсеткіш	Гендерлік топтар бойынша		Қызметкерлердің санаттары бойынша		
	Әйелдер	Еркектер	Басшылар	Мамандар	Жұмыскерлер
Қызметкерлердің саны, адам	7 389	12 590	1 147	13 862	4 970
Бір қызметкерге жылына оқу сағаттарының орташа саны, сағат <sup>15</sup>	84,2	75,4	185,3	66,9	30,9

Сонымен қатар, Employee Experience стратегиясына сәйкес Компанияның бір қызметкеріне оқу сағаттарының саны бекітілді. 2022 жылы бұл мақсатты көрсеткіш бір қызметкерге 61 сағат деңгейінде белгіленді. Бір қызметкерге шаққандағы орташа оқу сағаттарының 2022 жылғы нақты көрсеткіші: еркектер — 75,35 сағат, әйелдер — 84,15 сағат.

&gt;23 521

қызметкер

2022 жылы оқудан өтті



## Корпоративтік университет

2022 жылғы 12 шілдеде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарушы директорының, «Қазақтелеком» АҚ жоғары басшылығының және барлық деңгейдегі Компанияның 300-ден астам қызметкерінің қатысуымен Астана қаласында «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік университетінің ашылуы өтті.

Корпоративтік университеттің жұмысы «Қазақтелеком» АҚ-ның АІТУ оқу бағдарламаларын (оның ішінде АІТУ базасындағы IT-колледжді) жетілдіруге тікелей қатысуы, ЖОО-ның студенттерінің «Қазақтелеком» АҚ-да өндірістік практикадан және тағылымдамадан өтуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету, талантты бітірушілер ішінен IT-мамандарды таңдау мақсатында Astana IT University оқу орнымен ынтымақтастыққа негізделген.

<sup>15</sup> Санаттағы бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны = қызметкерлердің әрбір санаты үшін берілген оқу сағаттарының жалпы саны / санаттағы қызметкерлердің жалпы саны.





**GRI 404-2** Корпоративтік университеттің негізгі білім беру бағдарламалары:

**1** Көшбасшылық және басқару академиясы — басшыларды оқыту және дамыту (self & people management);

**2** HSE академиясы — қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізу және дамыту. Курстар әзірленді (электронды және күндізгі):

- Injury Prevention & Response (Жарақаттанудың алдын алу және алғашқы көмек);
- Safe Work Environment;
- HSE-дегі фасилитатор;
- Қол жарақаттары;
- ҚжЕҚ карталарын толтыру ережелері;
- Injury Prevention & Response курсы бойынша жаттықтырушыларды аттестаттау (жарақаттанудың алдын алу және алғашқы көмек);
- Қауіпсіз жүргізу.

**3** бағдарламалар бойынша кадр резервін және басшыларды оқыту:

**Start MBA**  
**112** адам

**Digital MBA**  
**40** адам

**Fresh MBA**  
**88** адам

**Advanced MBA**  
**37** адам

**4** HR/EX академиясы — қызметкерлерді басқару процестерін жақсарту үшін EX-қызмет, HR-VP мектебі қызметкерлеріне арналған ішкі сертификаттау, кешенді біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұйымдастыру;

**5** EX-сарапшылардың барлық санаттарын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу: EX Operations, EX Generalist, EX Analyst, EX Business Partner, EX Director. Сонымен қатар, осы тұжырымдама аясында 30 адам қатысқан EX-джерналистерді оқыту өтті;

**6** Сату және қызмет көрсету академиясы — сату және қызмет көрсету дағдылары, жаңа өнімдер:

**41 қатысушы**  
Service First клиентке бағдарлау мектебі

**20 қатысушы**  
мемлекеттік тілде жаттықтырушыларды іріктеу

**31 қатысушы**  
«Қызметкерлерді дамытудағы күш-жігерді біріктіру» менторлар форумы

**7** IT-академиясы — цифрлық трансформацияны қолдау бойынша оқыту:

- Цифрлық марафон шеңберінде ақпараттық қауіпсіздіктің 12 жаңа электрондық курсы әзірленді;
- Astana IT University серіктес кәсіби АТ-курстар.

**8** Техникалық Академия — GPON, CISCO, деректерді беру, әмбебап монтер, техникалық менторларды қолдау:

- Оффистен тыс техникалық мамандар үшін мобильді білім базасының функционалы әзірленді;
- Техникалық мамандарды оқыту сараптамасы орталығы;

**9** Қаржы Академиясы — қызметкерлерді қаржылық сауатты болуға оқыту:

**168** адам оқыды — **56** адам оның ішінде START MBA шеңберінде

**10** Jas Академиясы (жастар бағдарламалары, оқушылар, студенттер) — оқушылар мен студенттерді компанияға тарту бойынша бағдарламалар, цифрлық таланттар үшін күрес:

**450 қатысушы**  
IT Summer Camp

**100 қатысушы**  
HSE тренинги (пилоттық өткізу)

**20 қатысушы**  
Зияткерлік төзімділік (пилоттық өткізу)

**14 қатысушы**  
Университетке түсу бойынша вебинар (пилоттық өткізу)

**11** Qazaq&English академиясы — қызметкерлерді тілге үйрету:

- «Қазақша сөйлеу клубы — «Қазақша тілдесейік!» жобасы.
- Қазақ тілін оқыту

**1165** адам

## Қызметкерлерді бағалау

«Қазақтелеком» АҚ-дағы өнімділікті басқару жүйесі қызметкердің алдына қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) түрінде тиісті кезеңге нақты, өлшенетін мақсаттар мен міндеттер қоюдан тұрады, олардың орындалуына алынатын сыйақы тәуелді болады. Сондай-ақ, жеке даму жоспарының (ЖДЖ) жүйесі енгізілді, соның арқасында әрбір қызметкер өзінің білімі мен дағдыларын дамытуға, жеке тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға назар аударуға мүмкіндік алады.

Қызметтің тиімділігін бағалау Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін жұмыс нәтижелеріне, жұмысшылардың дағдыларына, білімдері мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды анықтауға мүмкіндік береді. Есеп беру кезеңінде нәтижелілікті тұрақты бағалаумен 530 қызметкер қамтылды, бұл 2021 жылға қарағанда 21,7%-ға аз.

### Қызметкерлерді бағалау принциптері

- Компанияның мүддесіне сай келетін міндеттерді орындаумен сыйақының өзара байланысы
- Сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы
- Сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі







## Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын тұрақты бағалаумен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %

GRI 404-3

Атауы	2020	2021	2022	Өзгеру, %
«Қазақтелеком» АҚ	231	681	530	-22,2
Гендерлік топтар бойынша:				
- Әйелдер	95	204	173	-15,2
- Еркектер	136	467	357	-23,6
Қызметкерлер санаттары бойынша:				
- Басшылар	98	330	234	-29,1
- Мамандар	133	351	296	-15,7
- Жұмыскерлер	0	0	0	0

ПӘК жүйесін басқару Стратегияда, Бизнес-жоспарда және басқа да басқару құжаттарында айқындалған Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған және ұзақ мерзімді, орта мерзімді және операциялық жоспарлауды қамтиды.

Қызметкерлердің қызметтің негізгі бағыттары бойынша нәтижелерге қол жеткізу және олардың стратегиялық мақсаттарды, міндеттер мен бастамаларды орындауын бақылау үшін жауапкершілігі айқындалады. Бұл ретте Компания қаржылық және қаржылық емес тиімділік балансының сақталуын қадағалайды. Факторлық талдау жүргізуді және ұсынымдар әзірлеуді қоса алғанда, тұрақты түрде (тоқсан сайын/жылдық) жоспарланған ПӘК-ке қол жеткізуді мониторингілеу және бағалау міндеттілігі сақталады.

Қызметтің нәтижелілігін жоспарлау және бағалау циклі ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде жұмыскерлер қызметінің нәтижелілігін үздіксіз басқаруға бағытталған. Есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыларды төлеудің негізгі шарты сыйақыларды төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып табылады.

2022 жылы Компания қызмет тиімділігін бағалауға келесі өзгерістер енгізді:

- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының қызметкерлеріне ағымдағы және тоқсандық сыйлықақы беру туралы ереже әзірленді;
- Ағымдағы және тоқсандық сыйақы беру қағидаларына сәйкес филиал қызметкерлері үшін тоқсандық сыйақы беру жүйесі — тоқсандық ПӘК енгізілді;
- Еңбекке қатысу коэффициентін (ЕҚК) қою және есептеу процесі автоматтандырылды;
- ЕҚК-ны есептеудің жаңа схемасы бекітіліп, «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің ЕҚК-ға әсер ететін көтеруші факторлар (өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын және сапалы орындау, шұғыл тапсырма, жауапкершілік көрсету, болмаған қызметкер үшін қосымша жұмыстарды орындау, өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде басқа қызметкерлерге көмек көрсету, тәлімгерлік және т. б.), сондай-ақ төмендетуші факторлар (еңбек тәртібін бұзу, тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзу, жұмыс сапасының төмендігі, абоненттер/клиенттер тарапынан негізделген шағымдардың болуы, ЕҚ мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу және т.б.) енгізілді.

## Әлеуметтік тұрақтылық

GRI 2-26

### 2022 жылы елдегі ішкі саяси жағдайды ескере отырып, Компанияда және еншілес ұйымдарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасты.

«Қазақтелеком» АҚ дивизиондары мен филиалдарының HR-функциясының басшылары қызметкерлердің негізгі мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік-еңбек қатынастары, еңбекақы төлеу қоры, әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша қызметкерлермен тұрақты түрде (тоқсан сайын) кездесулер өткізеді, сондай-ақ кәсіподақтар мен Омбудсменнің қатысуымен анықталған проблемалар бойынша жақсарту жұмыстарын жүргізеді.

Сонымен қатар, Компанияда барлық қызметкерлердің онлайн-конференция форматында өздерін қызықтыратын барлық мәселелер бойынша топ-менеджментпен кері байланыс тетігі жолға қойылған. Механизм келесі процедураларды қамтиды:

- сұрақтар пулын алғашқы жинау;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Коммуникациялар департаментімен сұрақтар пулын модерациялау;
- Басқарма төрағасымен тікелей эфир.

Әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған кезде Компания өтініштерді/шағымдарды мұқият қарау үшін арнайы комиссиялар құрады, басшылық жергілікті кәсіподақтар мен Омбудсменді тарта отырып, орындарға шығады. Комиссия жұмысының және басшылықтың еңбек ұжымдарымен кездесулерінің нәтижелері бойынша проблемалық мәселелерді шешу үшін іс-шаралар әзірленеді.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-ның Компаниялар тобында өндірістік ұжымдардағы әлеуметтік ахуалға жыл сайын мониторинг жүргізіледі. Жасырын әлеуметтік шиеленісті уақтылы анықтау және осы процесі басқару мақсатында «Қазақтелеком» АҚ, «Ілеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» ЖМ-да Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік зерттеу жүргізілуде.

Сауалнама нәтижелері бойынша әлеуметтанушылардың ұсынымдарына сәйкес жыл сайын дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі.

2022 жылы Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы SRS индексіне зерттеу жүргізді, оның нәтижелері бойынша жиынтық мәні 67%-ды, «Қазақтелеком» АҚ-ның ПӘК-нің шекті мәні 68%-ды құрады.

SRS жиынтық мәні үш индекстің нәтижелері бойынша біріктірілген:

- Қатысу индексі — жоғары деңгей;
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі;
- Әлеуметтік тыныштық индексі — тұрақты деңгей.

Қатысу индексі компаниядағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігіне, қарым-қатынастар мен коммуникацияларға қанағаттану деңгейін, сондай-ақ қызметкерлердің адалдық деңгейін өлшейді.

Әлеуметтік тыныштық индексі басшылық пен бағыныштылар арасындағы шиеленіс деңгейін, сондай-ақ наразылық әлеуетінің деңгейін (митингілер мен ереуілдердің ықтималдығы) көрсетеді.

2022 жылғы SRS нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша Компания оң әлеуметтік ортаны, жайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ ұжымдарда салауатты және сындарлы қарым-қатынастарды сақтау бойынша жұмыс жүргізгенін атап өткен жөн. SRS нәтижелері бойынша қызметкерлердің жағдай деңгейіне қанағаттануын жақсарту мақсатында «Қазақтелеком» АҚ-да 2023 жылға арналған дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.





## Әлеуметтік саясат

**96%**

Ұжымдық келісімшартпен қамтылған Компания қызметкерлерінің пайызы



«Қазақтелеком» АҚ-ның әлеуметтік саясаты білікті бәсекеге қабілетті қызметкерлерді тартуға және ұстап қалуға, сондай-ақ қызметкерлердің жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдауға бағытталған әкімшілік-басқару міндеттерінің тұтас кешенін шешуге ықпал ететін әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуді және енгізуді көздейді.

Компанияда әлеуметтік саясаттың мынадай бағыттары іске асырылады:

- кіріс саясаты;
- кәсіподақтармен ынтымақтастыққа қатысты саясат;
- әлеуметтік қолдау саясаты.

Компания қызметкерлері мен зейнеткерлерінің әлеуметтік қорғалуы оның әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

### GRI 2-30

Ұжымдық келісімшартпен қамтылған Компания қызметкерлерінің пайызы 96%-ды құрайды. «Қазақтелеком» АҚ Ұжымдық келісімшартқа сәйкес қызметкердің жұмыспен қамтылу сипатына қарамастан (тұрақты немесе уақытша) әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлерін көрсетеді:

- некені тіркеу кезінде материалдық көмек;
- бала тууға, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты материалдық көмек;
- жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін материалдық көмек;
- еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу;
- бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша қосымша демалыс төлеу;
- егер қызметкерге 1 немесе 2 топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда біржолғы жәрдемақы;

- жақын туысының қайтыс болуына байланысты жерлеуді ұйымдастыруға материалдық көмек;
- ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде қызметкерлерге медициналық көмек көрсету;
- зейнеткерлікке шыққан қызметкерге біржолғы жәрдемақы төлеу.

Ұжымдық келісімшартпен қамтылмаған қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

**2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды жақсарту бойынша жұмыс жүргізді.**

Оның шеңберінде есеп беру кезеңінде «Қазақтелеком» АҚ-ның «Демеу» әлеуметтік қолдау бағдарламасы өзектендірілді. Әлеуметтік топтаманың өзгеруінің негізгі алғышарттары халықтың әлеуметтік осал топтарынан (аз қамтылған, көп балалы отбасылар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар) жұмыскерлердің өтініштері болды. Өтініштердің нәтижелері бойынша әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлері толықтырылды және өзгертілді:

- балалардың сауықтыру лагерьлеріне жолдама алуға байланысты шығындарды өтеу;
- балалардың сауықтыру санаторийлеріне (мүгедек балалар үшін) жолдама сатып алуға байланысты шығындарды өтеу;
- балаларға арналған дәрілік заттарды сатып алуға материалдық көмек;
- мектеп оқушыларының тамақтануына материалдық көмек;
- оқу жылының басына материалдық көмек;
- медициналық оңалту/баланы оңалтудың жеке бағдарламасы (мүгедек балалар үшін) қаражатты өтеу;
- арнаулы білім беру бағдарламалары үшін қаражатты өтеу (мүгедек балалар үшін);
- арнаулы түзету ұйымдарына барғаны үшін қаражатты өтеу (мүгедек балалар үшін);
- мектеп бітірген күні кәмелетке толмаған және оқуын өте жақсы бітірген мектеп түлектеріне материалдық көмек.







**GRI 404-2**

Бұдан басқа, А8-В4 грейдтарындағы филиалдардың қызметкерлеріне бірінші орта/жоғары білім алатын және алдыңғы оқу курсы үшін балаларының орта арнаулы оқу орнында/жоғары оқу орнында оқудың бітіру курсына (тұруға және тамақтануға арналған шығындарды есептемегенде) ақы төлеу бойынша шығындарды өтеу түрінде әлеуметтік қолдау белгіленеді:

- дәстүрлі жүйе бойынша үлгерімнің орташа балы «жақсыдан» (70-100 балл диапазоны) төмен емес;
- немесе GPA балл — 2,33-тен төмен емес.

Сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ салалық кәсіподақтармен үшжақты тәртіпте жасалған «Қазақтелеком» АҚ Ұжымдық келісімшарты шеңберінде өз қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, оның ішінде:

- еңбек демалысына материалдық көмек;
- еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы;
- ерте зейнеткерлікке шыққан кездегі біржолғы жәрдемақы;
- баланың тууына байланысты төлемдер;
- әр түрлі өмірлік жағдайларда көмек көрсету үшін төлемдер.

Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ Ұжымдық келісімшарты зейнетке шығу немесе компания қызметкерлерін қысқарту нәтижесінде жұмысқа орналасу және мансапты аяқтауды басқару мүмкіндіктерін сақтауға жәрдемдесуге арналған өтпелі кезеңдегі қолдау бағдарламаларын регламенттейді. Оның аясында Компания келесі қолдау түрлерін ұсынады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания қысқартылатын жұмыскерлерді тиісті біліктілігі, мамандығы немесе кәсібі бойынша ұқсас лауазым бойынша бар бос орындарға ауыстыруды қамтамасыз етеді;
- еңбек шарты бұзылған кезде Компанияда кемінде 20 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар, қызметкерлер санының/штатының қысқаруына байланысты еңбек шарты бұзылған қызметкерлер, егер олар «Қазақтелеком» АҚ-мен еңбек шарты бұзылғаннан кейін басқа ұйымдарда жұмыс істемеген жағдайда, зейнеткерлік жасқа толған кезде Компанияның зейнеткерлері ретінде есепке алынуға жатады;
- сандарды оңтайландыруды жүргізу кезінде Компания органдарының шешімі бойынша және/немесе Компанияның орталық аппаратының өкімдік құжаттары негізінде, Компанияда ақшалай қаражат болған кезде, қызметкердің қалауы бойынша (өтініш), егер қызметкердің Компаниядағы үздіксіз өтілі кемінде 10 жыл болса, заңнамада белгіленген актиментісті жылы жасы бойынша зейнетке шығу құқығына дейін кемінде бес жыл мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу мүмкіндігін біржолғы жәрдемақы төлей отырып, қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жәрдемақы мөлшері қызметкердің жасына байланысты зейнетке шығу құқығы басталғанға дейін қалған айлар санына көбейтілген, бірақ 36 айдан аспайтын айдағы орташа жалақысының 50% есебіне сүйене отырып айқындалады;
- қысқартуға жататын қызметкерлерге хабарлама берілген сәттен бастап ағымдағы жалақысын сақтай отырып, аптасына 4 сағат жаңа жұмыс іздеу үшін жұмыс орнынан кету құқығын беру;
- Компаниядан зейнеткерлікке шыққан кезде алғаш рет екі айға орташа жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы және зейнеткерлікке шыққанға дейін «Қазақтелеком» АҚ-да үздіксіз жұмыс істеген әрбір 10 жыл үшін айына орташа жалақы бойынша қосымша ақы төлеуге міндеттенеді.

Есеп беру кезеңінде 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау саласында 100% жоспарланған іс-шараларды іске асырды:

- Белгіленген критерийлерге сәйкес жылжымайтын мүлкті кеңейтуді қажет ететін қызметкерлер үшін жеңілдетілген пайызсыз қарыз беру (бір адамға шаққандағы тұрғын үй алаңының ең төменгі мәні — 18 шаршы метр);
- Белгіленген критерийлерге сәйкес меншікті мүлкі жоқ қызметкерлер үшін жеңілдікті пайызсыз қарыз беру;
- Іс-шараларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының саны 500 млн теңгеден асты. Бюджетті игеру 100% орындалды.

Сондай-ақ, есеп беру жылы Компания қызметкерлердің салауатты өмір салты мәдениетін арттыру бойынша бастамаларды жалғастырды. Келесі іс-шаралар әзірленді және орындалды:

- «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерін салауатты өмір салтына ынталандыру, қызметкерлердің қатысуын, өнімділігі мен әл-ауқатын арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2021.07.21 №8 хаттама) ЕХ стратегиясы шеңберінде қызметкерлердің әл-ауқаты мен денсаулығы жөніндегі жоба;
- қызметкерлердің физикалық денсаулығын дамыту жөніндегі іс-шаралар (Дұрыс тамақтану, Дұрыс ұйқы — ұйықтар алдында гаджеттерден бас тарту).

Сондай-ақ, Компания қызметкерлері арасында «Салауатты Телеком» Telegram-арнасының платформасында екі апта бойы онлайн-форматта өткізілген Салауатты өмір салты марафонын ерекше атап өткен жөн. Марафон нәтижелері бойынша жүлделі орындарға ие болған қатысушылар Shop.telecom.kz сертификаттарымен келесі номиналдар бойынша марапатталды:

- 1-орын — 150 000 (жүз елу мың) теңге;
- 2-орын — 100 000 (жүз мың) теңге;
- 3-орын — 80 000 (сексен мың) теңге.

**2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар**

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерімен өзара қарым-қатынас саласындағы HR-жүйесін оңтайландыру мақсатында 2023 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

1. Қызметкерлерді іріктеу процестерін оңтайландыру — ПӘК-ті қайта қарау.
2. «Қазақтелеком» АҚ топ-менеджментімен кері байланыс шеңберінде күндізгі конференция өткізу.
3. «Қазақтелеком» АҚ желілік басшыларымен әл-ауқат және денсаулық жөніндегі жоба шеңберінде 2023 жылғы сәуірде бағыныштылардың стресспен, харассментпен, психологиялық зорлық-зомбылықпен жұмыс істеу бойынша вебинарлар ұйымдастыру.
4. «СӨС» марафонының денсаулық амбассадорларын оқыту.
5. «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкерлерін «Демеу» әлеуметтік қолдау бағдарламасын іске асыру.
6. Өңірлерде әйелдерді қолдау жөніндегі бағдарламаны дамыту және іске асыру.
7. Industrial Relations (IR) қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша практиканы енгізу.
8. Қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу жүйесін жетілдіру (Жобалар: «Онлайн-дашборд», «EVP арттыру», «Жаңа бейімдеу бағдарламасын әзірлеу»).
9. Pro Telecom, Telecom Data Factory тағылымдама бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру.
10. Employee Experience стратегиясын іске асыруды жалғастыру.
11. «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік университетін дамыту — оқыту рөлдері негізінде қызметкерлерді оқытуға қажеттілікті автоматты түрде айқындау бойынша жүйелі тәсілді енгізе отырып, Корпоративтік университет академияларының бағдарламаларын одан әрі ілгерілету.
12. Жұмыскердің әлеуметтік жағдайын ескере отырып, өндірістік қызметкерлерге, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға бірінші кезекте қарыз бере отырып, пайызсыз несиелер беру бағдарламасын жалғастыру.







# Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер

GRI 3-3

## Басқару тәсілі

**«Қазақтелеком» АҚ адам құқықтарының сақталуын және барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және гендерлік теңсіздік пен кемсітушіліктің кез келген түрлерінің туындау жағдайларды болдырмайды.**

Компания осы саладағы Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын орындайды, оның шеңберінде қызметкердің іскерлік қасиеттерімен байланысты емес дін, жыныс, тіл, жас, ұлт белгілері, мүгедектіктің болуы, отбасы мәртебесі, әлеуметтік шығу тегі немесе өзге де жеке айрықша сипаттамалары бойынша еңбек құқықтарын іске асыру кезінде ешкімді қандай да бір кемсітуге тап болмайды.

«Қазақтелеком» АҚ Адам құқықтары мен тең мүмкіндіктерді сақтау саласындағы өз тәжірибелерін үздіксіз жетілдіруде. Осылайша, Компания қызметкерлермен Ұжымдық келісімшарт жасасу, өзгерту, толықтыру бойынша келіссөздерге қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, Ұжымдық келісімшарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды. Еңбек заңнамасына сәйкес кез-келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және Ұжымдық келісімшарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған Ұжымдық келісімшартпен танысуға құқылы.

## Адам құқықтарын сақтау

GRI 2-23

«Қазақтелеком» АҚ ірі жұмыс беруші бола отырып, қатысушы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады. Есеп беру жылы қызметкерлер саны 20 мыңға жуық адамды құрады, бұл Компания толық түсінетін адам құқықтарын сақтау саласында жоғары жауапкершілік жүктейді. «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын сақтау тәжірибесін дамытады. Компаниядағы адам құқықтарын сақтау тәсілдерін регламенттейтін негізгі құжат «Қазақтелеком» АҚ Іскерлік әдеп кодексі болып табылады. Адам құқықтарын сақтау саласында Компания Іскерлік әдеп кодексінің мынадай қағидаттарын ұстанады:

- адамның қадір-қасиетін, құқықтарын мен жеке бос бостандығын құрметтеу, әрқайсысына өз әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктер бере отырып, қызметкерлерге сенім білдіру;
- жұмыс орнындағы кемсітушіліктің немесе қысымның кез келген түрін, жалпы адамгершілік-этикалық құндылықтар тұрғысынан қорлау немесе орынсыз мінез-құлық фактілерін жою.

Адам құқықтары практикасын дамыту мақсатында Компания 2023 жылы және орта мерзімді келешекте мынадай мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр:

- «Қазақтелеком» АҚ Адам құқықтары жөніндегі саясатын әзірлеу және бекіту;
- адам құқықтары саласында due diligence практикасын жүргізу әдіснамасын енгізу;
- адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалауды жүргізу.


## Тең мүмкіндіктер

2022 жылғы желтоқсанда қызметкерлердің алуан түрлілігін арттыру және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында «Қазақтелеком» АҚ Компанияның әйел қызметкерлерінің білім деңгейі мен құзыреттерін арттыруға бағытталған «Өңірлердегі әйелдерді қолдау» бағдарламасын іске қосты. Осы бағдарлама аясында Астана және Алматы қалаларында «Әйелдер көшбасшылығы» тақырыбында 2-3 күндік тренингтер өтті, олардың жетекшілері әйелдер топ-менеджерлері мен компания басшылары болды.

«Қазақтелеком» АҚ лауазымы мен жынысына қарамастан жалақы деңгейінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Компанияның орташа айлық жалақысының деңгейі қызметкердің атқаратын лауазымына байланысты емес және ұйымдағы еңбекақы төлеу ережелеріне сәйкес анықталады.

Компания қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуді және сыйақыға әділ және тең құқылы көзқарасты қамтамасыз етуді қадағалайды. Есеп беру кезеңінде кемсітушілік фактілері «Қазақтелеком» АҚ-да тіркелген жоқ. Еркектердің орташа жалақысына қатысты әйелдердің орташа жалақысы 2022 жылы 107,5%-ды құрады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің орташа айлық жалақысының өсу серпіні, мың теңге







## Қызметкерлерді марапаттау

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру тәсілін регламенттейтін құрылымдық бөлімше — Сыйақы және ұйымдық тиімділік қызметі. Бұл бөлімшенің негізгі міндеттері қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті экономикалық тиімді сыйақы жүйесін құру болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ-да қабылданған ынталандыру жүйесі қызметкерлердің қызметін бағалаудың енгізілген жүйесін қоса алғанда, қызметкерлерге сыйақы мен олардың жұмыс нәтижелерінің нақты өзара байланысын қамтамасыз етеді.

«Қазақтелеком» АҚ-да Нау Group әдіснамасы бойынша грейдтер жүйесі жұмыс істейді. Еңбекақы төлеу, қосымша төлемдер, үстемеақылар, ағымдағы және біржолғы сыйлықақылар бойынша тәсілдер, разрядаралық коэффициентті қолдана отырып, лауазым разрядын/санатын саралау біріздендірілді. Фокус қызметкерлердің жиынтық табысына аударылады, оған жалақы мен сыйлықақылардан басқа, жеңілдіктер мен материалдық емес мотивация кіреді.

Есеп беру кезеңінде Компанияда қызметкерлерге материалдық сыйақы беру бойынша мынадай тәсілдер әзірленіп өзектендірілді:

- EBITDA жоспарлы көрсеткішін асыра орындағаны үшін «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне қосымша сыйақы беру туралы ереже;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының қызметкерлеріне ағымдағы және тоқсандық сыйлықақы беру туралы ереже;
- Ағымдағы сыйлықақыны есептеу үшін филиалдың немесе филиалдың жекелеген ірі құрылымдық бөлімшелерінің жалпы ПӘК картасы (мысалы, МЖТТ, ОҚКО бағыты бойынша және т. б.);
- Тоқсандық сыйақыға арналған филиалдың немесе филиалдың жекелеген ірі құрылымдық бөлімшелерінің жалпы ПӘК картасы (мысалы, МЖТТ, бағыт бойынша ОҚКО және т. б.);
- «Қазақтелеком» АҚ цифрлық трансформация командасының data-лауазымдарына еңбекақы төлеу және сарапшыларын ынталандыру қағидалары.

«Қазақтелеком» АҚ-да еңбекақы төлеу гендерлік теңдік қағидатына, оның ішінде қызметкерлердің санаттары бойынша жалақының арақатынасына негізделген.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жұмысшылар санаттары бойынша бөліністегі еркектер мен әйелдердің жалақысының арақатынасы **GRI 405-2**



2022 жылғы 31 желтоқсандағы жұмыскерлер санаты бойынша бөліністегі еркектер мен әйелдер сыйақысының арақатынасы **GRI 405-2**



<sup>16</sup> «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің санаттары бойынша бөліністегі әйелдер мен еркектердің базалық жалақысының қатынасы.

<sup>17</sup> Сыйақы (базалық жалақы + сыйлықақылар).

<sup>18</sup> «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің санаттары бойынша бөліністегі әйелдер мен еркектер сыйақысы (базалық жалақысы + сыйлықақысы) мөлшерінің қатынасы.

**GRI 202-1**

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ еркек пен әйел қызметкерлерінің еңбекақысының ең төменгі мөлшері 84 000 теңгені құрады. Елдегі ең төменгі жалақы мөлшерін 60 000 теңге деңгейінде ескере отырып, Компания қызметкерлерінің ең төменгі жалақысының елдегі ең төменгі жалақы мөлшеріне қатынасы 2022 жылы 40%-ға жоғары болды.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

1. Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әралуандық сала-сындағы саясатты әзірлеу және бекіту.
2. «Өңірлердегі әйелдерді қолдау» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру.
3. Еңбекақы төлеу қорын басқарудың экономикалық моделін енгізу.
4. «Қазақтелеком» АҚ Ұжымдық келісімшартын өзектендіру шеңберінде қызметкерлерді индекстеудің міндетті жүйесін енгізу.
5. Мотивациялық бағдарламалардың тиімділігін арттыру үшін процестерді автоматтандыру.
6. Операциялық тиімділік бағдарламасын әзірлеу.
7. Grade B5 және одан жоғары деңгейлерінде жылдық бонус төлемдерін қысқарту.





# Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

**«Қазақтелеком» АҚ үшін ең жоғары құндылық қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы болып табылады, осыған байланысты Компания еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды. «Қазақтелеком» АҚ Даму Стратегиясының басым бағыттары қолайлы еңбек жағдайларын жасау, сондай-ақ өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін барынша азайту болып табылады.**

Компания озық әлемдік тәжірибеге сай болуға, сондай-ақ ұлттық және халықаралық талаптарды қатаң сақтауға және өзінің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚжЕҚ) үздіксіз жетілдіруге ниетті.

«Қазақтелеком» АҚ-ның ҚжЕҚ саласындағы басым міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін тиісінше сақтау және қолдану;
- қауіпсіз еңбек жағдайлары мен жұмыс орындарын ұсыну;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы озық тәжірибенің заманауи технологиялары мен тәжірибелерін пайдалану;
- өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алудың заманауи құралдары мен әдістерін енгізу.

«Қазақтелеком» АҚ-ның еңбекті қорғау саласындағы қызметінде қызметкерлердің, мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің және халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсерлерді алдын ала болдырмау немесе азайту маңызды рөл атқарады. Компанияда жұмыс істейтін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жүйесі әдістемелік басшылықты, ҚжЕҚ жағдайын талдауды және бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ-да Компанияның барлық қызметкерлері мен мердігерлеріне қолданылатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы саясат әзірленді.

«Қазақтелеком» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі жұмыс істейтін кәсіптік денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясат;
- ЖЖ ТҚКО-дағы жұмыс түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар жинағы;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының Жергілікті желілеріне техникалық қызмет көрсету орталығының мамандықтары бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар жинағы;
- «Қазақтелеком» АҚ-да Арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарына қойылатын техникалық талаптар мен ерекшеліктер;
- «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарламасы;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді көтермелеу регламенті;
- «Қазақтелеком» АҚ бойынша тергеуге жататын жұмыскерлердің еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен ықтимал қауіпті жағдайлар кезінде хабарламаларды ресімдеу және деректерді жинау тәртібі;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Көлік құралдарын басқару саласындағы саясаты;
- Сапарларды басқару және жүргізу стандарты;
- ҚжЕҚ бойынша статистикалық есептіліктің бекітілген нысандары;
- Мерзімді міндетті медициналық тексерулерді жүргізу қағидалары;
- Рұқсат нарядтар бойынша қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды жүргізу қағидалары;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның өрт қауіпсіздігі ережелері» стандарты;
- Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары;
- «Төтенше жағдайларға дайындық және жауап беру» құжатталған рәсімі.

## Басқару құрылымы мен құралдары


Компанияда «Қазақтелеком» АҚ орталық аппаратының арнайы функционалдық бөлімшесі болып табылатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі (ҚжЕҚ) жұмыс істейді. Қызметтің жауапкершілік аймағына Компаниядағы еңбекті қорғау бойынша барлық ұйымдастырушылық жұмыстарды күнделікті басқару және үйлестіру кіреді.

Апаттық және төтенше жағдайларды басқару рәсімін іске асыру үшін жауапкершілік Компанияның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшыларына, сондай-ақ еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі жауапты қызметкерлерге жүктеледі.





## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің функциялары



### GRI 403-4

«Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлердің өндірістегі қауіпсіздік мәселелерін басқаруда маңызды рөл атқаратынын түсінеміз. Біз осы себепті қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеуге, енгізуге және бағалауға белсенді тартуды қамтамасыз етеміз. Компанияның барлық филиалдары мен орталық аппараттарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылды. Өндірістік кеңестер Компанияның және қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен күш-жігерін ұйымдастыру бойынша тұрақты негізде жұмыс істейді, сондай-ақ жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеруді ұйымдастырады. Бұдан басқа, дағдарыс жағдайлары туындаған жағдайда Компания Азаматтық қорғаныс штабымен бірлесіп, ҚЖЕҚ-ның қатысуымен дағдарыстық жағдайларды тергеу және жою жөніндегі жұмыс тобын құрады.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да Компания қызметкерлерін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесін жетілдіру процесіне тарту деңгейін арттыруға бағытталған, сондай-ақ қызметкерлерге қауіпті факторларды, ықтимал қауіпті жағдайларды және жақсы тәжірибені байқауға және хабарлауға және Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі ұсыныстарын енгізуге мүмкіндік беретін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарламасы» стандарты әзірленді.

Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ-да нөлдік жарақатқа қол жеткізу үшін жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға Компания қызметкерлерін тарту мақсатында «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді көтермелеу регламенті» бекітілді. Регламент шеңберінде жыл сайынғы көтермелеу санаттары мен іріктеу рәсімі айқындалды, сондай-ақ көтермелеудің мөлшері мен түрлері бекітілді.

HSE тұжырымдамасы және «Қауіпсіз еңбек» жол картасы аясында жазатайым оқиғаларды азайту, нөлдік жарақатқа қол жеткізу және барлық деңгейдегі басшыларды оқыту бойынша іс-шаралар іске асырылды.

### Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер<sup>19</sup>, адам

### GRI 403-8

Атауы	2020		2021		2022	
	барлығы, адам	үлесі, %	барлығы, адам	үлесі, %	барлығы, адам	үлесі, %
Қызметкерлердің тізімдегі саны, барлығы	22 400	100	20 517	100	19 979	100
Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	22 400	100	20 517	100	19 979	100

<sup>19</sup> жүйе ішкі аудит рәсімінен және/немесе үшінші тараптың тәуелсіз аудит/сертификаттау рәсімінен өтпеген





## Менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі

### GRI 403-1

Компания еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін басқару жүйелерінің тиімді жұмысын қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінеді. «Қазақтелеком» АҚ-да халықаралық стандарттарға сәйкес келетін денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелері енгізілді. «Қазақтелеком» АҚ-да ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесі енгізілді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі «2001 ILO-OSH 2001 ХЕҰ ЕҚБЖ Еңбекті қорғауды басқару жүйелері бойынша нұсқаулық» және ISO 45001:2018 халықаралық стандартына сәйкес бірыңғай талаптарды белгілейді.

Компанияның ҚЖЕҚ саласындағы саясатының негізгі қағидаттарының бірі ILO-OSH халықаралық стандартының, олардың ҚР СТ ISO 45001-2018 ұлттық аналогының талаптарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесін ұдайы жетілдіру және оның нәтижелілігін арттыру болып табылады.

Компания құжаттаманың ISO 45001:2018 және ISO 14001:2015 стандарттарының кәсіби денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау менеджменті жүйелерінің құжатталған ақпаратына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Бұдан басқа, Компанияда менеджменттің интеграцияланған жүйесі шеңберінде ҚР СТ ISO 9000-2015 «Сапа менеджменті жүйелері» ескеріле отырып дайындалған «Апаттық жағдайларға дайындық және ден қою» құжатталған рәсімі әзірленді. «Негізгі ережелер мен сөздік», ҚР СТ ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық», СТ РК ISO 45001-2019 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Құжатталған рәсімнің талаптары «Қазақтелеком» АҚ барлық филиалдарында қолдану үшін міндетті болып табылады. Құжат Компания қызметінің барлық салаларына қолданылады.

## Тәуекелдерді бағалау

### GRI 403-2

«Қазақтелеком» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару мәселелеріне тиісті жауапкершілікпен қарайды. ҚЖЕҚ-ның негізгі тәуекелдерді басқару процесі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің, сондай-ақ Компанияның еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жол берілмейтін қауіптер мен тәуекелдерді бағалау «Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау. Басқару шараларын айқындау тәртібі бекітілген құжатталған рәсімге сәйкес жүзеге асырылады».

Компанияның тәуекелдер тізілімінде өндірістік жарақат негізгі тәуекелдердің бірі ретінде анықталған. Ол бойынша Компанияда тәуекелді іске асырудың алдын алуға және оны іске асырудың салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралар тізбесі қалыптастырылды.

Жұмысқа байланысты қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау үшін компанияда негізгі тәуекел оқиғасы бойынша іс-шаралар жоспары жасалады, өндірістегі жарақаттану және авариялар жөніндегі ақпарат, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау негізінде негізгі тәуекелдік оқиғалар үшін тәуекелдердің түйінді индикаторлары бойынша өзекті мәртебе беріледі. Компания елеулі қауіптер мен жол берілмейтін тәуекелдер тізілімін бекітті. Сондай-ақ, тәуекелдердің ықтималдығы мен әсерін талдау және бағалау, ағымдағы жағдайды ескере отырып, тәуекелді азайту жөніндегі іс-шараларды қайта қарау жүргізіледі.

Компанияда 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ бойынша тергеуге жататын жазатайым оқиғалар мен еңбек қызметіне байланысты ықтимал қауіпті жағдайлар кезінде хабарламаларды ресімдеу және деректерді жинау тәртібі» стандарты бекітіліп, қолданысқа енгізілді, ол жазатайым оқиғалар мен тергеуге жататын ықтимал қауіпті жағдайлар кезінде деректерді жинауды жеңілдетуге арналған. Сонымен қатар, 2022 жылы Басқарма Төрағасы «Тоқтату құқығы» туралы жариялады, бұл Компания қызметкерлеріне жұмыс жағдайлары қауіпті деп санаса, кез келген уақытта жұмыстарды ішінара немесе толық тоқтатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте, қызметкерлерге қауіпті жұмыстарды ішінара немесе толық тоқтатқаны үшін кез келген жағымсыз салдардың болмауына кепілдік беріледі.

### GRI 403-2, 403-9

«Қазақтелеком» АҚ-да тұрақты түрде жобалық тәуекелдер мен халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсерлер анықталады және бағаланады, сондай-ақ қорғау, алдын алу шаралары әзірленеді. Қажет болған жағдайда Компания тиісті органдармен және басқа да мүдделі тараптармен әсерді азайту шаралары мен жоспарларына қатысты ынтымақтасады.

Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау рәсімін жүргізу кезінде барлық қызметкердің күнделікті қызметі, адамның мінез-құлқы және оның қабілеттері, жұмыстарды орындау аймағына жақын немесе одан тыс жерде анықталған қауіптер, инфрақұрылым, құрал-жабдықтар мен материалдар, технологиялық процестер ескеріледі. Компанияда тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар белгіленіп, өткізіледі.





## Өндірістік жарақаттанудың алдын алу

GRI 403-7

«Қазақтелеком» АҚ өндірістік жарақаттану мәселелерін басқару үшін өзінің жауапкершілігін түсінеді және Компанияда болған жазатайым оқиғалардың барлық себептерін талдау және олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін тұрақты кеңестер өткізуді қамтамасыз етеді.

Компания өндірістік жарақаттану мен ЖКО-ға талдау жүргізеді, соның нәтижесінде филиалдарда жазатайым оқиғалардың алдын алу және алдын алу жөніндегі іс-шаралар тізбесін қамтитын ақпараттық хаттарды дайындау және тарату жүзеге асырылады. Бұдан басқа, Компания барлық бөлімшелердегі қызметкерлермен болған оқиғалардың мән-жайлары мен себептерін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы бойынша жоспардан тыс нұсқаулықтарды талқылайды.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында нөлдік жарақаттануды қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы жоспар іске асырылуда. Жоспардың орындалуы жөніндегі есепті Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарайды.

Қызмет көрсету туралы шарттар жасалған мердігер ұйым қызметкерлерінің арасында Компания жарақаттанудың статистикалық есебін жүргізбейді.

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері арасындағы жарақаттану көрсеткіштері<sup>20</sup>

GRI 403-9

Барлық жұмысшылар үшін

Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік)

2020

2021

2022

0

0

0

Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%)

0

0

0

Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны (бірлік)

1

5

2

Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті (%)

0,03%

0,14%

0,06%

Өндірістік жарақаттар саны (бірлік)

4

6

2

Өндірістік жарақаттар коэффициенті (LTIFR) (%)<sup>21</sup>

0,12%

0,17%

0,06%

Жұмыс сағаттарының жалпы саны (адам-сағат)

36 634 678

35 020 687

34 007 902

2022 жылы Компанияда екі ауыр өндірістік апат болды.

Жарақаттың негізгі себептері:

- үшінші тараптың кінәсінен болған жол-көлік оқиғасы;
- Ақтөбе қаласында ақаулы жабдықтардың жарылуына әкеп соққан жауапты басшылардың қауіпсіз еңбекті тиісінше ұйымдастырмауы.

Анықталған жазатайым оқиғалардың нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ басшылығы мынадай түзету шараларын қабылдады:

- арнайы тергеу жүргізу;
- Компанияның филиалдары мен дивизиондарындағы жұмыс жабдықтарын ҚЖЕҚ талаптарын сақтау үшін толық тексеру;
- жауапты басшыларға тәртіптік сөгіс;
- материалдық залал үшін өтемақы беру.

<sup>20</sup> Аталған деректер Компания қызметкерлерінің 100%-ын қамтиды. Бұл статистикадан ешқандай жұмысшылар санаты алынып тасталған жоқ.

<sup>21</sup> Коэффициенттер жұмыс істеген 1 000 000 сағат негізінде есептеледі.





## Қауіпсіз жұмыс жүргізуді оқыту және дамыту

GRI 403-5

Компания қызметті жүзеге асыру кезінде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуын міндетті түрде қамтамасыз етеді және бақылайды, апаттар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі кешенді іс-шаралар ұдайы өткізіліп тұрады. Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлердің тиісті талаптарды саналы түрде сақтау деңгейін арттыру үшін, сондай-ақ осы саладағы озық халықаралық тәжірибелерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қызметкерлерді еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум, электр қондырғыларында жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту Компанияда жыл сайын бөгде оқу ұйымдарында да, жұмыс орындарында да жүргізіледі. 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да Компания қызметкерлері үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында тренингтер мен оқыту бағдарламалары өткізілді:

- зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- шаршауды бақылау;
- «Балаларға арналған қауіпсіздік» тақырыбында мастер-класс өткізу бағдарламасы. Пилоттық режимде 8-10 жас аралығындағы 100 қатысушы оқудан өтті;
- injury prevention and response онлайн оқыту 1-деңгейі — жарақаттанудың алдын алу бойынша;
- injury prevention and response онлайн оқыту 2-деңгейі — техникалық қызметкерлер үшін жарақаттанудың алдын алу бойынша;
- injury prevention and response онлайн оқыту 3-деңгейі — жаттықтырушылар үшін жарақаттанудың алдын алу бойынша;
- қауіпсіз жүргізу бойынша оқыту. Астана және Алматы қалаларында жүргізушілер қатысты;
- «Еңбекті қорғау және денсаулық қауіпсіздігі саласындағы фасилитаторизм» оқыту.

2022 жылы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум, қауіпсіздік техникасы бойынша сыртқы оқыту жүргізу, адам

GRI 403-5

12

қызметкерлер

топ-менеджерлерге арналған басшылықтың есептілігі

714

қызметкерлер

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша

1 306

қызметкерлер

өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша

288

қызметкерлер

Биіктікте және альпинизм жұмыстарында жұмыс істеу кезінде ҚӨО-дағы қауіпсіздік техникасы қағидалары

522

қызметкерлер

Электр қауіпсіздігі

480

қызметкерлер

Өрт қауіпсіздігі

9


қызметкерлер

NEBOSH IGC (Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат)

## Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестициялар

2022 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 970 млн теңгені құрады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялар көлемі, млн теңге



● Еңбек жағдайларын және өндіріс қауіпсіздігінің техникасын қамтамасыз ету ● Медициналық куәландыру ● Өндірістің ЕҚ және ЕҚ жағдайларын қамтамасыз ету





## Кәсіптік аурулардың алдын алу және денсаулықты сақтау

**GRI 403-3, 403-6**

Адамдарға қамқорлық жасау Компанияның маңызды ба- сымдығы болғандықтан, «Қазақтелеком» АҚ қызметінде қызметкерлердің денсаулығына ерекше көңіл бөлінеді. Қызметкерлердің әлеуметтік пакеті толық медициналық сақтандыруды қамтиды, Ұжымдық келісімшарттың та- лаптарына сәйкес сауықтыру және санаторий-курорттық емдеу бағдарламалары қолданылады. Сонымен қатар, Компанияда алдын-ала, мерзімді және кезектен тыс ме- дициналық тексерулер үнемі өткізіліп тұрады. Олардың нәтижелері бойынша, қажет болған жағдайда, қызметкер-

лер тереңдетілген профилактикалық тексеруге жіберіледі. Өндірістік қызметкерлер болып табылатын және міндет- ті медициналық қарап-тексеруге жататын, бірақ медици- налық қарап-тексеруден өтпеген жұмыскерлер жұмыс жүргізуге жіберілмейді. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес Компанияның мердігер ұйымдарының қауіптілігі жоғары жұмыстармен, машина- лармен және механизмдермен айналысатын қызметкер- лері де міндетті түрде ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексеруден өтеді.

### Қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру

Компания өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттану тәуекелдерін басқару саласындағы тәжірибелерді жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс істейді. Жұмыс кезінде қауіпті жою және жарақат алу қаупін азай- ту мақсатында есепті кезеңде бірқатар түзету шаралары жүргізілді:

- Компания филиалдарының қызметкерлерімен жазатай- ым оқиғаның себептері мен мән-жайларын талдай оты- рып жоспардан тыс нұсқама беру;
- зардап шеккендердің білімін электромонтер үшін және биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі және ең- бекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды білуге жоспар- дан тыс тексеру;
- 1,8 метрден жоғары биіктікте жұмыс істегенде және биік- тігі бойынша қоршалмаған құламалардан кемінде 2 метр қашықтық кезінде қорғаныс құралдары мен ЖҚҚ пайда- ланылды;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарға рұқсат жұмыстардың жауапты өндірушісі жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге дайындығы туралы растауды (арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің, қорғаныш дулығаның, сақтандырғыш-ұстап тұратын байламның, сақтандыру арқанының, бекітудің және т. б. болуы) ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады;

- ұжымдық және жеке қорғану құралдарын қолданбай жұ- мыс жүргізуге рұқсат беретін басшылар мен қызметкер- лерге қатысты еңбек шарттарын бұзуға дейін тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау белгіленген.

Қызметкерлердің байқау шұңқырларына құлауын болдыр- мау мақсатында Сервистік фабрика:

- байқау шұңқырларын жабуға арналған барлық жөндеу бокстарын қалыңдығы кемінде 4 см қорғаныш қалқан- дармен қамтамасыз ету;
- байқау шұңқырында жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, содан кейін қызметкерлерді қол қою арқылы таныстыру;
- жөндеу бокстарын кернеуі 12 вольтты тасымалды жа- рықтандырудың жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз етуге тиесілі.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы табысты жұмысы үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

## Мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару

Компания объектілерінде жұмыс жүргізетін мердігер ұй- ымдар қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарды, стандарттар мен нормаларды сақтауға міндетті.

«Қазақтелеком» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау аспектілерін басқару бөлігінде тауарларды, жұ- мыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер- мен өзара іс-қимылға жауапкершілікпен қарайды. Жеткізушілер мен мердігерлерге өндірістік қауіпсіздік са-

ласындағы корпоративтік стандарттарға сәйкес талаптар қойылады. Бұл ретте мердігер ұйымдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды дербес жүзеге асырады.

Компанияда өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойын- ша мердігерлік ұйымдарды бағалау жүйесі енгізілді. Мердігер қызметкерлер үшін Компания ҚЖЕҚ аспектілері бойынша оқытуды ұйымдастырады.

### Төтенше жағдайларға ден қою

«Қазақтелеком» АҚ төтенше жағдайларға ден қою мәсе- лелеріне жауапкершілікпен қарайды. Еңбек қауіпсізді- гі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатқа сәйкес ком- панияда «Қазақстан Республикасының заңнамасына және корпоративтік құжаттарға сәйкес барлық жазатайым оқиғаларды, апаттар мен оқиғаларды дереу хабардар ету,

уақтылы және объективті тергеп-тексеру және есепке алу» қағидаты қолданылады. Компанияда Төтенше жағдайлар кезінде топтар құратын Азаматтық қорғаныс штабы (АҚ) жұмыс істейді. Штаб басқарма төрағасына тікелей есеп береді. «Қазақтелеком» АҚ-да оқу дабылдары мен апатқа қарсы жаттығулар үнемі өткізіліп тұрады.

### 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

1. H&S саласындағы жетістіктері үшін қызметкерлерді ын- таландыру және көтермелеу рәсімдерін енгізу.
2. H & S саласында мінез-құлықты бақылау бағдарламасын енгізу (ҚЖЕҚ картасы).
3. Барлық қызметкерлерді «Тоқтату құқығы» карточкала- рымен қамтамасыз ету.
4. Өндірістік қауіпсіздік бойынша аудитті ұйымдастыру.
5. ЕҰ-дың қатысуымен «Қазақтелеком» АҚ-ның Health & Safety бойынша II жыл сайынғы форумын өткізу.
6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі менед- жмент жүйесін жаңарту.
7. Жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі стандартты әзірлеу және енгізу.
8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мін- деттемелері үшін Компания қызметкерлерін көтермелеу бағдарламасын жалғастыру (ынталандыру бағдарламасы).
9. Ауыр және/немесе өліммен аяқталатын жарақат алу қаупі бар қауіпті жұмыс түрлерін қауіпсіз орындау дағ- дыларын пысықтау үшін VR-технологияларды пайдала- ну мүмкіндігін пысықтау.

10. Қызметкерлердің максималды санын оқыту үшін маңдайлық соқтығысуды имитациялайтын трена- жер сатып алыңыз.
11. «Қазақтелеком» АҚ-ның деңгейінде ауыр және / немесе өліммен аяқталу ықтималдығы жоғары ТЖ, апаттар мен ЖО-ның туындау тәуекелдерінің тізілімін жасау.
12. Қызметкерлердің денсаулығының нашарлау қаупін азайту мақсатында ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерулер процесін барлық жерде автоматтандыру.
13. Жедел медициналық көмек көрсету құралдарын, оның ішінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу үшін дефи- брилляторларды сатып алуды жүзеге асыру.
14. Қызметкерлердің 100% медициналық көмек көрсету әдістеріне үйрету.
15. Өндірістік қызметкерлердің 100%-ына «Қауіпсіз ең- бек мәдениеті» курсы бойынша, оның ішінде ішкі жат- тықтырушыларды тарта отырып оқыту.





# Жергілікті қоғамдастықтар

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

**«Қазақтелеком» АҚ бизнес-тің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын әлеуметтік қызметке көп көңіл бөледі. Жыл сайын Компания әртүрлі корпоративтік деңгейлерде жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынастарды басқару бөлігінде тәсілді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді.**

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ қатысушы өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды қолдау жөніндегі жұмысты жалғастырды. Компанияның жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылы ұлттық және халықаралық құжаттардың ережелерімен реттеледі: корпоративтік басқару кодексі, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары, Жаһандық есеп беру бастамасы (GRI), ХҚК және ЕҚДБ Экологиялық және әлеуметтік стандарттары, БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау принциптері және т. б.

«Қазақтелеком» АҚ құрамына кіретін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Компаниялар тобының демеушілік қызметін әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

## Мүдделі тараптар үшін экономикалық құндылық құру

GRI 413-1

«Қазақтелеком» АҚ Әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қолдау арқылы қатысу өңірлерінде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Тұрақты дамудың әлеуметтік аспектісі шеңберінде Компания қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға назар аударатырып, өз қызметінің ашықтығы және оның әсері қағидатын ұстанады. Осындай әлеуметтік бағдарламалардың бірі аясында Компания қатысатын өңірлердегі ардагерлер орталықтарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, осы көмек шеңберінде ардагерлерге арналған азық-түлік себеттері жиналады.

2022 жылдың бірінші тоқсанында қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде «Қазақтелеком» АҚ қызметті жүзеге асырудың әрбір өңірінде елдің барлық тұрғындары үшін абоненттерді қолдау бағдарламаларын іске асырды. Осы бағдарламалар аясында абоненттерге келесі көмек түрлері ұсынылды:

GRI 413-2

«Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация саласының компаниясы болып табылады, оның қызметінің салдары жергілікті қоғамдастықтарға елеулі теріс әсер етпейді. Алайда, Компания клиенттерге қолдау көрсету қызметі арқылы мүдделі тараптардан келетін жергілікті қауымдастықтардың пікірлері мен олардың өтініштерін ескереді.

Компания өз қызметіне байланысты қоршаған ортаға әсеріне мұқият қарайды. Бұл туралы толығырақ ақпарат 71-беттегі «Биоалуантүрлілік» бөлімінде берілген.

- Лимитсіз қалааралық қоңыраулар, сондай-ақ барлық абоненттер үшін қосымша төлемсіз тіркелген қалалық телефоннан ҚР ұялы байланыс операторларының нөмірлеріне 1000 минут берілді;
- ҚДО (қазыналық деректер операторы) және интернет қызметі бойынша шағын және орта бизнес өкілдері абоненттеріне 50% жеңілдік берілді.

Бұдан басқа, 2022 жылғы қыркүйекте Қостанай облысындағы табиғи сипаттағы ауқымды төтенше жағдайға (орман өрттері) байланысты Компания шағын және орта бизнес өкілдерін, Әулікөл ауданының тұрғындарын қоса алғанда, барлық зардап шеккендерге көрсетілетін қызметтер үшін абоненттік төлем бойынша берешектер мен өсімпұлдарды босату және есептен шығару түрінде көмек көрсетті.

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметін Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырады және ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады. Компания салық төлемдерін толық көлемде, уақтылы және ашықтық деңгейі жоғары деңгейде жүзеге асырады.

Компанияның жергілікті және ұлттық экономикаларға, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарға қосқан үлесі:

- тікелей іскерлік белсенділік және тиімділікті арттыруға назар аудару;
- тікелей және жанама жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін құру;
- әлеуметтік инвестициялар.

Компанияда жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу бағдарламаларын жүзеге асыратын арнайы бөлімшелер жоқ, өйткені компания инфрақұрылымға және жергілікті қоғамдастықтарға тікелей әсер етпейді. «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа қайырымдылық саясатына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының барлық қайырымдылық және демеушілік қызметін Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры жүзеге асырады.

Компанияның бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберіндегі қызметі «Қазақтелеком» АҚ-ның бөлімшелерінің 100%-ына таралады.

«Қазақтелеком» АҚ өзінің қатысу өңірлерін тұрақты дамытуға қатысуының маңыздылығын түсінеді және жергілікті қоғамдастықтардың өміріне өзінің оң әсерін күшейту үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдайды. Компания қатысу аймақтарындағы ірі жұмыс беруші болып табылады және жергілікті еңбек нарықтарына айтарлықтай үлес қосады. Мұндай жауапты тәсіл Компанияның іске асырылып жатқан Даму стратегиясы шеңберінде әзірленді. Тікелей экономикалық құн табыс әкелетін Компанияның негізгі қызметі арқылы жасалады. Құрылған экономикалық құнды бөлу жалақы, дивидендтер, салықтар және мемлекет пайдасына төленетін басқа да төлемдер, тауарлар мен қызметтерді сатып алу және ерікті әлеуметтік инвестициялар процесінде жүзеге асырылады.





## Өңірлерді дамыту

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ қатысушы өңірлерде EQoldau құрылғыларын әзірлеу мен орнатуды қолдау жөніндегі жұмысты жалғастырды. EQoldau — «цифрлық теңсіздікке» қарсы күресте тиімді құрал.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Қазақтелекоммен» бірлесіп ауылдық елді мекендерде ашық қолжетімділік пункттерінің желісін құруды жалғастыруда.

EQoldau — бұл төлем терминалдарына ұқсас құрылғылар, бірақ бұл сенсорлық дисплеймен, экрандық пернетақтамен, принтермен және дыбыстық құрылғымен жабдықталған толыққанды компьютер.

Оның көмегімен ауыл тұрғындары:

- мемлекеттік қызметтерді алу;
- электрондық еңбек биржасының сервисін пайдалану;
- Интернет дүкендерден жабдықтар мен түрлі тауарларды сатып алу;
- теміржол және әуе билеттерін сатып алу;
- коммуналдық қызметтер үшін онлайн-төлемдерді жүзеге асыру;
- аударымдар жасау;
- Egov.kz-тың «Азаматтарға арналған үкімет» порталы/ Правительство для граждан порталы және Бірыңғай зейнетақы қорының сайты барлық мүмкіндіктерін пайдалануға;
- пошта қызметтері мен күрьерлік жеткізілімдерге тапсырыс беру мүмкіндіктерін пайдалана алады.

Жоғарыда аталған қызметтерден басқа, eQoldau Wi-Fi сигналын тарата алады, сондықтан ауыл тұрғындары Интернетке оңай қосылып, оны телефондарында қолдана алады.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

«Қазақтелеком» АҚ жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саясатын әзірлеу және бекіту.

Компанияның жергілікті қоғамдастықты дамыту мақсаттарын белгілеу.

Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламалары мен қайырымдылық бағдарламаларын мониторингілеу практикасын енгізу.





7

# Тұрақты даму туралы есеп: G аспектісі





# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компанияда комплаенс қызметі құрылды. Бөлімшенің негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша міндетті реттеу талаптарымен халықаралық практиканың сақталуын, «Қазақтелеком» АҚ-ның этикасын сақтауды және ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияға келесі ішкі құжаттар енгізілді<sup>22</sup>:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Болжалды бейәдеп/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты;
- Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты;
- Іскерлік этика кодексі;
- Корпоративтік басқару кодексі.

GRI 205-1, 205-2

Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- Компания қызметінің заңдылығы;
- Компания қызметінің жариялылығы және ашықтығы;
- қызметкерлер, серіктестер және клиенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Компанияның әріптестерімен және клиенттерімен ынтымақтастық;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Компанияның ішкі саясатын бұзу фактілері бойынша қызметтік тексерулерді міндетті түрде жүргізу.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Компанияда мынадай құралдар мен тетіктер пайдаланылды:

- «Қазақтелеком» АҚ басшылығының өкілеттіктері мен жауапкершілігін бөлу туралы «Қазақтелеком» АҚ-ның 18.08.2022 жылғы № 184 бұйрығына бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар

жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілік туралы толықтырулар енгізілді;

- «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерін іріктеу қағидаларында кандидаттың үлестес тұлғаларының тізімін, соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы анықтаманы, полиграфологиялық тексеру қорытындысын (тек сатып алу мәселелеріне жетекшілік ететін CEO-1 және CEO-2 үшін) ұсыну, CEO-1 және CEO-2 бос лауазымдарына кандидаттарды тағайындағанға дейін, Кандидат туралы комплаенс қызметімен тексеру жүргізу бөлігінде өзгерістер бекітілді;
- Басқарма және Директорлар кеңесі деңгейінде қабылданатын мәселелерді қарау бөлігінде қызметтің өкілеттіктерін кеңейту бойынша «Қазақтелеком» АҚ Комплаенс қызметі туралы ережеге толықтырулар енгізілді;
- 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Тәуекелдер тізіліміне комплаенс тәуекелдердің кеңейтілген тізімі енгізілді және бекітілді. 2021 жылы ол екі негізгі тәуекелді қамтыды: қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қайшылықтарының болуы және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болуы және этика кодексін сақтамау. 2022

жылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болуы және Әдеп кодексін сақтамау тәуекелі жекелеген іс шаралар мен ден қою жоспарлары бар екі бөлек тәуекелге бөлінді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне соңғы ішкі талдау 2021 жылы сатып алу, қызметкерлерді жалдау және бизнес-процестер саласында жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі талдау 2023 жылы жоспарланған.

2022 жылы Компанияның пайда таппауы мен шығынына әкеп соқтыратын ықпал ету салаларын, сөз байласуларды және өзге де бұзушылықтарды анықтау тұрғысынан Компания қызметіне талдау жүргізілді.

Талдау барысында «Қазақтелеком» АҚ орналастырылған жабдықтары үшін жалдау шарттарын бұрмалау фактілері, мүлікті төмен құны бойынша сату фактілері, сатып алу рәсімдерін бұзу фактілері, сондай-ақ қолданыстағы регламенттерді бұзатын жекелеген компанияларға негізсіз жеңілдіктер беру фактілері анықталды. Материалдар құқық қорғау органдарына берілді.

## Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелер мен бизнес-процестер

GRI 205-1

Атауы	2020	2021	2022
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны, дана.	0	4	0
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің үлесі, %-бен	0	70	0

Есеп беру кезеңінде Компанияда комплаенс-мәдениетті арттыру мақсатында Комплаенс қызметі «Қазақтелеком» АҚ мен ЕТҰ-да комплаенс функциясын танымал етуге, Компанияның және ЕТҰ-ның 6 мыңнан астам қызметкерін қамти отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша білім деңгейін арттыруға бағытталған 41 оқыту іс-шарасын ұйымдастырып, өткізді.

<sup>22</sup> Комплаенс саясаткерлермен компанияның интернет-ресурсындағы «Комплаенс» бөлімінде танысуға болады telecom.kz.

# 41

## іс-шара

2022 жылы Компанияда комплаенс мәдениетін арттыру бойынша өткізілген іс-шаралар саны





## Компанияны сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар ету

GRI 205-2

Қызметкерлер категориясы	2020		2021		2022	
	адам	%	адам	%	адам	%
Корпоративтік басқарудың негізгі органдарының ақпараттандырылған мүшелерінің жалпы саны (акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Басқарма)	15	100	15	100	12	100
Хабардар етілген қызметкерлердің жалпы саны	20 000	100	20 000	100	18 662	93,4
Ақпараттандырылған іскери серіктестердің жалпы саны	0	0	0	0	0	0

zakon.kz пен kursiv.media ақпарат алаңдарындағы Комплаенс қызметінің басшысы Қызметтің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен нәтижелерін ашатын шолу сұхбаттарын өткізілді.

Техникалық оқыту жүргізілді, оның шеңберінде барлық филиалдар мен ОА қызметкерлері (18 662 қыз-

меткерді қамту – 93,4%) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы және «Қазақтелеком» АҚ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатындағы бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін басшылардың жауапкершілігі бөлігіндегі өзгерістермен танысты.

## 2022 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен санаттар бойынша қызметкерлер саны

GRI 205-2

Қызметкерлер категориясы	Адам	Үлесі, %
Оқытудан өткен корпоративтік басқарудың негізгі органдары (директорлар кеңесі, Басқарма) мүшелерінің жалпы саны	12	100
Оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны (санат бойынша):	18 662	93,4
– Басшы ауазымдарында	1 074	93,6
– Мамандар	12 305	88,8
– Жұмыскерлер	5 283	99,6

Санаттар бойынша қызметкерлер саны жалпы тізімдегі қызметкерлер санынан ерекшеленеді, өйткені деректер оқу күні алынған.

Компания саяси партиялардың, ұйымдардың немесе олардың өкілдерінің пайдасына төлемдерді жүзеге асырмайды және саяси қызметке қатыспайды.

GRI 205-3, 2-25, 2-27

2022 жылы Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтаған жоқ.

Бейәдеп немесе заңсыз мінез-құлық фактілері туралы хабарлау тетіктері Компания компаниядағы елеулі проблемалар туралы хабарлаған қызметкерлерге, іскер серіктестерге және басқа да мүдделі тұлғаларға толық құпиялылыққа кепілдік беретін, сондай-ақ құдалаудың және/немесе кемсітушіліктің болмауына кепілдік беретін болжамды бейәдеп/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясатымен реттеледі.

GRI 2-16, 2-25

Компанияда оның тиімділігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз операторы КРМГ компаниясы қызмет көрсететін «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ бас компаниясы арқылы жедел желі жұмыс істейді. Жедел желі құпиялылық пен анонимділікке (өтініш білдірген адамның қалауы бойынша), сондай-ақ 100% өтініштерді тіркеуге және өңдеуге, содан кейін жауапты тұлғаларға ұсынуға кепілдік береді. Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында жедел желі және Комплаенс қызметінің байланыстары орналастырылған, олар бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға болады.

2022 жылы келесі тақырыптарға 170 өтініш қаралды:

- шарттық міндеттемелерді орындамау;
- әділетсіз жалақы;
- теңсіз жалдау және еңбек шарттары;
- рәсімдерді бұзу, теріс пайдалану;
- сатып алу саласындағы бұзушылықтар.

GRI 2-16

Комплаенс қызметі өтініштер мен алынған материалдарды зерттейді. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде Комплаенс қызметі оларды басқарма төрағасының басшылығымен «Қазақтелеком» АҚ Қаржы-шаруашылық тәртіп жөніндегі Басқарушы комитетінің қарауына жібереді. Басқарушы комитеттің мүшелері материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы шешім қабылдайды.

Комплаенс қызметінде тіркелген әрбір факт Директорлар кеңесіне баяндау үшін тоқсандық есепте көрсетіледі. Есеп беру жылында сын-тегеурінді проблемалар туындаған жоқ.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

1. Сатып алу саласында, қызметкерлерді жалдау, бағалау, алға жылжыту және жұмыстан шығару кезінде және өзге де бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, комплаенс және корпоративтік мәдениет саласындағы соңғы трендтерді көрсету мәселелері бойынша Компанияның басқару органдары мен атқарушы органы мен ЕЖҰҰ мүшелері үшін оқыту сессияларын ұйымдастыру және өткізу.
3. Компанияның филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (СЕО-1, СЕО-2 деңгейі), еншілес және үлестес ұйымдардың (ЕЖҰҰ) бірінші басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ұйымдардың қызметкерлері үшін оқыту іс-шараларын өткізу.





# Компанияның экономикалық тиімділігі

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

**«Қазақтелеком» АҚ қызметінің экономикалық құрамдас бөлігі компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де стратегиялық жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Ол акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнды арттыруға бағытталған, бұл Компанияның басым бағыттарының бірі болып табылады.**

Қазақстан Республикасының ірі телекоммуникациялық операторы бола отырып, Компания ел экономикасын жаңғырту және әртарапандыру жөніндегі стратегиялық бағытты іске асыруға елеулі үлес қосуға ұмтылады және жергілікті қамтуды дамытуға жәрдемдеседі. Әлеуметтік және мемлекеттік маңызы бар міндеттерді орындау Компанияның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен тиімді ынтымақтастығына ықпал етеді, нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі нарықтардағы жетекші позицияларын нығайтуға және қалыптастыруға үлес қосады.

GRI 201-1

«Қазақтелеком» АҚ жергілікті экономикада белсенді емес адамдарға экономикалық мүмкіндіктер бере отырып, қатысу өңірлеріндегі экономикалық белсенділікке елеулі үлес қосуға ұмтылады.

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млн теңге

GRI 2-6, 201-1

Көрсеткіш	2022
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	327 710
Кіріс (түсім)	278 111
Қаржылық инвестициялардан түскен табыс	49 599
Материалдық активтерді сатудан түскен табыс	0
Өзге түсім	0
2. Бөлінген экономикалық құн	305 026
Операциялық шығындар	144 454
Қызметкерлердің жалақысы, өзге де төлемдер мен жеңілдіктер	88 700
- оның ішінде жалақы	86 253
- оның ішінде қызметкерлерге төленетін басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	2 447
Капитал жеткізушілеріне төлем	60 013
- оның ішінде төленген дивиденд	39 512
- оның ішінде қаржылық шығын	20 502
Мемлекетке төлем	11 859
Жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар	0
3. Бөлінбеген экономикалық құн	22 684

# Жанама экономикалық әсерлер

GRI 203-1, 203-2

Компания жұмыс орындарын құру, сондай-ақ инфрақұрылымды жақсарту арқылы қатысу аймақтарында оң экономикалық және әлеуметтік әсер етуге ұмтылады. Бұл экономикалық әсерлер БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары және БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары, атап айтқанда 8-ші ТДМ «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу», 9-шы ТДМ «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым», сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының 6-шы қағидаты «Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жоюға әрекет етуі тиіс» сияқты халықаралық бастамалардың күн тәртібіне сәйкес маңызды болып табылады.

Есепті кезеңде компания инфрақұрылымға және жергілікті қоғамдастықтарға инвестицияларды жүзеге асырмады. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №126 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясаты және «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылықтың жаңа саясатына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Компаниялар тобының барлық қайырымдылық және демеушілік қызметін бірнеше басым бағыттар бойынша конкурстық негізде іріктеу жолымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.







# Сатып алу тәжірибелері

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Сатып алу қызметін басқару Компанияның ішкі құжаттарына және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органының нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алу процестерін басқару құралы қордың электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі болып табылады.

Компания сатып алу саласындағы келесі принциптерді ұстанады:

- шығындарды азайту;
- қажетті сападағы қажетті тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету;
- сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
- қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік.

Сатып алу жүйесін дамыту Қор деңгейінде жүзеге асырылады, онымен бірлесіп Сатып алуды санатты басқару жөніндегі стратегиялар әзірленеді.

GRI 2-6, 204-1

Сатып алудағы жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында «Телеком комплект» дирекциясының базасында сатып алу және импортты алмастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың тапсырмаларымен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Орталық жобалау кеңсесімен жұмыс істеуге бағытталған импортты алмастыру жөніндегі жергілікті жобалау кеңсесі құрылды. Бұдан басқа, Қордың сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органы жыл сайын сатып алудағы жергілікті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің үлесін ұлғайту жөніндегі тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін айқындайды.

«Жергілікті» географиялық анықтамасы және «Қазақтелеком» АҚ қызметін жүзеге асырудың негізгі орны компанияның қатысушы елі — Қазақстан Республикасын білдіреді.

## Жергілікті жеткізушілерге арналған шығындардың үлесі

GRI 2-6, 204-1

Көрсеткіштер	2020	2021	2022
Жеткізушілер саны	2 328	2 312	2 133
Сатып алу сомасы, мың теңге	91 900 000	70 500 000	93 283 774
Жергілікті жеткізушілерден сатып алу сомасы, мың теңге	90 865 589	49 830 167	27 434 683

Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің айтарлықтай өзгеруі 2022 жылы есептеу әдістемесінің өзгеруіне байланысты.

«Қазақтелеком» АҚ-да ТДК құрылымдық бөлімшесі болып табылатын және аккредиттеудің мәлімделген саласында өнімді сынауға, сондай-ақ кабель-өткізгіш өнімдерін, патчкордтарды, сплиттерлерді, АКБ-ны кіріс бақылауына арналған Сынақ зертханасы құрылды. №ҚЗ.Т.02.2382 аккредиттеу аттестаты 2020 жылдың 30 қыркүйегінде алынды.

Зертхананың қызметін жоғары білікті сарапшылар қамтамасыз етеді, сынақ хаттамаларын ұсына отырып, 60-қа жуық түрлі тексерулер жүзеге асырылады. Зертхана NCA-мен аккредиттелген, бұл жүргізілген сынақтардың максималды сенімділігін растайды.

GRI 2-6

Есеп беру кезеңінде Компанияда бұрын аз дамыған бәсекелестік тәсілмен сатып алу рәсімін жүргізу жалғасты. 2022 жылы бәсекелестік тәсілмен сатып алу үлесі айтарлықтай өсті, сонымен қатар баға ұсыныстары бар ашық тендерді қоса алғанда, бірнеше басқа әдістер тартылды.

«Қазақтелеком» АҚ жергілікті жеткізушілермен ынтымақтастыққа ерекше мән беріп, олардан тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жөн көреді. Компания өз қызметінде ұлттық экономика мен жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған мемлекеттің саясатын ұстанады.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания 2023 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесін ұлғайтуға, Қордың электрондық платформасында сатып алудың жаңа ережелерін енгізуге, жеткізушілердің мінез-құлық Кодексін әзірлеуге бағытталған, сондай-ақ бәсекелестік тәсілдің пайызын ұлғайтуға және жергілікті қоғамдастықтармен әртүрлі тәсілдермен әріптестік қатынастарды нығайтуға ниетті.





# Нарық және бәсекелестік

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компаниядағы бәсекелестікке қарсы мінез-құлықты басқару тәсілі құқықтық, этикалық және стратегиялық шаралардың жиынтығын қамтиды. «Қазақтелеком» АҚ басшылыққа алатын Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілерінің бірі **«Табиғи монополиялар туралы»** Заң болып табылады.

Компания табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген және «Әмбебап қызметтер» операторының функцияларын жүзеге асырады, осыған байланысты оның қызметі мемлекет тарапынан реттелуге жатады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның монополияға қарсы реттеу саласындағы қызметін телекоммуникациялар саласындағы табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті бақылайды. «Қазақтелеком» АҚ-ға қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы өкілеттіктерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті жүзеге асырады.

GRI 206-1, 2-27

Есеп беру кезеңінде Компанияда бәсекелестіктің кедергісіне байланысты Компанияға қатысты монополияға қарсы заңнаманы және өзге де құқықтық әрекеттерді бұзуға байланысты жағдайлар тіркелмеген.



# Инновация және жаңа технологиялар

## Басқару тәсілі

Инновациялық технологиялар Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар оларды жүзеге асыру процесіне тікелей әсер етеді. Инновациялық жобаларды енгізу және

цифрлық трансформация басқару тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға, ESG қағидаттарына жәрдемдесуге және ТДМ-ға қол жеткізуге ықпал етеді.

## Телекоммуникациялық инфрақұрылым және желіні дамыту МДБЖ-ны жаңғырту

1. «Қазақтелеком» АҚ-да МДБЖ-ның сыртқы шекарасын жаңарту аяқталды және Франкфурт пен Гонконгта PoP-тораптар ұйымдастырылды.

Алматы қаласында шекаралық маршрутизаторды (ASBR) жаңғырту жүргізілді, бұған дейін бұл процесс Астана мен Ақтөбеде іске қосылған болатын.

Франкфурт пен Гонконгта өздерінің PoP-тораптарын орналастырылды, бұл Google, Facebook / Meta, Steam Valve, Amazon, Tencent, Twitch, Microsoft және Apple сияқты ірі контент-компаниялармен тікелей байланыстарға мүмкіндік берді. Lumen және PCCW сияқты Tіre-1 операторларымен байланыс орнатылды. Инфрақұрылымдағы бұл өзгерістер «Қазақтелеком» АҚ-ға өз клиенттері үшін контентке неғұрлым жоғары жылдамдықпен қол жеткізуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

2. Екінші жазықтықтағы желі ядросының тірек маршрутизаторлары жаңғыртылды (Астана, Алматы және Ақтөбе қалаларында бір РТХ маршрутизаторы бойынша).

3. Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе, Тараз қалаларында байланыс операторларын қосу үшін қосымша 100G-порттармен сервистік шекара маршрутизаторлары кеңейтілді.

Көкшетау, Өскемен, Ақтөбе және Атырау қалаларындағы КЖҚ (BNG) маршрутизаторларының магистральдық арналары 100G-ге ауыстырылды.

## Жаңа бизнес және инновациялық қызмет

### Бұлтты бейнебақылау

Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ платформасында Қазақстан Республикасының 17 қаласында 34 мың бейнекамера орнатылған. Бейнекамералар кіру тобына және көпқабатты үйлердің кіреберістеріне орнатылған.

34 мың

Қазақстан Республикасының 17 қаласында орнатылған бейнекамералар саны







## Астана қаласының қоғамдық орындарындағы бейнебақылау жүйелері

Бейнебақылау бойынша жаңа клиенттік жобаларды дамыту бойынша табысты жұмыс жүргізілді. Бейнебақылау жүйесі жеке компаниялар деңгейінде емес, қала деңгейінде жүзеге асырылатын, әртүрлі қалалық қызметтердің жұмысын жедел бақылау үшін қуатты құрал жасайтын қоғамдық қауіпсіздік тақырыбы өзекті болып қала береді. Бұл жүйелер қоғамдық орындардағы жағдайды бақылауға және қар шығару, қоқыс жинау және т. б. жұмыстармен айналысатын қалалық қызметтердің жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда қалалық бейнебақылау жүйелері өз тұрғындары үшін мүмкіндігінше қауіпсіз және жайлы болуға ұмтылатын ақылды қала экожүйесінің ажырамас бірінші кезектегі құрамдас бөлігі болып табылады. Астана қаласында 118 нысанда қоғамдық орында бейнебақылау жүйесін орнату бойынша жобалар іске асырылды.

Астана қаласындағы денсаулық сақтау объектілері әрбір объектідегі жергілікті бейнесерверлерде қосымша резервпен бұлтты бейнебақылау платформасына қосылған камералармен жабдықталған.

Мекемелердің бейнебақылау камераларына қол жеткізе отырып, денсаулық сақтау басқармасы денсаулық сақтау объектілеріндегі ахуалды жедел мониторингілеу мүмкіндігіне ие болды, бұл келушілердің қауіпсіздігін арттыруға алып келеді.

Бұл жобалар Компанияның қалалық бейнебақылау бойынша аұқымды жобаларды іске асырудағы мүмкіндіктерін көрсетеді және еліміздің басқа өңірлерінде одан әрі таралымдау үшін табысты кейстер болып табылады, өйткені мемлекеттік тапсырыс берушілер үшін шешімдер қабылдау кезінде маңызды триггерлердің бірі Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылған кейстердің болуы болып табылады.

## Контент провайдерлерімен жұмыс

2022 жылы контент провайдерлерімен жұмыс жалғасты. Жыл қорытындысы бойынша Компания Google, Facebook, Cloudflare, Akamai, Yandex, Netflix, Steam және т. б. компаниялармен контент-провайдерлердің жергілікті кэш-серверлерін кеңейтті.

Бұл кэш-серверлер Компанияға танымал мазмұн провайдерлерінің трафигін соңғы пайдаланушыларға жақынырақ локализациялауға мүмкіндік береді, бұл контентке қол жеткізу жылдамдығы мен сапасын арттырады. Кэш-серверлердің көлемін ұлғайту арқылы Компания көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартты және өз клиенттерінің қанағаттанушылығын арттырды.

## RIPE аймағы үшін түпкі DNS (K-root) сыналды және іске қосылды

«Қазақтелеком» АҚ сенімді және үлкен желілік инфрақұрылымы бар оператор ретінде K-root түбірлік сервері үшін жауап беретін RIPE NCC-мен бірлесіп, Павлодар қаласының «Зеркало» Tier III деректер орталығының желісіне K-root DNS-серверін орналастырды. Осылайша, «Қазақтелеком» алаңындағы K-Root сервері Интернеттің

тұрақтылығына жауап беретін жаһандық инфрақұрылымның бір бөлігіне айналды. Күн сайын сервер орташа есеппен 20 миллионға жуық DNS сұраныстарын өңдейді.

K-Root серверлерінің ағымдағы орнын RIPE NCC веб-сайтынан көруге болады <https://ripe.net/analyse/dns/k-root>.

## Telco Cloud желісіндегі әртүрлі желілік функцияларды виртуализациялау және агрегатсыздандыру тесті

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Telco Cloud бұлтты желісі базасында бірнеше сәтті тестілеу өткізді. Бұл тесттер түрлі желілік функцияларды виртуализациялауды және агрегатсыздандыруды тексеру мақсатында жүргізілді.

Өткізілген тестілеу тізімі:

1. vDNS — B2C абоненттеріне арналған корпоративтік DNS.
2. vSBC — тіркелген телефония абоненттеріне арналған сессия контроллері.
3. VOLTNA — Open OMCI ашық архитектурасы мен хаттамасы базасындағы OLT және ONT.
4. vSIEM — АҚ оқиғаларын корреляциялауға арналған SIEM жүйесі.
5. Open RAN — ашық архитектура базасындағы БС.

Осы тәжірибе жақын арада бұл шешімдерді «Қазақтелеком» АҚ желісіне енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, virtual Session Border Controller (vSBC) — шекті сессия контроллері — операторлық NGN желілерінің бөлігі болып табылатын жабдық (бағдарламалық жасақтама не-

месе аппараттық құрал). Шекті сессия контроллері оператор желісінің сәтті және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін қажетті бірқатар функцияларды орындайды:

1. Желінің ішкі топологиясын жасыру.
2. Әр түрлі физикалық желілік интерфейстер бойынша сенімді (ішкі) және сенімсіз (сыртқы) желілерді бөлу (физикалық деңгейдегі желілерді бөлу).
3. Желілерді бұзудан қорғау, dos / DDoS VoIP шабуылдары, трафикті талдау мен тексерудің ерікті ережелерін орнату мүмкіндігі.
4. Динамикалық/статикалық қара/ақ тізімдер және access парақтары.
5. SIP тақырыптарымен манипуляциялау, SDP-мен манипуляциялау.
6. SIP-ті қалыпқа келтіру.
7. Nat (NAT Traversal) үшін абоненттердің жұмысын қамтамасыз ету.
8. Кез келген бөгде шешімдермен үйлесімділік.
9. SS7 байланысы бар желілермен өзара әрекеттесу (SIP-I/SIP-T қолдауы).
10. Транскодинг және т. б.





# Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

## Басқару тәсілі

**«Қазақтелеком» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздікті (АҚ) дамыту және ақпараттық қауіпсіздіктің қажетті процестерін жаңғыртуды және енгізуді талап ететін деректерді қорғау процесі белсенді жүріп жатыр.**

Ақпараттық қауіпсіздік Компанияның ақпараттық технологиялар дивизионындағы (АТ дивизионы) құрылымдық бөлімшенің бөлігі болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық жүйелерін вирусқа қарсы қорғау саясаты;
- «Қазақтелеком» АҚ-да дербес деректерді қорғау саясаты;
- Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы;
- Ақпараттық қауіпсіздікті дамытудың жол картасы.

2022 жылы Компанияда АТ/АҚ инфрақұрылымының ағымдағы қорғалу деңгейін бағалау және Zero Trust Networks (нөлдік сенім) тұжырымдамасын енгізу үшін Компанияның қолданыстағы АТ/АҚ инфрақұрылымын қайта ұйымдастыруға, сондай-ақ ISO 27001/2:2022 халықаралық стандарты бойынша ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін іске асыру бойынша шешімдер әзірлеу бойынша алдын ала сыртқы аудит жүргізілді. Бағалау нәтижесінде өсудің негізгі аймақтары анықталды, сонымен қатар ISO 27001/2:2022 талаптарына сәйкестіктің ағымдағы пайызы анықталды, ол 57%-ды құрады.

Есепті кезеңде ақпараттық технологиялар дивизионы «Қазақтелеком» АҚ үшін инфрақұрылымды, ішкі корпоративтік жүйелерді қорғау құралдарын жетілдіруге және Компаниядағы ақпараттық қауіпсіздіктің толыққанды жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық маңызды жобаға назар аударды. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай болу үшін АТ дивизионы болашақта Компанияны киберқауіпсіздік пен деректердің бұзылуындағы заманауи қауіптерден тиімді қорғауға мүмкіндік беретін ресурстармен жұмыс істеудің жаңа шешімдері мен әдістерін енгізеді. Олардың ішінде: барлық қажетті инфрақұрылымды және білікті мамандар штатын құру, ақпа-

раттық қауіпсіздіктің жедел орталығын қалыптастыру және ZeroTrust тұжырымдамасын енгізу.

2022 жылы АТ дивизионы Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі стратегияны әзірледі және 2023-2025 жылдарға арналған ақпараттық қауіпсіздікті қорғау құралдарын жаңғырту жөніндегі бизнес-жоспарды, сондай-ақ Компаниядағы АҚ бойынша бірқатар нормативтік-регламенттеуші құжаттарды бекітті. Сонымен қатар, Сәулет комитетінің отырысында Zero Trust тұжырымдамасына негізделген АҚ архитектурасы бекітілді. Бұл тұжырымдама киберқауіпсіздік саласында ең танымал болып табылады және ресурстарды пайдаланушыларға деген сенімнің толық болмауына негізделген. Осы тұжырымдама шеңберінде Компанияның корпоративтік жүйелері сыртқы және ішкі болып бөлінбейді, ал пайдаланушылар немесе құрылғылар әрбір нақты сессияда аутентификация рәсімінен өтіп, белгілі бір деректерге қол жеткізу құқығын растауы керек.

АТ дивизионы ZeroTrust тұжырымдамасын енгізуді 2023 жылдың соңында аяқтауды жоспарлап отыр. Толық енгізу қорытындысы бойынша АТ мамандары ISO 27001 ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесіндегі талаптарға сәйкестікке халықаралық сертификаттаудан өтуге дайын болады.

## 2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

1. Компаниядағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне жоғарғы деңгейде жетекшілік ететін және бақылайтын ОА қауіпсіздік қызметінде АҚ бөлімшесін құру.
2. Zero Trust тұжырымдамасын енгізу.
3. Anti APT жүйесін енгізу.
4. DDoS-шабуылдан қорғаныс енгізу.
5. Оқиғаларды жинау және корреляциялау жүйесін дамыту.





8

# Корпоративтік басқару туралы есеп





Компанияның корпоративтік басқаруының негізі акционерлік қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін және оның табысты қызметіне, оның ішінде беделінің өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға ықпал ететін менеджменттің тиімді құрылымы болып табылады.

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары тұрақты даму, акционерлердің құқықтары және оларға әділ көзқарас, Директорлар кеңесінің тиімділігі, ашықтық болып табылады. Корпоративтік басқару кодексінің осы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы жыл сайын Корпоративтік хатшы дайындайтын Директорлар кеңесі үшін есепте жарияланады.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару жүйесі акционерлік қоғамның қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын білдіреді. Органдардың құзыреттері мен шешімдер қабылдау тәртібі «Қазақтелеком» АҚ-ның Жарғысында айқындалған және бекітілген.

2022 жылдың қорытындысы бойынша талдау «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметі мен оның корпоративтік тәжірибесі Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестікті қамтамасыз ететіндігін көрсетті.

Басқару органдары:


- жоғары орган — Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы — Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган — Басқарма.

Басқарма Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, ол өз кезегінде Акционерлердің жалпы жиналысы алдында жауап береді. Компанияның әрбір органының нақты рөлі мен функциялары «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда, Жарғыда және Компанияның басқа да ішкі құжаттарында жазылған.

Ішкі аудит қызметі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ акционерлік қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган болып табылады.

### «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару құрылымы

GRI 2-9







# Акционерлердің жалпы жиналысы

**АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САҚТАУ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КОМПАНИЯ АКЦИЯЛАРДЫ ИЕЛЕНУ ҮЛЕСІНЕ ҚАРАМАН, БАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ БІРДЕЙ ҚАРАЙДЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ЖЕТКІЗУДІ БІРДЕЙ ТӘРТІППЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.**

2022 жылы акционерлердің 4 жалпы жиналысы (жылдық және 3 кезектен тыс) өткізілді, онда жылдық қаржылық есептілікті бекіту, дивидендтер төлеу, Қоғамның Жарғысына түзетулер енгізу, Директорлар кеңесі мүшелерінің санын азайтуды қоса алғанда, Директорлар Кеңесі құрамындағы өзгерістер мәселелері қаралды.

«Қазақтелеком» АҚ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ, Astana International Exchange Ltd және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (kase.kz), Astana International Exchange Ltd. (aix.kz) және «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ (dfo.kz) интернет-ресурстарында Компанияның басқару органы мен атқарушы органының құрамы туралы, корпоративтік оқиғалар туралы, ірі акционерлердің құрамы туралы, акционерлердің алдағы жалпы жиналыстары және олардың қорытындылары туралы, бағалы қағаздар шығарылымдары туралы ақпарат, сондай-ақ акционерлер мен инвесторлардың мүддесі үшін қаржылық есептілік және басқа да ақпарат жарияланады.

Сонымен қатар, акционерлер мен мүдделі тараптарды кеңінен қамту үшін ақпарат Компанияның сайтында ашылады.

# Акционерлік капиталдың құрылымы

01.01.2023 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның қарапайым акцияларының иелері

GRI 2-1, 2-6

Акционерлер	Акциялар саны	Орналастырылған қарапайым акциялардың үлесі (%) <sup>23</sup>	Айналымдағы қарапайым акциялардың үлесі (%) <sup>24</sup>
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	5 570 668	51,00%	52,03%
«ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ	3 084 983	28,24%	28,81%
Депозитарлық қолхаттар (номиналды ұстаушы — BNY Mellon)	1 046 150	9,58%	9,77%
Кемінде 5% үлесі бар өзге акционерлер <sup>24</sup>	1 004 313	9,19%	9,38%
Сатып алынған акциялар	216 852	1,99%	—
Барлық жарияланған қарапайым акциялар	10 922 876	100,00%	

<sup>23</sup> үлесі орналастырылған қарапайым акциялардың жалпы санынан есептелген.

<sup>24</sup> үлесі орналастырылған қарапайым акциялардың жалпы санынан сатып алынған акцияларды шегергенде есептелген.

01.01.2023 жағдай бойынша Компанияның Басқарма, Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақтелеком» АҚ-ның қарапайым акцияларының меншік иелері болып табылмайды, акцияларды өзара иелену жоқ.

Компанияның Жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгені құрайды және 10 922 876 қарапайым акциядан және 1 213 653 артықшылық берілген акциядан тұрады. Бір акцияның номиналды құны — 1 000 теңге. Эмитенттелген акциялардың жалпы санынан «Қазақтелеком» АҚ-ның артықшылық берілген акцияларының үлесі 10%-ды құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның қарапайым және артықшылық берілген акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санатындағы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі — Биржа) ресми тізіміне енгізілді. 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды.

Қазіргі уақытта Компанияның қарапайым және артықшылық берілген акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізімінің «Премиум» санатына кіреді және Биржаның негізгі алаңында саудаланады.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы №117 қаулысына сәйкес құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі АҚ-ға берілді. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы №669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы №962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі — «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ, Қор) «Қазына» орнықты даму қоры» мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру жолымен құрылды. Бүгінгі таңда Қор компанияның ең ірі акционері болып табылады.

2022 жылғы мамырда «Қазақтелеком» АҚ екінші ірі акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болды.






2022 жылдың бірінші тоқсанындағы оқиғаларға байланысты Қазақстан Республикасында және әлемде «Қазақтелеком» АҚ-ның акцияларының құны 2021 жылдың соңындағы құнмен салыстырғанда төмендеді. 2022 жыл ішінде Компанияның қарапайым акцияларының ең төменгі бағасы 25 603,02 теңгеге, ал артықшылық берілген акцияларға ең төменгі баға 19 900,00 теңгеге жетті.

2022 жылдың төртінші тоқсанында 2022 жылғы бөлінбеген пайдадан дивидендтер төлеу үшін акционерлердің тізімін бекіту күні қарсаңында бір қарапайым акцияға 3 590,39

теңге сомасына «Қазақтелеком» АҚ-ның акциялар құнының қысқа мерзімді өсуі байқалды. Дивидендтер төлеу тізіміне енгізу және 2022 жылдың ең төменгі деңгейіне дейін төмендету мерзімі басталғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ-ның акцияларының құны 2022 жылдың соңына дейін біртіндеп қалпына келтіруді жалғастырды. 2022 жылғы желтоқсанның соңғы сауда күнінің қорытындысы бойынша биржадағы «Қазақтелеком» АҚ (ISIN kz0009093241) қарапайым акцияларының құны 28 362,32 теңгені, «Қазақтелеком» АҚ (ISIN kz0009094645) артықшылық берілген акцияларының құны 22 500,00 теңгені құрады.

Акциялардың нарықтық құнының өзгеру кестесі, теңге



# Дивидендтік саясат

**«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ КОМПАНИЯ МЕН АКЦИОНЕРЛЕР МҮДДЕЛЕРІНІҢ ТЕҢГЕРІМІН, ДИВИДЕНДТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ КЕЗІНДЕ ТӘСІЛДІҢ БОЛЖАМДЫЛЫҒЫ МЕН АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**


Компанияның дивидендтік саясатының негізгі қағидаттары айналымдағы акциялардың барлық пакетіне кепілдендірілген дивидендтер төлеуді қамтамасыз ету қағидаты және Компанияның қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Компанияның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты болып табылады.

Төленетін дивидендтердің мөлшері қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде айқындалатын Компанияның қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты.

Компания төлеуге ұсынылатын дивидендтердің мөлшері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының (18.01.2013 ж. №49 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның Дивидендтік саясат туралы ережеде баяндалған дивидендтерді есептеу әдістемесіне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-ның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы №51 шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен айқындалады. Дивидендтер мөлшері туралы түпкілікті шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

2022 жылы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес (2022 жылғы 31 қазандағы №75 хаттама) дивидендтер төлеуге бас компанияның меншік иелеріне тиесілі 2021 жылғы шоғырландырылған бөлінбеген пайданың 43,53%-ы жіберілді.

2019-2021 жылдардың қорытындысы бойынша Компания акциялары бойынша жарияланған дивидендтер







# Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Компанияның қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындайтын, даму стратегиясын, бюджетті бекітетін, атқарушы органды сайлайтын және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған басқа да құжаттармен реттеледі.

**7 адам**  
Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылады

**3 мүше**  
Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны

## Директорлар кеңесі мүшелерінің рөлдері

Төраға Директорлар кеңесіне басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және тиімді қызметін қамтамасыз етеді, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшелері — акционерлердің өкілдері Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде ірі акционерлердің мүдделерін білдіреді.

Компанияда Директорлар кеңесі мен топ-менеджмент мүшелерінің акционерлермен (оның ішінде миноритарлық) өзара іс-қимылы үшін тұрақты тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. 2022 жылы осындай іс-шаралар арасында 2021 жылдың қорытындысы бойынша KASE-де Эмитент күні, 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша KASE-де Эмитент күні, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесінде тыңдауды атап өтуге болады.

**GRI 2-5**

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары барлық комитеттердің құрамына кіреді, барлық мәселелерді қарайды және Директорлар кеңесі үшін ұсыныстар қабылдайды. Аудит және тұрақты даму комитетінің құрамына тек тәуелсіз директорлар кіреді. Тәуелсіз директорлар қаржылық есептілік, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдер және басқа да маңызды қызмет салалары бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды. Сонымен қатар, тәуелсіз директорларға олардың тәуелсіздігіне байланысты жасауға мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау жүктелген.

## Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау

**GRI 2-10**

Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысында және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда кезектен тыс жалпы жиналыста қайта сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайланатын жағдайларды қоспағанда, акционерлер дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін кандидатуралар мыналар қатарынан ұсынылуы мүмкін:

- Акционерлер — жеке тұлғалар;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар;
- Компанияның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелерінің өз міндеттерін орындау және акционерлер мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің және Компанияның тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті іскерлік және/немесе салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және мінсіз беделі болуы тиіс.

## Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесі 7 адамнан тұрады, оның 3-еуі тәуелсіз (жалпы санының 43%-ы).

Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі құзыреттері:

- **Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы** — Директорлар кеңесін басқару, телекоммуникация, стратегия, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- **Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы** — телекоммуникация, стратегия, бизнесті жоспарлау;
- **Ауғанов Фибрат Қайратұлы** — стратегия, кадрлық мәселелер, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- **Казутин Николай Юрьевич** — аудит, қаржы, маркетинг, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- **Тәуелсіз директорлар:** Буянов Алексей Николаевич, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы пен Заика Дмитрий Александрович аудит, қаржы, маркетинг, телекоммуникация, стратегиялық менеджмент, кадр және басқа салалардың мамандары болып табылады. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі шеңберінде олар өкілеттіктердің кең ауқымын орындайды.



**GRI 2-12, 2-17**

ESG саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың басталуына байланысты Компания осы бағдарламаның белсенді қатысушысы болды және өз қызметінде стандарттарды біртіндеп енгізу жолына түсті. Тұрақты даму саласында жеткілікті тәжірибесі бар Директорлар кеңесінің мүшелері бұл процесте маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, ағымдағы Директорлар кеңесінің барлық құрамы әлеуметтік салаға, корпоративтік басқару, экология мәселелеріне тұрақты түрде кірісті. Әлеуметтік тарап қазіргі уақытта тұрақсыз экономикалық жағдайларда ерекше өзекті болып отыр. Директорлар кеңесінің мүшелері ESG стандарттарымен қамтылған салаларды Директорлар кеңесі деңгейінде де, тиісті комитеттер деңгейінде де қарастырады. Компания ESG стандарттарын енгізу кезінде басқару органының одан әрі сапалы өсуі мақсатында оқыту іс-шараларын, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері үшін өткізеді.

2022 жылы Директорлар Кеңесі құрамындағы негізгі өзгерістер:

- 2022 жылғы 13 сәуірде Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігін өз бастамасымен тоқтатты.
- 2022 жылғы 30 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Саудабаев Серік Болатұлының өкілеттігі тоқтатылды, ДК құрамына Ауғанов Ғибрат Қайратұлы — «Қазақтелеком» АҚ — «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционерінің мүдделерінің өкілі ретінде сайланды.
- 2022 жылғы 4 шілдеде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды: Құсайынов Ерұлан Айташұлының, Әлімов Абай Сәбитұлының, Александр фон Гляйхтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттігінің қалған мерзіміне Казутин Николай Юрьевич «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі ретінде және Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Директорлар кеңесінің құрамы:

- Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы;
- Ауғанов Ғибрат Қайратұлы;
- Казутин Николай Юрьевич;
- Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы;
- Буянов Алексей Николаевич;
- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы;
- Заика Дмитрий Александрович.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің өмірбаяны****GRI 2-9, 2-11**

**Байдәулетов  
Нұржан Тәліпұлы**

Директорлар кеңесінің төрағасы — «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі (5 570 668 қарапайым (дауыс беретін) акция)


Туған күні: 1 қыркүйек 1960 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 8 мамыр 2012 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 30 сәуір 2021 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

**Білімі**

- 2017–2019 – Ұлыбритания Директорлар институтының IOD директорларын сертификаттаудың халықаралық бағдарламасы;
- 09.1977 – 06.1986 – Мәскеу теміржол көлігі институты. Мамандығы: теміржол көлігімен тасымалдау процестерін басқару.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- 17.04.2016 — қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ — «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан Темір жолы «ҰК» АҚ, «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінде «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- 02.06.2014 — 17.04.2016 — «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді басқару жөніндегі Бас директор;
- 27.11.2008 — 01.06.2014 — «Самұрық-Қазына» АҚ, Басқарушы директор.



**Ауғанов Ғибрат  
Қайратұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі — «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі (5 570 668 қарапайым (дауыс беретін) акция)

Туған күні: 6 маусым 1988 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 30 мамыр 2022 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 30 мамыр 2022 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

**Білімі**

- 2014–2015 — Гуманитарлық-техникалық академиясы. Мамандығы: «Экономика және бизнес магистрі»;
- 2010–2012 — М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Мұнай-газ ісі»;
- 2006–2009 — Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Қаржы және есеп» факультеті. Мамандығы: «Қаржы»;
- 2003–2006 — «АРНА» Көкшетау экономикалық колледжі, Қаржы-кредит факультеті мамандығы: «Қаржы» (салалар бойынша).

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- 21.02.2021 — қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ, Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры;
- 01.10.2021 — 18.01.2022 — «Самұрық-Қазына» АҚ, АРБД-ның директоры;
- 15.06.2020 — 01.10.2021 — «Қаражанбасмұнай» АҚ, Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры;
- 04.09.2017 — 12.06.2020 — «Эмбамұнайгаз» АҚ, Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары.



**Есекеев Қуанышбек  
Бақытбекұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарма төрағасы

Туған күні: 10 маусым 1975 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 16 желтоқсан 2006 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 30 сәуір 2021 жыл

**Білімі**

- 2015–2017 — Hult Business School, London, GB. Мамандығы: «Қаржы». Деңгейі: Executive MBA;
- 2001–2002 — Қазақ мемлекеттік басқару академиясы;
- Мамандығы: «Менеджмент»;
- 1991–1995 — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Қолданбалы математика». Математика ғылымдарының кандидаты.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- 23.02.2007 — 15.03.2010 — Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Төраға;
- 15.03.2010 — қазіргі уақытта — «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы, «QazCloud» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.





**Казутин  
Николай Юрьевич**

Директорлар кеңесінің мүшесі — «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі (5 570 668 қарапайым (дауыс беретін) акция)

Туған күні: 28 қараша 1982 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 4 шілде 2022 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 4 шілде 2022 жыл

**Білімі**

- 2003 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- Ақпан 2022 — қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ, Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры;
- 2020 жылғы қаңтар — 2022 жылғы ақпан — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары;
- 2018 жылғы қаңтар — 2019 жылғы қараша — «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қ.;
- Тамыз 2016 — қаңтар 2018 — «Көкшетау минералды сулары» АҚ кеңесшісі, Көкшетау қ.;
- Наурыз 2006 — маусым 2016 — «ПрайсуотерхаусКуперс Такс Энд Эдвайзори» ЖШС департаментінің аға менеджері, Алматы қ.



**Буянов  
Алексей Николаевич**

Тәуелсіз директор


Туған күні: 15 тамыз 1969 жыл  
Азаматтығы: Люксембург резиденті, Азаматтығы Ресей Федерациясы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 30 маусым 2015 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 30 сәуір 2021 жыл  
Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келеді

**Білімі**

- 1986 — 1992 жж. Мәскеу физика-техникалық институты (МФТИ)

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- 2016 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін — Bengala Investments SA инвестициялық компаниясы, Директор; «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (25.01.2019 бастап);
- 2014–2016 — Redline Capital Management басқарушы директоры, «Мәскеу биржасы» ААҚ Биржалық кеңесінің мүшесі.



**Жұбаев Арманбай  
Сапарбайұлы**

Тәуелсіз директор


Туған күні: 28 қаңтар 1977 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 04 шілде 2022 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 04 шілде 2022 жыл  
Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келеді

**Білімі**

- 2012 — CFA курсы, CFA институты;
- 2005–2007 — MBA іскерлік әкімшілендіру магистрі, Калифорния университеті Беркли, АҚШ;
- 2002–2003 гг. — Ғылым магистрі, Оксфорд университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті;
- 1997–1999 жж. — Бакалавр, Дьюкейн университеті, Питтсбург, АҚШ, қаржы факультеті.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- Маусым 2020 ж. — қазіргі уақытқа дейін — «StrategyLab» ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы;
- 2013 жылғы қаңтар — 2020 жылғы мамыр — PwC (Қазақстан) компаниясы, Аға менеджер, Консультациялық қызметтер департаментінің директоры;
- Сәуір 2012 — қаңтар 2013 — КПМГ компаниясы (Қазақстан), аға менеджер.



**Заика Дмитрий  
Александрович**

Тәуелсіз директор

Туған күні: 27 сәуір 1975 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 30 маусым 2015 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 30 сәуір 2021 жыл  
Тәуелсіздік критерийлері: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келеді

**Білімі**

- 2003 — 2005 жж. — Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, «Қаржы менеджменті» мамандандығы, біліктілігі: экономист (үздік диплом);
- 1992 — 1998 жж. — Алматы энергетика және байланыс институты. Мамандандығы: радиотехника, біліктілігі: радиоинженер.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары**

- 29.08.2011 — қазіргі уақытта — «Химфарм» АҚ — тәуелсіз директор;
- 20.04.2012–15.08.2016 «АЛТЕЛ» АҚ — Тәуелсіз директор.





## Директорлар тәуелсіздігі

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны кемінде 30% болуы тиіс. Компаниядағы бұл пропорция 43%-ды құрайды.

Тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі:

- осы акционерлік қоғамның және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) үлестес тұлғасы болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

- осы акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылмайды;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Компанияның тәуелсіз директорлары 2022 жылы тәуелсіздік критерийлеріне толық сәйкес келді.

## Мүдделер қайшылығын басқару

GRI 2-15

«Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу саясаты бар. Саясат мүдделер қайшылығының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібін, мүдделер қайшылығы туындаған немесе туындау ықтималдығы жағдайында компания органдарының және/немесе тұлғаларының өзара іс-қимылы мен үйлестіру рәсімдерін айқындайды.

Мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі директорлар кеңесі мүшелері мен акционерлердің ықтимал мүдделер қайшылықтарын, оның ішінде Компанияның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалайды және мүмкіндігінше жояды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің атқарушы органның мүшелерімен және олар қабылдайтын шешімдердің сапасына әсер етуі мүмкін Компанияның басқа да жауапты қызметкерлерімен туыстық және өзге де байланыстары болмайды.

2022 жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қайшылығы тіркелген жоқ.

## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

GRI 2-18

Компанияда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау ережелері қолданылады. Осы құжатқа сәйкес Директорлар кеңесін бағалау жылына бір рет Директорлар Кеңесінің өз күшімен және кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз консультанттарды тарта отырып жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы қызметін бағалауды Директорлар Кеңесінің өз күштерімен жүргізді. Бағалау критерийлерінің тізбесіне стратегиялық ойлау деңгейін бағалау, саланы білу, кәсіби тәжірибе, командалық жұмысқа бейілділік, тұрақты даму қағидаттарын ұстану және т. б. мәселелер енгізілді. Жалпы алғанда, барлық директорлар жоғары баға алды, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі ақылға қонымды, білікті, тиімді әрекет етті, бұл

Компанияның жоғары қаржылық және өндірістік нәтижелерінде де көрініс тапты. Жүргізілген бағалау туралы есеп Директорлар кеңесінің қарауына және танысуына шығарылды, Директорлар кеңесінің мүшелері бағалау нәтижелері мен қызметті одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды талқылады.

Директорлар кеңесінің қызметіне соңғы сыртқы бағалау 2021 жылы жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша PricewaterhouseCoopers консультанттары «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мықты құрамын атап өтті. Бұдан басқа, осы бағалау қорытындысы бойынша Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға Директорлар Кеңесінің қызметіне байланысты іс-шаралар енгізілді.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби құзыретін арттыру

GRI 2-17

Компанияда Директорлар кеңесінің мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясаты бар. Бұл саясат Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін болса, Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларын дамыту және біліктілігін арттыру жүйесін енгізу және олардың сыртқы сарапшыларды тарту құқығын іске асыру жолымен Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында корпоративтік басқарудың үздік практиканы ескере отырып әзірленді.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері мен еншілес ұйымдардың топ-менеджмент өкілдерінің қатысуымен тұрақты даму, ESG және климаттың өзгеруі саласында оқыту бағдарламасы өткізілді.





## Директорлар кеңесінің қызметі

GRI 2-13

2022 жылы Директорлар Кеңесінің отырыстары бейнеконференциялар өткізудің қолданыстағы платформаларын пайдалана отырып, онлайн-форматта өткізілді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізіліп, онда 117 мәселе қаралды.

2022 жылғы негізгі шешімдер «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023-2032 жылдарға арналған Даму стратегиясын, 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарды, Топтың 2023 жылға арналған инвестициялық қызметінің параметрлерін бекіту, еншілес компаниялардың қызмет ету мәселелерін шешу болды. Даму жоспарын орындау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, Стратегиялық жобаларды іске асыру, тәуекелдер, стратегияны орындау, мобильді операторлардың қызметі мәселелері бойынша Басқарманы тұрақты түрде тыңдау жүзеге асырылды.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі ірі мәмілелер мен жасауға мүдделі мәмілелерді қарау жөніндегі мәселелерге ерекше назар аударады.

«Қазақтелеком» АҚ ірі мәмілелер, сондай-ақ жасауға мүдделі келісімдер жасасу жөнінде шешімдер қабылдау кезінде заңнама талаптарын қатаң сақтайды. Директорлар кеңесінің материалдарын дайындау кезінде болжамды мәмілелер, олардың сипаты, қаржылық және өзге де шарттар туралы ақпарат жан-жақты ашылады. Мәмілелер бойынша мәселелерді объективті және толық қарауды қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің, Басқарманың және басқа да қатысушылардың барлық құрамының қатысуымен олар бойынша шешімдерді тек бетпе-бет отырып қабылдайды. Мүдделі мәмілелер бойынша шешімдерді тек тәуелсіз директорлар қабылдайды және Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің мәмілелерді қарауы кезінде осыған үнемі назар аударады. Мұндай мәмілелер туралы шешім қабылданғаннан кейін бұл туралы ақпарат мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін тиісті БАҚ-да жарияланады.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы қызметін қорытындылай келе, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерімен корпоративтік дауласу жағдайлары, сондай-ақ олардың заңсыз мінез-құлық фактілері анықталған жоқ.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2-9

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНАН 2022 ЖЫЛЫ ҮШ КОМИТЕТ ЖҰМЫС ІСТЕДІ: АУДИТ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ, КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КОМИТЕТІ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ.

### Аудит және тұрақты даму комитеті

GRI 2-9, 2-13

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Директорлар кеңесінің шешімімен 2006 жылы құрылды. 2022 жылғы шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен Аудит жөніндегі комитет Аудит және тұрақты даму жөніндегі комитет болып қайта аталды және өз қызметін Директорлар кеңесінің 19.07.2022 ж. шешімімен бекітілген Комитет туралы крежеге сәйкес жүзеге асырады.

2022 жылы Комитет құрамы<sup>25</sup>:

1. 2022 жылғы 01 қаңтардан 13 сәуірге дейін: Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы (Комитет төрағасы), Буянов Алексей Николаевич, Александр фон Гляйх, Заика Дмитрий Александрович.
2. 2022 жылғы 18 сәуірден 04 шілдеге дейін: Александр фон Гляйх (Комитет төрағасының м.а.), Буянов Алексей Николаевич, Заика Дмитрий Александрович.
3. 2022 жылғы 08 шілдеден бастап — Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы (Комитет төрағасы), Буянов Алексей Николаевич, Заика Дмитрий Александрович.

2022 жылғы 4 шілдеде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды, ал 2022 жылғы 8 шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен комитет құрамы жаңартылды.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Аудит және тұрақты даму комитеті толығымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көзделген директорлардың тәуелсіздігін тану өлшемшарттарына сәйкес келетін тәуелсіз директорлардан тұрады.

Комитет туралы ережеге сәйкес Комитет төрағасы отырыстарға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға:

- Директорлар кеңесінің мүшелері,
- Ішкі аудит және Комплаенс қызметінің басшысы;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдері;
- Компания қызметкерлері (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар) және еншілес ұйымдардың қызметкерлері шақырылды.

Аудит және тұрақты даму комитеті тоқсанына кемінде бір рет тұрақты бетпе-бет отырыстар және қажетіне қарай кезектен тыс отырыстар өткізеді.

2022 жылы 9 отырыс өткізіліп, онда 31 мәселе қаралып, Компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді, оның ішінде Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік, сыртқы аудит және басқа да маңызды мәселелер қаралды. Комитет 2022 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді.

### 2022 жылы Аудит және тұрақты даму комитетінің отырыстарына қатысу

Комитет мүшелері	№1 04.02	№2 10.03	№3 30.03	№4 18.04	№5 27.05	№6 15.07	№7 16.09	№8 01.11	№9 02.12	Қатысу пайызы <sup>26</sup>
Найзабеков Т.Қ.	+	+	+							100%
Александр фон Гляйх	+	+	+	+	+					100%
Буянов А.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Заика Д.А.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Жұбаев А.С.						+	+	+	+	100%

<sup>25</sup> 2022 жылғы 13 сәуірде Т.Қ. Найзабеков Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігін өз бастамасымен тоқтатты.

<sup>26</sup> Комитет мүшесінің өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде қатысу %-ы.





## Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

### GRI 2-20

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2015 жылы құрылды.

Комитет өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің құрамы<sup>27</sup>:

- 1 қаңтардан 13 сәуірге дейін: Буянов Алексей Николаевич (Комитет төрағасы), Құсайынов Ерұлан Айташұлы, Саудабаев Серік Болатұлы, Заика Дмитрий Александрович, Александр фон Гляйх, Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы.

2. 31 мамырдан 04 шілдеге дейін: Буянов Алексей Николаевич (Комитет төрағасы), Құсайынов Ерұлан Айташұлы, Ауғанов Фибрат Қайратұлы, Заика Дмитрий Александрович, Александр фон Гляйх.
3. 08 шілдесінен бастап: Буянов Алексей Николаевич (Комитет төрағасы), Ауғанов Фибрат Қайратұлы, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Заика Дмитрий Александрович.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Комитет төрағасы отырыстарға баяндамашылар, бақылаушылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат ұсыну үшін шақырылды:

- Директорлар кеңесінің мүшелері;
- Компания қызметкерлері (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар);
- Басшы қызметкерлер лауазымдарының тізбесіне сәйкес басшы лауазымдарға кандидаттар.

### GRI 2-13

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2022 жылы 9 бетпе-бет отырыс өткізді, онда 32 мәселе қаралды, олар бойынша Компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Атап айтқанда, бұл әлеуметтік сипаттағы мәселелер (индекстеу, филиал қызметкерлерінің жалақысын арттыру), Орталық аппарат құрылымын өзгерту, «Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына қызметкерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшыларын лауазымдарға тағайындау, басшы қызметкерлердің ПЭК-ті бекіту, еңбекақы төлеу, қызметкерлерді басқару және басқа да мәселелер.

## Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 2022 жылы отырыстарына қатысу

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1 10.02	№2 11.03	№3 14.04	№4 21.04	№5 27.05	№6 18.07	№7 19.09	№8 13.10	№9 05.12	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы <sup>28</sup>
Буянов А.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Заика Д.А.	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Саудабаев С.Б.	+	+	+	+	+						100%
Александр фон Гляйх	-	+	+	+	+						80%
Құсайынов Е.А.	+	+	+	+	-					іссапар	80%
Найзабеков Т.Қ.	+	+									100%
Ауғанов Ф.Қ.						+	-	+	+	іссапар	75%
Жұбаев А.С.						+	+	+	+		100%

<sup>27</sup> 2022 жылғы 13 сәуірде Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігін өз бастамасымен тоқтатты. 30 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Саудабаев Серік Болатұлының өкілеттігі тоқтатылды. Құрамына Директорлар кеңесінің шешімі бойынша 2022 жылғы 31 Мамырда Комитет құрамына кірген Ф.Қ. Ауғанов сайланды. 2022 жылғы 04 шілдеде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды, ал 2022 жылғы 08 шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен комитет құрамы жаңартылды.

<sup>28</sup> Комитет мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде қатысу %-ы.

<sup>29</sup> 2022 жылғы 13 сәуірде Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігін өз бастамасымен тоқтатты. 30 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Саудабаев Серік Болатұлының өкілеттігі тоқтатылды. 2022 жылғы 04 Шілдеде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды, ал 2022 жылғы 08 шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен СЖК-ның құрамы жаңартылды.



## Стратегиялық жоспарлау комитеті

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті 2010 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің 19.11.2010 шешімімен бекітілген Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы<sup>29</sup>:

1. Заика Дмитрий Александрович (Комитет төрағасы), Александр фон Гляйх – тәуелсіз директор, Буянов Алексей Николаевич, Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы, Құсайынов Ерұлан Айташұлы, Саудабаев Серік Болатұлы, Әлімов Абай Сәбитұлы.
2. 08 шілдеден бастап Заика Дмитрий Александрович (Комитет төрағасы), Буянов Алексей Николаевич, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, сондай ақ дауыс беру құқығы жоқ сарапшылар Тимур Сабржанұлы Шәріпов және Мұқанова Алмагүл Өмірзаққызы.

Комитет төрағасы отырыстарға бақылаушылар, баяндамашылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат ұсыну үшін шақырылды:

- Басқарма мүшелері;
- Компанияның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басшы және өзге де қызметкерлері;
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Комитеттің шешімімен бекітілген жыл сайынғы жоспар бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет отырыс, қажетіне қарай кезектен тыс отырыстар өткізеді.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2022 жылы 11 бетпе-бет отырыс өткізді, онда 18 мәселе қаралды және олар бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Бұл мәселелер: стратегия, бизнес-жоспарлау, стратегиялық жобалар, консультациялық қызметтерді тарту, «Қазақтелеком» АҚ-ның Даму жоспары және Компания қызметінің басқа да маңызды мәселелері.





## Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2022 жылы отырыстарына қатысу

Комитет мүшелері	№1 10.02	№2 11.03	№3 21.04	№4 27.05	№5 18.07	№6 16.09	№7 19.09	№8 04.11	№9 02.12	№10 14.12	№11 19.12	Қатыспау себебі	Қатысу пайызы <sup>30</sup>
Заика Д.А.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
Буянов А.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		100%
А.Гляйх	+	+	+	+									100%
Найзабеков Т.Қ.	+	+											100%
Әлімов А.С.	+	+	+	+									100%
Құсайынов Е.А.	+	+	+	-								іссапар	75%
Саудабаев С.Б.	+	+	+	+									100%
Жұбаев А.С.					+	+	+	+	+	+	+		100%

<sup>30</sup> Комитет мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде қатысу %-ы.

## Директорлар кеңесінің сыйақысы

GRI 2-19, 2-21

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 46 шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы беру саясатына сәйкес (09.07.2012 жылғы, 12.08.2021 жылғы өзгерістермен) «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 12.08.2021 жылғы шешімімен тәуелсіз директорға тұрақты жылдық сыйақы және Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді:

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін 45 000 (қырық бес мың) АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 11 000 (он бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін 16 650 000 (он алты миллион алты жүз елу мың) теңге мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін 4 000 000 (төрт миллион) теңге мөлшерінде қосымша сыйақы төленеді.

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2021.08.12 шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ Директорлар Кеңесінің төрағасына тіркелген жылдық сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 16 000 000 (он алты миллион) теңгені құрайды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне-резиденттерге төленген жиынтық сыйақы 2022 жылы 52 577 341 теңгені құрады. Бейрезидент Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген жиынтық сыйақы 2022 жылы 56 608 АҚШ долларын құрады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес тәуелсіз директордың өкілеттігі жартыжылдық аяқталғанға дейін тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын) жағдайда тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезең үшін сыйақы және өтемақы төленеді.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу саясатына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен тәуелсіз директорға жылдық жұмыс қорытындылары бойынша қосымша сыйақы төленуі мүмкін.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді, өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің, өзге де ішкі құжаттардың нормаларына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналыстары мен Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, Директорлар кеңесінің іс қағаздарын ұйымдастырады және құжат айналымын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруды қамтамасыз етеді және осы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпарат береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіқалықовтың мемлекеттік наградалары, «Үздік байланысшы» салалық атағы бар. «Самұрық-Қазына» қоры Компаниялар тобының үздік корпоративтік хатшыларының бірі, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі түрлі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы болып танылды.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.





# Басқарма

**Басқарма акционерлік қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.**

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп беру қағидаты негізінде құрылады.

Басқарма 4 мүшеден — Басқарма Төрағасынан және Директорлар кеңесі сайлаған басқа адамдардан тұрады.

2022 жылы Компания Басқармасының құрамына сайланды:

- Битабаров Берік Әбдімәжитұлы, «Қазақтелеком» АҚ операциялық тиімділік жөніндегі бас директоры;
- Атамуратова Людмила Викторовна, «Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы директоры.

# 4 адам

Басқарма мүшелері болып табылады



## Басқарма құрамы

GRI 2-11



### Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы

Туған күні: 10 маусым 1975 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 15 наурыз 2010 жыл  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні: 16 наурыз 2022 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

Білімі: жоғары

- 1991-1995 — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Қолданбалы математика». Математика ғылымдарының кандидаты;
- 2001-2002 — Қазақ мемлекеттік басқару академиясы. Мамандығы: «Менеджмент»;
- 2015-2017 — Hult Business School, London, GB; Мамандығы: «Қаржы»; Деңгейі: Executive MBA.

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары

- 23.02.2007 — 15.03.2010 — Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Төраға;
- 15.03.2010 — қазіргі уақытқа дейін — «Қазақтелеком» АҚ, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Басқа ұйымдардың қосалқы жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік

- «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Байқаушы кеңесінің төрағасы, «QazCloud» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.



### Мейірманов Нұрлан Кемалұлы

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі,  
Инновациялар жөніндегі Бас директор

Туған күні: 3 тамыз 1972 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні: 2 мамыр 2019 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

Білімі: жоғары

- 1989-1995 — Қазақ химия-технологиялық институты. Мамандығы: «Химиялық өндірістің негізгі процестері және химиялық кибернетика»;
- 2008-2011 — Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы. Мамандығы: «Іскерлік әкімшілендіру докторы»;
- 2011 — Халықаралық бизнес академиясы. Мамандығы: «Іскерлік әкімшілендіру докторы».


Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары

- 01.2012 — 05.2019 — «Қазақтелеком» АҚ, Инновациялар жөніндегі Басқарушы директор;
- 05.2019 — қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ, Инновациялар жөніндегі Бас директоры.

Басқа ұйымдардың қосалқы жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік

- «НҰРСАТ+» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.





## Атамуратова Людмила Викторовна

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі,  
«Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы директоры

Туған күні: 1 наурыз 1980 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:  
1 маусым 2022 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

### Білімі: жоғары

- 1997–2002 — Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы, Челябинск қ.), Қаржы-экономикалық факультеті (үздік диплом). «Менеджер» біліктілігі. «Жобаларды басқару» мамандандығы;
- 1999 — 2001 — Оңтүстік Орал мемлекеттік (Ресей Федерациясы, Челябинск қ.), Лингвистикалық орталық. «Ағылшын тілінің аудармашысы және оқытушысы» біліктілігі. «Теориялық және қолданбалы лингвистика» мамандығы.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары

- 10.1999 — қазіргі уақытта — «Қазақтелеком» АҚ, маман, менеджер, бас менеджер, Жобалық қаржыландыру департаментінің директоры, Бас қаржы директоры.

### Басқа ұйымдардың қосалқы жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік

- жоқ



## Битабаров Берік Әбдімәжитұлы

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның  
Операциялық тиімділік жөніндегі Бас директоры

Туған күні: 18 қыркүйек 1977 жыл  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:  
1 мамыр 2022 жыл  
Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

### Білімі: жоғары

- 1994–1999 — Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Халықаралық қатынастар жөніндегі маман»;
- 2021 — Лондон бизнес мектебі, Ұлыбритания. Дәрежесі: Executive MBA.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары

- 05.2015 — қазіргі уақытта — «Қазақтелеком» АҚ, Басқарушы директор — Қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры; Қызметкерлер жөніндегі Басқарушы директор; Қызметкерлер, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі Басқарушы директор; Қызметкерлер жөніндегі Бас директор; Операциялық тиімділік жөніндегі Бас директор.

### Басқа ұйымдардың қосалқы жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік

- жоқ

## Басқарма қызметі

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Басқарма аптасына бір рет бетпе-бет отырыстар өткізеді, қажет болған жағдайда қосымша отырыстар тағайындайды.

2022 жылы Басқарма мүшелерінің саны 9-дан (тоғыздан) 5-ке (беске) дейін азайтылып, құрамына қайта сайланды:

- Атамуратова Людмила Викторовна (Бас қаржы директоры);
- Битабаров Берік Әбдімәжитұлы (Операциялық тиімділік жөніндегі бас директор).

Есеп беру кезеңінде басқарма келесі негізгі мәселелер бойынша қаралды және шешімдер қабылдады:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2021 жылғы Жылдық қаржылық есептілігі, «Қазақтелеком» АҚ-ның 2021 жылғы Еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының Жылдық қаржылық есептілігі, «Қазақтелеком» АҚ-ның 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі, «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылға арналған инвестициялық қызметінің параметрлері, «Қазақтелеком» АҚ-ның жаңа редакциядағы Коммерциялық құпиясы туралы ереже, «Қазақтелеком» АҚ жаңа редакцияда Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуін және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары, «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023–2032 жылдарға арналған Даму стратегиясы, «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022–2030 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы қаралды және мақұлданды;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған Сатып алу бюджеті және Кассалық бюджеті, «Қазақтелеком» АҚ-ның Стратегиялық және бизнес-бастамаларын іске асырудың жол картасы — SERPIN бағдарламасы және Жол картасы жобаларын іске асырудың қаржылық әсері, «Қазақтелеком» АҚ Көлік құралдары мен арнайы техникаларының істен шығуы және есептен шығару ережелері және т. б. бекітілді.





## Басқарманың сыйақысы

GRI 2-19, 2-20, 2-21

Қоғамның басшы қызметкерлеріне есеп беру кезеңі үшін сыйақы төлеу талаптары мен тәртібі Директорлар кеңесінің 14.02.2023 ж. № 2 хаттама шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу ережесімен (бұдан әрі – Ереже) регламенттелген.

Ережелердің негізгі принциптері:

- Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындаумен сыйақының өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін айқындау қағидаларының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- Қоғам қызметінің нәтижелеріне және қызметкердің жеке нәтижелілігіне сыйақының тәуелділігі.

Есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша басшы қызметкерлерге сыйақы төлеу талаптары:

- сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есеп беру кезеңіндегі шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы;
- Қоғамның «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның контрагент-банктерге кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжатын сақтауы. Мұндай жағдайларда төлем туралы шешімді Директорлар кеңесі жеке қабылдайды.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін мотивациялық ПӘК қолданылады.

Басшы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:


- мотивациялық ПӘК және оның мақсатты мәндерін белгілеу;
- мотивациялық ПӘК-ті бекіту;
- нәтижелілігін мониторингілеу;
- нақты нәтижені есептеу және бекіту.

Есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы белгіленген тәртіппен есеп беру кезеңіндегі аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін Қоғамның бюджетінде осы мақсатқа көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылардың шекті мөлшері еңбекке ақы төлеу құрылымына сәйкес айқындалады.

Қоғамның Басқарма мүшелеріне 2022 жылы төленген ақшалай еңбекақы төлемдері мен ынталандырудың барлық түрлерінің жиынтық мөлшері 224 992,9 мың теңгені құрады.

### Еңбекақы құрылымы, %



# 224 992,9

мың теңге

қоғамның Басқарма мүшелеріне 2022 жылы төленген ақшалай еңбекақы төлемдері мен ынталандырудың барлық түрлерінің жиынтық мөлшері







# Ақпараттық ашықтық

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстануға дайын екендігін растай отырып, ақпараттық ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанды. Ақпаратты ашудың негізгі мақсаты қызметтің тиімділігін арттыру, Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы сенімді нығайту, Компанияның инвестициялық тартымдылығын құру және арттыру мақсатында мүдделі тұлғалардың Компания туралы шынайы және толық ақпарат алу қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру болып табылады.

Компания ашықтықты басқару шеңберінде Ақпараттық саясатты басшылыққа алады. «Қазақтелеком» АҚ-ның Ақпараттық саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару Жарғысы мен Кодексіне және Бизнесті дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес әзірленді.

Саясат әртүрлі коммуникация арналары арқылы тарату және мақсатты аудиторияға өзекті ақпаратты жеткізу үшін компания қызметі туралы Бірегей ақпараттық себептерді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Әрбір ақпараттық Саясат компанияның өз қызметі туралы негізгі мақсатты аудиторияға беретін ақпараттың негізгі принциптері мен нақты талаптарын анықтайды хабарламаның мақсаты — мақсатты аудиторияға қол жетімді және түсінікті түрде жеткізу.

Саясат компанияның өз қызметі туралы негізгі мақсатты аудиторияға беретін ақпараттың негізгі принциптері мен нақты талаптарын анықтайды:

- акционерлерге, инвесторларға;
- клиенттерге (B2B, B2C, B2G сегментіндегі корпоративтік серіктестерге);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына;
- бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ Компания, оның өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат алуға мүдделі басқа тараптарға.

Саясат сонымен қатар инсайдерлік, қызметтік, коммерциялық ақпаратты, сондай-ақ заңнамамен дербес деректерге жатқызылған ақпаратты қорғауға талаптар қояды.

Саясат принциптері:

- сенімділік принципі;
- тиімділік принципі;
- жүйелілік принципі;
- белсенділік пен достық принципі;
- прагматизм және мақсатты аудиторияның мүдделеріне қамқорлық принципі;
- цифрландыру және мультимедиялық принцип;
- құпиялылық принципі.



# Корпоративтік этика

GRI 2-23

Корпоративтік этика мәселелері Іскерлік этика кодексімен және Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі. Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексі ашық құжаттар болып табылады және Компания қызметкерлер, акционерлер, клиенттер, серіктестер және басқа да мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады. Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексінің ережелері қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың барлық санаттары үшін міндетті болып табылады.

Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тиісті шарттар негізінде Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды. Сонымен қатар, компанияның шенеуніктері мен қызметкерлері Іскерлік этика кодексімен танысу туралы өтінішке қол қояды және Кодекс туралы білімдерін үнемі растайды.

Компанияда Іскерлік этика кодексін, омбудсменнің рөлін және болжамды бұзушылықтар туралы хабарлама жүйесінің қолжетімділігін түсінуге бағытталған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді оқыту тұрақты түрде жүргізіледі.

Компанияның іскерлік этикасының негізгі принциптері:

- заңнама талаптарын сақтау;
- әділдік;
- адалдық;
- ашықтық;
- жауапкершілік;
- құзыреттілік және кәсібилік;
- сенім;
- меритократия.

Омбудсмен іскерлік этика қағидаттарының сақталуын және әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеуді қамтамасыз етеді.





# Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

## Тәуекелдерді басқару жүйесі

JRUN-дің 2023-2032 жылдарға арналған стратегиясын басшылыққа ала отырып, «Қазақтелеком» АҚ тәуекел менеджментінің ең озық тәжірибесін енгізеді. Тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі — ТБ және ІБКЖ) дамыту активтерді пайдаланудың барынша тиімділігіне қол жеткізуге, қолайсыз оқиғалар туындаған кезде шығындарды азайтуға, мүмкіндіктерді анықтауға және инновацияларды ынталандыруға бағытталған, бұл өз кезегінде акционерлер, кредиторлар және басқа да мүдделі тараптар үшін Компания құнын құруға және қорғауға ықпал етеді.

Тиісті түрде жобаланған және қолданылған тәуекел менеджментінің құрылымы оны шешім қабылдау процесін және сыртқы және ішкі бизнес ортасындағы өзгерістерді тиісті есепке алуды қоса алғанда, Компанияның барлық қызметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

## Тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылар

Компанияның ТБКЖ ұйымдық құрылымы бірнеше деңгейде ұсынылған және тәуекелдерді басқару процесіне келесі қатысушыларды қамтиды:

### Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы

#### Директорлар кеңесі

Компаниядағы тәуекелдерді басқару мәселелері үшін акционер(лер) алдында негізгі жауапты болатын басқару органы болып табылады

#### Басқарма

Компанияның атқарушы органы болып табылады және Компанияда тәуекелдерді басқару саясатын іске асыруға жауапты болады

#### Тәуекелдерді басқару комитеті

басқарма жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы тәуекелдерді басқару мәселелері және тиісті коммуникациялар арналары бойынша сапалы ақпаратты қамтамасыз ету, сондай-ақ Басқарма деңгейінде келісуді/бекітуді талап ететін мәселелерді талқылауы болып табылады

#### Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті

Компания деңгейінде ТБКЖ-ның барлық қатысушыларына тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша үйлестіруді, қажетті талдауды және әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ететін ТБКЖ-дағы негізгі құрылымдық бөлімше болып табылады. Компания бизнесінің ауқымы мен күрделілігіне барабар ішкі бақылаулар мен процестік басқарудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін енгізуге және қолдауға жауапты

#### Құрылымдық бөлімшелер

ТБКЖ-ның маңызды қатысушылары болып табылады, өйткені олар өз өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде тәуекелдерді басқаруға жауапты

#### Тәуекел үйлестірушілері және тәуекел бойынша жұмыс топтары

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде қорғаудың бірінші желісінде тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тағайындалады

#### Ішкі аудит қызметі

Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауға және арттыруға жүйелі және дәйекті көзқарас арқылы Компания қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті ұсынымдар беретін қызмет болып табылады







## 2022 жылы тәуекелдерді басқару

Компанияда жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіру жүргізіледі, оның нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде және картасында көрсетіледі. Тәуекелдер тізіліміне ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға және Даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті тәуекелдер енгізілген.

2022 жылы комплаенс-тәуекелдер бойынша тәуекел оқиғаларының тізімі кеңейтілді. 2021 жылғы «Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қайшылықтарының болуы» және «Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болуы» екі тәуекелдік оқиғадан тұратын тізбе «Әдеп кодексін сақтамау» тәуекелдік оқиғасымен толықтырылды.

Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасына сәйкес 2022 жылдың соңында Компанияда 23 тәуекел бөлінді:

### 2022 жылғы «Қазақтелеком» АҚ-ның Тәуекелдер картасы



## 2022 жылдың негізгі тәуекелдері

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті негізгі тәуекелдердің динамикасына тұрақты мониторинг жүргізеді және тәуекелдерді митигациялауға бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылайды. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесіне Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі есептілік түрінде жіберіледі.

Компания кезең мақсаттарына әсерін төмендету үшін негізгі тәуекелдерді белсенді басқару жөніндегі іс шараларды іске асырады:

Негізгі тәуекелдер	Компания тәуекелді төмендету бойынша қабылдаған іс-шаралар	Тәуекелді бағалау Ықтималдығы/әсері
Физикалық активтердің сақталуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компания объектілерін күзету және техникалық қорғау жүйелерін күнделікті қамтамасыз ету жүргізіледі;</li> <li>«Өрт қауіпсіздігі» БЖ әзірлеу.</li> </ul>	4/3
Инновация тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Қазақтелеком» АҚ мен «Нұрсат+» ЖШС арасында серіктестік туралы келісімге қол қойылды;</li> <li>Бәсекелестік ортасы жоғары жағдайларда жаңа бизнес бойынша тарифтерге жеңілдіктер қолдану мүмкіндігін беру туралы құжат (18.02.2022 жылғы № 19 өкім) бекітілді;</li> <li>өнім беттеріндегі ақпарат өзектендірілді;</li> <li>«Кіреберістерге арналған бұлтты бейнебақылау» қызметін ілгерілету бойынша акция өткізу туралы» Промо (30.09.2022 жылғы №309 бұйрық) өткізілді.</li> </ul>	5/1
Құқықтық тәуекел	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кабельдік кәріздің ресімделмеген учаскелеріне және жер учаскелеріне мүлтік құқықтарды ресімдеу, қолданылу мерзімі өткен объектілерге меншік құқықтарын ұзарту.</li> </ul>	5/2
Реттеуші тәуекел	<ul style="list-style-type: none"> <li>Коммутациялық станциялардың ЖІШЖ функционалдығын қамтамасыз ету бойынша бірқатар іс шаралар жүргізілуде.</li> </ul>	4/3
ФРОД	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоғам қызметкерлері тарапынан фрод саласындағы бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жүргізіледі;</li> <li>ОА құрылымдық бөлімшелері мен Компания филиалдарын тексеру жүзеге асырылады.</li> </ul>	5/1
Кадрлық тәуекел	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жыл ішінде «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары орындалды (2022.04.25 № 81 бұйрық);</li> <li>Жыл ішінде Дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары орындалды (2022.03.05 №45 бұйрық).</li> </ul>	4/3
Сапа тәуекелі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шарттық міндеттемелерге сәйкес келмейтін қызметтерді корпоративтік клиенттерге ұсынудың алдын алу (мәлімделген параметрлерге, сапа стандарттарына сәйкес келмеуі).</li> </ul>	4/4
Ақпараттық қауіпсіздікті бұзу	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Ақпараттық қауіпсіздікті қорғау құралдарын жаңғырту» жобасын іске асыру.</li> </ul>	4/3





## Дамушы тәуекелдер

Тәуекелдерді басқару бойынша алдын алу шараларын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдер картасына әлі енгізілмеген дамушы тәуекелдер айқындалды. Алайда, егер олар одан әрі дамыған болса, олар болашақта тәуекелдер картасына ене алады. «Қазақтелеком» АҚ қазіргі уақытта ақпарат жоқ немесе «Қазақтелеком» АҚ маңызсыз деп санайтын өзге де тәуекелдердің болуын жоққа шығармайды:

- Геоэкономикалық тайталас;
- Жылдам дамып келе жатқан және/немесе тұрақты инфляция;
- Ресурстар үшін геосаяси күрес;
- Мемлекетаралық қақтығыс;
- Өнімдер мен тауарлар бағасының күрт өсуі.

## Ішкі бақылау жүйесі

Трэдвей комиссиясының (COSO) Демеушілік ұйымдары комитетінің және «Қазақтелеком» АҚ-да тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік халықаралық практикалардың ұсынымдары негізінде әзірленген ІБЖ үш қорғаныс бағытының моделіне негізделеді және оның Компанияда жұмыс істеуі үшін жауапкершілік мынадай түрде бөлінеді:

### Үш қорғаныс бағытының моделі

1

#### Бірінші қорғаныс бағыты

Басшылық (процесс иесі) күнделікті операциялық қызметке байланысты тәуекелдерді басқаруға жауапты. Бұдан басқа, бірінші желінің міндетіне бақылау құралдарын әзірлеу, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және енгізу кіреді.

2

#### Екінші қорғаныс бағыты

Ұйымның күнделікті қызметінде туындайтын тәуекелдерді анықтайды. Осы мақсатта қажетті тұжырымдамалардың, саясат құжаттарының, құралдар мен технологиялардың болуын қамтамасыз етеді.

3

#### Үшінші қорғаныс бағыты

ІБЖ-ның тиімділігін бағалау, Басқармаға және аудиторлық комитетке есеп беру үшін жауапкершілік, сондай-ақ ұйымдағы бақылау мәдениетінің құрылымы мен жұмыс істеуінің тиімділігін көрсететін реттеушілер мен сыртқы аудиторларға аудиторлық растама беру

Компаниядағы бақылау функцияларының жалпы нәтижелілігін арттыру, іс-қимылдардың уақтылылығын және жемісті өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында екінші және үшінші қорғаныс бағытының құрылымдық бөлімшелері анықталған ІБЖ-ның кемшіліктері, компания қызметіндегі және оның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін атқарған кездегі қателіктер мен бұзушылықтар туралы тұрақты ақпарат алмасуды, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ еншілес/тәуелді ұйымдарындағы өз бағыты бойынша қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.

Ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндетіне Компанияның қаржылық есептілігінің ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жатады. «Қазақтелеком» АҚ-да қаржылық есептілікті дайындау процесіне ішкі бақылау жүйесін құрудың негізгі қағидаттары мен кезеңдері айқындалған:

- қаржылық есептілікті дайындаудың маңызды бизнес-процестерін сәйкестендіру және сипаттау;
- бизнес-процестер деңгейінде тәуекелдерді анықтау және бағалау (есептіліктің дұрыстығына әсер ететін), сондай-ақ ықтимал мүдделер қайшылығын ескере отырып, осы тәуекелдерді басқару үшін жауапкершіліктің аражігін ажырату.

Бизнес-процестер деңгейінде тәуекелдерді төмендетуге бағытталған бақылау рәсімдерін сипаттау, бағалау және енгізу кезінде бақылауларды автоматтандыру, сондай-ақ әртүрлі типтегі: алдын ала, кейінгі, негізгі және өтемдік бақылауларды белгілеу мүмкіндіктері көзделеді.

Сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ-да бақылаулардың операциялық тиімділігін тұрақты түрде бағалау тәжірибеден өткізіледі.





## 2022 жылы ТБ және ІБКЖ-ны дамыту

Есеп беру жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның ТБЖ және ІБ компаниялар тобын дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған негізгі бағыттарында көзделген, Компания Басқармасымен бекітілген іс-шаралар жүзеге асырылды, атап айтқанда:

**RCSA** — Risk and Control Self-Assessment (тәуекелдер мен бақылау ортасын өзін-өзі бағалау) практикасы енгізілді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті СФ және КБД құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына мақсатты сұхбат жүргізді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті жыл бойы тәуекелдерді басқару бойынша әдіснамалық және нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша дайындық жүргізді.

Компания қызметіне ішкі бақылауды тиісінше іске асыруды қамтамасыз ету және ішкі бақылаудың маңыздылығын арттыру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ ішкі бақылау саясаты әзірленді.

ESG саласындағы стратегиялық мақсаттардың бірі — экология. «Қазақтелеком» АҚ-да Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде ТБЖІБД «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдер тізіліміне экологиялық тәуекелді енгізді, оның тәуекелдік оқиғалары:

- шығарындылар бойынша лимиттерден асып кету;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтамау;
- тұмау эпидемияларының, басқа да жұқпалы аурулардың таралуы болып табылады.

## ТБ және ІБКЖ-ның даму бағыттары

Жаңа сын-қатерлерге, бизнес-ортаның жоғары құбылмалылығына, өнімдер мен қызметтерді тұтынушылардың үнемі өсіп отыратын үміттеріне, қазіргі әлемнің геосаяси көрінісіне тәуелділікке және мемлекеттің экономикадағы реттеуші рөлін күшейтуге байланысты белгісіздік жағдайында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне деген көзқарасты өзгерту қажеттілігі туындайды.

Іске асырылған тәуекелдер мен инциденттердің дерекқорын жетілдіру.

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес жыл сайын «Қазақтелеком» АҚ-да тәуекелдерді басқару жүйесі, ішкі бақылау және процестік басқару бойынша қабылданған ішкі нормативтік құжаттаманы білуге қызметкерлерді тестілеу жүргізіледі. Тестілеуден өткен қызметкерлердің жалпы саны 1 879 адамды құрады.

2022 жылдың IV тоқсанында «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі дауыс беретін акцияларының 50%-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі заңды тұлғаларды корпоративтік басқару диагностикасының әдістемесіне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізді. Өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша жалпы рейтинг — А.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ еншілес және үлестес ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін диагностикалау әдістемесіне сәйкес «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС және «QazCloud» ЖШС жүйелерінде диагностика жүргізілді.

Топтың тәуекел-тәбетінің тізбесі қайта қаралды.

Компания негізгі тұжырымдамалар мен стандарттарды қолдана отырып және олардың өлшемдерін басшылыққа ала отырып тәуекелдер мен ішкі бақылауларды басқарудың ағымдағы моделін жетілдіруге ниетті:

- корпоративтік басқару және мәдениет;
- стратегия және мақсат қою;
- қызметтің тиімділігі;
- өзгерістерді мониторингілеу және енгізу;
- ақпарат, коммуникациялар және есеп беру.



# Ішкі аудит

## Ішкі аудит қызметі

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ (БҰДАН ӨРІ — ІАҚ) КОМПАНИЯДА ІШКІ АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОРГАНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНАТЫН ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН ІАҚ-НЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ҚАДАҒАЛАЙДЫ.**

ІАҚ-тың қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Қазақтелеком» АҚ жылдық аудит жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет өз қызметінде тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас қағидаттарын, ішкі аудиторлар институтының халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарында белгіленген ішкі аудиторлар сапалы стандарттары мен қызметінің стандарттарын басшылыққа алады. 1110 (ұйымдық тәуелсіздік) стандартына сәйкес ІАҚ ұйымдық тәуелсіздікті сақтайды.

Негізгі қызмет шеңберінде 2022 жылы ІАҚ Жылдық аудиторлық жоспарға және Директорлар кеңесінің тапсырмаларына сәйкес 19 аудиторлық іс-шара өткізді. Жылдық жоспар 127% орындалды.

KPMG жүргізген ІАҚ қызметін тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ қызметі барлық маңызды аспектілерде ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес келетіндігі расталды. Стандарттар талаптарына сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ сәйкестік пайызы 98%-ды құрады.





# 9. Қосымшалар

## Есеп туралы

**GRI 2-2, 2-3**

«Қазақтелеком» АҚ-ның осы Біріктірілген жылдық есебі (бұдан әрі — Біріктірілген есеп, Есеп) Компания қызметінің 2022 жылғы қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштері туралы ақпаратты ашады. Компания ашықтық қағидатын ұстанады және барлық негізгі мүдделі тараптар үшін кең ауқымды мәселелер бойынша ақпаратты тиімді ашуға ұмтылады. Қаржылық көрсеткіштер бөлігінде есеп «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобын, қаржылық емес бөлігінде Орталық аппарат пен Компанияның 8 филиалын қамтиды. Қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамту шекарасындағы айырмашылықтар 2023 жылға дейін еншілес және тәуелділердің қаржылық емес көрсеткіштері бойынша статистика жүргізілмегендігімен түсіндіріледі. Тұрақты даму саласындағы практикаларды 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында енгізу жоспарлануда. Есеп 2022 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін тиісті қызметті сипаттайды, есеп беру циклі жылдық болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ 2017 жылдан бастап жыл сайынғы жария қаржылық емес есептерді шығарады. 2022 жылға арналған бұл Біріктірілген жылдық есеп 2023 жылғы 25 шілдеде жарияланды. Компанияның барлық есептері «Қазақтелеком» АҚ ресми сайтында қолжетімді.

Қаржылық ақпарат шоғырландыру периметріне кіретін «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚЕХС стандарттары бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері негізінде дайындалды. Қаржылық емес көрсеткіштер тұрақты даму саласындағы халықаралық есеп беру стандарттарына — GRI 2021 стандарттары (ашу деңгейі — негізгі) сәйкес дайындалды. Есепте неғұрлым өзекті тақырыптарды ашу үшін компания ішкі және сыртқы ортаны шолу негізінде және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл негізінде GRI 2021 стандарттарында көрсетіл-

ген жекелеген көрсеткіштер мен тақырыптар бойынша тұрақты даму аспектілерінің маңыздылығына талдау жүргізді.

Маңыздылықты талдау нәтижелерін ескере отырып, есеп беру туралы ақпарат корпоративтік есеп беру жүйесін және GRI 2021 талаптары бойынша арнайы ақпараттық сұрауларды пайдалана отырып жиналды. Біріктірілген есепті дайындау кезінде Компания GRI 2021 стандарттарымен анықталған есеп мазмұнын анықтау принциптерін басшылыққа алды:

- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл-ақпаратты ашу кезінде біз мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге тырыстық.
- Тұрақты даму контексті — Компания өз жұмысын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қамтитын сыртқы орта контекстінде анықтайды.
- Маңыздылық — жылдық есепте Компанияның ең маңызды ішкі немесе сыртқы мүдделі тараптары мойындаған тақырыптарға назар аударылады.
- Толықтығы — Компания тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптарды жан-жақты қамтуға ұмтылады. Есепте Компания және барлық еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша қаржылық және қаржылық емес деректер ашылған.

**GRI 2-5, 2-14**

Есепті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекітті. Қаржылық емес есептілік шеңберінде ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын растау және сыртқы куәландыруды жүргізу үшін Компания «Прайс-отерхаус-перс» АҚ-ны тартты.

## Байланыс ақпараты

**GRI 2-1**

### «Қазақтелеком» АҚ

**Мекенжайы заңды:** Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12-үй

**Байланыс орталығы:** 160  
**Email:** telecom@telecom.kz

**Кеңсе:** Астана қ: +7 (717) 259 16 00, 258 08 39;  
Алматы қ: +7 (727) 258 72 19, 258 72 15.

**Ұрлық, алаяқтық және сыбайлас жемқорлықтың орын алған немесе болжанған фактілері бойынша:**  
8 (800) 080 19 94, sk.hotline@deloitte.kz,  
www.sk.deloitte-hotline.com

**Сатып алу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштерді жинау бойынша тікелей желі:**  
+7 (727) 226 82 61

**Инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:**  
+7 (7272) 581 175

**БАҚ-пен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:**  
+7 (7172) 59 15 04

**Кадр мәселелері бойынша:**  
+7 (7272) 64 50 21

**Сатып алу порталын техникалық қолдау:**  
+7 (7172) 55 2266 support2@skc.kz

### Кері байланыс

**GRI 2-3**

Сіздердің пікірлеріңіз біз үшін өте маңызды.

Егер сіз тұрақты даму бойынша серіктестікке немесе есепке қатысты жаңа идеялар мен жаңа мүмкіндіктер ұсынғыңыз келсе, бізге хабарласыңыз:

### Корпоративтік басқару қызметі:

Асия Жайляубаева  
**Тел.:** +7 (717) 259 14 14  
**Email:** assiya.zhailyaubayeva@telecom.kz

Айым Аблеқенова  
**Тел.:** +7 (717) 58 71 54  
**Email:** aiym.ablekenova@telecom.kz

### Листингтік компанияның тіркеушісі

**«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі»**  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Самал-1» ш/а, 28.  
**Тел.:** +7 (727) 262 08 46, 355 47 60





# GRI индексі

GRI индексі <sup>31</sup>	Көрсеткіштің атауы	Есептегі бөлім және бет /Түсініктеме
Пайдалану туралы өтініш: есепті «Қазақтелеком» АҚ 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде GRI стандарттарына сәйкес дайындады.		
<b>GRI 1: Негіздері 2021</b>		
<b>GRI 2: Жалпы есеп беру элементтері 2021</b>		
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	Компания туралы, 12-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 107-бет Байланыстар, 124-бет
2-2	Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген кәсіпорындар	Есеп туралы, 124-бет
2-3	Есеп беру кезеңі, кезеңділігі және байланыс тұлғасы	Есеп туралы, 124-бет, Байланыстар, 124-бет
2-4	Ақпаратты қайта қарау	Климаттың өзгеруі, 73-бет
2-5	Тәуелсіз сенімділік	Корпоративтік басқару туралы есеп, 109-бет Есеп туралы, 124-бет
2-6	Қызмет, құн құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Компания туралы, 13, 15, 18-бет Бизнес пен қаржыға шолу, 49-бет Экономикалық тиімділік, 100-бет Сатып алу тәжірибелері, 101-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 107-бет
2-7	Қызметкерлер	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 77, 78-бет
2-8	Қызметкер болып табылмайтын қызметкерлер	Компания қызметкер емес адамдарды жұмысқа тартпайды. Барлық қызметкерлер 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-мен еңбек шарттары негізінде жұмысқа орналастырылды
2-9	Басшылықтың құрылымы мен құрамы	Компания туралы, 14-бет Тұрақты дамуды басқару, 54-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 106, 110, 113-бет
2-10	Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	Корпоративтік басқару туралы есеп, 109-бет
2-11	Жоғары басқару органының төрағасы	Корпоративтік басқару туралы есеп, 110, 116-бет
2-12	Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі	Тұрақты дамуды басқару, 54, 57-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 110-бет
2-13	Әсерді басқару жауапкершілігін беру	Тұрақты дамуды басқару, 54-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 113, 114-бет
2-14	Жоғары басқарушы органның тұрақты даму саласындағы есептіліктегі рөлі	Есеп туралы, 124-бет
2-15	Мүдделер қайшылықтары	Корпоративтік басқару туралы есеп, 112-бет Мүдделер қайшылығы туралы ақпарат (олар туындаған кезде) тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында ашылады
2-16	Маңызды мәселелер туралы ақпаратты жоғары басшы органның назарына жеткізу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 99-бет
2-17	Жоғары басқарушы органның ұжымдық білімі	Корпоративтік басқару туралы есеп, 110, 112-бет
2-18	Жоғары басшы орган жұмысының тиімділігін бағалау	Корпоративтік басқару туралы есеп, 112-бет
2-19	Сыйақы саясаты	Корпоративтік басқару туралы есеп, 115, 118-бет
2-20	Сыйақы мөлшерін анықтау процесі	Корпоративтік басқару туралы есеп, 114, 118-бет Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін тіркелген жылдық сыйақының, сондай-ақ қосымша сыйақының мөлшері акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады. Компанияда сыйақыны анықтауға сыйақы бойынша кеңесшілерді тарту тәжірибесі жоқ

<sup>31</sup> Қазіргі уақытта Компания үшін қолданылатын GRI салалық стандарты жоқ.

GRI индексі	Көрсеткіштің атауы	Есептегі бөлім және бет /Түсініктеме
2-21	Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	Корпоративтік басқару туралы есеп, 115, 118-бет
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Басқарма төрағасының үндеуі, 04-бет
2-23	Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	Тұрақты дамуды басқару, 54, 56-бет Қоршаған ортаны қорғау, 66-бет Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 87-бет Корпоративтік басқару туралы есеп, 119-бет
2-24	Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелерді орындау	Климаттың өзгеруі, 71-бет
2-25	Теріс әсерлерді жою процестері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 99-бет Қазіргі уақытта кері байланыс тетіктерінің жұмысын құруға, қайта қарауға және жақсартуға мүдделі тараптардың қатысуы көзделмеген
2-26	Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру тетіктері	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 84-бет
2-27	Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау	Қоршаған ортаны қорғау, 67-бет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 99-бет Нарық және бәсекелестік, 102-бет
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	Тұрақты дамуды басқару, 64-бет
2-29	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	Тұрақты дамуды басқару, 61-бет
2-30	Ұжымдық келісімдер	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 85-бет
<b>GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021</b>		
GRI 3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау тәртібі	Тұрақты дамуды басқару, 63-бет
GRI 3-2	Маңызды тақырыптардың тізімі	Тұрақты дамуды басқару, 63-бет
Биоалуантүрлілік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 71-бет
GRI 304-1	Меншіктегі, жалға алынған немесе ұйымның басқаруындағы және қорғалатын табиғи аумақтарда және биоалуантүрлілік құндылығы жоғары, қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға іргелес жатқан аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар	Қоршаған ортаны қорғау, 71-бет
Климаттың өзгеруі және көміртегі		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Климаттың өзгеруі, 71-бет
GRI 305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту аймағы)	Климаттың өзгеруі, 72-бет Компания биогенді CO <sub>2</sub> шығарындыларын шығармайды.
GRI 305-2	Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту аймағы)	Климаттың өзгеруі, 72-бет
GRI 305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Климаттың өзгеруі, 72-бет
GRI 305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Климаттың өзгеруі, 74-бет Есепке алынған газдар — CO <sub>2</sub> , CH <sub>4</sub> , N <sub>2</sub> O
GRI 305-6	Озон қабатының бұзылуына (ОҚБ) ықпал ететін заттардың шығарындылары	Қоршаған ортаны қорғау, 68-бет





GRI индексі	Көрсеткіштің атауы	Есептегі бөлім және бет /Түсініктеме
Ластаушы заттардың шығарындылары		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 66-бет
GRI 305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды атмосфералық шығарындылар	Қоршаған ортаны қорғау, 68-бет Компания тұрақты органикалық ластаушы заттардың (ТОЛ), ұшпа органикалық қосылыстардың (ҰОҚ), қауіпті ауаны ластаушы заттардың шығарындыларын шығармайды.
Энергия тиімділігі		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Климаттың өзгеруі, 73-бет
GRI 302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	Климаттың өзгеруі, 73, 74-бет Компания энергияны үшінші тараптарға қайта сатпайды.Компания жаңартылатын көздерден отын тұтынбайды.Компания салқындату энергиясын және бу энергиясын үшінші тараптарға тұтынбайды немесе қайта сатпайды.
GRI 302-3	Энергия сыйымдылығы	Климаттың өзгеруі, 74-бет Энергия сыйымдылығын есептеуде отын ресурстары (бензин, дизель, көмір, табиғи газ), электр және жылу энергиясы ескеріледі.Энергияны тұтыну тек ұйым ішінде қолданылады
GRI 302-4	Энергия тұтынуды азайту	Климаттың өзгеруі, 74-бет
Қалдықтарды басқару		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 70-бет
GRI 306-1	Қалдықтардың пайда болуы және маңызды қалдықтармен байланысты салдарлар	Қоршаған ортаны қорғау, 70-бет
GRI 306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 70-бет
GRI 306-3	Өндірілген қалдықтар	Қоршаған ортаны қорғау, 70-бет
GRI 306-4	Жойылған қалдықтардың жалпы көлемі	Қоршаған ортаны қорғау, 70-бет
GRI 306-5	Залалсыздандыруға және көмуге бағытталған қалдықтардың жалпы көлемі	Компанияда залалсыздандыруға және көмуге бағытталған қалдықтар жоқ
Су ресурстарын басқару		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет
GRI 303-1	Суды ортақ ресурс ретінде пайдалану	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет Компанияның су қабылдауы су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Компания су тапшылығы бар өңірлерде жер үсті және жерасты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды.
GRI 303-2	Суды ағызуда байланысты әсерлерді басқару	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет
GRI 303-3	Алынатын судың жалпы мөлшері	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет
GRI 303-4	Суды ағызуда	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет
GRI 303-5	Су тұтыну	Қоршаған ортаны қорғау, 69-бет
Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 76-бет
GRI 402-1	Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 81-бет

GRI индексі	Көрсеткіштің атауы	Есептегі бөлім және бет /Түсініктеме
Жұмыспен қамту		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 76-бет
GRI 401-1	Жаңадан жалданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 79, 81-бет
GRI 401-2	Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыс жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 81-бет
GRI 401-3	Декреттік демалыс	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 82-бет
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 89-бет
GRI 403-1	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 91-бет
GRI 403-2	Қауіпті анықтау, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеу	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 91-бет
GRI 403-3	Денсаулық сақтау қызметтері	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 94-бет
GRI 403-4	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлердің қатысуы, консультациялар мен коммуникациялар	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 90-бет
GRI 403-5	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлау	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 93-бет
GRI 403-6	Жұмысшылардың денсаулығын жақсарту	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 94-бет
GRI 403-7	Іскерлік қатынастармен тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігінің салдарын болдырмау және азайту	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 92-бет
GRI 403-8	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 90-бет
GRI 403-9	Өндірістік жарақаттар	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, 91, 92-бет
Жергілікті қоғамдастықтар		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Жергілікті қоғамдастықтар, 95-бет
GRI 413-1	Жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесу, жергілікті қоғамдастыққа әсер етуді бағалау және жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын жүзеге асыратын бөлімшелер	Жергілікті қоғамдастықтар, 95-бет
GRI 413-2	Жергілікті қоғамдастықтарға елеулі нақты немесе ықтимал теріс әсері бар бөлімшелер	Жергілікті қоғамдастықтар, 95-бет
Қызметкерлерді оқыту және дамыту		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 76-бет
GRI 404-1	Бір қызметкерге жылына оқу сағаттарының орташа саны	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 82-бет
GRI 404-2	Қызметкерлердің жұмыспен қамту қабілетін қолдауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 83, 86-бет
GRI 404-3	Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмысшылардың пайызы	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 84-бет





GRI индексі	Көрсеткіштің атауы	Есептегі бөлім және бет /Түсініктеме
Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 87-бет
GRI 405-1	Басқарушы органдар мен жұмысшылардың әртүрлілігі	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 77, 78-бет
GRI 405-2	Еркектер мен әйелдердің негізгі жалақысы мен сыйақысының арақатынасы	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 88-бет
Еңбекақы төлеу және қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламалар		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 87-бет
GRI 202-1	Әр түрлі жыныстағы қызметкерлердің жалақысының ең төменгі мөлшерінің ұйым қызметінің аймақтарында белгіленген ең төменгі жа-лақы мөлшеріне қатынасы	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 88-бет
Адам құқықтарын сақтау		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер, 87-бет
Жұмыстағы стресс және төзімділік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қызметкерлермен қарым-қатынас, 76-бет
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 98-бет
GRI 205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 98-бет
GRI 205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері бойынша ақпараттандыру және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 98, 99-бет Қызметкерлерді өңірлер бойынша бөліністе оқыту туралы ақпарат қол жетімді емес, өйткені Компанияда 2022 жылы осы бөліністе статистика жүргізілмеген
GRI 205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 99-бет
Жанама экономикалық әсерлер		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Жанама экономикалық әсерлер, 100-бет
GRI 203-1	Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер	Жанама экономикалық әсерлер, 100-бет
GRI 203-2	Елеулі жанама экономикалық әсерлер	Жанама экономикалық әсерлер, 100-бет
Экономикалық тиімділік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Компанияның экономикалық тиімділігі, 100-бет
GRI 201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Компанияның экономикалық тиімділігі, 100-бет
Сатып алу тәжірибелері		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Сатып алу тәжірибелері, 101-бет
GRI 204-1	Жергілікті жеткізушілерге арналған шығындардың үлесі	Сатып алу тәжірибелері, 101-бет
Нарық және бәсекелестік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Нарық және бәсекелестік, 102-бет
GRI 206-1	Бәсекелестіктің кедергісіне және монополияға қарсы заңнаманың бұ-зылуына байланысты құқықтық әрекеттер жағдайларының жалпы саны	Нарық және бәсекелестік, 102-бет

# Глоссарий

<b>3G (third generation)</b>	үшінші буын ұялы байланыс технологиялары — бұл жоғары жылдамдықты мобильді қатынасты Интернет қызметтерімен де, деректер арнасын құратын радиобайланыс технологиясымен де біріктіретін қызметтер жиынтығы.
<b>4G (fourth generation)</b>	талаптары бар ұялы байланыс буыны. Төртінші буынға жылжымалы абоненттерге — 100 Мбит/с және стационарлық абоненттерге — 1 Гбит/с асатын жылдамдықпен деректерді беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін перспективалық технологиялар жатады.
<b>5G (fifth generation)</b>	жоғары жылдамдықты сымсыз Интернет, деректерді алу/беру жылдамдығын арттыру және диапазонды кеңейту арқылы деректер мен байланыс қызметтеріне тиімді байланыс пен қол жетімділікті қамтамасыз ететін бесінші буын технологиясы.
<b>ADSL (Asymmetric Digital Subscriber Line)</b>	асимметриялық цифрлық абоненттік желі — модем технологиясы, онда арнаның қол жетімді өткізу қабілеті шығыс және кіріс трафигі ара-сында асимметриялы түрде бөлінеді.
<b>API (Application Programming Interface)</b>	бір компьютерлік бағдарламаның басқа бағдарламамен өзара әрекеттесу тәсілдерінің сипаттамасы.
<b>ARPU (Average Revenue Per User)</b>	бір абонентке есептегендегі бір айдағы орташа түсім.
<b>B2B (ағылш. Business to Business)</b>	заңды тұлғалар арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.
<b>B2C (ағылш. Business to Consumer)</b>	заңды тұлға мен тұтынушы арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.
<b>B2G (ағылш. Business to Government)</b>	заңды тұлға мен мемлекет арасындағы коммерциялық өзара қарым-қатынасты білдіретін термин.
<b>B2O (ағылш. Business to Operators)</b>	заңды тұлға мен байланыс операторлары арасындағы коммерциялық өзара қарым-қатынастарды біл- діретін термин.
<b>Big Data</b>	Деректердің үлкен көлемін өңдеу.
<b>Blockchain</b>	Белгілі бір ережелерге сәйкес құрылған, ақпараты бар блоктардың үздіксіз тізбегі. Көбінесе блокчейндердің көшірмелері бір-біріне тәуел-сіз көптеген компьютерлерде сақталады.
<b>CDMA (Code Division Multiple Access)</b>	кодты бөлумен бірнеше қатынасу, цифрлық (сымсыз) байланыс желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдықтарын халықаралық байланыс стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін құру үшін ең перспективалық ретінде ұсынады.
<b>DWDM (Dense Wave Division Multiplexing)</b>	толқынды мультиплекстеу технологиясы, мультисервистік және мобильді желілердің тірек инфрақұрылымы үшін ең сенімді технология болып табылады, желінің өткізу қабілетін күрт арттыруды қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа байланыс қызметтерінің кең жиынтығын жүзеге асырады.
<b>EBITDA (Earnings Before Interest, Taxes, Depreciation and Amortization)</b>	Компанияның кредит, табыс салығы және амортизация бойынша пайыз шегерілгенге дейінгі пайдасы.
<b>ESG факторлар (Environmental. Social. Governance)</b>	қоршаған орта факторлары, әлеуметтік факторлар және басқару факторлары.
<b>Firewall</b>	Компьютерлік желілер немесе хосттар арасында рұқсат етілмеген немесе қажетсіз хабарламалардың алдын алуға арналған технологи-ялық кедергі.
<b>FMC — One contact (fixed mobile convergence)</b>	тіркелген және ұялы байланысты біріктіретін, әрі қарай коммерциялық пайдалануға ауыстырылатын технология.





<b>FTTH (Fiber to the Home)</b>	үйге талшықты-оптикалық кабель (жеке/ жеке үй дегенді білдіреді).
<b>FTTx (fiber to the x)</b>	оптикалық-талшықты қосылу технологиясы.
<b>FWA (Fixed Wireless Access)</b>	талшықты-оптикалық байланыс желілерімен қапталмаған аймақтарда пайдаланылатын, 4G базасындағы сымсыз Интернет-технология.
<b>GSM</b>	Арналарды уақыт пен жиілік бойынша бөлетін, жоғары қауіпсіз және 2G сияқты желілерде жұмыс істейтін цифрлық ұялы байланыстың ғаламдық стандарты.
<b>GPON (Gigabit passive optical network)</b>	гигабиттік пассивті оптикалық желілер.
<b>IaaS (Infrastructure as a Service)</b>	инфрақұрылым қызмет ретінде, мысалы, виртуалды серверлер мен виртуалды желі; клиент кез келген бағдарламалық жасақтама мен қосымшаларды орната алады.
<b>IPTV (Internet Protocol Television)</b>	Интернет протоколы бойынша телевизия, IP протоколы бойынша деректерді беру желілерінде цифрлық телевизия технологиясы (стандарт), цифрлық кабельдік телевизия операторлары пайдаланатын телевизияның жаңа буыны.
<b>IP-транзит</b>	BGP хаттамасы бойынша деректерді берудің заманауи оптикалық желілері арқылы Интернет желісіне басқарылатын және жоғары жылдамдықты қолжетімділікті ұсыну бойынша қызмет. BGP-Интернетте қолданылатын автономды жүйелер арасындағы динамикалық бағыттау протоколы.
<b>IoT (Internet of Things)</b>	интернет (сымды немесе сымсыз) арқылы жеке нысандарға салынған құрылғыларға ақпаратты жіберуге және алуға мүмкіндік беретін технологиялардың жалпы атауы.
<b>LoRa (ағылш. Long Range)</b>	модуляцияның технологиясы және аттас әдісі.
<b>LTE (Long-Term Evolution)</b>	ұялы телефондарға және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған сымсыз жоғары жылдамдықты деректерді беру стандарты.
<b>NPS (Net Promoter Score)</b>	тұтынушылардың өнімге немесе Компанияға адалдығын анықтау индексі (ұсынуға дайындық индексі), қайта сатып алуға дайындығын бағалау үшін қолданылады. Клиенттердің адалдығын өлшеудің негізгі индекстерінің бірі болып табылады.
<b>OTT (Over the Top)</b>	Интернет арқылы бейне қызметтерді ұсыну әдісі.
<b>ROACE (Return On Average Capital Employed)</b>	орташа тартылған капиталдың қайтарымы.
<b>SaaS (Software as a Service)</b>	бағдарламалық жасақтама қызмет ретінде, мысалы, электрондық пошта немесе басқа кеңсе қосымшасы; клиент қосымшаны пайдаланады, провайдер бағдарламаның негізгі параметрлерін басқарады.
<b>SAC (Subscriber Acquisition Cost)</b>	Компанияның бір сатып алушыны тартуға арналған жиынтық шығындарын көрсететін метрика.

<b>SDN/NFV</b>	Бағдарламалық-конфигурацияланатын желі (Software –Defined Networks, SDN) және желілік функцияларды виртуализациялау (Network Function Virtualization, NFV).
<b>VAS (ағылш. Value-Added Services)</b>	қосылған құны бар қызметтер.
<b>VPN (Virtual Privet Network)</b>	(виртуалды меншікті желі) — бір немесе бірнеше желілік қосылыстарды (логикалық желіні) басқа желі (мысалы, Интернет) арқылы қамта- масыз етуге мүмкіндік беретін технологиялардың жалпыланған атауы.
<b>WAP (Wireless Application Protocol)</b>	деректерді сымсыз жіберу хаттамасы. Хаттама портативті құрылғылардың Интернет желісімен бай- ланысын орнату қажет GSM желілері үшін арнайы жасалған. WAP көмегімен мобильді құрылғыны пайдаланушы Интернет желісінен кез келген цифрлық деректерді жүктей алады.
<b>WIMAX (Worldwide Interoperability for Microwave Access)</b>	бұл шағылысқан сигналда объектінің тікелей көрінісі болмаса да, үлкен қашықтықта жоғары жылдамдықты қосылыстарды қамтамасыз ететін кең жолақты сымсыз байланыс технологиясы.
<b>WLL (Wireless Local Loop)</b>	радиотелефон желісі мен стационарлық телефон комбинациясы болып табылатын байланыс технологиясының түрі.
<b>АХТБ</b>	Автоматты қалааралық телефон байланысы.
<b>АЕМ ТБОЖ</b>	Ауылдық елді мекендердегі талшықты-оптикалық байланыс желілері.
<b>ЕТҚ</b>	Еншілес және тәуелді қоғам.
<b>АКТ</b>	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
<b>КӘЖ</b>	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік.
<b>ШОҚ</b>	Шағын және орта кәсіпорындар.
<b>ЗТБ</b>	Заңды тұлғалар бірлестігі.
<b>ОҚКО</b>	Ортақ қызмет көрсету орталығы.
<b>КЖҚ</b>	Кең жолақты немесе жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізу – модемді және жалпы қолданыстағы телефон желісін қолдана отырып, коммутацияланатын қол жетімділікті пайдалану кезінде мүмкін болатыннан асатын деректерді беру жылдамдығымен Интернетке қол жеткізу.
<b>БКМ</b>	Бақылау-кассалық машина.





# Мүдделі мәмілелер туралы ақпарат

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына Басқарманың 1 шешімін мақұлдады және енгізді және Қоғамның жасауға мүдделі мәмілелерді бекітуге қатысты Басқарманың 7 шешімін бекітті, оның ішінде:

1. «КТ-АйИкс» ЖШҚ мен «Қазақтелеком» АҚ арасында бірлескен қызмет туралы шарт жасасу туралы» Басқарманың 03.03.22 №13/56 шешімі.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ мен «КТ-АйИкс» ЖШҚ арасында 2022.03.30 №113-27-ДСД бірлескен қызмет туралы шарт жасалды, оған сәйкес Мәскеу қ. аумағында қызметтерді сату жүзеге асырылады.

2. «Қазақтелеком» АҚ жасауға мүдделі мәмілені бекіту туралы» Басқарманың 25.04.22 №22/94 шешімі «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен бекітуге мүдделі.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен (қол қою сатысында) FWA қызметін бірлесіп іске асыру туралы шарт жасалады.

3. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен мәміле жасасу туралы» Басқарманың 06.06.2022 жылғы №30/124 шешімі.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен 2022 жылғы 26 тамыздағы №000740000728EER2208036/00 қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалды.

4. «Қазақтелеком» АҚ жасауға мүдделі мәмілелерді бекіту туралы» Басқарманың 06.06.2022 жылғы №30/126 шешімі Мерзімді банктік салым шарты және «Қазпошта» АҚ-мен ағымдағы банктік шот шартын бекітуге мүдделі.

Басқарманың шешіміне сәйкес қосылу туралы өтініштерге қол қою арқылы шарттар жасалды:

- Ағымдағы банк шотының (заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа/фермер қожалығы, адвокат, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор үшін) «Қазпошта» АҚ-мен 2022.06.10 №173-32-ЗП шартына қосылу туралы өтініш;
- Жинақ шотын ашуға және банк салымын енгізуге арналған мерзімді банктік салым шартына қосылу туралы өтініш («KAZPOST–Корпоративтік» мерзімді салымы үшін қолданылады) 10.06.2022 жылғы №174-32-ЗП.

5. Басқарманың 08.08.22 №41/167 «Қазақтелеком» АҚ жасауға мүдделі мәміле бекіту туралы» шешімі – «Soft Art» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50% түріндегі мемлекеттік мүлікті басқарудың сенімі туралы шарт.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасында «Soft Art» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50% түрінде мемлекеттік мүлікті басқарудың сенімгерлік 2022.08.08 №188-27-ДП/1509-И шарты жасалды және «Soft Art» ЖШС сенімгерлік басқару бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

6. «Қазақтелеком» АҚ жасауға мүдделі мәміле бекіту туралы» 08.08.22 №41/168 басқарманың шешімі – «Кселл» АҚ, «КаР-Тел» ЖШС және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасындағы 05.07.2022 «Ынтымақтастық туралы келісімге» №2 қосымша келісім.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Кселл» АҚ, «КаР-Тел» ЖШС, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС-мен 05.07.2022 жылғы Ынтымақтастық туралы келісімге және «Кселл» АҚ, «КаР-Тел» ЖШС және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасында бұрын жасалған 05.08.2022 жылғы №1 қосымша келісімге №2 қосымша келісім жасалды.

7. «Қазақтелеком» АҚ «Қазақтелеком» АҚ-ның (KZX000000013) облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алу бойынша мүдделі мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы» Басқарманың 19.09.22 №47/195 шешімі.

Директорлар кеңесінің 20.09.2022 жылғы шешіміне (№10 хаттама) сәйкес 2018 жылғы қарашада Astana International Exchange Ltd биржасында орналастырылған «Қазақтелеком» АҚ (KZX000000013) облигациялары мерзімінен бұрын сатып алынды. Сатып алынған облигациялардың жалпы құны 34 млрд теңгені, төленген сыйақы сомасы 0,4 млрд теңгені құрады.

8. «Қазақтелеком» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасында бірлескен қызмет туралы 2012.12.14 №743/12-1171-03-ДСД шартына №13 қосымша келісім жасасу туралы» Басқарманың 21.11.22 №58/228 шешімі.

Басқарманың шешіміне сәйкес «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен 2012.12.14 №743/12-ДО/1171-03-ДСД бірлескен қызмет туралы шартқа №13 қосымша келісім жасалды, оған сәйкес бұрын өтелген сомаларды қайта есептеу жүргізілді.





# «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің 2022 жылғы қағидалары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп

Осы Есеп «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 15-тармағына «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігіне» сәйкес дайындалды.

«Қазақтелеком» АҚ қызметі және оның корпоративтік практикасы Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелеріне толық сәйкестігін көрсетеді.

## «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын корпоративтік басқару қағидалары

### 1-тарау. Үкімет Қордың акционері ретінде

Кодекс тарауының атауына қарамастан, ол Қоғам өз қызметінде басшылыққа алуға міндетті және басшылыққа алатын бірқатар ережелерді қамтиды. Атап айтқанда, Қор ұйымдарының негізгі стратегиялық міндеті ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму болып табылады. Барлық қабылданған шешімдер мен әрекеттер даму стратегиясына сәйкес келуі керек.

Қоғамның органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде толығымен дербес және тәуелсіз болады. Акционерлер мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға және Қоғамның жарғысына сәйкес қажетті мәліметтерді (қаржылық есептілік депозитарийінің, биржалардың интернет-ресурстары) бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Акционерлердің сұрауы бойынша ақпараттың бір бөлігі оларға жеке ұсынылды.

Қоғамда ішкі аудит қызметі жұмыс істейді, Комплаенс қызметі жұмыс істейді, Заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттерін іске асыратын Корпоративтік хатшы мен Омбудсмен өкілеттіктерін жүзеге асырады.

Аталған ережелер төменде осы Есепте толығырақ ашылған.

### 2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі

Корпоративтік басқару жүйесі-бұл қоғамның қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ Басқарма, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы қатынастар жүйесін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығы. Бұл мәселелер Жарғыда, АЖЖ, ДҚ, Басқарма және басқа да ішкі құжаттарда нақты реттелген.

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) ірі акционердің функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компанияларды басқаруға қатысады.

Қоғамның Директорлар кеңесі өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербес. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы Қордың директорлар Кеңесіндегі өкілдері арқылы жеткізіледі.

Қоғамды басқаруды оның органдары заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.





### 3-тарау. Тұрақты даму

Тұрақты даму жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді Корпоративтік басқару қызметі жүзеге асырады. 2021 жылы «2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу» мемлекеттік климаттық күн тәртібінен кейін, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмаларына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ ESG қағидаттарын енгізуге және төмен көміртекті дамуға көшуге кірісті. 2022 жылы Директорлар кеңесінің 2022.12.09 №13 шешімімен «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы қабылданды, оған сәйкес Компания алдағы 10 жылда парниктік газдар шығарындыларын 13%-ға қысқартуы тиіс. «Қазақтелеком» АҚ -ның 2021 жылғы Score 1 және Score 2 бойынша парниктік газдарды верификациялауды Верификациялау жөніндегі тәуелсіз орган жүзеге асырды. Орта және ұзақ мерзімді келешектегі жалпы корпоративтік стратегияның бөлігі ретінде төмен көміртекті даму бизнестің тұрақтылығын күшейтуге, қосымша инвестициялар тартуға, бизнесті жауапты басқару тұрғысынан Компанияның позициясын жақсартуға мүмкіндік береді. Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру «Қазақтелеком» АҚ-ның еліміздегі телекоммуникация саласының негізгі кәсіпорны ретінде Қазақстанның жалпы мемлекеттік саясатына бейілділігін айғақтайды.

Компания өз алдына компанияның инвестициялық тартымдылығын арттырудың маңызды құралы болып табылатын ESG рейтингін алу міндетін қойды. «Қазақтелеком» АҚ Sustainalytics жетекші рейтингтік агенттігінен ESG-рейтингін алуға ниетті, осыған байланысты өз рейтингтік позицияларын нығайту бойынша шаралар мен бастамалар бұдан әрі қабылданатын болады.

### 4-тарау. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас

Акционерлердің құқықтарын сақтау қоғамның негізгі міндеттемесі болып табылады. Қоғамда заңнамада және ішкі құжаттарда бекітілген акционерлердің құқықтары қатаң сақталады және акционерлерге әділ қарым-қатынас қамтамасыз етіледі. Акционерлерге олардың мүдделерін қозғайтын оқиғалар туралы, мысалы, акционерлер жиналыстары, қабылданған шешімдер және т.б. туралы уақтылы хабарланады. Қоғам акционерлерге олардың сұраныстары бойынша Қоғамның қызметі туралы қажетті ақпаратты жедел ұсынады.

### 5-тарау. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі

Директорлар кеңесі ұйымға стратегиялық басшылық жауапты және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы болып табылады.

Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі мен басқарманың өкілеттіктері нақты бекітілген және бөлінген.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде қоғамның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарауды және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңдігі сақталады.

Қоғамның Директорлар кеңесі білімнің әртүрлі салаларындағы (телекоммуникация, қаржы, маркетинг, техникалық сала және т.б.), оның ішінде халықаралық жұмыс тәжірибесі мол мамандармен ұсынылған. Тәуелсіз директорлардың саны заң бойынша ұсынылғанға сәйкес келеді (кем дегенде 30%) және одан да көп.

Директорлар кеңесін сайлау тек заңдарда және Қоғамның Жарғысында белгіленген рәсімдер шеңберінде өтеді. Сайлау тәртібі, өкілеттік мерзімі, Директорлар кеңесінің қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі. Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелері үшін лауазымға кіріспе бағдарламасы қолданылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесін жалпы басқаруға жауапты, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.

Директорлар Кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары нақты бөлінген және Қоғамның Жарғысында, Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелерде бекітілген.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлық және әлеуметтік мәселелер сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Қоғамда 2022 жылы аудит және тұрақты даму, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер, стратегиялық жоспарлау жөніндегі үш комитет жемісті қызмет атқарды. Олардың рөлі олар туралы ережелерде нақты реттелген, олар көптеген мәселелерді қарастырады және Директорлар кеңесіне қажетті ұсыныстар береді. Комитеттер қызметінің қорытындыларын Директорлар кеңесі үнемі қарайды және оң бағалайды.

Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелілігіне ықпал етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі немесе сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру болатын отырыстардың саны барынша азайтылады. 2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары сырттай өткізілген жоқ. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау бетпе-бет дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдерді көрсете отырып корпоративтік хатшы тиісінше хаттамалайды.

Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, Басқарманың акционерлермен, Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылы мақсатында өз функцияларын заңнамаға, Жарғыға және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы тағайындалды.

Қоғамда алқалы атқарушы органы Басқарма жұмыс істейді. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған стратегияны, даму жоспарын және шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

Директорлар кеңесі басқарма басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды. Атқарушы органның басшысын және мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау туралы ұсыныс сақталады.

Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің уәждемелік ПЭК-ті Директорлар кеңесі жыл сайын бекітеді.

Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда қатысушылар ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді.

Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Омбудсмен тағайындалды. Омбудсменнің рөлі — өзіне жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларына, жанжалға қатысушыларға консультация беру және оларға Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды (оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтауды) ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу, проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаларын сақтау.

Комплаенс қызметі белсенді және тиімді жұмыс істейді, оның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоғам мен еншілес ұйымдардың ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттар мен Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бизнесті жүргізу үшін жағдайлар жасау болып табылады.





## 6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында белсенді рөл атқарады.

Тәуекелдерді басқару саласындағы есептерді тоқсан сайын Аудит және тұрақты даму комитеті мен Директорлар Кеңесі қарайды. Қажет болған жағдайда олар осы саладағы іс шаралар мен процестерді реттейді.

Қоғамда Директорлар кеңесіне есеп беретін Ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді. ІАҚ есептерін Аудит және тұрақты даму комитеті мен Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарайды.

## 7-тарау. Ашықтық

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам өз қызметінің қаржылық жай-күйін, қызметінің нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және сенімді түрде ашады. Тиісті ақпарат әртүрлі ресурстарда, оның ішінде қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Қоғам жыл сайын тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептілікке аудит жүргізеді. Сыртқы аудитор тексерген жылдық қаржылық есептілікті жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

Сондай-ақ жыл сайын Қоғам тұрақты даму жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, өткен жылдағы Қоғам қызметінің барлық тараптары ашылатын біріктірілген жылдық есепті бекітеді.





## Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«Қазақтелеком» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне:

### Кіріспе

Біз «Қазақтелеком» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығымен Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Біріктірілген Жылдық Есебіне (бұдан әрі – «Жылдық Есебі») енгізілген төменде сипатталған таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау үшін тартылдық.

### Рәсімдер әдісін және қолданылатын өлшемшарттарды сипаттау

Біз, Жылдық Есепте ашылған және Жылдық Есептің қосымшасында «GRI Индексі» (бұдан әрі – «Таңдалған ақпарат») көрсетілген сапалық және сандық ақпаратты бағаладық. Таңдалған ақпарат Жаһандық есеп беру бастамасы (Global Reporting Initiative, GRI) жариялаған GRI тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес дайындалған.

Таңдалған ақпарат Жылдық есептің «Есеп туралы» қосымшасына сәйкес Компанияның Бас кеңсесі мен 8 филиалы туралы ақпаратты ашады.

Біздің рәсімдеріміздің көлемі тек 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпаратпен шектеледі. Біз бұрынғы кезеңдерге немесе Жылдық Есепке енгізілген кез келген басқа компоненттерге қатысты қандай да бір рәсімдерді орындамадық, соған орай, оларға қатысты қандай да бір қорытынды жасамаймыз.

Біз Таңдалған ақпаратты GRI стандарттарында қамтылған ашу талаптарын, сондай-ақ Компания өзірлеген және Жылдық Есепте ашылған әдістеме мен нұсқаулықты (бұдан әрі – «Қолданылатын өлшемшарттар») пайдалана отырып бағаладық. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау мақсаттарында қолданылатын өлшемшарттарды қолдану орынды деп санаймыз.

### Компания Басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы:

- абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан Таңдалған ақпаратты дайындауда бұрмалаушылықтарды қамтымас үшін, ішкі бақылау жүйесінде өзірлендіруді, енгізуді және қолдауды қамтамасыз ету;
- қолданылатын өлшемдерге сәйкес Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу бойынша ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды өзірлеу;
- таңдалған ақпаратты Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындау, есептеу және ашу;
- таңдалған ақпараттың дәлдігі, толықтығы және ұсынылуына жауапты.

### Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз:

- таңдалған ақпаратта абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне шектеулі сенімділікті алу мақсатында тапсырманы жоспарлау

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС  
 Өл-Фараби даңғылы 34, А ғимараты, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6  
 Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz



және орындау;

- біздің орындалған рәсімдер мен алынған дәлелдемелер негізінде шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тұжырымды қалыптастыру;
- біздің тұжырымдымызды Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну.

Біз бұл шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит стандарттары және ақпаратты растау комитетімен шығарылған сенімділікті қамтамасыз ететін «Аудиттен және өткен кезеңдердегі қаржылық ақпаратты тексеруден ерекшеленетін Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма» Халықаралық тапсырмалар 3000 (ШҚҒЕТХТ) стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден этикалық талаптарды сақтауды және 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған Таңдалған ақпараттың барлық маңызды қатынастарында Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі кепілдік алу үшін рәсімдерді жоспарлауды және орындауды талап етеді.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемі ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдеріне де, бағаланған тәуекелдерге жауап ретінде орындалатын рәсімдерге де қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемінен аз. Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылатын, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді, олар ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындағанға қарағанда көлемі аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейінен төмен.

### Тәуелсіздік және сапаны бақылау

Біз есепшілерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің адалдық, объективтік, кәсіби құзыреттілік, құпиялық және кәсіби мінез-құлық принциптеріне негізделген (АҚҚ СМ кодексі) кәсіби есепшілердің этика кодексінің (халықаралық Тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздік туралы талаптарына және басқа да этикалық талаптарына сәйкес келеміз.

Біздің ұйым 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын қолданады және этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты құжатталған саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылаудың кешенді жүйесін қолдайды.

### Атқарылған жұмыс

Біздің міндеттерімізге Таңдалған ақпаратты елеулі түрде бұрмалау тәуекелдерін қарастыру мақсатында тапсырманы жоспарлау және орындау кіреді. Ол үшін біздің рәсімдерімізге:

- тұрақты даму және есептілік мәселелерін басқаруға жауапты тұлғаларды қоса алғанда, Компания басшылығына сұрау салу;
- Жылдық Есепті дайындауға және тиісті деректерді жинауға жауапты лауазымды тұлғаларға сауалнама жүргізу және тиісілі ақпаратты жинау;
- тиісті ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды талдау, Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу саласындағы негізгі жүйелер, процестер мен бақылау құралдары қалай ұйымдастырылғандығы туралы түсінік алу;
- деректер тиісті түрде есептелгенін, есепке алынғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Таңдалған ақпаратқа қатысты мәні бойынша шектеулі тестілеуді өткізу кірді.

Біз алған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тұжырымға негіз болу үшін жеткілікті



және орынды деп есептейміз.

### Көрсеткіштерді ашу және есептеу әдістемесі

Қолданылатын өлшемшарттар тұрғысынан әртүрлі, бірақ қолайлы есептеу және ашу әдістерінің ауқымы бар. Бұл әдістер нәтижелерде айтарлықтай айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл олардың басқа ұйымдардың деректерімен салыстырылуына әсер етуі мүмкін. Демек, Таңдалған ақпарат басшылық Жылдық Есепте сипатталғандай пайдаланған әдістемелермен бірге қаралуы тиіс және ол үшін Компания жеке-дара жауапты болады.

### Біздің қорытынды

Жүргізілген рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің қорытындылары бойынша 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалған жоқ деп тұжырымдауға негіз болатын ешқандай деректер біздің назарымызды аударған жоқ.

### Пайдалануға және таратуға шектеулер

Тұжырымды қамтитын осы есеп компания басшылығына Компанияның және оның тұрақты даму саласындағы таңдалған еншілес ұйымдарының қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсету мақсатында аразыдағы келісімге сәйкес Компания Директорлар кеңесі үшін ғана дайындалды.

Біз осы есептің мазмұнын компанияның сайтында<sup>1</sup> жарияланатын Жылдық Есептің құрамында ашуға келісім береміз, осылайша Компания басшылығы Корпоративтік басқару саласындағы өз міндеттерін толық атқару шеңберінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алғанын растай алады. Қолданыстағы заңнама шеңберінде біз Компанияның және Компанияның Директорлар кеңесінен басқа тұлғалардың алдында орындалған жұмыс және осы есеп үшін, бұған нақты келісілген жазбаша шарттар және біздің жазбаша келісіміміз болған жағдайларды қоспағанда жауапкершілікті қабылдамаймыз.

PricewaterhouseCoopers LLP

1 маусым, 2023 жыл  
 Алматы, Қазақстан

<sup>1</sup> Компания сайтының сақталуы мен тұтастығы үшін Компания басшылығы жауап береді; біз орындайтын жұмыс осы мәселелерді қарастыруды қамтымайды және сөйесіңше, біз жарияланған Таңдалған ақпаратқа немесе Қолданылатын өлшемдерге қатысты болуы мүмкін қандай да бір өзгерістерге жауап бермейміз.





# Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,  
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге

---

Аудиторский отчет независимого аудитора .....	135
<b>Шоғырландырылған қаржылық есептілік .....</b>	<b>137</b>
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....	137
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....	138
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....	139
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	140
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер .....	141





«Эрнст энд Янг» ЖШС  
 Ол-Фараби д-сы, 777  
 «Есентай Таур» ғимараты  
 Алматы қ., 050060  
 Қазақстан Республикасы  
 Тел.: +7 727 258 5960  
 Факс: +7 727 258 5961  
 www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
 пр. Аль-Фараби, 777  
 здание «Есентай Таур»  
 г. Алматы, 050060  
 Республика Казахстан  
 Тел.: +7 727 258 5960  
 Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
 Al-Farabi ave., 777  
 Esentai Tower  
 Almaty, 050060  
 Republic of Kazakhstan  
 Tel.: +7 727 258 5960  
 Fax: +7 727 258 5961

## Аудиторский отчёт независимого аудитора

Акционерам и комитету по аудиту Совета директоров АО «Казактелеком»

### Мнение

Мы провели аудит консолидированной финансовой отчётности АО «Казактелеком» и его дочерних организаций (далее «Группа»), состоящей из консолидированного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2022 года, консолидированного отчета о совокупном доходе, консолидированного отчета об изменениях в капитале и консолидированного отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний к консолидированной финансовой отчётности, включая краткий обзор основных положений учетной политики.

По нашему мнению, прилагаемая консолидированная финансовая отчётность отражает достоверно во всех существенных отношениях консолидированное финансовое положение Группы по состоянию на 31 декабря 2022 года, а также ее консолидированные финансовые результаты и консолидированное движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчётности (МСФО).

### Основание для выражения мнения

Мы провели аудит в соответствии с Международными стандартами аудита (МСА). Наши обязанности в соответствии с этими стандартами описаны далее в разделе «Ответственность аудитора за аудит консолидированной финансовой отчётности» нашего отчета. Мы независимы по отношению к Группе в соответствии с принятым Советом по международным стандартам этики для бухгалтеров (СМСЭБ) Международным кодексом этики профессиональных бухгалтеров (включая международные стандарты независимости) (Кодекс СМСЭБ) и этическими требованиями, применимыми к нашему аудиту консолидированной финансовой отчётности в Республике Казахстан, и нами выполнены прочие этические обязанности в соответствии с этими требованиями и Кодексом СМСЭБ. Мы полагаем, что полученные нами аудиторские доказательства являются достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения.



### Ключевые вопросы аудита

Ключевые вопросы аудита – это вопросы, которые, согласно нашему профессиональному суждению, являлись наиболее значимыми для нашего аудита консолидированной финансовой отчётности за текущий период. Эти вопросы были рассмотрены в контексте нашего аудита консолидированной финансовой отчётности в целом и при формировании нашего мнения об этой отчётности, и мы не выражаем отдельного мнения по этим вопросам. В отношении каждого из указанных ниже вопросов наше описание того, как соответствующий вопрос был рассмотрен в ходе нашего аудита, приводится в этом контексте.

Мы выполнили обязанности, описанные в разделе «Ответственность аудитора за аудит консолидированной финансовой отчётности» нашего отчета, в том числе по отношению к этим вопросам. Соответственно, наш аудит включал выполнение процедур, разработанных в ответ на нашу оценку рисков существенного искажения консолидированной финансовой отчётности. Результаты наших аудиторских процедур, в том числе процедур, выполненных в ходе рассмотрения указанных ниже вопросов, служат основанием для выражения нашего аудиторского мнения о прилагаемой консолидированной финансовой отчётности.

### Ключевой вопрос аудита

#### Признание выручки

Признание и оценка выручки от предоставления телекоммуникационных услуг является одним из наиболее значимых вопросов нашего аудита ввиду того, что существует значительный риск искажения выручки, так как биллинговые системы, используемые Группой, представляют собой сложные и автоматизированные процессы. А также влияние порядка учёта изменяющихся тарифных схем и многокомпонентных услуг на выручку может быть значительным.

Выбор и применение политик по признанию выручки, включая применение положений МСФО (IFRS) 15 «Выручка по договорам с покупателями», предполагают использование руководством ряда ключевых суждений и оценок, и, следовательно, выручка может быть искажена вследствие недобросовестных действий или ошибок, включая несвоевременное признание.

Раскрытие информации Группой в отношении учётной политики по признанию выручки включено в Примечание 3 к консолидированной финансовой отчётности, а подробное раскрытие информации о выручке включено в Примечание 33 к консолидированной финансовой отчётности.

### Как соответствующий ключевой вопрос был рассмотрен в ходе нашего аудита

Мы рассмотрели соответствующие системы ИТ и дизайн средств внутреннего контроля за сбором данных в биллинговых системах по операциям учета выручки, авторизацией изменений и порядка учета тарифных ставок, введённых в биллинговые системы, и расчётом по тарифам сумм, выставленных клиентам.

Мы выполнили аналитические процедуры, включая помесячный анализ выручки и анализ изменений в ключевых показателях выручки, сравнили финансовые и нефинансовые данные. Мы также проанализировали момент признания выручки.

Мы проанализировали ключевые суждения и оценки руководства и положения учётной политики на соответствие требованиям МСФО (IFRS) 15. Мы рассмотрели раскрытие информации по выручке с точки зрения требований МСФО (IFRS) 15.



### Прочая информация, включенная в Годовой отчет Группы за 2022 год

Прочая информация включает информацию, содержащуюся в Годовом отчете Группы за 2022 год, но не включает консолидированную финансовую отчётность и наш аудиторский отчет о ней. Ответственность за прочую информацию несет руководство. Годовой отчет, предположительно, будет нам предоставлен после даты настоящего аудиторского отчета.

Наше мнение о консолидированной финансовой отчётности не распространяется на прочую информацию, и мы не будем предоставлять вывода, выражающего уверенность в какой-либо форме в отношении данной информации.

Шарттың басында Топ сатып алушымен жасалған шартта уәде етілген тауарларды және қызметтерді бағалайды және орындауға міндет ретінде сатып алушыға уәде етілген белгілі бір тауарды немесе қызметті немесе белгілі бір тауарлардың немесе қызметтердің жиынтығын анықтайды.

Топ өзі жасасқан және түсім алуды көздейтін барлық шарт бойынша принципал болу туралы қорытындыға келді. Себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша міндетті өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады және тауарлар мен қызметтер сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайды.

#### Қызметтер көрсету

Сымсыз және тіркелген жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланыс қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Өңделетін трафиктің нақты минут саны ескеріле отырып, жергілікті және шетелдік операторларға желіаралық қосылыс үшін төлем қызмет көрсетілуіне қарай танылады.

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен қосылу қызметтерінен кіріс Топ желісі бойынша қоңырау жасалған сәтте танылады.

Кеңжолақты және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қол жеткізу үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе кіріс ретінде теңдей танылады. Интернетке коммутацияланатын қатынаудан кіріс клиентке ұсынылатын нақты эфирлік уақыт негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кіріс, сондай-ақ көтерме қатынаудан кіріс уақыт өте келе кіріс ретінде танылады. Себебі Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындауы барысында сатып алушы бір уақытта пайда түсіреді және тұтынады.

Жаңа абоненттерді тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне қосу кезінде алынған өтелмейтін аванстық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде танылады. Клиентпен қарым-қатынастың болжалды кезеңі бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

#### САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ (ЖАЛҒАСЫ)

##### Клиенттерге ұсынылатын жабдық

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ модемді, роутерлерді және басқаларды қоса алғанда, аталған қызметтерді көрсету үшін жабдық ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштер талдауын негізге ала отырып, абонент Топтың қызметтерінен бөлек пайдалана алмайтын жабдық орындау үшін жеке сәйкестендірілетін міндеттеме болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Топ шартты орындау шығындары ретінде тегін ұсынылатын жабдық құнын ақшаға айналдырады. Шартты орындау шығындары клиентке қызмет көрсетілетін кезең ішінде амортизацияланады.

##### Жабдықты және мобильді құрылғыларды өткізу

Топ клиенттер үшін қызметтер мен тауарларды бір ұсыныс топтамасына біріктіре алады. Ұсыныста бірнеше тауарды, қызметті немесе активтерге құқықты жеткізу немесе ұсыну (кешенді ұсыныстар) қамтылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда келісімдерге бастапқы орнату, қосу немесе активация қосылуы мүмкін және бекітілген төлеммен немесе келешекте жалғасатын төлемдер жиынтығымен бекітілген төлемді көздейді. Жабдықпен байланысты шығындар өткізуден түсетін кірісті тану сәтінде танылады. Кірістер жекелеген сатудың салыстырмалы бағасы әдісі бойынша жеке өнім мен қызметтер арасында бөлінеді.

Жекелеген сату бағасы Топ мобильдік құрылғылар мен байланыс қызметтерін сататын бағанамалық баға негізінде анықталады. Топ ұсынатын қызметтерді немесе тауарларды алумен ғана байланысты пайдаланыла алатын арнайы талаптар бойынша түрлендірілген жабдықты сатудан кіріс жеке есепке алынбайды, қызметтерді ұсыну бойынша келісімнің жалпы кезең ішінде біркелкі танылады.

Біреуден артық орындау міндеттемесі бар шарттар бойынша кірістер, операция сомасы жекелеген сатудың салыстырмалы бағасы әдісі бойынша тауарлар мен қызметтер арасында бөлінеді. Әр жекелеген орындау міндеттемесі бойынша операция құнын есептеу күрделі бағалауды талап етеді. Топ әрбір бөлек орындау міндеттемесінің оқшауланған сату бағасын әдетте қажет жерінде көлемі үшін шегерімдерді ескере отырып, бөлек сатылатын тауардың немесе қызметтің бағасы негізінде анықтайды.

##### Роуминг бойынша шегерімдер

Топ роумингтік шегерімдерді ұсыну туралы келісімді бірқатар ұялы байланыс операторымен жасайды. Келісімдердің талаптарына сәйкес Топ шегерім беруге міндетті, сондай-ақ оларды негізінен операторлар арасында роумингтік трафик көлеміне байланысты алуға құқылы. Топ тарихи деректерге негізделген және тиісті өзгерістерді ескере отырып түзетілген, алуға немесе ұсынуға арналған шегерімдер сомасын анықтау үшін түрлі бағалау мен жорамалдарды пайдаланады. Бағалау деректері жаңадан пайда болған ақпаратты көрсету үшін ай сайын түзетіліп отырады.

Топ алынған шегерімдерді роуминг бойынша шығыстардың азаюы, ал шегерім беруді — роуминг қызметтері түсімі көлемінің азаюы ретінде есепке алады. Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте роуминг бойынша серіктестер алдында тиісті дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету тәсілін анықтау арқылы роумингтік шегерімдерді ұсыну туралы түрлі келісімнің шарттарын талдайды.

##### Қаржыландырудың елеулі компоненті

Топ негізінен сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдер алады. Егер шарт жасасу сәтінде уәделі тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру мен мұндай тауар немесе қызмет үшін төлем арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтілсе, 15 ҚЕХС-де (IFRS) көзделген практикалық сипаттың жеңілдігін пайдалану нәтижесінде Топ қаржыландырудың елеулі компоненті әсерін ескере отырып, уәделі өтем сомасын түзетпейді.

Сондай-ақ Топ халықаралық желіге қосылысты іске қосу үшін ұзақ мерзімді аванстар алады. Қаржыландырудың елеулі компонентін көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміленің тіркелген бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушылар арасындағы жеке қаржыландыру операциялары үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

##### Шарт жасасу шығындары

Топ төлем скретч-карта, сим-карталардың және мобильдік телефондардың бір бөлігін сауда агенттері арқылы сатады. Топ В2С сегментінде жаңадан қосылған абоненттер үшін сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы төлейді. Комиссиялық сыйақы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте шарт жасасу шығындары ретінде ақшаға айналдырылады. Шарт жасасу шығындары клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде жүйелі түрде амортизацияланады.

##### Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін мемлекеттік субсидиялар және өтемақы

Мемлекеттік субсидиялар алынатынына және оған байланысты шарттар орындалатынына негізді сенімділік болған жағдайда танылады. Егер субсидия белгілі бір шығысты қаржыландыру мақсатында берілген болса, онда ол өтеу қажет болатын тиісті шығындардың шығысына жатқызылатын кезеңдерде жүйелік негізде кіріс ретінде танылуға тиіс. Егер субсидия активті қаржыландыру мақсатында берілген болса, онда ол тиісті активті пайдалы қолданудың болжалды мерзімі ішінде тең үлестермен кіріс ретінде танылады.

Егер Топ субсидияны монетарлық емес активтер түрінде алған болса, актив пен субсидия номиналды шамасы бойынша ескеріледі және базалық активті пайдалы қолданудың болжалды мерзімі ішінде базалық активтен түсетін пайданы тұтыну құрылымына сәйкес жыл сайын тең бөліктермен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін мемлекеттік субсидиялар және өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен кіріс ретінде жеке баптармен көрсетіледі.

#### ШАРТ БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР

##### Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив ұйымның сатып алушыға тапсырылған тауарлардың немесе қызметтердің орнына өтем алу құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтемді төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болған сәтке тапсырса, онда шартты болып табылатын, алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

##### Сауда дебиторлық берешек

Егер шартты болып табылатын сыйақы сомасы клиенттен алынатын болса (яғни мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы уақыт ағынына ғана байланысты болады), дебиторлық берешек танылады. **Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы активтері — бастапқы тану және кейінгі бағалау бөлімінде қаралады.**





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

#### ШАРТ БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР (ЖАЛҒАСЫ)

##### Шарт бойынша міндеттемелер

Төлем клиенттен алынған немесе Топ тиісті тауарлардың немесе қызметтерді клиентке бергенге дейін (қайсысы бірінші болуына қарай) төленуі тиіс болса, шарт бойынша міндеттеме танылады. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда шарт бойынша міндеттеме түсім ретінде танылады (яғни тиісті тауарларды немесе қызметтерді бақылауды клиентке береді).

#### ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы мен сату үшін қолда бар активтер ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл қаржы құралын болжалды пайдалану мерзімі немесе бұл орынды болған жағдайда қаржы активінің не міндеттемесінің таза баланстық құнына дейінгі барынша қысқа кезең ішінде алдағы күтілетін төлемдерді немесе ақшалай қаражат түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісінің құрамына қосылады.

#### ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтерден кіріс Топтың төлемді алу құқығы белгіленген кезде танылады және бұл әдетте акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

#### ШЫҒЫСТАРДЫ ТАНУ

Шығыстар жатқызылуына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

##### Абоненттерді қосу бойынша шығыстар

Топ клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартуды көрсетеді.

##### Қарыз алу бойынша шығыстар

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге де шығын олар жатқызылған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты Топ тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

#### ТАБЫС САЛЫҒЫ

##### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы — бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Басшылық тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларын да көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытында жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрайды.

##### Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақыт айырмашылықтарын анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты уақыт айырмашылықтарына қатысты, егер уақыт айырмашылығы, қалпына келтіру мерзімдерін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмашылығы көз жетерлік болашақта қалпына келтіріледі деген жағдайда.

Кейінге қалдырылған салық активтері есептелетін уақыт айырмасы, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайда болуы мүмкін деген айтарлықтай ықтималдық дәрежесінде, мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық есептелетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады:

- есептелетін уақыт айырмашылығына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан болмаған және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келсімдерге қатысу үлестерімен байланысты есептелетін уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық активі уақыт айырмашылықтары көз жетерлік болашақта пайдаланылуына және уақыт айырмашылықтары қарсы пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар деңгейде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

#### ТАБЫС САЛЫҒЫ (ЖАЛҒАСЫ)

##### Кейінге қалдырылған табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залалдың құрамынан тыс танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес немесе өзге жинытық кіріс құрамында, болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Бизнесті біріктіру аясында пайда болған, бірақ осы күнге жеке тану критерийлеріне сәйкес келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдаяттардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда кейіннен танылады. Түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса (егер оның шамасы гудвил мөлшерінен аспаса), гудвилдің азаюы деп танылады, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды өзінде ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңмен қорғалған құқығы болғанда ғана және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы салатын және операцияларына салық салынатын бір ұйымға немесе ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есептеулерді нетто негізде жүргізуді, не бұл активтерді өткізіп, бұл міндеттемелерді бір мезгілде кейінге қалдырылған салық міндеттемелері немесе активтерінің елеулі сомасын өтеу немесе орнын толтыру күтілетін әрбір келешектегі кезеңде өтеу болжанатын, операцияларына салық салынатын бірнеше ұйымнан алынатын пайда салығына жатқызылатын жағдайда ғана жүргізеді.

#### ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайда ағыны мүмкін жерлерде ашылады.

Экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауы ықтимал болған жағдайларын қоспағанда, шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайданы көрсететін ресурстардың жылыстауы үлкен болмаған жағдайларды қоспаған кездерде ашылады.

#### БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР

ҚЕХС (IAS) 24 «**Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға**» сәйкес тараптар қаржылық немесе операциялық шешімдер қабылдау кезінде бір тарап екінші тарапты бақылау немесе айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне ие болса, олар байланысты тараптар деп саналады.

Байланысты тараптармен операциялар Топтың байланысты тараптары болып табылатын компаниялардан алынған немесе соларға сатылған мүлік, жұмыс және қызметтер үшін есептесулердің жай-күйін көрсету үшін пайдаланылады. Ұқсас сипаттағы баптар жиынтықпен ашылады, бұған байланысты тараптармен операциялардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін түсіну үшін ақпаратты жеке ашу талап етілген жағдайлар жатпайды.

### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін кірістердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомасына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдауларды, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары — 47-ескертпе.
- сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу — 11 және 25-ескертпелер.

#### ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың есеп саясатын қолдану барысында басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаға айтарлықтай әсер ететін мынадай пайымдауларды қолданды:

##### Жалға беруді ұзарту опционымен немесе жалға беруді тоқтату опционымен жалдау мерзімін анықтау — Топ жалға беруші ретінде

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау мерзімі ретінде, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдерімен немесе орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдерімен жалдау мерзімін анықтайды.

Топта жалдауды ұзарту опционы немесе жалдауды тоқтату опционы кіретін бірнеше жалдау шарты бар. Топ пайымдауды өзінде жалдауды ұзарту опционын немесе тоқтату опционын орындай алады деген жеткілікті сенімділік бар ма дегенді бағалау үшін қолданады. Бұл ретте ол кез келген опционның орындалуы үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторды ескереді. Жалдау басталған күннен кейін Топ елеулі оқиға пайда болған кезде немесе Топтың бақылауындағы және оның жалдауды немесе (жалдауды тоқтату) ұзарту опционын орындау (немесе орындамау) мүмкіндігіне әсер ететін жағдаяттар өзгергенде жалдау мерзімін қайтадан бағалайды.

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын мейлінше қысқа кезеңмен техника мен жабдықты жалдау шарттары бойынша жалдау мерзімін белгілеу кезінде, оларға қатысты ұзарту опционы көзделген кезеңдерді ескерді. Топ әдетте осы жалдау шарттары бойынша ұзарту опционын орындайды, себебі бұл активтерді оңай ауыстыру мүмкіндігінің болмауы өндіріс үдерісіне елеулі кері әсер етеді.

#### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.





## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін кемінде әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер 8 ҚЕХС (IAS) **«Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер мен қателерге»** сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Топ 2021 жылы Қазақстан Республикасының телекоммуникация нарығында көшбасшы ұстанымын нығайту және қалыптастыру бойынша стратегиялық масаттарға қол жеткізу үшін Топтың бекітілген инвестициялық жоспары мен стратегиясына сәйкес желіні оңтайландыру мен жаңғыртуға, ескірген жабдықты ауыстыруға, желінің қуатын және желімен қамтуды кеңейтуге кірісті. Топ белгілі бір базалық стансыларды бөлшектеуді және жетілдірілген стансыларды орнатуды жоспарлап отыр. Бұл өндірістік процесс күрделі шығындар жағынан қосымша үнемдеуді және нарықта үздік бәсекелестік ұстанымды қамтамасыз етеді. Осыған орай Топ 2021 жылы алдында жоспарланғаннан ертерек бөлшектеуге жататын немесе интеграция процесі аяқталғаннан кейін басқаша пайдаланбайтын белгілі бір телекоммуникация жабдығын пайдалы қолданудың қалдық мерзіміне қайта бағалау жүргізді. Топ 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта бағалау жүргізді, нәтижесінде осы активтерді пайдалы қолданудың қалдық мерзімі орташа алғанда 4 жылға қысқарды. Пайдалы қолданудың қалдық мерзімінің өзгеруі 2022 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін 2.889.119 мың теңгеге амортизациялық аударымдардың жалпы артуына алып келді (2021 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін 2.152.469 мың теңге сомаға). 2023-2026 жылдарға сметаның өзгеру нәтижесі 540.000 мың теңге мөлшерінде бағаланды.

	2023	2024	2025	Барлығы
Жеделдетілген амортизация	180.000	180.000	180.000	540.000

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын, оның өтелетін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат 11-ескертпеде келтіріледі және түсіндіріледі.

#### Болжалды кредиттік залал үшін бағалау резерві

Топ кредиттік мекемелердегі дебиторлық берешек және қаражат (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) бойынша болжалды кредиттік залалдарға резервтер жасайды. Болжалды кредиттік залалдарды сауда және өзге дебиторлық берешекке қатысты бағалау кезінде Топ стандартта көзделген жеңіл амал-тәсілді қолданды және аталған қаржы құралдарының барлық қызмет мерзіміне болжалды кредиттік залалдарды есептеді. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі негізінде дайындалған, қарызға алушыларға тән факторлар мен жалпы экономикалық талаптар ескеріле отырып

түзетілген бағалау резервтерінің моделін пайдаланды. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзету үшін болжалды ақпарат негізінде матрицаны жаңартып отыратын болады. Мысалы, келесі жыл ішінде телекоммуникациялық секторда дефолт жағдайлары артуына алып келуі мүмкін болжалды экономикалық талаптар нашарлайды деп күтілсе (мысалы, ЖІӨ), онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер әрбір есеп күніне жаңартылады және болжалды бағалардың өзгерістері талданады.

Экономикалық талаптар арқылы болжанатын дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері мен БКЗ арасындағы өзара байланысты бағалау маңызды есеп бағасы болып табылады. БКЗ мөлшері жағдайлар мен болжанатын экономикалық талаптардың өзгерістеріне сезімтал болады. Топтың кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптар болжамы сатып алушының болашақтағы нақты дефолты үшін көрсеткіш болмауы мүмкін. Топтың сауда дебиторлық берешегі бойынша БКЗ туралы ақпарат 16-ескертпеде берілген.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезеңге болжалды кредиттік залалдарды есептеп шықты. 12 айлық болжалды кредиттік залалдар — бұл бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдардың бір бөлігі. Олар есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал, қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын болжалды кредиттік залалдар болып табылады. Бірақ бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай артқан жағдайда, залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдарға тең сомамен бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдер 30 күннен аса кешіктірілсе, Топ кредиттік тәуекел айтарлықтай артты деп есептейді. Сондай-ақ шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, қаржы активі бойынша дефолт деп саналады. Бірақ ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ бекітетін кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта қарастырылған төлемдердің барлық қалған сомасын Топтың алуы ықтималдығы аз деп көрсетсе, Топ белгілі бір жағдайларда қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытынды жасауы мүмкін.

Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған резервтер 18.309.842 мың теңге сомасында құрылды (2021 жыл: 11.427.430 мың теңге) (13, 16, 18 және 21-ескертпелер). Экономикадағы, саладағы өзгерістер және нақты сипаттамалар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген резервтерге ықпал етуі мүмкін.

#### Шартта қаржыландырудың елеулі компонентінің болуы

Топтың сатып алушыға қызмет көрсетуі мен сатып алушының мұндай қызметтердің ақысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығына байланысты Топ кейбір ұзақ мерзімді шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылған деген қорытындыға келді.

Мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушы арасындағы қаржыландырудың жеке операциясына қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

#### Шарт жасасу шығындары

Топ делдалдық комиссияны шарт жасасудың қосымша шығыны деп есептейді және мұндай шығындарды сатып алушылармен шарт жасасу шығындары бойынша актив ретінде ақшаға айналдырады. Топ шарт жасасу шығындарын жүйелік негізде амортизациялайды және бұл сатып алушыларға қызмет көрсету мерзімдеріне сәйкес келеді. Қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері өзгерген жағдайда Топ амортизация мерзімдерін қайта қарайды.

#### Шарт бойынша міндеттемелер

Кейінге қалдырылған кірістер шарт бойынша міндеттемелер ретінде танылады және клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-те (IFRS) жазылған клиенттермен шарттар бойынша түсімді танудың егжей-тегжейлі критерийлерін, салалық тәжірибені және Топ клиенттері кетуінің тарихи көрсеткішін есепке алды.





## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Өтелмейтін аванстық төлемдер

Жеке пайда табумен байланысы жоқ, іске қосу қызметтері мен сымды және сымсыз байланыс қызметтері үшін аванстық төлемдер шарт бойынша міндеттемелердің құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-те (IFRS) көзделген қосу қызметтерінен кірісті тану критерийлерін, салалық тәжірибені және клиенттердің қызметтерден бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиентпен қарым-қатынастың орташа кезеңі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл және интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағаланады.

#### Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме объектілерді жабуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны тиісті бұзушылық орын алатын есепті кезеңде қоршаған ортаны қалпына келтіруге көзделген болашақтағы шығындарға қатысты танылады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ өзінің еншілес компаниялары – «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен бірлесіп, желіні интеграциялау жоспарын әзірледі. Интеграциялау жоспарына сәйкес Топ Қазақстандағы кейбір базалық телекоммуникация стансыларын пайдаланудан шығару мерзіміне қайта бағалау жүргізді және активтерді істен шығару бойынша міндеттемелерді бағалауға ықпалын көрсетті. Нәтижесі 27-ескертпеде ашылып көрсетілген.

#### Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген жұмыскерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған жұмыскерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін Топтың он екі ай ішінде төлеуді жоспарлаған міндеттемелері болып табылады.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары кірісті корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындылығына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат 25-ескертпеде ашып көрсетілген.

#### Салық

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салудан пайда алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 660.170.1470.763 мың теңгені құрайды (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 660.170 мың теңге). Толық ақпарат 43-ескертпеде берілген.

#### Жалдау – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау

Топ жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан жалдау міндеттемелерін бағалау үшін қосымша қарыз алу мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын тарту ставкасы — бұл Топ осындай мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыз мөлшерлемесі. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Топтың «төлеуге тура келетін» пайызын көрсетеді және оның анықтамасы, егер байқалған мөлшерлемелер болмаса немесе байқалған мөлшерлемелер жалдау шарттарын көрсету үшін түзетілуі керек болса, есептік бағаны пайдалануды талап етеді. Топ бақыланатын бастапқы деректерді (мысалы, нарықтық пайыздық мөлшерлемелер) пайдалана отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін олар болған кезде айқындайды және ұйымға тән белгілі бір есептік бағалауларды пайдаланады.

#### Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат 47-ескертпеде берілген.

## 5. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар қосылды:

	Тіркелген ел	Қатысу үлесі	
		2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«КТ-АЙИКС» ЖШҚ	Ресей	100,00%	100,00%
«Востоктелеком» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Нұрсат+» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«КТ-Телеком» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Кселл» АҚ	Қазақстан	51,00%	51,00%
Хан Тенгри Холдинг Б.В.	Нидерланды	–	100,00%





## 5. ШОҒЫРЛАНДЫРУ (ЖАЛҒАСЫ)

2021 жылғы 21 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан қор биржасында (ҚҚБ) ашық сауда-саттық жолымен «Кселл» АҚ жарғылық капиталындағы 24% акцияны сату туралы шешім қабылдады. Топ 2021 жылғы 30 қыркүйекте «Кселл» АҚ 24% дауыс беретін акциясын сатты, нәтижесінде Топтың үлесі 51%-ға азайды. Бақыламайтын акционерлерге осы үлесті сату үшін ақшалай қаражатпен 55.279.947 мың теңге сомаға өтемақы алынды. Сату күніне «Кселл» АҚ таза активтерінің баланстық құны 119.205.613 мың теңге құрады (бастапқы сатып алу кезінде танылған гудвилден басқа).

«Қазақтелеком» АҚ 2022 жылғы 30 қыркүйекте Хан Тенгри Холдинг Б.В тарату туралы шешім қабылдады. «Қазақтелеком» АҚ Компанияның барлық шығарылған және төленген капиталының жалғыз иесі болып табылады. Бөлу туралы актіге сәйкес барлық актив, оның ішінде «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дағы 100% қатысу үлесі «Қазақтелеком» АҚ-ға берілді.

2022 жылғы 26 желтоқсанда Компания банк шотындағы қалған қаражатты тарату төлемдері ретінде «Қазақтелеком» АҚ-ға толық көлемде берді. Алған ақшалай қаражат сомасы 1.562.180 мың теңге болды. Хан Тенгри Холдинг Б.В. тарату 2022 жылғы 27 желтоқсанда аяқталды.

## 6. ІШІНАРА МЕНШІКТЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

### «КСЕЛЛ» АҚ

Төменде аталған еншілес ұйым бойынша жалпылама қаржылық ақпарат берілген, оған 49% мөлшерінде елеулі бақыламайтын қатысу үлесі тиесілі. Бұл ақпарат Топ ұйымдары арасындағы операцияларды алып тастағанға дейінгі сомаға негізделген.

Сатып алу сәтінен бастап 2022 және 201 жылдардағы «Кселл» АҚ-ның жиынтық кірісі туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

Мың теңге	2022	2021
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	219.002.382	194.080.886
Мемлекеттік субсидиядан кіріс	2.229.406	2.108.241
Өткізудің өзіндік құны	(149.370.828)	(138.991.033)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(16.259.344)	(14.137.364)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар	(6.265.499)	(2.106.078)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдар	-	(588.658)
Өткізу бойынша шығыстар	(2.713.999)	(3.105.692)
Салық және онымен байланысты айыппұлдар мен өсімақыларға түзетпе жасау	-	682.820
Қаржыландыру бойынша шығыстар	(9.269.786)	(10.326.302)
Қаржыландырудан кіріс	4.349.947	2.560.723
Валюталық баптарды қайта бағалаудан таза кірістер	(32.355)	402.606
Өзге де кірістер	1.185.572	794.569
Өзге де шығыстар	(736.966)	(1.296.604)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>42.118.530</b>	<b>30.078.114</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	(12.250.840)	(8.071.206)
<b>Есепті жылдағы пайда</b>	<b>29.867.690</b>	<b>22.006.908</b>
Бас компанияның меншік иелеріне келеді	15.232.522	15.322.612
Бақыламайтын қатысу үлестеріне келеді	14.635.168	6.684.296
Бақыламайтын қатысу үлестерінің пайдасына төленген дивидендтер	-	4.394.500

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Кселл» АҚ қаржылық жағдайы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

Мың теңгемен	2022	2021
Айналымнан тыс активтер	217.067.822	214.368.308
Айналымдағы активтер	103.311.358	86.413.592
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(75.740.005)	(85.572.007)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(67.646.745)	(68.086.154)
<b>Барлық меншікті капитал</b>	<b>176.992.430</b>	<b>147.123.739</b>
<b>Мыналарға тиесілі:</b>		
Бас компанияның иелеріне	94.539.015	79.305.492
Бақыламайтын қатысу үлестеріне	82.453.415	67.818.247

Сатып алу күнінен бастап 2022 және 2022 жылдардағы «Кселл» АҚ ақша қаражатының қозғалысы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

Мың теңгемен	2022	2021
Операциялық қызмет	65.928.336	74.056.106
Инвестициялық қызмет	(52.463.179)	(12.452.350)
Қаржылық қызмет	(18.370.212)	(33.652.906)
Ақша қаражатына және олардың баламаларына бағам айырмашылығының әсері	(249.271)	428.455
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерісі</b>	<b>(5.154.326)</b>	<b>28.379.305</b>

## 7. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топ басқару мақсатында Топтың ұйымдық құрылымына байланысты бизнес-бөлімшелерден тұрады және мынадай есептік операциялық сегменттерден құралады:

- «Қазақтелеком» АҚ мен «Востоктелеком» ЖШС бизнес-бөлімшелерінің тіркелген байланыс қызметтерін көрсетуі;
- «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ еншілес ұйымдары бизнес-бөлімшелерінің GSM және LTE стандарттарында мобильді телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсетуі.

Жоғарыда көрсетілген есептік сегменттерді көрсету үшін операциялық сегменттерді біріктіру жүргізілген жоқ. Басшылық ресурстарды бөлу туралы шешімдер қабылдау және олардың қызмет нәтижелерін бағалау мақсатында әрбір бөлімшеге жеке қызметтің операциялық нәтижелерін мониторингілеуді жүзеге асырады. Сегменттер қызметінің нәтижелері операциялық пайда мен залал негізінде бағаланады, оларды бағалау шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі операциялық пайда немесе залалды бағалауға сәйкес жүргізіледі.

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Топтың салалық сегменттері бойынша кірістері мен шығыстары туралы ақпарат көрсетілген.





## 7. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Тіркелген теле-коммуникация байланысы	GSM және LTE стандарттарындағы мобильді телекоммуникация байланысы	Өзгелері	Элиминациялар мен түзетулер	Топ
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім</b>					
Сыртқы сатып алушыларға өткізу	232.536.678	387.613.412	1.687.492	-	621.837.582
Сегменттер арасында өткізу	38.598.380	20.358.415	2.044.761	(61.001.556)	-
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім</b>	<b>271.135.058</b>	<b>407.971.827</b>	<b>3.732.253</b>	<b>(61.001.556)</b>	<b>621.837.582</b>
Ауылдық жерде әмбебап қызметтерді ұсыну үшін өтемақы	6.326.916	-	-	-	6.326.916
Мемлекеттік субсидиядан кіріс	1.755.766	4.576.132	-	-	6.331.898
<b>Жиыны</b>	<b>279.217.740</b>	<b>412.547.959</b>	<b>3.732.253</b>	<b>(61.001.556)</b>	<b>634.496.396</b>
<b>Қаржылық нәтижелер</b>					
Амортизация және тозу	(38.410.683)	(81.842.592)	(65.294)	1.669.326	(118.649.243)
Қаржылық шығыстар	(22.615.516)	(19.528.225)	5.453	1.668.741	(40.469.547)
Қаржылық кірістер	9.644.772	7.770.013	72.199	(1.509.030)	15.977.954
Дивидендтерден кіріс	45.548.416	-	-	(45.548.416)	-
Топтың қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлесі	-	-	380.019	-	380.019
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдар	8.275	(1.463.856)	(23.295)	-	(1.478.876)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар	(822.142)	(6.631.371)	(16.100)	(152.547)	(7.622.160)
Табыс салығы	(7.156.518)	(33.258.755)	(58.895)	4.778.441	(35.695.727)
<b>Сегменттің пайдасы/(залалы)</b>	<b>96.922.361</b>	<b>112.450.208</b>	<b>775.217</b>	<b>(45.698.914)</b>	<b>164.448.872</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>1.231.669.037</b>	<b>800.777.903</b>	<b>2.349.528</b>	<b>(748.062.653)</b>	<b>1.286.733.815</b>
<b>Операциялық міндеттемелер</b>	<b>300.556.012</b>	<b>291.337.564</b>	<b>1.460.707</b>	<b>(37.228.291)</b>	<b>556.125.992</b>
<b>Өзге ақпаратты ашу</b>					
Сатуға арналғандай жіктелген активтер (10-ескерте)*	-	-	3.763.284	-	3.763.284
Күрделі шығындар	55.588.403	70.521.370	16.980	-	126.126.753

\* 2022 жылғы 20 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі ашық екі кезеңді тендер арқылы «QazCloud» ЖШС 49% акциясын сату туралы шешім қабылдады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QazCloud» ЖШС активтері мен міндеттемелері сатуға арналғандай жіктелген болатын.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Тіркелген теле-коммуникация байланысы	GSM және LTE стандарттарындағы мобильді телекоммуникация байланысы	Өзгелері	Элиминациялар мен түзетулер	Топ
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім</b>					
Сыртқы сатып алушыларға өткізу	232.578.232	347.749.151	1.167.837	-	581.495.220
Сегменттер арасында өткізу	38.643.063	16.992.770	1.733.903	(57.369.736)	-
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім</b>	<b>271.221.295</b>	<b>364.741.921</b>	<b>2.901.740</b>	<b>(57.369.736)</b>	<b>581.495.220</b>
Ауылдық жерде әмбебап қызметтерді ұсыну үшін өтемақы	6.412.945	-	-	-	6.412.945
Мемлекеттік субсидиядан кіріс	1.930.763	4.354.259	-	-	6.285.022
<b>Жиыны</b>	<b>279.565.003</b>	<b>369.096.180</b>	<b>2.901.740</b>	<b>(57.369.736)</b>	<b>594.193.187</b>
<b>Қаржылық нәтижелер</b>					
Амортизация және тозу	(38.758.287)	(80.619.313)	(32.971)	1.566.420	(117.844.151)
Қаржылық шығыстар	(25.129.166)	(22.896.207)	-	1.588.900	(46.436.473)
Қаржылық кірістер	4.110.254	3.308.252	-	(1.575.522)	5.842.984
Дивидендтерден кіріс	37.484.192	-	-	(37.484.192)	-
Топтың қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлесі	-	-	512.364	-	512.364
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдар	(2.654.397)	(3.347.563)	1	-	(6.001.959)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар	(632.827)	(2.637.118)	9.543	4.039	(3.256.363)
Табыс салығы	(9.818.899)	(21.241.803)	(53.588)	(172.347)	(31.286.637)
<b>Сегменттің пайдасы/(залалы)</b>	<b>86.234.388</b>	<b>85.635.478</b>	<b>700.168</b>	<b>(43.839.611)</b>	<b>128.730.423</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>794.655.256</b>	<b>749.504.167</b>	<b>5.467.577</b>	<b>(315.041.705)</b>	<b>1.234.585.295</b>
<b>Операциялық міндеттемелер</b>	<b>315.082.967</b>	<b>296.628.298</b>	<b>1.438.901</b>	<b>(22.742.237)</b>	<b>590.407.929</b>
<b>Өзге ақпаратты ашу</b>					
Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар (10-ескерте)	-	-	3.460.120	-	3.460.120
Күрделі шығындар	38.636.762	74.950.823	60.533	(1.420)	113.646.698

1. Сегменттер бойынша кіріс шоғырландыру кезінде алынып тасталады.
2. Қаржыландыру шығыстары мен қаржыландыру кірістеріне сегментаралық қаржыландыру шығыстары мен сегментаралық қаржыландыру кірістері кіреді.
3. Сегменттердің операциялық пайдасына сегментаралық операциялар пайдасы кіреді.
4. Күрделі шығындарға негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу кіреді.





## 7. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

### ПАЙДАНЫ САЛЫСТЫРУ

Мың теңгемен	2022	2021
Сегменттердің пайдасы	210.147.786	172.570.034
Өзгелері	(45.698.914)	(43.839.611)
<b>Топтың пайдасы</b>	<b>164.448.872</b>	<b>128.730.423</b>

### АКТИВТЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Мың теңгемен	2022	2021
Сегменттердің операциялық активтері	2.034.796.468	1.549.627.000
Еншілес ұйымдарға Компания инвестицияларын элиминациялау	(699.527.549)	(291.256.203)
Топішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау	(48.535.104)	(23.785.502)
<b>Топтың барлық активі</b>	<b>1.286.733.815</b>	<b>1.234.585.295</b>

### МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Мың теңгемен	2022	2021
Сегменттердің операциялық міндеттемелері	593.354.283	613.150.166
Топішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау	(37.228.291)	(22.742.237)
<b>Топтың барлық міндеттемесі</b>	<b>556.125.992</b>	<b>590.407.929</b>

## 8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардың 2022 және 2021 жылдардағы қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Жабдық	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
<b>Бастапқы құны</b>						
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>3.259.629</b>	<b>85.260.801</b>	<b>742.011.055</b>	<b>19.355.732</b>	<b>67.383.843</b>	<b>917.271.060</b>
Түсімдер	1.618	250.399	23.266.947	825.316	70.536.573	94.880.853
Активтерді жою бойынша міндеттемелер (27-ескертпе)	-	-	1.205.990	-	-	1.205.990
Аударымдар	-	4.215.650	50.412.085	526.897	(55.154.632)	-
Істен шығару	(33.438)	(960.382)	(20.203.697)	(226.382)	(21.529)	(21.445.428)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.227.809</b>	<b>88.766.468</b>	<b>796.692.380</b>	<b>20.481.563</b>	<b>82.744.255</b>	<b>991.912.475</b>
Түсімдер	832	580.753	15.214.917	1.833.506	90.721.644	108.351.652
Активтерді жою бойынша міндеттемелер (27-ескертпе)	-	-	(1.352.105)	-	-	(1.352.105)
Инвестициялық мүлікке аударымдар	-	(3.536.100)	-	-	-	(3.536.100)
Аударымдар	(884)	1.039.978	28.701.043	371.155	(30.111.292)	-
Істен шығару	(390)	(1.060.398)	(16.998.345)	(252.377)	(1.343.346)	(19.654.856)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.227.367</b>	<b>85.790.701</b>	<b>822.257.890</b>	<b>22.433.847</b>	<b>142.011.261</b>	<b>1.075.721.066</b>

### Есептелген тозу және құнсыздану

<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>-</b>	<b>25.388.943</b>	<b>405.434.476</b>	<b>14.250.000</b>	<b>9.150.305</b>	<b>454.223.724</b>
------------------------------	----------	-------------------	--------------------	-------------------	------------------	--------------------

Есептелген тозу	-	3.868.538	71.219.221	1.604.877	-	76.692.636
Құнсыздану	-	(95.100)	974.512	11.446	3.055.954	3.946.812
Істен шығару	-	(449.527)	(18.326.683)	(212.579)	-	(18.988.789)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>-</b>	<b>28.712.854</b>	<b>459.301.526</b>	<b>15.653.744</b>	<b>12.206.259</b>	<b>515.874.383</b>

Есептелген тозу	-	4.062.886	71.923.023	1.471.163	-	77.457.072
Құнсыздану/(қалпына келтіру)	-	(504)	164.157	(516)	1.013.226	1.176.363
Істен шығару	-	(1.001.000)	(16.670.356)	(223.120)	(1.324.266)	(19.218.742)
Инвестициялық мүлікке аударымдар	-	(1.559.448)	-	-	-	(1.559.448)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>-</b>	<b>30.214.788</b>	<b>514.718.350</b>	<b>16.901.271</b>	<b>11.895.219</b>	<b>573.729.628</b>

### Қалдық құны

<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.227.809</b>	<b>60.053.614</b>	<b>337.390.854</b>	<b>4.827.819</b>	<b>70.537.996</b>	<b>476.038.092</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.227.367</b>	<b>55.575.913</b>	<b>307.539.540</b>	<b>5.532.576</b>	<b>130.116.042</b>	<b>501.991.438</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс объектілері желінің базалық стансыларын, мобильдік коммутаторлық серверлерді және басқа телекоммуникациялық жабдықтар мен қызметтерді құрастыру үшін жабдық ретінде ұсынылған.

2022 жыл ішінде баланстық құны 1.976.652 мың теңге болатын ғимарат инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына ауыстырылды, өйткені оны Топ енді пайдаланбады және ғимаратты үшінші және байланысты тараптарға жалға беру туралы шешім қабылданды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 2.700.000 мың теңгені құрады (12-ескертпе).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы баланстық құны 478.739.825 мың теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 436.917.636 мың теңге).





## 8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3.308.209 мың теңге сомасындағы айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар базалық стансыларды орнату, негізгі құралдарды салу және жеткізу бойынша қызметтерді көрсету үшін аванстарды білдіреді (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 3.647.122 мың теңге). Топ 2022 жылдың ішінде 510.195 мың теңге сомасында айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстардың құнсыздануынан залалды таныды (2021 жыл: 111.377 мың теңге) (47-ескертпе).

### ҚҰНСЫЗДАНУҒА ТЕСТ

Топ 2022 жыл ішінде негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан 164.157 мың теңге (2021 жыл: 890.858 мың теңге) және 1.013.226 мың теңге (2021 жыл: 3.055.954 мың теңге) мөлшерінде залалды таныды, ол технологиялық ескіру мен зақымдалу салдарынан өтелетін құнына дейін белгілі бір активтердің есептен шығарылуын білдірді. Құнсыздану операциялық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

## 9. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2022 және 2021 жылдардағы материалдық емес активтер қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Лицензиялар	Бағдарламалық жасақтама	Өзгелері	Әзірленіп жатқан материалдық емес активтер	барлығы
<b>Бастапқы құны</b>					
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>226.039.966</b>	<b>44.655.920</b>	<b>21.128.003</b>	<b>472.733</b>	<b>292.296.622</b>
Түсімдер	7.260.626	8.165.812	1.145.772	987.645	17.559.855
Аударымдар	(3.154.844)	(327.080)	(1.847.433)	-	(5.329.357)
Істен шығару	(240.107)	1.227.752	-	(987.645)	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>229.905.641</b>	<b>53.722.404</b>	<b>20.426.342</b>	<b>472.733</b>	<b>304.527.120</b>
Түсімдер	8.076.875	10.863.912	186.419	-	19.127.206
Істен шығару	(1.249.434)	(2.336.957)	(614)	-	(3.587.005)
Аударымдар	45.555	(47.777)	2.222	-	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>236.778.637</b>	<b>62.201.582</b>	<b>20.614.369</b>	<b>472.733</b>	<b>320.067.321</b>
<b>Жинақталған амортизация мен құнсыздану</b>					
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>37.971.380</b>	<b>30.596.771</b>	<b>5.901.858</b>	<b>472.733</b>	<b>74.942.742</b>
Амортизациялық есептеулер	17.620.372	8.055.489	1.836.288	-	27.512.149
Істен шығару	(3.142.446)	(326.438)	(1.847.433)	-	(5.316.317)
Құнсыздану	565.793	1.397.968	-	-	1.963.761
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>53.015.099</b>	<b>39.723.790</b>	<b>5.890.713</b>	<b>472.733</b>	<b>99.102.335</b>
Амортизациялық есептеулер	19.120.305	7.212.809	1.870.597	-	28.203.711
Құнсыздануды қалпына келтіру	(93.265)	(218.066)	-	-	(311.331)
Істен шығару	(1.133.352)	(935.321)	(220)	-	(2.068.893)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>70.908.787</b>	<b>45.783.212</b>	<b>7.761.090</b>	<b>472.733</b>	<b>124.925.822</b>
<b>Қалдық құны</b>					
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>176.890.542</b>	<b>13.998.614</b>	<b>14.535.629</b>	<b>-</b>	<b>205.424.785</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>165.869.850</b>	<b>16.418.370</b>	<b>12.853.279</b>	<b>-</b>	<b>195.141.499</b>

Лицензиялар және тауарлық белгілер, бағдарламалық жасақтама және өзгелері бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтерді қамтиды.

2022 жыл ішінде Топ материалдық емес активтердің құнсыздануды қалпына келтіруден 311.331 мың теңге сомасында залалды таныды (2021 жыл: 1.963.761 мың теңге сомасына құнсызданудан залал). Кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудағы толығымен амортизацияланған материалдық емес активтердің бастапқы құны 69.108.150 мың теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 68.599.192 мың теңге).

2022 жылдың 22-23 желтоқсанында бесінші буын ұялы байланыс (5G) үшін ашық радиожилік аукционы өтті. Интернет-сауданы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұйымдастырды. Қатысушылар 5G технологиясы үшін 3600-3700 МГц (100 МГц) және 3700-3800 МГц (100 МГц) радиожилік диапазондары үшін бақ сынасты. Топ аукционға қатысу үшін аукционның бастапқы бағасын 3.522.450 мың теңге көлемінде төледі. Нәтижесінде радиожилік диапазондарының бағасы 156.069.426 мың теңгеге дейін өсті, ал екі лотта жеңімпаз ретінде «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС (Tele2 және Altel брендтерімен) және «Кселл» АҚ (Kcell және Activ брендтерімен) құрамындағы консорциумдар анықталды. Топ 3.522.450 мың теңге мөлшеріндегі алдын ала төлемді ұзақ мерзімді төлем ретінде жіктеді, өйткені аукцион нәтижесі бұрыннан белгілі болды.

## 10. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай қауымдастырылған ұйымдар енгізілді:

Мың теңгемен	Негізгі қызмет	Тіркелген елі	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
			Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі
«QazCloud» ЖШС	АТ қызметтері	Қазақстан	-	-	3.460.120	49%
			-	-	3.460.120	

2022 және 2021 жылдардағы қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялардың баланстық құнындағы қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	«QazCloud» ЖШС
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>2.982.957</b>
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлес	512.364
Жарияланған дивидендтер	(35.201)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.460.120</b>
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлес	380.019
Жарияланған дивидендтер	(76.855)
Сату үшін активтерге аударымдар	(3.763.284)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>-</b>

2022 жылғы 20 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі ашық екі кезеңдік конкурс арқылы «QazCloud» ЖШС жарғылық капиталындағы «Қазақтелеком» АҚ қатысу үлесінің 49% сату туралы шешім қабылдады.

2022 жылғы 26 желтоқсанда тендер нәтижелері бойынша 4.590.010 мың теңге мөлшерінде үлесті сатып алу бағасымен жеңімпаз анықталды. Тендердің талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобының бас компаниясы мақұлдағаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.





## 10. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жылғы 20 қыркүйектен бастап «QazCloud» ЖШС қауымдастырылған компаниясына инвестициялар сатуға арналған активтер ретінде жіктелді. Топ инвестициялар сатуға арналған деп жіктелген күннен бастап үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатты. Оның орнына қауымдастырылған компания екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: баланстық құн және сату шығындарын шегергендегі әділ құн.

2022 жылдың ішінде «QazCloud» ЖШС жариялап, Топқа 76.855 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді төледі.

Төмендегі кестеде Топтың «QazCloud» ЖШС-ға инвестициялары бойынша жиынтақталған қаржылық ақпарат келтірілген:

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2021 жылғы 31 желтоқсанға
Айналымнан тыс активтер	11.088.391	6.934.261
Айналым активтері, қоса алғанда	5.374.394	5.822.194
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	2.062.794	2.490.816
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса алғанда	(3.517.175)	(1.604.501)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	(99.284)
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса алғанда	(5.265.438)	(4.090.485)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	(2.989.889)	(2.657.079)
<b>Меншікті капитал</b>	<b>7.680.172</b>	<b>7.061.469</b>
Сатуға арналған активтерге аударым	(3.763.284)	-
Меншікті капиталдағы Топ үлесі – 49%	-	3.460.120
<b>Топ инвестициясының баланстық құны</b>	<b>-</b>	<b>3.460.120</b>

Мың теңгемен	2022	2021
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім	10.047.578	13.423.846
Тозу және амортизация	(2.019.180)	(2.072.460)
Қаржылық кірістер	53.325	42.134
Қаржылық шығыстар	(444.341)	(421.906)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(25.622)	(261.410)
<b>Есепті жылға пайда</b>	<b>775.549</b>	<b>1.045.640</b>
<b>Барлық жиынтық кіріс</b>	<b>775.549</b>	<b>1.045.640</b>

Топтың бір жылғы пайдадағы үлесі	380.019	512.364
----------------------------------	---------	---------

## 11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ

### ГУДВИЛ

Бизнестерді біріктіру нәтижесінде сатып алынған гудвилді құнсыздануға тестілеу мақсатында ақша қаражатын өндіретін үш бірлікке («АҚӨБ») («IP TV», «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС) бөлінген. 2022 жылғы 30 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ (барлық шығарылған және төленген акциялардың жалғыз иесі Хан Тенгри Холдинг Б.В.) Хан Тенгри Холдинг Б.В.тарату туралы шешім қабылдады. Тарату туралы актіге сәйкес, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дағы 100% үлесті қоса алғанда, барлық актив «Қазақтелеком» АҚ-ға берілді. Тиісінше, Хан Тенгри Холдинг Б.В. сатып алу кезінде бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған гудвилл «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ға 100% үлес бөлінді.

IP TV АҚӨБ тіркелген телекоммуникация сегментінің бір бөлігі болса, ал «Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ мобильді телекоммуникация сегментінің бір бөлігі болып табылады. Ақша қаражатын өндіретін әр бірлікке бөлінген гудвилдің баланстық құны:

Мың теңгемен	2022	2021
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС	96.205.967	96.205.967
«Кселл» АҚ	53.489.943	53.489.943
IP TV	2.706.335	2.706.335
	152.402.245	152.402.245

Топ 2022 және 2021 жылдардың желтоқсанында құнсыздануға жыл сайынғы тест жүргізді.

### «МОБАЙЛ ТЕЛЕКОМ-СЕРВИС» ЖШС

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ өтелетін құны шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу негізінде айқындалды, өйткені ол неғұрлым сенімді нәтиже береді деп есептеледі. Бұл бағалау әдісі әділ құн иерархиясының 3-деңгейі болып табылатын бақыланбайтын бастапқы деректерге (дисконтталған ақша ағындары) негізделген.

Дисконттау мөлшерлемесі 2022: 16.33% (2021: 21.09%) салыққа дейінгі капиталдың орташа өлшенген құны негізінде есептелген. Капиталдың орташа өлшенген құны қарыз қаражатын да, меншікті капиталды да ескереді. 2027 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары МТС-тің 2023-2027 жылдарға арналған бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген, ол операциялық және күрделі шығындардың ықтимал өзгерістеріне қатысты басшылықтың ағымдағы бағалауын қамтиды. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2028 жылдан кейін күтілетін инфляция деңгейін қолдана отырып болжанған 2022: 1.5% (2021: 1.5%).

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудан алынған құндылық негізінде анықталған гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан асып түсті, сондықтан гудвилдің МТС құнсыздануы танылған жоқ.

### «КСЕЛЛ» АҚ

Осы талдау нәтижесінде басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы АҚӨБ құнсыздануын анықтаған жоқ.

«Кселл» АҚ АҚӨБ өтелетін құны шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу негізінде айқындалды, өйткені ол неғұрлым сенімді нәтиже береді деп есептеледі. Бұл бағалау әдісі әділ құн иерархиясының 3-деңгейі болып табылатын бақыланбайтын бастапқы деректерге (дисконтталған ақша ағындары) негізделген. Дисконттау мөлшерлемесі 2022: 16.33% (2021: 19.56%) салыққа дейінгі капиталдың орташа өлшенген құны негізінде есептелген. Капиталдың орташа өлшенген құны қарыз қаражатын да, меншікті капиталды да ескереді. 2027 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары «Кселл» АҚ 2023-2027 жылдарға арналған бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген, ол операциялық және күрделі шығындардың ықтимал өзгерістеріне қатысты басшылықтың ағымдағы бағалауын қамтиды. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2028 жылдан кейін күтілетін инфляция деңгейін қолдана отырып болжанған 2022: 1.5% (2021: 1.5%).

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудан алынған құндылық негізінде анықталған гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан асып түсті, сондықтан гудвилдің «Кселл» АҚ құнсыздануы танылған жоқ.





## 11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (ЖАЛҒАСЫ)

### «IP TV» БІРЛІГІ

IP TV АҚӨБ өтелетін құны басшылық бес жылдық мерзімге бекіткен қаржылық жоспарларға негізделген болжанатын ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі 14,97% құрады (2021 жыл 16,94%), ал бес жылдық мерзім шегінен тыс ақша ағындары 1,5% өсу қарқынын ескерумен экстраполирленген (2021 жыл: 1,5%).

Осы талдау нәтижесінде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы гудвил құнсыздануын анықтаған жоқ.

### АКТИВТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН БАСТЫ ЖОРАМАЛДАР

«IP TV» АҚӨБ активтерін пайдалану құндылығын және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ АҚӨБ істен шығару шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу кезінде мынадай көрсеткіштерге қатысты жасалған жорамалдар елеулі мәнге ие болды:

- болжанатын кезең ішіндегі клиенттік база және түсімнің өсу қарқынына тікелей әсер ететін абоненттен түсетін орташа кіріс;
- қаржылық жоспарға салынатын күрделі салымдар деңгейі;
- қаржылық жоспарға салынатын EBITDA маржасы;
- болжанатын кезеңнен тыс ақша ағындары эстраполяциясы үшін өсу қарқыны;
- дисконттау мөлшерлемесі.

#### Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы өз бәсекелестеріне қатысты болжалды кезең ішінде бөлімшенің позициясы қалай өзгертетінін бағалайды.

Топ басшылығы болжалды кезең ішінде IP TV клиенттік базасын ұлғайтуды күтеді, себебі Топ «Қазақтелеком» АҚ нарықтағы үлесін ұлғайту үшін «Қазақтелеком» АҚ инфрақұрылымының басымдылығын пайдалануды жоспарлайды.

Топ басшылығы халық санының болжалды ұлғаюына негізделген болжалды кезеңде мобильді сегменттегі клиенттік базаның ұлғаюын күтеді. Нәтижесінде Топ бүкіл болжалды кезең ішінде бөлімшенің түсімі артуын күтеді.

#### Күрделі салымдар деңгейі

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ АҚӨБ-ге күрделі салымдар деңгейі маңызды. Себебі бөлімшенің клиенттік базаны арттыруды техникалық қолдау және нарық талаптарының өзгерістеріне жауап беру мүмкіндігін анықтайды. Күрделі салымдар деңгейі бөлімшенің халықтың байланыс қызметтеріне қажеттілігін қамту мен желінің сапалық көрсеткіштерін жақсартудағы артықшылықтарын сақтауға және нығайтуға деген қажеттіліктерімен анықталады.

#### EBITDA маржасы

EBITDA маржасы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ АҚӨБ бөлімшесінің нарық талаптары, бәсекелестік және өзге факторлар ескерілген өз қаржылық жоспарына салатын кірістілік деңгейін көрсетеді. Аталған көрсеткіштің үдемелі қарқыны бөлімшенің операциялық ауқымының өсуіне және соған сәйкес шығыстар үнеміне сәйкес келеді.

#### Өсу қарқыны

Өсу қарқыны жарияланған салалық зерттеу материалдары негізінде анықталады.

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Дисконттау мөлшерлемелері АҚӨБ-ге тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасын ақшаның уақытша құнын және ақша ағындарын бағалауға енгізілмеген АҚӨБ құрамына кіретін активтер бойынша жеке тәуекелдерді есепке ала отырып көрсетеді. Дисконттау мөлшерлемесінің есебі Топ қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тән нақты талаптарға негізделген және өз капиталының орташа есеппеленген құнына жүгіне отырып анықталады. Капиталдың орташа есеппеленген құны қарыздық, сонымен бірге акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капиталдың құны Топ акционерлерінің инвестициялары бойынша күтілетін кіріс негізінде анықталады. Қарыздық капиталдың құны Топ қызмет көрсетуге міндетті пайыздық қарызға негізделген. Белгілі бір сегменттерге тән тәуекелдер бета жеке коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері ашық қолжетімді нарық ақпараты негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

### ЖОРАМАЛДАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СЕЗІМТАЛДЫҚ — «IP TV»

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

#### Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Басшылық Топқа тиесілі нарықтағы үлесі болжалды кезең ішінде өспейді деп күткенімен, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсу қарқының төмендеуі немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы ағымдағы бизнес-жоспардан кірістің өсу қарқынының 8,40% (2021 жыл: 8,08 %) аса төмендеуіне алып келіп, «IP TV» АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 82.195 мың теңге (2021 жыл: 59.462 мың теңге) сомаға туындауына әкеліп соқтырады.

#### Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салымдар деңгейі 255%-дан аса (2021 жыл: 240%) аса ұлғаятын болса, бұл «IP TV» АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 16.095 мың теңге (2021 жыл: 2.523 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

#### Өсу қарқыны

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы мен жаңа компаниялардың пайда болу мүмкіндігі өсу қарқыны туралы болжалға елеулі әсер етуі мүмкін деп таниды. IP TV бөлімшесі үшін ұзақ мерзімді өсу қарқының төмендеуі құнсызданудан залалдың туындауына алып келмейді.

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салу есебіне дейін дисконттау мөлшерлемесінің 27% дейін, 14,97%-дан 18,42%-ға (2021 жыл: 23,56%, 16,33%-дан 26,62%-ға дейін) дейін өсуі IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 152.362 мың теңге сомаға туындауына алып келеді (2021 жыл: 47.663 мың теңге).





## 11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (ЖАЛҒАСЫ)

### ЖОРАМАЛДАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СЕЗІМТАЛДЫҚ — «МОБАЙЛ ТЕЛЕКОМ-СЕРВИС» ЖШС

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

#### Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Басшылық Топқа тиесілі нарықтағы үлесі болжалды кезең ішінде өседі деп күткенімен, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсу қарқының баяулауы немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы ағымдағы бизнес-жоспардан кірістің өсу қарқынының 16% (2021 жыл: 6,67%) аса төмендеуіне алып келіп, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 1.065.907 мың теңге (2021 жыл: 389.162 мың теңге) сомаға туындауына әкеліп соқтырады.

#### Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салымдар деңгейі 94%-дан аса ұлғаюы (2021 жыл: 45%) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 2.295.209 мың теңге (2021 жыл: 3.481.170 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

#### ЕБИТДА маржасы

ЕБИТДА маржасының 16%-дан аса төмендеуі (2021 жыл: 8%) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 2.074.865 мың теңге (2021 жыл: 2.210.532 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

#### Өсу қарқыны

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ-де өсу қарқынының төмендеуі құнсызданудан залалға алып келмейді.

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салу есебіне дейін дисконттау мөлшерлемесінің 82%, 16,33%-дан 29.72%-ға дейін (2021жыл: 31%, 21,09%-дан 27,63%-ға дейін) дейін артуы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 167.873 мың теңге (2021 жыл: 34.820 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

### «КСЕЛЛ»

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

#### Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Басшылық Топқа тиесілі нарықтағы үлесі болжалды кезең ішінде өседі деп күткенімен, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсу қарқының төмендеуі немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы ағымдағы бизнес-жоспардан кірістің өсу қарқынының 14,10% (2021 жыл: 11,87%) аса төмендеуіне алып келіп, «Кселл» АҚ АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 180.275 мың теңге (2021 жыл: 176.947 мың теңге) сомаға туындауына әкеліп соқтырады.

#### Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салымдар деңгейі 93%-дан (2021 жыл: 154%) аса ұлғаятын болса, бұл «Кселл» АҚ АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 336.528 мың теңге (2021 жыл: 249.101 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

#### ЕБИТДА маржасы

ЕБИТДА маржасының 13%-дан аса (2021 жыл: 15%) төмендеуі «Кселл» АҚ АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 4.111.354 мың теңге (2021 жыл: 246.588 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

#### Өсу қарқыны

«Кселл» АҚ АҚӨБ-де өсу қарқынының төмендеуі құнсыздану залалына әкелмейді.

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салу есебіне дейін дисконттау мөлшерлемесінің 88%, 16,33%-дан 30,70%-ға дейін (2021 жыл: 38,8%, 19,56%-дан 27,15%-ға дейін) дейін өсуі «Кселл» АҚ АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың 1.378.723 мың теңге (2021 жыл: 445.014 мың теңге) сомаға туындауына алып келеді.

## 12. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктегі қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Ғимараттар мен құрылыстар	Барлығы
<b>Бастапқы құны</b>		
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>1.264.668</b>	<b>1.264.668</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.264.668</b>	<b>1.264.668</b>
<b>Негізгі құралдарды беру (8-ескертпе)</b>		
	3.536.100	3.536.100
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>4.800.768</b>	<b>4.800.768</b>
<b>Жинақталған тозу және құнсызданудан залал</b>		
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға</b>	<b>1.264.668</b>	<b>1.264.668</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.264.668</b>	<b>1.264.668</b>
<b>Негізгі құралдарды беру (8-ескертпе)</b>		
	1.559.448	1.559.448
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>2.824.116</b>	<b>2.824.116</b>
<b>Баланстық құны</b>		
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.976.652</b>	<b>1.976.652</b>

Инвестициялық жылжымайтын мүлік мемлекеттік мекемелерге жалға беру мақсатында салынған офистік ғимаратпен қамтылған.

1.264.668 мың теңге мөлшерінде құнсыздану инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнын оның өтелетін құнына дейін есептен шығару болып табылады. Өтелетін құнды бағалау өткізу шығыстарын шегерумен пайдалану құнын және әділ құнын талдау негізінде жасалды және 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нөлге тең деп бағаланды. Себебі Топ оны салу шығынын офистік ғимаратты сату немесе жалдау төлемдері түрінде өтеп алуы ықтималдығы аз. Бұл бағалаулар келешекте өзгеруі мүмкін.





## 12. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жыл ішінде баланстық құны 1.976.652 мың теңге болатын ғимарат инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына ауыстырылды, өйткені оны Топ енді пайдаланбады және ғимаратты үшінші және байланысты тараптарға жалға беру туралы шешім қабылданды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 2.700.000 мың теңгені құрады. Инвестициялық меншіктің әділ құны елеулі бақыланбайтын бастапқы деректерге (3-деңгей) сүйене отырып айқындалады.

## 13. АЙНАЛЫМНАН ТЫС ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына айналымнан тыс өзге қаржылық активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	4.344.884	4.147.622
Жұмыскерлерге қарыз	1.731.327	1.854.480
Ұзақ мерзімді депозит	642.726	830.526
Шектеулі пайдалану құқығы бар ақша қаражаты	-	43.243
Өзгелері	364.547	375.674
	7.083.484	7.251.545
Минус: күтілетін кредиттік залал резерві	(110.184)	(110.184)
	6.973.300	7.141.361

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін күтілетін кредиттік залал резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына болжалды кредиттік залал резерві</b>	<b>(110.184)</b>	-
Жылға есептеу (47-ескертпе)	-	(110.184)
<b>Жыл соңына болжалды кредиттік залал резерві</b>	<b>(110.184)</b>	<b>(110.184)</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың айналымнан тыс өзге қаржылық емес активтеріне мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Теңге	6.973.300	7.098.118
АҚШ доллары	-	43.243
	6.973.300	7.141.361

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 4.344.884 мың теңге (31 желтоқсанға 2021 жыл: 4.147.622 мың теңге) сомаға клиенттермен келісімшарттық телефондар сатып алу келісімдерімен көрсетілген. Бұл ұзақ мерзімді дебиторлық берешек жылдық 18,1% нарықтық мөлшерлеменен дисконтталды (2020 жыл: жылдық 7,5%).

Жұмыскерлерге берілетін қарыз 1 жылдан асатын және 15 жылға дейінгі мерзімге берілетін пайызсыз қарыз болып табылады. Бұл қарыз берілген күнге жылдық 9,6% пайыздан 19,1% дейін (2021 жыл: жылдық 9,6%-дан 19,1%-ға дейін) нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған. Ұзақ мерзімді қарыз жұмыскерлердің жалақысынан берешекті ұстау арқылы өтеледі. Қарыз жұмыскерлердің жылжымайтын мүлкі түріндегі қамтамасыз етуімен беріледі.

2022 жыл ішінде Топ 2037 жылы өтелу мерзімімен және жылдық 0,1% пайыздық мөлшерлеменен (2021 жыл: 0,1%) «Қазақстан Халық банкі» АҚ ұзақ мерзімді депозиттеріне 908.440 мың теңге (2021 жыл: 1.977.700 мың теңге) сома салды. Бұл банк депозиттері тану күніне жылдық 4,1% және 8% пайыздық нарықтық мөлшерлемені (2021 жыл: жылдық 4,1%-дан 8%-ға дейін) пайдаланумен дисконтталды. Нәтижесінде Топ 1.180.433 мың теңге (2021 жыл: 609.330 мың теңге) мөлшерінде дисконтты таныды. Орналастыру күніне ұзақ мерзімді депозиттер 299.110 мың теңгеге тең олардың әділ құны бойынша танылды. 2022 жыл ішінде Топ депозиттерден 871.338 мың теңге түсірді. 2022 жыл ішінде Топ 384.448 мың теңге (2021: 33,259 мың теңге) сомаға дисконт амортизациясын таныды.

## 14. АЙНАЛЫМНАН ТЫС ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына өзге айналымнан тыс қаржылық емес активтер мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2022	2021
Операторлар бойынша келешектегі кезең шығыстары	6.104.403	4.907.385
Өзгелері	520.500	693.618
	6.624.903	5.601.003

## 15. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына тауарлы-материалдық қорларға мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Ең аз өзіндік құны мен таза сату бағасы бойынша қайта сатуға арналған тауарлар	10.036.992	8.345.018
Өзіндік құны бойынша кәбілдік материалдар	1.797.938	1.592.830
Өзіндік құны бойынша өзге материалдар мен шикізат	1.059.764	1.174.480
Өзіндік құны бойынша отын	512.807	373.962
Өзіндік құны бойынша қосалқы бөлшектер	449.813	476.464
	13.857.314	11.962.754

2022 жылдың ішінде 314.205 мың теңге (2021 жыл: 521.450 мың теңге) сома таза сату бағасы бойынша көрсетілген тауарлы-материалдық қорларға қатысты шығыстар ретінде танылды. Бұл сома 2022 жылы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті «Жалпы және әкімшілік шығыстар» бабы бойынша көрсетілді.

## 16. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешекке мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Сауда дебиторлық берешек	58.301.294	43.125.578
	58.301.294	43.125.578
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(12.996.108)	(6.252.535)
	45.305.186	36.873.043





## 16. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (ЖАЛҒАСЫ)

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы болжалды кредиттік залалдар үшін резервтегі қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(6.252.535)</b>	<b>(6.135.606)</b>
Бір жылға есептеу (47-ескерту)	(7.464.288)	(2.971.041)
Бір жылдағы есептен шығару	720.715	2.854.112
<b>Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(12.996.108)</b>	<b>(6.252.535)</b>

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға Топтың сауда дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицаларын пайдалану арқылы ұсынылған:

Мың теңгемен	Ағымдағы	Төлемдердің мерзімін өткізіп алу						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	0,68%	7,60%	23,01%	18,23%	26,31%	74,14%	100%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	35.640.680	6.712.577	1.773.035	1.557.994	791.946	1.856.360	9.968.702	58.301.294
Болжалды кредиттік залал	(240.876)	(509.907)	(407.929)	(283.988)	(208.392)	(1.376.314)	(9.968.702)	(12.996.108)

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанға Топтың сауда дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицаларын пайдалану арқылы ұсынылған:

Мың теңгемен	Ағымдағы	Төлемдердің мерзімін өткізіп алу						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	0,33%	6,41%	18,96%	21,48%	33,27%	70,72%	100%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	30.226.850	4.261.151	1.452.441	1.031.152	528.807	1.430.581	4.194.596	43.125.578
Болжалды кредиттік залал	(100.287)	(273.025)	(275.421)	(221.529)	(175.955)	(1.011.722)	(4.194.596)	(6.252.535)

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың сауда дебиторлық берешегі мынадай валюталармен берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
Тенге	43.123.448	35.252.251
АҚШ доллары	1.972.245	1.413.021
Еуро	200.812	199.179
Басқа валютада	8.681	8.592
	45.305.186	36.873.043

## 17. АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМДЕР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына аванстық төлемдерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Аванстық төлемдер	6.211.957	7.509.687
	6.211.957	7.509.687
Минус: құнсыздану резерві	(5.719)	(9.136)
	6.206.238	7.500.551

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсыздану үшін резерв қозғалысы:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына құнсыздану резерві</b>	<b>(9.136)</b>	<b>(37.066)</b>
Бір жылда (есептелгені)/түзетілгені	(103.649)	19.991
Бір жылда есептен шығарылғаны	107.066	7.939
<b>Жыл соңына құнсыздану үшін резерв</b>	<b>(5.719)</b>	<b>(9.136)</b>

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына қысқа мерзімді активтерге төленген аванстар Топтың операциялық қызметі үшін қызметтер мен ТМҚ жеткізгені үшін мердігерлерге берілді.

## 18. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де қаржылық активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Банк депозиттері	3.399.500	11.558.500
Жұмыскерлерге берілген қарыз	1.235.750	1.245.820
Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты	912.769	912.769
Жұмыскерлердің берешегі	375.093	372.763
Өзге де дебиторлық берешек	3.643.862	2.559.341
	9.566.974	16.649.193
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(5.192.904)	(5.056.469)
	4.374.070	11.592.724

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарды қамтуға резерв «Эксимбанк Қазақстан» АҚ таратылуына байланысты банкте орналастырылып, депозитке есептелген 3.399.500 мың теңге мөлшеріндегі резерв кіреді.

Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты банк операцияларын жүзеге асыруға лицензияны қайтарып алуға байланысты өндіріп алуға ықтималдығы аз ретінде бағаланатын «Қазинвестбанк» АҚ мен «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-дағы шоттарда тиісінше, 413.315 мың теңге және 499.454 мың теңге сомаға ақша қаражатын білдіреді. Болжалды кредиттік залалдар үшін резерв осы ақша қаражатының барлық сомасына ескерілген.





## 18. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан артық, бірақ 12 (он екі) айдан аспайтын «Банк ВТБ» АҚ банкіне 9,0% мөлшерлеменен 3.000.000 мың теңге және «Сбербанк» АҚ-ға 9,0% мөлшерлеменен 3.000.000 мың теңге, АҚШ долларында «Банк РБК» АҚ-ға 1,2% мөлшерлеменен 2.159.000 мың теңге мөлшерінде банк депозиттерін орналастырды. Топ депозиттердің өтеу мерзімі басталғанға дейін 2022 жыл ішінде банктерден жалпы сомасы 8.305.500 мың теңгеге барлық депозитті қайтарды.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін болжалды кредиттік залалдар резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(5.056.469)</b>	<b>(4.901.841)</b>
Бір жылдағы есептеу (47-ескертпе)	(155.468)	(168.526)
Бір жылға есептен шығару	19.033	13.898
<b>Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(5.192.904)</b>	<b>(5.056.469)</b>

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға жұмыскерлерге берілген қарыз және өзге дебиторлық берешек бойынша Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицасын пайдалану арқылы берілген:

Мың теңгемен	Ағымдағы	Төлемдердің мерзімін өткізіп алу						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	7,09%	5,04%	9,06%	10,40%	18,93%	29,87%	100%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	4.497.727	4.306	18.558	5.605	6.903	233.325	488.281	5.254.705
Болжалды кредиттік залал	(318.882)	(217)	(1.681)	(583)	(1.307)	(69.684)	(488.281)	(880.635)

2021 жылғы 31 желтоқсанға жұмыскерлерге берілген қарыз, жұмыскерлердің берешегі және өзге де дебиторлық берешектің берілуі мерзімінің талдамасы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Ағымдағы	Төлемдердің мерзімін өткізіп алу						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	7,28%	4,98%	28,80%	13,52%	29,50%	47,03%	100%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	3.645.929	21.030	500	3.218	3.309	44.611	459.327	4.177.924
Болжалды кредиттік залал	(265.298)	(1.048)	(144)	(435)	(976)	(20.979)	(459.327)	(748.207)

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де қаржылық активтер мынадай валюталарда берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
Теңге	4.369.873	9.425.976
АҚШ доллары	4.197	2.166.748
	4.374.070	11.592.724

## 19. КЕРІ «РЕПО» ШАРТЫ БОЙЫНША АКТИВТЕР ЖӘНЕ АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСКЕРІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

### АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСКЕРІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланатын құны бойынша ескерілетін 14.832.821 мың теңге сомадағы қаржылық активтер теңгемен ірілендірілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің («ҚРҰБ») қысқа мерзімді дисконтты ноталарымен берілген. 2022 және 2021 жылдары Топ сәйкесінше 84.163.285 мың теңге және 140.018.401 мың теңге құны бойынша қысқа мерзімді дисконтты ноталарды сатып алды. 2022 жылдың ішінде қысқа мерзімді дисконтты ноталар номиналды құны бойынша 69.350.275 мың теңге және 649.725 мың теңге пайыздық кіріс сомаға өтелді (2021 жыл: номиналды құны бойынша 158.630.603 мың теңге және 1.369.397 мың теңге).

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанға амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер мыналарды құрайды:

Мың теңгемен	Өтеу күні	Өтеудегі кірістілік	Номиналдық құны	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ноты НБРК	25 января 2023 года	16,46%	15.000.000	14.832.821	-
			15.000.000	14.832.821	-

Шартта көзделген ақша ағындары негізгі сома және пайыздар болып табылатын, қаржылық активтер шартта көзделген ақша ағындарын жинау үшін тиісті бизнес-модель аясында ұсталатын талаппен Топ амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерді таныды.

### КЕРІ «РЕПО» ШАРТЫ БОЙЫНША АКТИВТЕР

Топ 2021 жылы желтоқсан айында «Халық Финанс» АҚ-мен кері «репо» шартын жасады. Бұл келісімінің мәні Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған купондық еурооблигациялар (ISIN XS1120709669) және купондық МКУКАМ (ISIN KZKD000915) болып табылады. Топ контрагенттің дефолты кезінде берілген бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқылы. Кері «репо» шарты бойынша кепілдегі бағалы қағаздардың әділ құны 49.999.824 мың теңгені құрайды. Шарттың қолданыс мерзімі 2022 жылдың 31 наурызында аяқталады. Шарт валютасы — теңге. 1.172.438 мың теңге мөлшеріндегі пайызды қоса алғанда, алынған бағалы қағаздарды қайта сату бағасы 51.172.262 мың теңгені құрайды (операциялық ақша ағындарының құрамында ұсынылды).

## 20. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Өтелуге ҚҚС	4.355.432	6.850.749
Корпоративтік табыс салығынан басқа, алдын ала төленген салықтар	3.143.939	3.536.444
Операторларды қосу бойынша келешектегі кезеңдер шығыстары	1.293.116	906.594
Өзгелері	3.277.931	2.016.645
	12.070.418	13.310.432





## 21. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кірді:

Мың теңгемен	2022	2021
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	146.451.791	97.556.615
Өтеу мерзімі ашылу күнінен бастап 90 күннен аз депозиттер	95.672.493	69.547.376
Кассадағы ақша қаражаты	8.516	14.090
	242.132.800	167.118.081
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(10.646)	(8.242)
	242.122.154	167.109.839

Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатына жылдық 0,1-ден 7,25%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлеме бойынша пайыздар есептеледі (2021 жыл: жылдық 0,2-ден 7,25%-ға дейін).

Топтың ақша қаражатына ағымдағы қажеттіліктеріне байланысты бір күннен үш айға дейінгі мерзімге ашылған қысқа мерзімді банк депозиттері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 15,60% мөлшерлеменен 95.672.493 мың теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 8,90% мөлшерлеменен 69.547.376 мың теңге).

2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталарда берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
АҚШ доллары	149.734.206	104.821.000
Теңге	90.509.732	60.770.210
Еуро	1.343.271	1.212.064
Ресей рублі	422.368	305.666
Өзгелері	112.577	899
	242.122.154	167.109.839

2022 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін болжалды кредиттік залал үшін резервтегі қозғалыс:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(8.242)</b>	<b>(3.412)</b>
Бір жылға есептелгені (47-ескертуге)	(2.404)	(4.830)
<b>Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв</b>	<b>(10.646)</b>	<b>(8.242)</b>

## 22. КАПИТАЛ

### ЖАРИЯЛАНҒАН ЖӘНЕ ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАР

	Акциялар саны		Мың теңгемен		Барлық шығарылған акциялар
	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>12.136.529</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>12.136.529</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>12.136.529</b>

### АКЦИОНЕРЛЕРДЕН САТЫП АЛЫНҒАН МЕНШІКТІ АКЦИЯЛАР

	Акциялар саны		Мың теңгемен		Барлық шығарылған акциялар
	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>216.852</b>	<b>914.868</b>	<b>3.052.617</b>	<b>4.012.997</b>	<b>7.065.614</b>
Меншікті акцияларды сатып алу					
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	-	-	-	-	-
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>216.852</b>	<b>914.868</b>	<b>3.052.617</b>	<b>4.012.997</b>	<b>7.065.614</b>
Меншікті акцияларды сатып алу	-	-	-	-	-
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	-	-	-	-	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>216.852</b>	<b>914.868</b>	<b>3.052.617</b>	<b>4.012.997</b>	<b>7.065.614</b>

### САТЫП АЛЫНҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ШЕГЕРГЕНДЕГІ ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАР

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған жай және артықшылықты акциялар саны тиісінше 10.706.024 және 298.785.

### АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАР

Артықшылықты акциялар иелерінің бір акцияға шаққанда 300 теңге мөлшерінде жыл сайынғы кумулятивті дивидендтерді және жай акциялардың иелеріне төленетін акцияға дивидендтер сомасынан алуға құқығы бар. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу «Қазақтелеком» АҚ акционерлері жиналысының шешімін талап етпейді. Жыл сайынғы кумулятивті дивидендтердің болашақтағы ақша ағындарының дисконтталған құны 2022 жылғы 31 желтоқсанға сомасы 814.868 мың теңге (2021 жығы 31 желтоқсанға: 814.868 мың теңге). Бұл міндеттеме ұзақ мерзімді міндеттемелер құрамындағы артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген.





## 22. КАПИТАЛ (ЖАЛҒАСЫ)

### ДИВИДЕНДТЕР

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің міндетті мөлшері Компания Жарғысына сәйкес бір акцияға шаққанда 300 теңгені құрайды. Тиісінше, артықшылықты акциялар құрамдастырылған қаржы құралдары болып табылады, демек міндеттемелер мен капиталда ескерілетін компоненттер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен міндеттемелер немесе капитал құрамында көрсетіледі. 2022 жылғы 31 желтоқсанға 89.636 мың теңге сомасындағы белгіленген дивидендтер есептелінді (2021 жыл: 89.636 мың теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте туралы есепте пайыздар бойынша шығыс ретінде көрсетіледі (39-ескертпе).

2022 жылғы 30 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде Компания 2021 жылдың қорытындысы бойынша 983.119 мың теңге сомасында артықшылықты акциялар бойынша қосымша дивидендтерді және 38.438.802 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 427.525 мың теңге және 18.530.843 мың теңге) мөлшерінде жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялады. Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер 2022 жылдың ішінде төленді. 2022 жылғы 31 желтоқсанға акцияға (жай және артықшылықты) дивидендтер 3.590,39 теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанға: жай және артықшылықты акцияға 1.730,88 теңге) құрады.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін төленетін дивидендтер қозғалысы:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Жыл басына төленетін дивидендтер</b>	<b>17.573</b>	<b>17.577</b>
Бас компанияның акционерлеріне жай акциялар бойынша жарияланған дивидендтер	38.438.802	18.530.843
Бақыламайтын акционерлерге жай акциялар бойынша жарияланған дивидендтер	-	4.394.500
Міндетті мөлшерден тыс артықшылықты акцияларға жарияланған дивидендтер	983.119	427.525
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс (39-ескертпе)	89.636	89.636
Өзара есеп айырысу	-	(1.386.421)
Бас компанияның акционерлеріне төленген дивидендтер	(39.511.557)	(17.661.587)
Бақыламайтын акционерлерге төленген дивидендтер	-	(4.394.500)
<b>Жылдың соңына төленетін дивидендтер (29-ескертпе)</b>	<b>17.573</b>	<b>17.573</b>

2022 жыл үшін Топ дивидендтер бойынша төлем көзінде 909 мың теңге (2021 жыл: 3.191 мың теңге) мөлшерінде салық төледі.

### МЕНШІК ИЕЛЕРІМЕН ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛАР

«Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес, «Қазақтелеком» АҚ IPO іске асыру шеңберінде 2018-2021 жылдары «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз консультанттарды тартты. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы шешіміне сәйкес мұндай шығыстарды «Самұрық-Қазына» АҚ өтеуге тиіс болатын. Осылайша, 2021 жылы екі тарап шығыстарды өтеу туралы келісімге қойды. Оған сәйкес жалпы шығыстар сомасы ҚҚС есебінсіз 1.310.411 мың теңгені құрады. Шығыстардың бір бөлігі ҚҚС қоса алғанда 1.386.421 мың теңге мөлшерінде төленетін дивидендтер есебі арқылы өтелді (1.237.876 мың теңге, ҚҚС есебінсіз). 72.535 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі 2021 жылы ақшалай алынды.

### БАСҚА РЕЗЕРВТЕР

Жарғыға сәйкес Компания жарияланған жарғылық капиталдың 15% мөлшерінде резервтік капитал құрды. Бұл резервтік капитал бөлінбеген пайдадан құрылды. 2022 және 2021 жылдары резервтік капиталда қозғалыс болған жоқ.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖӨНІНДЕГІ РЕЗЕРВ

Шетел валютасын қайта есептеу қоры функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын және қаржылық есептілігі 3-ескертпеде ашылған есеп саясатына сәйкес, шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілетін еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмаларды көрсету үшін пайдаланылады.

### БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Бір акцияға шаққандағы базалық пайда бас компанияның жай акцияларын ұстаушылар арасында бөлінуге жататын жыл ішіндегі таза пайданы (артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің таза сомасын ескере отырып түзетілген) жыл ішінде орналастырылған жай және артықшылықты акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі.

Бір акцияға шаққандағы бөліктелген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға тең, өйткені Топта қандайда бір бөліктелген әлеуетті жай акциялар жоқ.

Төмендегі кестеде бір акцияға шаққандағы негізгі және бөліктелген пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Таза пайда</b>	<b>114.117.977</b>	<b>90.759.490</b>
Айырбасталымды артықшылықты акциялар бойынша пайыздар (39-ескертпе)	89.636	89.636
<b>Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайданы есептеу үшін таза пайда</b>	<b>114.207.613</b>	<b>90.849.126</b>
Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайданы есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орташа өлшенген саны	11.004.809	11.004.809
<b>Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайда, теңгемен</b>	<b>10.377,97</b>	<b>8.255,40</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күні мен есепті күн арасында жай акциялармен немесе артықшылықты акциялармен басқа ешқандай операциялар жүргізілген жоқ.





## 22. КАПИТАЛ (ЖАЛҒАСЫ)

### БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (ЖАЛҒАСЫ)

#### Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») талаптарына сәйкес ашылатын қосымша ақпарат

#### ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген жай акциялар құны

Төменде ҚҚБ талаптарын сәйке есептелген бір жай акцияның құны көрсетілген:

Мың теңгемен	2022	2021
Барлық актив	1.286.733.815	1.234.585.295
Минус: гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтер	347.543.744	357.827.030
Минус: барлық міндеттеме	556.125.992	590.407.929
Минус: сатып алынған акцияларды шегергендегі артықшылықты акциялардың номиналды құны	298.785	298.785
<b>ҚҚБ талаптарына сәйкес жай акциялар құнын есептеу үшін таза активтер</b>	<b>382.765.294</b>	<b>286.051.551</b>
Жай акциялар саны	10.706.024	10.706.024
<b>ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген бір жай акцияның құны (теңгемен)</b>	<b>35.752</b>	<b>26.719</b>

Артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың иелеріне төленетін дивидендтер мөлшері ақпаратты ашуға қойылатын тағы бір талап болып табылады. Бір артықшылықты дауыс бермейтін акцияның баланстық құны артықшылықты дауыс бермейтін акциялар санына бөлінген дауыс бермейтін артықшылықты акцияларды ұстаушыларға тиесілі капитал мен дауыс бермейтін артықшылықты акциялардың қарыздық құрамдасы сомасы ретінде есептеледі. ҚҚБ талаптарына сәйкес акционерлер, олардың төлем деректемелері туралы өзекті ақпараттың болмағындықтан төленбейтін артықшылықты акциялар бойынша төленуге жататын дивидендтер есепке алынбайды. 2022 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 3.727 теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 3.727 теңге) құрады.

## 23. ҚАРЫЗ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына қарыз мыналардан тұрды:

Мың теңгемен	Орташа есептелген тиімді пайыздық мөлшерлеме	2022 жыл	Орташа есептелген тиімді пайыздық мөлшерлеме	2021 жыл
Жылдық тіркелген мөлшерлемесі 7,12%-дан 12,92% дейінгі қарыздар	10,99%	125.061.369	10,90%	157.690.590
Жылдық тіркелген пайыздық мөлшерлемесі 11,84% -дан 11,86% дейінгі облигациялар	11,86%	122.815.508	11,85%	158.100.718
		247.876.877		315.791.308

Қарызды өтеу мерзімі мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2022	2021
<b>Қарыздың ағымдағы бөлігі</b>	<b>25.018.246</b>	<b>33.544.325</b>
1 жылдан 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	110.270.990	24.453.132
2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	101.977.816	239.849.225
Өтеу мерзім 5 жылдан аса	10.609.825	17.944.626
<b>Қарыздың барлық ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>222.858.631</b>	<b>282.246.983</b>
<b>Барлық қарыз</b>	<b>247.876.877</b>	<b>315.791.308</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз мынаны құрады:

Қарыз	Өтеу күні	Валюта	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2022 жыл	2021 жыл
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	2027 жылғы 21 мамыр	Теңге	12,20%	47.508.167	58.057.949
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	2024 жылғы 10 қараша	Теңге	12,90%	40.209.056	39.870.617
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ» (46-ескертпе)	2032 жылғы 30 маусым	Теңге	7,95-8,41%	21.470.046	23.611.713
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ» (46-ескертпе)	2024 жылғы 19 желтоқсан	Теңге	7,12-9,30%	8.839.409	16.039.080
«Банк ВТБ»АҚ	15 октября 2023 года	Теңге	11,90%	5.001.538	7.006.228
«Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ	2024 жылғы 1 маусым	Теңге	10,70%	2.033.153	13.105.003
<b>Барлығы</b>				<b>125.061.369</b>	<b>157.690.590</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бекітілген пайыздық мөлшерлемесі бар.

#### «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (өтеу мерзімі — 2027 жылғы 21 мамыр)

2022 жыл ішінде Топ 2027 жылғы 21 мамырда өтеу мерзімімен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік желі шарттары бойынша 10.428.192 мың теңге мөлшерінде кредит бойынша негізгі қарызды және 6.331.832 мың теңге мөлшерінде пайызды (2021 жыл: тиісінше 10.428.192 мың теңге және 7.546.064 мың теңге) өтеді.

#### «First Heartland Jusan Bank» АҚ (өтеу мерзімі — 2024 жылғы 10 қараша)

2021 жылғы 10 қарашада Топ пен «First Heartland Jusan Bank» АҚ 60.500.000 мың теңге сомасына кредиттік желі туралы келісімге қол қойды. 2021 жылғы 11 қарашада «First Heartland Jusan Bank» АҚ-дан 22.000.000 мың теңге және 12.000.000 мың теңге сомасына екі транш алынды, тиісінше жылдық 11% және жылдық 10,7% пайыздық мөлшерлеменен. Қосымша, 2021 жылғы 25 қарашада «First Heartland Jusan Bank» АҚ-дан 6.500.000 мың теңге сомасында жылдық 11% пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2024 жылғы 10 қарашаға дейін үшінші транш алынды. Бастапқы тану күнінде несие берілген кездегі 12,9%-ға тең ұқсас құралдар үшін байқалатын нарықтық мөлшерлеме бойынша күтілетін ақша қаражатының кетуі негізінде әділ құн бойынша танылды. Барлық үш траншты бастапқы тану кезінде 1.260.102 мың теңге мөлшеріндегі дисконттың жалпы сомасы капитал құрамында, «бақыланбайтын қатысу үлесі» құрамында танылды. 2022 жыл ішінде топ 2024 жылғы 10 қарашада өтеу мерзімімен «First Heartland Jusan Bank» АҚ-мен жасалған кредиттік желі шарттары бойынша 4.506.175 мың теңге мөлшерінде пайыздарды өтеді.

#### «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (өтеу мерзімі — 2032 жылғы 30 маусым)

2022 жыл ішінде Топ 2032 жылғы маусымға дейін өтеу мерзімімен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік желі шарттары бойынша 2.133.333 мың теңге мөлшерінде негізгі қарызды және 1.651.723 мың теңге мөлшерінде пайызды (2021 жыл: 2.133.332 мың теңге және тиісінше 1.814.734 мың теңге) өтеді.





## 23. ҚАРЫЗ (ЖАЛҒАСЫ)

### «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (өтеу мерзімі — 2024 жылғы 19 желтоқсан)

2022 жыл ішінде Топ 7.111.566 мың теңге көлеміндегі негізгі қарызды және 2024 жылғы желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік желі шарттары бойынша 1.047.811 мың теңге мөлшеріндегі пайызды (2021 жыл: 7.425.363 мың теңге және тиісінше 1.813.732 мың теңге) өтеді.

